



ГУЛНАР СЫРЛЫБАЕВА

**ИЛИАС ЖАНСУПРОВ  
ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ  
ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ  
СӨЗДІГІ**



**ГУЛЬНАРА СЫРЛЫБАЕВА**

**I. ЖАНСҮГІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ  
ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІГІ**

КӨП ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

**14 том**

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2  
С 95

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті  
«Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығы.

Кітап Алматы облысының әкімі  
Амандық Ғаббасұлы Баталовтың  
қолдауымен шығарылып отыр.

**Редакция алқасы:**

М. Әуезов, Н. Иманғалиұлы, М. Имангазинов, Қ. Сарбасова,  
Ш. Кыхметова, С. Қожағұлов, Д. Аңсабаев, Г. Сырлыбаева К. Хамзин,  
Д. Қуат, Е. Базарханов, Ғ. Есжанов

Жалпы редакциясын басқарған Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының меңгерушісі, профессор, филология ғылымдарының докторы М. Имангазинов.

**Пікір жазғандар:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы **Смағұлова Г. Н.**

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің  
қауымдастырылған профессоры (доцент), филология ғылымдарының  
кандидаты **Сарбасова Қ. Б.**

С 95 **Сырлыбаева Г.**  
**Ілияс Жансүгіров шығармаларының фразеологиялық сөздігі.** Көп томдық шығармалар жинағы. / Г.Сырлыбаева – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2019.

ISBN 978-601-7532-87-1 (жалпы)

Т. 14: Ілияс Жансүгіров шығармаларының фразеологиялық сөздігі. 2019. – 240 б.

ISBN 987-601-7172-88-6

Ілияс Жансүгіров шығармаларындағы қолданылған фразеологизмдер ақынның 10 томдық шығармаларының негізінде жинақталып, сөздік ретінде ұсынылып отыр. Бұл сөздікте Ілияс Жансүгіровтің өлеңдері, поэмалары, фельетондары, әңгімелері, пьесалары т. б. шығармаларындағы фразеологизмдер жинақталып, контекстегі мағынасы түсіндіріліп, әліпби тәртібімен берілген. Сөздікте мыңға жуық фразеологизм қамтылған.

Сөздік филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы студенттері, магистранттары мен оқытушыларына, жалпы оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2

ISBN 987-601-7172-88-6 (14 том)  
ISBN 978-601-7532-87-1 (жалпы)

© Сырлыбаева Г., 2019  
© «Абзал-Ай» баспасы, 2019

## АЛҒЫ СӨЗ

Фразеологиялық сөздік Ілияс Жансүгіровтің «Жолдастар», «Бадырақ» романдары мен поэмалары, сатиралық өлеңдері, фельетондары, балаларға арналған өтірік өлеңдері, әңгімелері, лирикалық өлеңдерінен жинақталған фразеологизмдер негізінде құрастырылды.

Сөздіктің өзге сөздіктерден ерекшелігі бір автордың қолданысындағы мыңға жуық фразеологизмдердің мән-мағынасының ашылуында.

Академик І. Кеңесбаев 1977 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігін» құрастыру барысында Абай шығармаларынан тұрақты тіркестерді және оларды дәйектейтін мысалдарды мол қамтығандығын тілге тиек еткен еді. Сондай-ақ, сөздікте Ілияс Жансүгіров шығармаларынан 300-ге жуық фразеологизмдер берілген. Сондықтан ұсынылып отырған сөздік пен «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» Ілияс Жансүгіров шығармаларында қолданылған фразеологизмдердің қайталануы заңды құбылыс. Қайталанған фразеологизмдерге сілтемелер («Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» ҚТФС деп қысқартылып) беріліп отырды.

Тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйінмен, айшықтай беретін, тілдің стильдік сапасын арттыратын тұрақты тіркестер прозалық, поэзиялық шығармаларда түрлі мақсаттарда қолданылады. Мақсаттар негізінде тұрақты тіркестерді қолдану тәсілдері таңдалады және автор тұрғысынан өңдеулер жасалатындығы тәжірибеде бар.

Сөздік түзу барысында байқалған мынандай ерекшеліктерді атап өтуге болады:

Біріншіден, Ілияс Жансүгіров шығармаларында қолданыс тапқан фразеологизмдердің дені – халықтың ауызекі сөйлеу тілі фразеологизмдері.

Екіншіден, сөйлеу тілінде сирек қолданылатын, мағынасы жалпы оқырманға түсініксіз фразеологизмдер де кездеседі.

Үшіншіден, фразеологизмдерді өз тұрғысынан өзгерте пайдаланады, поэзиялық шығармаларында фразеологизмдерге қатысты инверсияны жиі қолданады.

Төртіншіден, автордың өз қаламынан туындаған тіркестер, яғни авторлық фразеологизмдер де бар.

Фразеологизмдерді өзгертіп қолдану, халық тіліндегі тұлғаларды сол қалпында жұмсау, не болмаса жаңа фразеологиялық тіркес жасау суреткердің даралығын танытады. Оның қаламгерлік ерекшелігі де осы тұста көрінеді, яғни *авторлық өзгеріске түскен фразеологизмдер* сөздікте кездеседі, оның бастапқы нұсқасы негізінде түсінік берілсе, автордың өз қаламынан туындаған тіркестерге қаламгердің айтпақ ойы негізінде түсінік берілді.

Фразеологизмдерді жинақтау барысында байқағанымыз Ілияс Жансүгіровтің «Жолдастар», «Бадырақ» романдарында, «Құлагер» поэмасында фразеологизмдердің ең көп түрі қолданылған.

Ілияс Жансүгіров шығармаларының фразеологиялық сөздігінің тағы бір ерекшелігі ретінде автордың бір фразеологизмді 7-8 рет актив қолданғанын немесе бір ғана контексте қолдануына орай материалдар ыңғайланып берілді.

Контекст ыңғайына қарай кей жағдайда фразеологизмдер бірнеше мағынаға ие болады. Осыған орай, көп мағыналы фразеологизмдер, омоним фразеологизмдер тілімізде кездесетіні заңды. Сөздікте көп мағыналы фразеологизмдер, мағыналас фразеологизмдер де берілген.

Әрбір фразеологизмнің мағынасына түсініктеме беріліп, қолданылу орайы көрсетілген. Сөздікте кездесетін көне, діни мағыналы фразеологизмдерге қысқартылған шартты белгілер қойылады. Мысалы: **Барымта алды. Көне. Ертеде жесір т.б. дауымен қарсы жақтың малын барымталап шауып алу салты болған.**

Түбінде сөз бола қалса да осыны айтармыз... ақымызды бермеген соң *барымта алатын* әдетіміз еді дерміз, - деді Ысмайыл (І. Жансүгіров).

**Тіл-көзден сақтасын.** *Көне. Тілден, көзден сақта; біреудің көзі өтпесін.*

Туғаннан ардақтапты бай-бәйбіше,

Мал айтып амандыққа әлденеше,

*Сақта* деп *тілден-көзден* сыйыныпты,

Су ішсе, қырға кетсе, шөбін жесе (І. Жансүгіров).

Фразеологиялық сөздікте тұрақты тіркестердің варианттары мен мағыналас фразеологизмдер арнайы белгімен ерекшеленген:

**Жүрегі зыр ете түсу// жүрегі солқ етті// жүрегі лүпілдеу.** *Көңілі қобалжыды, қорқып, үрейленді, секем алды.*

Жолаушылардың ойнап тұрған *жүрегі зыр ете түсті* («Жолдастар» романы).

*Лүпілдейді жүрегі,*

Лыпылдайды күрегі

Ай астында жарқырап (Колхоз қырманьында).

Сөздіктегі фразеологизмдер әліпби тәртібі бойынша беріліп, соңында фразеологизмдердің алфавиттік тізімдемесі көрсетілген. Сөздік қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы студенттері, магистранттары мен оқытушыларына, жалпы оқырман қауымға арналған.

*Автор*

## **Сөздіктегі қысқартулар мен шартты белгілер:**

ҚТФС – Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі

Көне. – көне фразеологизмдер

Діни. – діни фразеологизмдер.

◆ - бір сөйлемде бірнеше фразеологизм қатар келгенде қойылған шартты белгі

**АБЫЛАЙ АСПАС АСУ [БЕЛ].** *Тым қиын асу, өте ауыр жол.*

Темір жолдар тартыла,

*Абылай аспас белдерден.*

Аса соға, шарқ ұра,

Сонау Сібір –Түркістан («Дала» поэмасы) (ҚТФС).

**АБЫЛХАЯТ [ӘБІЛХАЯТ] СУЫ.** *Мифологиялық ұғым бойынша, бұл фраза мұхиттың қиыр шетінде терең,тұңғыық үйірім болады, мұның суын ішкен адам өлмейді-міс, мәңгі өмір сүреді-міс деген нанымнан туған. (Түрлі әдеби шығармаларда фразаның лексикалық өңі өзгеріліп, «асқан, асыл, мейлінше қымбат су» ұғымында да қолданыла береді. Араб-иран тілдерінде аб деген «су» мағынасындағы, ал *һаят* деген «өмір» мағынасындағы сөз).*

Бәйшешек, балауса гүл, балдырғандай,

Қаратып шырайына талдырғандай.

*Суындай әбілхаят* шөлдеп ішкен,

Лебізі сусыныңды қандырғандай («Күйші» поэмасы) (ҚТФС).

Қыз тұлғасын қарасаң –

Айдынды елдің туындай.

Айтқан сөздің шербеті –

*Абылхаят суындай* (Исатай).

**АҒАРЫП ТАҢ АТТЫ.** *Бұл жерде бостандық, теңдік деген мағынада.*

*Ағарып таң атқанда,*

Қызыл бізді қарсы алды;

Аттанған қол атқарға (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**АДАМ АЙТҚЫСЫЗ.** *Ерекше, ересен; тым, мейлінше, сөзбен айтып жеткізуге болмайтын.*

- Мен адам айтқысыз бір күшті кісі көрдім, - деді («Жолдастар» романы).

**АДЫРА ҚАЛУ.** *1. Құрып кету мағынасында.2. Елеусіз қалу.*

Тәртіп, сыйласым, мәдениеттілік, зиялылық, әдеп дегендеріңіз *адыра қалды.*

Алматыда жұлқыласпасаң ақын кетеді...(Жалаңаш жиылыс).

*Адыра қал,* еркек айтатын тәртіп қалған!

Бастап жібер! (Түркісіб)

*Ауылың адыра қалсын!*

Қаланың оқығаны жақсы ғой (Райхан).

**АЖАЛ АУЗЫНДА.** *Өлім халінде, қатер үстінде.*

Сен кетпесең мен арманда өлемін.

*Ажал аузында аямассың ба мені? (Исатай, Махамбет).*

**АЗАН АЙТЫП [ШАҚЫРЫП] ҚОЙҒАН АТЫ.** *Шын ныспы, ең алғаш қойылған аты, есімі.*

Сөйтіп, жалшы Қоянбайдың алғашқы *азан шақырылып қойған аты* – Қоянбай аты қазір біржола ұмытылған. Бұл атыраптағылар оны Қоянбай демей, Бадырақ дейтін еді («Бадырақ» романы).

**АЗАН-ҚАЗАН БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ] • АЗАН-ҚАЗАН ШЫҚТЫ.** *У-шу боп шулады, у-шуын шығарып шулатты; даңғаза боп кетті.*

Таңертең ит үріп, Көрші ауылдың адамдары қаптап келіп, ауылды *азан-қазан қылып* жатқанда ояндым («Жолдастар» романы) (ҚТФС).

Дұрыс емес! – деп айқайласқан адам циркті *азан-қазан қылды* («Жолдастар» романы).

Қара қобыздың иығына қарбая мініп, (алла, әулие, аруақтап) ақырып-бақырып, ауруды қоламтамен ұшықтап, қырық аяқ сумен сабап, қара шаңырақты шақырлатып ортасына түсіріп, *азан-қазан қылып* жататын баяғы бақсыдан ел де, жер де тазаланған («Бадырақ» романы).

**АЗАП ТАРТУ.** *Жаны қиналды, бейнет көрді, әуре етті.*

Ту көтерді езілген,

Алаш пенен Ақтардан.

*Азап тартып*, күйзеліп,

Тап жауына тапталған (Дала).

**АЗУ ТІСІН [АЗУЫН] БАСТЫ.** *1. Қатты қысымға алды, азаптады; тіс батырды, күш көрсетті, өктемдік жасады; өш болды.*

Әр жерде әр «мырзамен» тамырласат,

Әр жерде әр «сұлуға» бауыр басат.

Дегенге, мұның қалай? – *азу басат*,

Тістесет, қағаздасат, сауырласат (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

*2. Тісін қайрап, іштен тынды.*

Тоқайдың осы қылығында жұмыскерлердің көбі-ақ *азуын басады*, Әйтпесе одан асырып Тоқайға қылар қайрат жоқ («Жолдастар» романы) (ҚТФС).

**АЙ, ӘЛЕУМЕТ, ЖАРАҢДАР!** *Көпшілікке, қауымға, халайыққа қарап айтылған сөз.*

*Ай, әлеумет, жараңдар,*

Асқа жиын адамдар!

Жарға құлақ салыңыз.

Бірің қалмай, бәріңіз,

Айтқанымды біліңіз,

Атқа тегіс мініңіз («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**АЙДАҒАРДАЙ ЫСҚЫРУ.** *Қаһарланды, кәрін төкті.*

*Айдаһардай ысқырып,  
Арғымақтай пысқырып,  
Арба алуға ышқынды (Кәнпеске)*

**АЙҚАЙ СҮРЕН САЛДЫ.** *Қым-қуыт шабуылдады.*

*Аял болмас айқай-сүрен салыспай,  
Қашқан жауды ат бауырына алыспай;  
Қан сусаған болат сүңгім ашылмас,  
Шұрқылтайдан шұрылдата шанышпай (Арыным) (ҚТФС).*

**АЙРАНДАЙ АПТАП, КҮБІДЕЙ ПІСУ [КҮШТЕУ].** *Емін-еркін, билеп төстеу.*

*Жоқ, жап аузыңды. Осы үйді айрандай аптап, күбідей пісіп жүріп қажының көзіне шөп салғаның жарай ма? (Кек).*

**АЙТ ҚҰТТЫ [МЕРЕК] БОЛСЫН!** *Ораза, құрбан мейрамдарында адамдардың бір-біріне айтатын құттықтау тілегі.*

*– Айт мерек болсын, қарындас! – деді Мәмбет, – Өзіңіздікі де бірге болсын! («Жолдастар» романы) (ҚТФС).*

**АЙТЫЛҒАН СӨЗ, АТЫЛҒАН ОҚПЕН ТЕҢ.** *Тауып айтқан уәж өңменінен өтеді деген ұғымда.*

*Айтылған сөз, алысқан қол бар.  
Сонда мен алам дедім бе? (Райхан)*

**АЙТЫП-АЙТПАЙ НЕ КЕРЕК.** *Айтты не, айтпады не, еске алып не керек деген өкінішті мағынада.*

*Айтып -айтпай не керек, жазған кісінің қызметі орындалды.  
Ол жазды (Мынау не дейді?).*

**АЙЫ [КҮНІ] ЖАҚЫНДАДЫ [ЖЕТТІ, ТОЛДЫ].** *1.Босанатын мезгілі таянды; 2. уақыты болды.*

*Өзі бұрыннан құрсақты молда, іші кеңіген сайын, айы жақындаған әйелдей айналып отыра алмай, тек сүйретіліп отыр (І. Жансүгіров).*

*– Рас, – деді Тұрағал, – сонан Бәжен ай-күніне жетті... (ҚТФС).*

**АЙЫЗЫ ҚАНДЫ.** *1. Көңілін жай таптыру, құмарын тарқату; құлақ құрышы қанды, рахаттанды.*

*Гармоньмен бірге сызылып шыққан Кәмеш қыздың дауысы біреулердің айызын қандырып, әбден сүйсіндірді («Жолдастар» романы).*

*2. Ұнамсыз мағынада «бәлем сол керек еді» деп, кектене көңіл тұшытты.*

*Әсіресе, кедей, кембағалдар. Советский Власть деген сөздер Қылшабай, Жұлқалардың айызын қандырып тұр...(Алдандық).*

**АҚ БІЛЕК.** *Қара жұмыстан қашатын мырзашора.*

Алыстағы қалада

Тақа, сапқа тартылды.

Бір жағы – өңшең ақ білек,

Бір жағы – өңшең күс білек (Дала) (ҚТФС).

**АҚ МАЙДЫ АҒЫЗУ.** *Олжаға батыру, асып-төгу.*

*Аузымыздан ақ майды ағызып жататын едік (Кек).*

**АҚ МОНШАНЫҢ ҚАРНЫ ЖАРЫЛДЫ.** Авторлық қолданыстағы фразеологизм. Ақ түйенің қарны жарылу тұрақты тіркесін автор ақ моншаның қарны жарылды деп бір компонентін (ақ түйе – ақ монша) ауыстырып қолданған. *Қарық болып қалды мағынасындағы фразеологизм.*

Бір мезетте Құдай жарылқады, *ақ моншаның қарны жарылды.* Жалғыз тесік жылт етіп ашыла кетті. Апыр-топыр көк бөрідей тесікке таластық (Жалаңаш жиылыс).

**АҚ ОТАУ-** үлкен киіз үй. *Ерте кезде билік иесі отыратын үйді де солай атаған.*

*Ақ отау іші-сырты зер кестелі,*

Бір тозаң тимегендей ел көшкелі («Күйші» поэмасы).

◆ **АҚ ОРДА.** *Үлкен киіз үй.*

**ҚАЛЫҢ ЖАН//ЕЛ.** *Қалың ел, дүйім жұрт.*

Қара құрық, қалың жан,

Қарағайдан қапырық.

Топ-тобымен ағылған,

Жыбыр қаққан *ақ орда...* («Дала» поэмасы)

*Қалың ел үркіп кетті қайта босып,*

Жылқымен дені сау жас бірге жосып (Рүстем қырғыны).

**АҚ САУСАҚ.** *Ешқашан жанын қинап, қара жұмыс істемейтін кісі.*

- Ендеше, аузы жымпиып тұрған сенен гөрі, байдың *ақ саусақ* сұлулары мені тәуір көреді. («Жолдастар» романы)

**АҚ СҰПЫДАЙ.** *Әсем, ақ торғын.*

*Ақ сұпыдай,* бет біткен,

Оймақ ауыз, күлім көз,

Ақ шыныдай ет біткен,

Қайың сынды мүсінді («Дала» поэмасы) (ҚТФС).

**АҚ ТАМАҚ.** *Қыздың әдемі, сұлу тамағы.*

Қыз екен! *Ақ тамағын* сүйер ме еді,

Алпыс жыл асығына күйер ме еді? («Күйші» поэмасы).

**АҚ ҮСТІНЕН ҚАРА ТАНЫМАУ.** *Ақ-қараны ажырата алмау, дұрыс-бұрысын білмеу.*

Олай болса, біздің бәріміз де не *ақ үстінен қара танымаймыз*, не жазған кісі-перінің баласы! Екінің бірі! (Мынау не дейді?)

**АҚСАҚТЫ ТЫҢДАЙ, ӨТІРІКТІ ШЫНДАЙ ҚЫЛДЫ.** *Жай-жапсарын білдірмеді, жалғанның қисынан келтірді.*

Ол байдың қатындарынан асқан жарамсақ. Соларға жағыну үшін *ақсақты тыңдай, өтірікті шындай қылып*, бәйбішеге жеткізбесе, іші жарылып кететін көрші («Жолдастар» романы) (ҚТФС).

**АҚСАРБАС АЙТУ.** *Тәңірге жалбарына айтылатын тілек. Діни ұғым бойынша сойылған мал түрінде берілген садақа, құрбандық.*

Ат пен жігіт жинап, *ақсарбас айтып сойып*, Арап батасын беріп, бізді аттандырды («Жолдастар» романы).

**АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ ЗАМАН.** *Өзге жаққа босқан (жаугершілікке ұшырап, жұтаңдықтан шұбырған) ел туралы, заман жайлы айтылады.*

Әлеке ақын қазақтың баяғы *ақтабан шұбырынды заманы* тағы айналып келгендігін, азаматқа майданға барып, шепке ұсталып өлгенше, осы жерде өлудің керек екендігін сездірді («Жолдастар» романы).

◆ **АҚТАН ҚАРА ТАНЫМАУ.** *Ақ-қараны ажырата алмау, дұрыс-бұрысын білмеу.*

**ӘЛІПТІ ТАЯҚ ТӘРІЗДІ ДЕП БІЛУ.** *Хат тану, сауатты адам.*

**КӨЗІ АШЫҚ.** *Оқыған, сауатты адам.*

Қожанәсір тұрған қаланың барлығы *ақтан қара танымайды* екен де, *әліпті таяқ тәрізді* деп білетін *көзі ашық* зиялы адам жалғыз Қожа болыпты (Мынау не дейді?).

**АҚША МАҢДАЙ.** *Әдемі, сұлу қыз деген ауыспалы мағынада.*

Алаңдап, алабұртып тұрғаныңда,

Алдыңнан қарсы шықса *ақша маңдай*.

Қалқашың қосылғанда атқан таңдай,

Көңілің шалықтаған шаттанғандай!.. («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**АҚШАМ ЖАМЫРАДЫ.** *Қараңғы түсті, ымырт үйірілді.*

Қарауытып маңайың,

Батып *ақшам жамырап*.

Күн батқанға қуанып,

Қорқақ қоян жайылар (Ынтықтар).

**АҚЫЛЫ БАЛҚАШ, АШУЫ ДҮЛЕЙ.** *Ақылы көл-көсір, мол, ашу-мінезі қаһарлы, зәрлі.*

Кербез қыз, *ақылы балқаш, ашуы дүлдей.*

Жайдары жайраң қақса, жайнар күндей.

«Тілегім – қайтайын», – деп күйші айтарын,

Қалып ед ханышаның өзі білмей («Күйші» поэмасы) (ҚТФС).

**АҚЫР ЗАМАН.** *Бүкіл тіршіліктің соңы, бүкіл дүние қараң болу мағынасында айтылатын ескі діни ұғым.*

Сондайлардың әсерінен және мынадай "ақыр заман" ұжымының не екеніне көзі жетпей: "Байқай тұрайықшы" - деген батырақ, кедейлердің бірнешеуі тұтқынға алынады (Екпінді бүлдіргіш).

Не *ақыр заман*? Біреудің біреу бетін жыртқан, етін жеген майдан жер осы екен ғой («Жолдастар» романы).

**АҚСҮЙЕК ҚЫЛДЫ.** *Жұтатты, қатты күйзелтті, титықтатты.*

Өзің білетін доңыз жылы жаздай жерге шөп шықпай, қыс сұрапыл қатты болды ғой...Сонда осы ел *ақсүйек болып* жұтады («Жолдастар» романы).

**АЛ ТҮШКІРДІМ: «АПТҰЩЫ!»** *Аққа жору ырымы; лайым солай болғай деген ырым түріндегі тілек.*

Желге-күнге тигізбей,

Жекеше өзін бақтыршы.

Боталайды боз інген,

Болғай мың бір қатасыз,

*Ал түшкірдім: «аптұщы»* (Күй) (ҚТФС).

**АЛА ЖАЗДАЙ • ҰЛАН ЖАЗДАЙ • АЛТЫ АЙ ЖАЗДАЙ.** *Жаз бойы.*

Көк байталда бар еді аяң жорға,

Оны мінген исполком – бесір молда.

*Алты ай жаздай* сандалып, бермеген соң,

Алып еді жасырын әрең зорға (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**АЛА ЖІБІН АТТАМАДЫ.** *Қиянат жасамады, сұғанақтық істемеді, арамдыққа бармады.*

Одан басқа осы сақалыма ақ кіргенше біреудің *алалы жібін аттамаған*, құдай деген нашар адамбыз... («Жолдастар» романы).

**АЛА КЕУІМ.** *Бозамықты, күңгірт шақ.*

Мына *ала кеуімде* дөң асып, алыстап жеке шыққан Жеңсіктің жүрісінде бір бәленің барлығын барлап тұрған бәйбіше де бұрыннан құлағын бұрап жүрген Сағындықты жетелеп, іле-шала дөңге шыға келді («Бадырақ» романы).

**АЛА КӨЗ ҚЫЛУ//АЛА КӨЗ.** *Араз, қырғиқабақ болған адамдар туралы айтылады.*

Меңіреу, мылқау, сараң сөз,  
Үңірендеген *ала көз*,  
Не болса да ниеті жеу (Боранда).

**АЛА КӨЗДІГІ КҮШЕЮ.** *Араздығы, қырғи қабақтығы арту.*

Груденко жұмысшыларды қандай әдіспен болса да алдап жұмысқа қосса да, арасы ит пен мысықтың татулығындай болып, *ала көздігі күшейе* береді (Дарқан).

**АЛА ӨКПЕ БОЛДЫ.** *Адамда, малда болатын ауру.*

Қабағында қалың қайғы біреу осы манайдағы қылыққа разы болмай қарғайтындай. *Ала өкпе* болып күркілдеген, өзі аш түйені бауыздады («Бадырақ» романы).

**АЛА ӨКПЕ БОЛУ//ТИГІР.** *Кеселге ұшырағыр мағынасында.*

Жынды күй жылыта ма, тоңдыра ма,  
Көшіріп қыз көңілін қондыра ма?  
Қаһарлы ханышадан көлеңке жоқ,  
*Ала өкпе болды*, кетті ол бір бала (Күйші).

**АЛАС ҰРУ.** *Алып-ұшты, тынышсызданды; жүрегі тулады.*

Құз қара тұра келді *алас ұрып*  
Сарыны қорашсынып, баласынып  
Тап берлі қара қабан сар мысыққа  
Байғұсқа болды тым-ақ жан ашырлық (Күрес)

**АЛДЫНАН ДАУ, АУЗЫНАН СӨЗ КЕТПЕДІ.** *Айтыс, дау-шарды алдынан жібермеді.*

Іріңдеп, сығырайып екі көзі,  
Болыпты Керейдің бір бұлдысы өзі,  
*Алдынан дау, аузынан сөз кетпепті*,  
Айтқанда Керейлерше «Дәудің өзі» («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**АЛҚА-ҚОТАН ОТЫРУ.** *Айнала қаз-қатар боп, жағалай тізіле отырды.*

*Алқа-қотан отырып*, басалқа, бастық, хатшы сайланып, киімді кісілердей-ақ кеңеске кірістік (Жаланап жиылыс).

**АЛЛА[-НЫҢ, ҚҰДА, ҚҰДАЙДЫҢ] ӘМІРІ [ҮКІМІ, БҰЙРЫҒЫ].** *Басқа салды, тағдыр бұйрығы, жазмыштың қалауы, Құдай ұйғаруы деген мағынада.*

Келін, *құда бұйрығы*, шарифат пиғылы.  
Жақынды жат көрмеңіз,  
Бұрынғы, соңғының жолы (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**АЛМАС ТІЛДІ.** *Өткір, әділ тілді; шешен сөзді; сөзі мірдің оғындай.*

Уа, ай мүйізді арқарым,  
*Алмас тілді* қырқарым ( Исатай, Махамбет)

## **АЛПЫС ЕКІ ТАМЫРЛЫ// АЛПЫС ЕКІ ТАМЫРЫ СОЛҚЫЛДАДЫ.**

*Елжіреп, мейірі түсті, емірене сүйсінді, жүй-жүйесі босады.*

Қан жүгірді жүрекке,  
Алпыс екі тамыры  
Әрді, қызды кәр қуат,  
Қайнап кетті ауылы... ( Теңдік).

Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,  
Айырылып сен қалқадан кетем деген....-

деп әннің аяғын сыбызғыдай сұңқылдатып, ботадай боздатқан да, отырғандардың алпыс екі тамыры солқылдап, көкейін кесіп-ақ жіберді («Жолдастар» романы).

**АЛТЫ АЛАСЫ, БЕС БЕРЕСІ ЖОҚ.** *Ешбір қатынасы жоқ, таныстығы, жақындығы жоқ.*

*Алты аласы, бес бересі жоқ* нашар адамды «әлім келеді» деп осылай тонай бере ме екен? («Жолдастар» романы).

**АЛТЫ АЛАШ.** *Ескі дәуірде күллі қазақ кезде «тұтас қазақ-қырғыз» деген ұғымда қолданылған.*

Петроградтағы «Шорай ислам» мәжілісіне де араласқан, алты алашқа аты мәлім, жалғыз адвокат еді («Жолдастар» романы).

## **АЛТЫН КҮРЕК • АЛТЫН КҮРЕК СОҚТЫ •АЛТЫН КҮРЕГІМ.**

*Асылы жел, көктемде қарды алатын жел.*

Кейде аяз, кейде бұрқақ, кейде қырбақ,  
Кейде ерігек, кейде күрпік, кейде сырғақ,  
Жер тарпып, аспанды аршып алтын күрек,  
Сыпырар сұрапылды кейде бір уақ (Қыс) (ҚТФС).

**АМАНДЫҚҚА МАЛ АЙТТЫ.** *Есен-саулық үшін құрбандыққа мал атады.*

Туғаннан ардақтапты бай-бәйбіше,  
Мал айтып амандыққа әлденеше.  
Сақта деп, тілден-көзден сыйыныпты,  
Су ішсе, қырға кетсе, шөбін жесе (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**АНАСЫНЫҢ ҚАЙТА ТУҒАНДАЙ • ЕНЕДЕН ЕКІ ТУДЫ.** *Дүниеге қайта келгендей. (Ауырып я мертігіп аман қалғанда айтылады, қартайып отырып қалған кісіні күтімге алғанда айтылады).*

Тұғырға қонды қайта қанды балық.  
Сапаққа жаңа кірді жан домалап.  
«Енеден екі тудың Сапағым!» – деп  
Мәз болып Үйсін, Дулат кетті тарап (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**АНЫҚ ҚАСҚА ЖОЛ.** *Бұл жерде тура, айқын, даңғыл жол мағынасында айтылып тұр.*

Жоқ, тартпас, тартылмас та, тарықпас та,  
Жамаудан жалшы табын жалықпас та.  
Әділдік, туысқандық, тегістікке,  
Адаспас оның *жолы анық қасқа* (Ленин өлді) (ҚТФС).

**АҢСАҒАНҒА СУСАҒАН.** *Ойлағаны болып, іздегені табылды. («Іздегенге сұраған» деген сияқты, көбіне, мысқыл ретінде қолданылады).*

Айқайда талай түсе қап,  
Асқынғанды бөктерді,  
Аптықты талай басқындап,  
Алыста талай бөксерді,  
Айтып-айтпай немене,  
*Аңсағанға сусаған,*  
Алысуға дөп келді («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**АҢЫЗАҚ ТАМЫЗДА.** *Мейлінше аптап ыстықта.*

Аспан аптап, шыжып күн,  
Жер қуырған қамбаз түн,  
*Жел аңыздық тамызда.*  
Бойжеткендей бұлықсып,  
Дәнді демдеп толықсып,  
Астық пісті аңызда (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**АПАҚ-САПАҚ [ТА] АҚШАМДА.** *Кешқұрым, іңір қараңғысы мезгілде.*

*Ақшамда апақ-сапақ* сауда біткен,  
Інгенді тіркеп керуен жүріп кеткен.  
Артына қарай-қарай, боздай-боздай,  
Құба құм, қоңыр түнді күңіrentкен (Күй) (ҚТФС).

**АППАҚ ҚУДАЙ САҚАЛ.** *Боп-боз, жуған шүберектей өңі қашу.*

Қаудырап *аппақ қудай сақал,* шашы,  
Қалтырап жынданғандай қолы, басы («Құлагер» поэмасы)

**АРАСЫНА ОТ ТАСТАҒАН.** *Араздастыру.*

Ат атандырып, сүйек сындырып, екі ауылдың *арасына от тастағаным* зой... (Кек).

**АРАСЫНАН ҚЫЛ ӨТПЕУ.** *Өте тату болу, дос көңілді болу, ауыз жаласу мағынасында.*

Келісімен-ақ бәйбішенің жөнсіз жеріне жібермей сөзін қайырып, бетін тойтарып тастайтын болған. Сол түннен кейін Күлзейнемен *арамыздан қыл өтпейтін* тату болдық («Жолдастар» романы).

**АРАШАЛАП АЛДЫ.** *Айырып алды, қорғап қалды.*

Жиылып тұрған кісіден бір шал шауып келіп, Сүлейменнің атын басқа бір салып, баланы *арашалап алды* («Жолдастар» романы).

**АРШЫҒАН ЖАУҚАЗЫНДАЙ.** *Аппақ, ақ торғын.*

Оған қарсы күресетін түрік Махмұт жеңілтек, сымдай сұлу, денесі *аршыған жауқазындай* аппақ, жас қоғадай майысқан жігіт екен («Жолдастар» романы).

◆ **АРҚА ЕТІМІЗ АРША, БОРБАЙ ЕТІМІЗ БОРША.** *Әбден азып-тозған қатты жүдеген тұрмыстың қаққы соққысын көп көрген адам туралы айтылады.*

**ОТЫМЕН КІРІП, КҮЛІМЕН ШЫҒУ.** *Барлық ауыр салмақты көтеру.*

Шал марқұм екеуіміз *арқа етіміз арша, борбай етіміз борша* болып осылардың *отымен кіріп, күлімен шығып жүргенде* көрген қарға еді (Кек).

**АРУАҚ [ҚЫДЫР] ҚОНДЫ [ТҮНЕДІ].** *Ескі сенім бойынша бақ, қыдыр дарыды мағынасында айтылады.*

Тарбиған Тарбағатай жердің құты,

Барлық – ел «*қыдыр түнеп көшкен жұрты*»

Оранған ақ кебенек аруақты Алтай,

Төгіліп бізге таман жатыр мұрты (Жетісу суреттері) (ҚТФС).

**АРУАҚ ҚОЛДАДЫ [ЖАР БОЛДЫ].** *Діни сенім бойынша, әулие-әмбие, ата-баба рухы жебеді деген мағынада.*

Көгеріп жатыр балуан қаны қашып,

Көргеннің бәрі аяқ асты жаны ашып,

Балуаны жыққан Арғын шуылдап жүр,

«*Аруақ қолдады*» деп көңілі тасып («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**АРЫҚ ҚОЙДАЙ ТЫРЫСУ.** *Ешкімді жақтырмау, маңына жолатпау жағымсыз мағынасында.*

Шіретте тұрған кісі қандай кең пейілді келеді: *арық қойдай тырысып*, баз біреумен ұрысып, баз біреумен жұлысып теріміз тарылып, өзіміз жарылып кеткендей тұрмыз (Жалаңаш жиылыс).

**АСАУ МІНЕЗ.** *Ешкімге бағынбайтын, ашулы мінез.*

Ащы тіл, *асау мінез* қылығынан

Атанып кетпеді ме «азған», «пері»? (Құлагер).

**АСПАН [АУА, ӘУЕ] АЙНАЛЫП, ЖЕРГЕ ТҮСЕРДЕЙ [ТҮСКЕНДЕЙ]**

• **АСПАН АПТАП, КҮН ШЫЖЫДЫ.** *Аңызға ыстық, қапырық, жер-көктің бәрі күйіп тұр.*

*Аспан аптап, шыжып күн,*

Жер қуырған қамбаз түн,

Жел аңызға тамызда (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**АСТАҢ-КЕСТЕҢІ ШЫҚТЫ.** *Асты үстіне келді. Талқан болды, ойран-топыр болды.*

Менің кеткелі жүргенімді естіп қойып ауыл *астан-кестең* болды. «Нәрсені тап, тап!» - деп мені қысты («Жолдастар» романы).

**АСТЫНА/АРТЫНА КӨПШІК ҚОЮ.** *Қолпаштау, жағымпаздану.*

Олар өзара жауықтырып, елдің жуан қансорғыштары ақсүйегінің *артына көпшік қойып*, елдің байлығын бақадай сорушы еді («Бадырақ» романы).

**АСЫРА СІЛТЕУ.** *Шамадан тыс кетті, зиянды іс-әрекет жасады; жалған белсенді.*

*Асыра сілтейсің*, жолдас, солақайлық қыласың. Ондай кейбіреулерден ғана жалпы қорытынды шығаруға болмайды (Райхан).

Деп шалды өте мақтап, асырып тым,  
*Асыра сілтеңкіреп* бағалаппын.  
Жарғақ шал, жарық қобыз, жалғыз дауыс,  
Тартқаны кімнің күйі? Байқамаппын (Күй).

**АТ ҚҰЛАҒЫ КӨРІНБЕЙДІ.** *Өте биік, өте ұзын.*

Шоқпардай сары торы тұр басын иіп,  
*Көрінбес ат құлағы тоғай биік.*  
Судырлап теңселеді сұлу сұлы,  
Сумандап сылдырлаған суды сүйіп (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**АТ МАЙЫ ҚАЙТТЫ.** *Мал ақысы төленді деген мағынада.*

Лауға көлік жалдады.  
Алмақ едім түйе,  
Бермек еді түйе.  
Қулар, құзғындар қаптап,  
Қылмады ие.  
Не шықты?  
*Ат майы қайтты.*  
Тигені ала бие (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**АТ ҮСТІНДЕ КҮН КӨРДІ.** *Жортуылда, жорықта, аттаныста деген ұғым.*

Өмірі *ат үстінде күн кешкен* халық қой. Бұлардан қандай жұмысшы шықсын? (Түркісіб).

**АТАҢА ЛАҒЫНЕТ.** *«Лағынет» - араб сөзі; оңбаған, көсегесі көгермеген деген мағынада.*

Ай, құрттындар ғой,  
*Атаңа лағнат!* (Мін де шап)

**АТҚАН ТАҢДАЙ.** *Өзгеше ару, асқан сұлу туралы айтылады.*

Алаңдап, алабұртып тұрғаныңда

Алдыңнан қарсы шықса ақша маңдай.

Қалқашың қосылғанда *атқан таңдай*,

Көңілің шалықтаған, шаттанғандай («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**АТТЫ АРБАП, АТАН ЖҰТТЫ.** *«Түйені түгімен жұтты» дегендей обыр, жалмауыз ұғымында.*

Албасты Арқадағы абы жылан –

Молда отыр ысқырынып оқып құран.

*Атты арбап, атан жұтып* жатыр молда,

Құранмен жем түсіріп жуан-жуан («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**АУЗЫ АҢҚАЮ//АҢЫРАЮ.***Таңырқау, таңдану.*

Сатан өмірде көрмегенді көріп, *аузы аңырайып қалған* («Жолдастар» романы).

Топқа барсын десіпті.

Отыр топта марқайып,

– «Комбайнда жүрмін» деп,

Қалыпты *аузым аңқайып* (Кеңес).

**АУЗЫ ЖЕҢІЛ.** *Не болса соны айта салатын жеңіл мінезді адам.*

Егер менен басқа *аузы жеңіл* біреу болса, іші пысқан жалаңаштардың шылапшыннан "шумбани" деген оркестр ұйымдастырып, даңғырлатқанын, оған бірнеше жалаңаштың билеп те жібергенін айтып қойған болар еді (Жалаңаш жиылыс).

**АУЗЫ ОРАЗА.** *Діни дәстүр бойынша (мұсылман салтынша), күндізгі уақытта тамақ татпау, сусын ішпеу; аузын бекіту. (Өзге діндегілерде ауыз бекітудің басқа түрлері де кездеседі: белгілі бір уақытқа ет жемеу, т.б. ).*

Құлқынды қожа, оңаза,

Жинақты жылпың шаруаға,

Жем, шөбі көп қораға

Қожаның *аузы ораза* (Қыс) (ҚТФС).

**АУЗЫ-МҰРНЫНАН ШЫҒУ.** *Лық толды.*

Бекеттің пәтерлері, пәтерге тігілген үйлер кешке таман кісіге *аузы-мұрнынан шығады* («Жолдастар» романы).

Кеңес кеңсенің *аузы-мұрнынан төгілген* халық (Жайлаубектің жауыры – аурудың ауыры).

**АУЗЫН АЙҒА БІЛЕГЕН АРЫСТАН.** *Әмірі жүріп тұрған, ызғарлы, қаһарлы.*

Ол уақытта аралдағы Англия аузын айға білеген арыстан еді («Бадырақ» романы).

**АУЗЫН БАСУ.** *Үндемеу, ойын сыртқа шығармау.*

Таяу келе жатқан сатан, Нұраділдер де амалсыздан аузын басады («Жолдастар» романы).

**АУЗЫН ҚУ ШӨППЕН СҮРТУ.** *Бардың өзін жоқ деп, жоқты да жоқ деп, тып-типыл етті.*

Мардан Матайдан шығып, Едіге дегенге де жүрді. Едіге бір аузын қу шөппен сүртіп отырған қу шөміш адам еді («Жолдастар» романы).

**АУЗЫНА ҚАҚПАҚ БОЛДЫ.** *Еркін сөйлетпеді, тыйым салды, қақпалап, көңілдегісін айтқызбады.*

Бірақ, үйі конфискеленген жат элементтерді үйіне сақтады демей ме?

Кімнің аузына қақпақ боласын! (Райхан).

**АУЗЫНА ҚАРАТУ.** *Бағындырды, билігін жүргізді, өз ырқына көндірді. Сүйсіндірді, таң қалдырды.*

Дәулет мынау, бақ мынау, он болыс елді аузына қаратқан қажының қатыны, шыққан жері мыңды айдаған бай, ұшқан жері Алатаудың қиясындай, қонған жері Балқаштың дариясындай, таудан ұшқан, айдын көлге қонып отырған аққу емес пе бұл? («Жолдастар» романы).

Әндермен әсем- әсем Ақан серің  
Қаратты ауызына астың елін;  
Өлеңге сұлулықты қосты талай  
«Ақмарқа», «Ардагерім», «Тастүлегім» (Егес).

Үстіне сол дүбірдің  
Сөзді ағытты бір шешен,  
Дауысындай бұлбұлдың,  
Жанды аузына қаратты (Дала).

**АУЗЫНА ҚҰМ ҚҰЮ.** *Үндемеу, сөйлемеу немесе сөйлетпеу мағынасында.*

Жөнің түзу, жолың ашық, ойың шын  
Алысқанның аузына құйдың құм,  
Мейрам, шапқат, әділеттің өзісін,  
Есіт даусын біз езілген сорлының (Ортақшыл партияға).

Пышак та, Қыпшак та аузына құм құйылып үндемей қалды («Жолдастар» романы).

**АУЗЫНА СӨЗ ТҮСПЕУ.** *Не айтарын білмеу, сөйлей алмай қалу, тіл қатпау.*

Одан әрі Жауатардың *аузына сөз түспей қалды* (Жарыс).

**АУЗЫНАН СІЛЕКЕЙІ АҚТЫ.** *Таң қалды, тамсанды.*

Үйдегі қымызға бөккен адамдардың жағасы жайлауға кетіп, *аузынан сілекейі ақты да қалды* («Жолдастар» романы).

**АУЗЫНЫҢ СУЫ ҚҰРЫДЫ [АҚТЫ].** *Құмарланды, ынтықты, өте қызықты. Таңқалдыру, тамсандыру.*

Міне бұл уақытта Алқа апайдың қасында отырып, әңгіме айт деп жалынғанда, ұзақ-ұзақ *аузымыздың суын құртып*, әдемілеп тәтті-тәтті әңгімелерін сөйлеп беретін еді (Күң өлімі).

Аяпберген *аузынан суы ағып:*

- Ия, ия, шырағым, әйтеуір, маған осының бір көзін тауып бер, азаматым, - дейді («Жолдастар» романы).

Кешке көргендерінің біріне екіні қосып қыз, келіншек, бала-шағалардың *аузынан суын ағызып* әңгіме соғады (Шайтанарба).

**АУЗЫҢА МАЙ.** *Алғыс мәнді фразеологизм. Айтқаның келсін мағынасында (жақсы хабар жеткізген кісіге айтылады).*

– Күткен бір атым еді күнінен тай

Жолдасым осы ат менің неше жылдай..

– Ендеше бас бәйгені алып тұрсын!

– Айтқаның келсін, сыншым, *аузыңа май!* («Құлагер» поэмасы).

**АУЫЗ ЖИҒАНЫМЫЗША//ЖИМАЙ ЖАТЫП.** *Лезде, дем арасында.*

Шайқарамен амандасып, *ауыз жиганымызша* сырттан әйелі де үйге кірді (Дарқан).

**АУЫЗ САЛУ.** *Тап берді, жармасты, жабысты.*

Бұлар зиянкестерге сатылғандар, Кеңес одағының күре тамырына *ауыз салады*, сонда паналайды (Кімді кім?).

**АУЫЗҒА ІЛІНДІ.** *Аты шығып, белгілі болды.*

Әсіресе Жамалдың ісі көзге түсіп, жылдағыдай және *ауызға ілінді* (Отан).

**АУЫЗЫ АҚҚА ТИЮ//ЖЕТУ.** *Айран-сүт ішті.*

Жыласпай қалай шыдасын. Бір жылдан бері *ауызы аққа тиіп*, тірнектеп отырған тіршіліктен айырылады (Жайлаубектің жауыры - аурудың ауыры).

**АШ ҚАСҚЫРДАЙ.** *Мейлінше аранын ашу, қомағайлану деген ұғымда айтылады.*

Олар үріккен қойды қуған *аш қасқырдай* алқынып, аяқтары салақтап шауып келеді («Жолдастар» романы).

**АШУ БИЛЕДІ [БУДЫ, ҚЫСТЫ, КЕРНЕДІ, ШАҚЫРДЫ] • АШУЫ КЕЛДІ.** *Ызалана қаны қайнай, ызалы ренішпен бұлқынды, булықты; долданды, қаһарға мінді, буырқанды-бұрсанды.*

Көк атты омыраулайды Құла қуып,  
Жендетті ыза ап кетті, *ашу буып.*  
Қанталап екі көзі көрмей кетті,  
Қан мұздап сала берді, бойы суып («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**АШУ ҚАЙНАУ.** *Ызалана, қаны қайнай, ызалы ренішпен бұлқынды, қаһарланды, булықты, долданды.*

Анасы құшақ жайып қол созғандай  
Тұрғандай байлауда өзі тап қозғалмай  
Мойнына қыз бұғауы мықтап түскен  
Тек қана *ашу қайнап*, кек қозғандай (Күйші).

**АЩЫ ТІЛ.** *Өте ауыр, жер-жебіріне жеткізе қатты айтылған балағат сөз.*

Туғаны Арқадағы Арғын елі,  
Өскені Көкшетаудың шалғын жері;  
*Ащы тіл*, асау мінез қылығынан  
Атанып кетпеді ме «Азғын» «Пері»? («Құлагер» поэмасы).

**АЮДЫҢ ӨТІНДЕЙ.** *Қасиетті мирас зат ұғымында айтылып тұр.* (Қазақта аюдың өтін, жүнін, қасқырдың жүнін, жыртқыш құстың тұяғын кесіп сақтау салты болған).

Қабаққа біткен қайыңның  
Беріші еді, безі еді.  
*Өтіндей-ақ аюдың*  
Әкемнен қалған көзі еді (Саптыаяқ) (ҚТФС).

**АЯҒЫНАН КЕЛДІ.** *Өзінен өзі, өз еркімен келді. (Кәде-құдасыз үйге кіргізіп алған әйелді де осылай атайды).*

Мұндай *аяғымен келген* арзан жұмыскерді байлар ақы жағынан мейлінше жеу есебімен жұмысқа да оңай орналастырған еді («Жолдастар» романы) (ҚТФС).

**АЯҒЫНЫҢ ЖЕЛІ БАР.** *Суық жүрісті, жортуылышы кісі туралы айтылады.*

Әсіресе, түнде жортып, жылқы жетектейтін *аяғының желі* бар жігіттер ұрлыққа салып жүрген аттарын қойқақтатып, олай-бұлай жүріп, көлбеңдейді (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**АЯҚ ЖЕТЕР ЖЕРДЕ.** *Барып-келіп, қатынасуға боларлық жуық жер, таяу төңірек.*

Бара-бара мезгілді жәрменкесі осы жердің өзінде ашылып, *аяқ жетер жердегі* қазақтың саудасы осы қаланың қасында болды («Бадырақ» романы).

**АЯҚ ӨРЕ ТҰРДЫ.** *Жапа-тармағай, бәрі бірден орнынан тұрды.*

– Ассалаумағалейкүм, Қажымұқан! – деп ... бәрі аяқ өре тұрып кетті (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**АЯҒЫНАН ТОЗДЫ.** *Әуре-сарсаңға түсті, шаршап-шалдықты.*  
Жиналған жігіттер аяғынан тозып кетті («Жолдастар» романы).

## Ә

**ӘЖЕТКЕ (ҚАЖЕТКЕ) ЖАРАДЫ.** *Өсті, ер жетіп қалған, жұмысқа жараған.*

Көбінесе жатақтардың жас жалшылары малды ауылдың қой-қозысымен кетеді де, *әжетке жараған* жігіттері Ертістен өтіп, Сібірге қарай жосиды («Жолдастар» романы).

**ӘЗЕЗІЛДЕЙ АЗДЫРДЫ.** *Жын-сайтандай, арбаушыдай азғырды. (Бұл жерде ақын ерекше жан толғанысын айтып тұр).*

Кеттім-ау, мен ұшырап бір кеселге?

Бардым-ау, өзім анық білмесем де...

*Аздырдың әзезілдей сұм домбыра*

Қу басым, күйге сенбе!

Күйге сенбе! (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ӘЗІРЕТ ӘЛНІҢ КҮШІ.** *Асқан алып, күшті. (Мұндағы «Әлі» - ислам діні бойынша төрт халифтің бірі; «әзірет» - арабша, мәртебелі мырза).*

Айқасқанның терісін,

Шаранадай жыртқан ер.

*Әзіреті Әлінің* Әдіс – күшін тұтқан ер («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ӘЛЕГІН АСПАННАН ШЫҒАРДЫ.** Авторлық қолданыстағы тұрақты тіркес. *Бүлік салды, жанжал шығарды, әбігерге түсірді.*

Сөйтіп, ақтың әскері қазақтың *әлегін аспаннан шығарды*, жау жайлады. («Бадырақ» романы).

**ӘЛЕМ БАЙЛАДЫ.** *Қастерлеп белгі тақты.*

Әркім-ақ әлем байлап жүйрігіне,

Құйрығын сайгүліктің түйді, міне.

Жапсар ел, жақын көңіл тілектес боп,

«Бәйгелі болсын!» деп жүр бір-біріне («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ӘЛЕМГЕ [ЖИҒАНҒА] НҰРЫН ШАШТЫ.** *Барлық жұртқа жарық сәулесін түсірді. (Бұл жерде бостандық, теңдік ұғымында).*

Қызыл жалау ұйтқытып,

Әлемге нұрын шашқан күн;

Айдаһарды қорқытып,

Аптығын судай басқан күн (Ұлы күн) (ҚТФС).

**ӘЛІНІҢ КЕУІР ҚЫРҒАН ЗҮЛПЕРІНДЕЙ.** *Өте өткір, жойқын, алғыр.*

Шалғыны шыңғырлатып жанып-жанып,

Жоңқабай жоңышқаға қалды салып.

*«Әлінің кеуір қырған зүлперіндей»*

Үйіріп қырып-жойып кетті жарып (Орақ науқаны) (ҚТФС).

**ӘНІНЕ БАСТЫ.** *Шырқап ән салды, күй тартты.*

Сонымен сол сапардан қайтқан елге,

Өкініп өміріме кеткен желге.

Жаңартқан жан жүректі әсем күйдің

*Әніне* әсерленіп басқам мен де (Күй) (ҚТФС).

**ӘҢКІ-ТӘҢКІ ЕТТІ.** *Ойран-топыр етті, бүлдірді, бейберекетін кетірді.*

Осындай ойлар қойшының басын *әңкі-тәңкі қылып* келе жатқанда, тағы бір ой төтеннен кимелеп кетті («Жолдастар» романы).

**ӘРІ-СӘРІ [ДЕЛ-САЛ] БОЛАДЫ.** *Белгілі бағыт жоқ, не істерін білмеді, дағдарды, әуре-сараңға түсті.*

Аспанда отыр алла тәтті мұнда,

Ұмытты барша әлемді, батты сырға.

*Дел-сал* боп еш нәрсені басқарған жоқ,

Иесіз өз бетімен жатты дүние (Жебрейілнама) (ҚТФС).

Жиылған болыстардың бірсыпырасы: «мұны мақұл, атқарамыз», -десе, бірсыпырасы: «мұны көпшілік біледі, көппен ақылдасып айтамыз»,- деп *әрі-сәрі болып* елге қайтысты.

**ӘУ ДЕСКЕНДЕЙ.** *Келісіп алғандай.*

Дүркіреп жанның бәрі жау дескендей,

Жау жетті ел шетіне *әу дескендей.*

Тұяқтан тасырлаған дабыл қағып,

Қара жер дүбір қақты дөң көшкендей (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ӘУЕЗЕ ҚЫЛДЫ.** *Аңыз әңгіме, лақап сөз тарады.*

Ән болып Көкшетаудың күңіренгені,

Сөз болып жат мінезі, шерткен шері;

Кетіпті елдің аузы *әуезе қып:*

«Жын құшып, жалғыз жүрген Ақан пері» («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

## Б

**БАҒЫ [БАҚЫТЫ] АШЫЛДЫ • БАҚЫТ ОТЫ ЖАНДЫ.** *Маңдайы ашылды, ырысы тасыды.*

Бұл тұлпар келіп тұрған әбден бабы,  
Салбырап тұрғанына деме жабы.  
Маңдайы жарқырап тұр жануардың,  
*Ашылып* тұр осы аста мұның бағы («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**БАЖ ЕТУ.** *Қатты дауыс шығару.*

Тек жуықтап кеткен адамға, бақырауық түйедей *баж ете* қаламыз. Тіршілік түбі тартыс қой ...(Жалаңаш жиылыс).

Досай *баж етіп*, жасауылдың қолын бір қағып тастап, Шалматайды бас салатын кісідей тұлған тұтып, қамшысын қоқандата сөзге кірісті («Жолдастар» романы).

**БАЙТАҚ ЕЛ [ЖҰРТ].** *Мол, ұшан қиырды алып жатқан ел. («Байтақ» ертеде «жұрт, ел» сөзі орнына да жүрген).*

Жүйріктей жиын жарған қағып жайтақ.  
Таңғалтып ән атымен *елді байтақ*,  
«Ауылым қонған Сырымбет даласына»  
Деп Ақан ән сап жатты басты шайқап («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**БАҚАНТІРЕС, ИТТАРТЫС.** *Бақастық, тым-тырағай айтысу, жұлқысу.*

Құрылтайдың шарына  
*Бақантірес, ит тартыс*,  
Көп список партия,  
Әзір қымыз, әзір ет (Дала) (ҚТФС).

**БАЛ АШТЫРЫП, БАҚСЫ ОЙНАТТЫ.** *Бақсы-балгерге «сәуегейлік» жасаттырды, тағдырын сынатты.*

Боз тайлақ жасы толған, қайымаған,  
Қайғырып мал иесі зар жылаған.  
Балгерге *бал аштырып, бақсы ойнатып*,  
Қалмаған құмалақшы айырмаған (Күй) (ҚТФС).

Артында қалды-ау талай қара күндер,  
Аң болып, а құдайлап жүрген заман.  
Бақытына *бал аштырып, бақсы ойнатып*,  
Таңдағы тәңірімнен деп сенген заман (Шаттық жыры).

**БАЛАПАН БАСЫНА, ТҰРЫМТАЙ ТҰСЫНА КЕТТІ.** *Әркім өзінше, өз жөнімен.*

Жұрт толқи бастады. *Балапан басына, тұрымтай тұсына* қам қылатынға түсті («Жолдастар» романы).

**БАЛДЫ ҚУРАЙҒА ЖАБЫСҚАН АРАДАЙ.** *Мелшиіп, тапжылмау.*

Жел ұшырып, балды қурайға жабыстырған арадай, Жеңсік жігіттің бауырында талықсып, әзер ғана қозғала байдың жалшысын шөп-шөп сүйеді, жан-тәнімен сүйеді. Қойшысың деп қорламай, қолын қысады. Бұл бір олардың өздерінше ұлы базар еді («Бадырақ» романы).

**БАРАР ЖЕР, БАСАР ТАУЫМ ЖОҚ.** *Қылар үміт, артар түк айла-амалы жоқ.*

Өзім мұндай күйге түстім.

Енді менің барар жер, басар тауым жоқ (Райхан).

**БАРМАҒЫН ТІСТЕДІ.** *Өкінді, аса қатты қынжылды.*

Мекенбек тысқа шығады. Судья қапаланып олай-бұлай жүреді; бармағын тістеп отырып қалады (Кек).

Мәмбет бармағын тістеді.

-Қап! – деді. («Жолдастар» романы).

**БАРМАҒЫН ШАЙНАУ.** *Өкіну, аса қатты қынжылу.*

Жалындады, қайнады.

Қайнады да «ah» деді,

«Ah!» деді де, «кап» деді.

Қапты бармақ шайнады (Кәнпеске).

**БАРМАҒЫНАН БАЛ [ӨНЕР] ТАМҒАН//САУСАҒЫНАН БАЛ ТАМУ.**

*Он саусағынан өнер төгілген; бесаспап шебер, көп өнер иесі.*

Буынсыз он саусағы күй қағуға,

Бал тамған бармағынан домбырашы,

Жан терге түсіп отыр мынау дуда (Күйші) (ҚТФС).

Маймандап маймыл саусақ балы тамған,

Тартылмай күй болмады мұнан қалған

Жамбасқа таразы, үркер ауыр түсіп,

Болыпты мезгіл міне таңға қалған (Күйші).

**БАРМАҚ БАСТЫ, КӨЗ ҚЫСТЫ.** *Жең ұшынан жалғасты.*

"Қатынды өзіңе әперемін" деп байдан бармақ басты, көз қысты алған жасауыл жабырқап, жиналған жұртқа: "үйді босатындар", -деп ақырғанда үйдің іргесінен көп адам дүркірей жөнелді («Бадырақ» романы).

**БАРЫМТА АЛДЫ** *көне. Ертеде жесір т.б. дауымен қарсы жақтың малын барымталап шауып алу салты болған.*

Түбінде сөз бола қалса да осыны айтармыз... ақымызды бермеген соң барымта алатын әдетіміз еді дерміз, - деді Ысмайыл (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**БАС БОЛУ.** 1. Алдыңғы бірінші қатарды жүрді. 2. Бір нәрсеге басышылық етті, басқарды.

Кеше ғана туғаны,  
Жасағаны он ғана!  
Жас болса да *бас болды*,  
Өз жұмысын қолға ала (Той бастау).

**БАС ИЮ.** *Разылық білдірді, көрсетілген құрметке ілтипат білдірді. Мойынсыну.*

Жаралғалы жауырыны жерге тимеген мұсылман дүниесінің балуаны, қырдың алыбы ауыр салмақты – Қажымұқан! – дегенде, өзге балуандардан бөлек есік перде артынан шығып, өне бойы қоладан құйылғандай тұп-тұтас жуан, шойын кара халыққа *бас иді* («Жолдастар» романы).

Меңіреу тау, мылқау тас  
Ұлы еңбекке *иген бас*,  
Асқарды ерлер құлатты (Жыршыдан).

Жер өзгерген сияқты,  
Меңіреу тау, мылқау тас.  
Ұлы еңбекке *бас иген*,  
Асқарды ерлер құлатты (Жаңа туған).

Біз білімсіз қырда қалған халық ек,  
*Бас иіп* ек, білімдіге нанып ек.  
Ақылсыздан арандалып тұзаққа:  
Айдаһардың уысына қалып ек (Ортақшыл партияға).

Мойындап мұңаясың, *бас иесің*,  
Еріксіз тыңдағандай шердің зарын.  
Ызылдап жерден төмен сызып кетіп,  
Көресің жан-жағынан ән қанжарын (Домбыра).

**БАС ҚОЙДЫ.** *Құныға ішіп жей бастады.*  
Аяпберген шайға *бас қойды*. Шайдан өліп келіп еді («Жолдастар» романы).

◆ **БАС ҚОСУ.** *Бір жерге жиналды, кеңесті.*

**БІР КӨТЕРІП ТАСТАУ.** *Қолпаштау, ерекшелеп көрсету.*

Есенғұл. Ә, келдің бе? Мына қазақ, қалмақтың хан, қарасының *бас қосқан* мәжілісін *бір көтеріп тасташы!* (Кек).

**БАС-КӨЗ БОЛУ.** *Басышылық етті, басқарды; көз қырын салды.*

Сейдақмет. Өкендау, қажы саған – осы ауылға *бас-көз бол!* – дегені қайда? (Кек).

**БАСҚАН ІЗДЕ БЕЛГІ ЖОҚ.** *Өткен өмір белгісіз, із-түзсіз.*

*Басқан ізде белгі жоқ.*

Өткен күндер енді жоқ,

Көргендейміз әлгіде (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**БАСЫ ӘҢКІ-ТӘҢКІ [ДАЛ, ДАҢ] БОЛДЫ • БАСЫ [МИЫ] ҚАТТЫ • БАСЫ ҚАҢҒЫРДЫ • МИЫ АШЫДЫ • ШАҚШАДАЙ БАСЫ ШАРАДАЙ БОЛДЫ • ШАРАДАЙ БАСЫ ШАҚШАДАЙ БОЛДЫ.** *Не істерін білмей дал боп абыржыды, дағдарып әрі-сәрі болды; қатты састы.*

Биыл налог ақшадай,

Қалтасы боп, ақсамай,

Ақша іздеген қазақтың,

*Шарадай басы шақшадай,*

Ха-ха-ха-лау қазағым!

Көр малыңның базарын (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**БАСЫ БҮТІН БЕРУ.** *Еш сұраусыз, қайтарусыз беру.*

Осы ма сұрағаның, Қарашашым?

Қаласа, қалағанын алсын, алсын!

Үйсіннің ерулігі болар бізге!

Бергенім *басы бүтін* байлап басын! (Күйші)

Жүйрік жан, маймыл күйші, сорлы маңдай,

Сөзіне түсінбеді қыздың қандай.

Хан: «Бердім *басы бүтін*» - дегенінде,

Сұп-суық болды көңлі мұз құйғандай (Күйші)

«Алдияр, маған жарлық еткенің бе?

Байланып *басы бүтін* кеткенім бе?»

Жіберді күйші сонда солқ-солқ жылап,

Сорғалар сортаң жасы беттерінде (Күйші).

**БАСЫН ҚОСТЫ.** *Біріктірді, жүйеледі.*

Кәмеш онан кейін «Дударды», «Қара орманды» айтып, бірқатар әндердің *басын қосты* («Жолдастар» романы).

**БАСЫН АУЫРТҚАН ЖОҚ.** *Уайымдамау, мән бермеу, көңіл бөлмеу.*

Жұрт сөзді онан әрі жаңыртқан жоқ,

Қаңқулап, қағажулап қағытқан жоқ

Насырға шабатынын біліп жиын

Шаппаған бәйге *басын ауыртқан жоқ* (Егес).

**БАСЫН ҚҰШТЫ.** *Құшақтап аймалады, төсіне басты.*

Білмеді не болғанын айырылды естен,

Аймалап Құлагердің *басын құшты* («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**БАСЫН ШАТТЫ.** 1. *Кесірін тигізді, бәлеге душар қылды, кіріптар етті.*  
2. *Аузына келгенін айта берді, бірді айтам деп көп нәрсені араластырып соқты.*

Елде пара беріп болыс списогінен құтылып кеткендерді ояздың книгасына барғанда не өшіртіп, не жаздырып, қып-қызыл шатаққа талайдың басын шатып жүрген алғыштарда есеп жоқ («Жолдастар» романы).

**БАСЫНА БҮЛТ АЙНАЛДЫ [ТӨНДІ, ТҮНЕРДІ] • БАСЫНА ҚАУШ-ҚАТЕР ТУДЫ [ТӨНДІ] • БАСЫНА БӘЛЕ ЖАУДЫ • БАСЫНА ҒӘРІШШІЛІК [ТАРЛЫҚ ІС] ТҮСТІ [КҮН ТУДЫ] • БАСЫНА ЕКІТАЛАЙ КҮН ТУДЫ.** *Мұқтаждыққа ұшырады, ауыр халге тап болды, қиын-қыстау күн туды; мүсәпір болды.*

Өгіз өз басына күн туған шолақ құйрықты пұштаңдатып, арбаны салдырлата атқылап жөнелді (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**БАСЫНА ҚҰС ҚОНУ.** *Дәулет бітті, атақ-дәрежесі артты.*

*Қондырып құс басына:*

«Қайтпайтын ер, қанды күш,  
Саған Калпаковский  
Қалсын мәңгі ескерткіш!»  
Деп жазған-ды тасына (Дала).

**БАСЫНДА ЕРКІ ЖОҚ.** *Жеке кісінің бостандығы болмау туралы айтылып тұр.*

Қасында жоқ серігі,  
Жау қолында бір тұтқын,  
Басында жоқ ерігі,  
Торда торғай болыпты (Дала) (ҚТФС).

**БАСЫНДА ЕРІК, МАЛЫНДА БИЛІК БОЛМАУ.** *Өз бас еркіндігі болмау.*

Елдің басында ерік, малында билік болмай, шаруаны бақсы ойнаған оттың күліндей етті («Бадырақ» романы).

**БАСЫН ҚҰРБАН ҚЫЛДЫ.** *Біреу үшін өзін өлімге қиды.*

- Малды да, басты да құрбан қылдық, - деп жігіттер шу ете түсті («Жолдастар» романы).

**БАТА АЛМАДЫ.** *Тайсалды, батылы бармады, жүрексінді, жүрегі дауаламады, қорықты.*

Ақанға ешкім қой деп айта алмады,  
Ер көңілін еңірегген қайтармады.  
Жазықты сияктанып жанның бәрі,  
Жанына жақындауға бата алмады («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

Мұны сезіп отырған көп жігіттер анау-мынау демесе, Ыбырайымнан *бата алмай* тек дүмбілезденіп отыр еді («Жолдастар» романы).

**БАТА БЕРДІ [ЖАСАДЫ].** *Жақсы тілек білдірді, жақсы ниет айтты.*

Кішкене отаудың шаңырағында мол етіп ет асылып, Көшімбай ақсақал дастарқан басында ұзақ *бата жасады* («Бадырақ» романы).

**БАТА ОҚЫР.** *Өлген кісіге дұға оқып, кейінгі қалғандарына көңіл айту салты.*

Шөкітіп шөбін тиеп шанасына,  
Қазақ бар қатынасқан қаласына.  
Ас-тойдың, *бата оқырдың* бірі де жоқ,  
Мал қамы, ауыл алаң шаруасына (Қыс).

**БАУДАЙ ТҮСТІ.** *Оққа ұшты, бірі қалмай қырылды; бірінің үстіне бірі жапырыла жағылды; шетінен сұлады.*

Ерлердің бірқатары *түсті баудай.*  
Түнекте араласты салып айғай.  
Ойнақы ат бүйірінен найза тиіп,  
Шапшиды, шыңғырады зар қаққандай (Черкестер) (ҚТФС).

**БАУЫЗДАУ ҚҰДА.** *Қыз айттыруға ең алғашқы құда боп барған адам.*

Мырзағұл Сағындықтың *бауыздау құдасы* («Бадырақ» романы).

**БАУЫР БАСҚАН.** *Жақын тарту, жүрегі елжіреу.*

Бұл өзі елдегі бір жетім бала,  
Ақанға *бауыр басқан* өкіл бала («Құлагер» поэмасы)

**БАУЫРЫМДАП ШАПТЫ.** *Ескі салт бойынша, қазалы ауылға қарай ат қойып, айқай салып, жылап келу.*

Біреу сиыр, саулық ап,  
Біреу шапан, біреу ат,  
Ағайыны *бауырымдап,*  
Тұс-тұсынан *шапнай* ма? (Дала) (ҚТФС).

**БАУЫРЫНА КІРДІ.** *Тіпті жақын тартты.*

Ол адамның қандай болса да әуеніне төңкеріліп, жалпақтап, *бауырына кіріп кетеді* («Жолдастар» романы).

**БАЯ ҚУДЫ.** *Өріс кезіп, түрлі бұта-бұтаны сағалай мал жайды.*

Қозыдай қауын, қарбыз көгендегі,  
Тайтұяқ алма күміс тебендегі,  
Қой жайғыш *бая қуып* тақыс шалдың  
Ұстады қойын, тонын шегелдегі (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**БӘЙЕК БОЛДЫ.** *Асты-үстіне түсті, асқан ілтипат көрсетті, кішіпейілділік жасады.*

Екі дай болып тұрды елдің жағы –  
Шық! Шық! – деп, жүнді қара шабынады.  
Шықпалап Баян жағы *бәйек боп* жүр,  
Абұйыр осы жолы қағылады («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**БЕЗЕК ҚАҚТЫ, БЕЗЕКТЕЙ БЕРДІ.** *Біреудің асты-үстіне түсті, ұшып қонды, дегбірсізденіп алыпұшты, қолды-аяққа тұрмады, шыр-шыр етті.*

- Ради бога! Ради бога! – деп Шеркес Қалиды құшақтап *безек қақты*. Кәмеш ағатайлап қанарға оралды («Жолдастар» романы).

**БЕЛ БАЙЛАДЫ (БУДЫ).** *Бір нәрсені істеуге шындап кірісті, тәуекел етті.*

Өйткені ол өз сәлемінің орындалмағанына ыза болып, не болса да Досайды алдына бір келтіруге *бел байлаған еді* («Жолдастар» романы).

Әрине, мұның бәріне Фазыл мұғалім кең арнап, терең толғап, терісін кеңге салып аздап күресуге *бел байлаған* («Жолдастар» романы).

Қарындастар, қанды көйлек жолдастар, аттанысымыздың алдыңғы беті осындай... Осыған *бел байлап*, қол сайлап шығатын ел бармысың? (Исатай, Махамбет).

Ол түнімен осыны ойланып, не де болса осы ауылдан кетуге *бел байлап*, таң күзеткен еді («Жолдастар» романы).

**БЕЛ ҰСТАСТЫ.** *Күресті; айтыс-тартысқа араласты; айқасқа түсті.*

Бір кісімен *бел ұстасқан* емес. Оның өз ойынша, басымды «ешкімге көрсетпедім» деп ойлайды (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**БЕЛІН БЕКЕМ БУУ.** *Бір іске мықтап кірісу.*

Қараша үйде бозбала,  
*Белін бекем буына,*  
Кетпен, ломды қалға ала,  
Сол жолды өзі салып тұр! (Дала).

**БЕЛІ ШОЙЫРЫЛДЫ.** *Белі құрыстанып ауырды, сіресті, белін жаза алмады.*

*Белің шойырылған жоқ па, ей қатын?*  
Қайдағыны айтып отырасын- ау, ұзын жолдың үстінде.  
Неге шойырылушы еді? (Түркісіб).

**БЕЛІН БУЫНЫП, ЖЕҢІН СЫБАНДЫ.** *Бір іске бел шеше кірісті.*

Тоқтасын үстіндегі орамсыз үлкен қоңыр ішікті тастап, мал соятын кісідей ішіндегі жеңілтек шапанның *белін буынып, жеңін сыбанды* (Жедел жәрдем).

**БЕСІКТЕН БЕЛІ ШЫҚПАҒАН.** *Қаршадай, кішкентай, жас.*

Қырыққа келген жалшылардың біреудің *бесіктен белі шықпаған* қызына аяғын шырмап, жылына бір қара тауып беріп, өмірі жалшылықта жүретінін сен жақсы білесің ғой («Жолдастар» романы).

**БЕТ МОНШАҒЫ ТҮСТІ [ҮЗІЛДІ, САЛБЫРАДЫ, ТӨГІЛДІ].** *Ұялды, батылы бармады, кісіге тіктеп қарауға жүзі шыдамады.*

Қарсы жақ кісі таппай болды жүдеу,  
Көк темір болды асып алмас егеу.  
*Салбырап бетмоншағы* батырлардың,  
Теп-тегіс, төмен қарап болды күйеу (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**БЕТІ ҚАЙТТЫ.** *Қарқыны басылды.*

Шапқан елдің *беті қайтып*, алысқа барып тұрғанын көрген соң, ауылынан үш-төрт кісімен Асылбек болыс атқа мініп шығып, көпке жылап келді. («Жолдастар» романы).

**БЕТІНЕН ОТЫ ШЫҒУ.** *Қызарды, қатты қысылды, ұялды.*

Сатанның *бетінен оты шыққандай* болды. Істеп жатқан ұрлығының үстінен иесі шығып қалып, қолға түсіріп алған секілденді («Жолдастар» романы).

Осылар сөйлеп жүрген бір жаманатқа менің *бетімнен отым шығады.* («Жолдастар» романы).

**БОЙЫН КҮТУ.** *Өз қалтын сақтау.*

Көкшетау жер жаннаты жеке біткен,  
Бұл сұлу кең далада *бойын күткен* («Құлагер» поэмасы).

**БУЫНЫН БЕКІТТІ.** *Өзін-өзі тоқтатты, күш-қуат жинады, қайратқа мінді.*

Аяпберген *буынын бекініп*, ширай соқты.

– Ойбай-ау, азамат-ау, какой теңдік деп..тіпті, төбемізге шаш шығаратын болмады ғой... Ауылымызды шауып, адамдарымызды көгендетіп отыр. Осыған теңдік болмай ма? («Жолдастар» романы).

**БҰТЫН БҰТ, ҚОЛЫН ҚОЛ ҚЫЛДЫ.** *Мейлінше жарамсыз етті, түкке тұрғысыз етті.*

Жаңада бір келелі жиылыс болып, менің қателерім талқыға түсті. Әлбетте, катеммен бірге өзім де талқыға түстім-ау. Жұрт мен жазған сөздің *бұтын бұт, қолын қол қылып* созғылап жатыр (Мен кателескен екем).

**БЫТ-ШЫТЫН ШЫҒАРУ.** *Талқандады, қиратты.*

Мынау орашалақтар екпінді түрде игілікті жұмысының *быт-шытын шығарды* (Екпінді бүлдіргіш).

**БІР АУЫЗДАН КӨТЕРІП ЖІБЕРДІ.** *Қолдады, демеу білдірді.*

Жапар әннің аяғын өзгелері *бір ауыздан көтеріп жіберді* (Бейсатай бригадасы).

**БІРІҢ ӨЛІП, БІРІҢ ҚАЛ.** *Қарғыс мәнді фразеологизм.*

Адырайып көздері:

*Бірің өл де, бірің қал!*

Дәл осылай сөздері! (Дала)

- Мейлі, екі ноғайдың *бірі өліп, бірі қалсын!* Менің нем кетеді! – деді өзі («Жолдастар» романы).

**БҰҚА МОЙЫН.** *Жуан мойын.*

Адамның ірісін Сатандар әлі көрмей жүреді екен, *бұқа мойын*, атан аяқ, қақпан жауырын, бағана балтырлы дәулер адымдағанда өздерін жігіттің сырттанымыз деп есептейтін Газбекқараларда құнар қалмаған сияқтанды («Жолдастар» романы).

**БҰЛАН-ТАЛАН БОЛДЫ.** *Қатты ашуланды.*

Соның ақшасын сұрап едім, көп жігіттердің көзінше жер-жебіріме жетіп, *бұлан-талан болғаны* («Жолдастар» романы).

**БҮРСЕҢ ҚАҚТЫ.** *Тоңды, қалшылдап, дірілдеді.*

Мырзаларымыздың қашан шығып қалатынына көзіміз жете алмай *бүрсең қағып*, екі көзіміз есікте болады («Жолдастар» романы).

## Д

**ДАБЫЛ ҚАҒУ.** *Хабарлады, білдірді, жар салды.*

Өлеңі мен ұранын,

*Дабыл қақты* «Алаш» тап,

Бірі оқыды құранын

«Ел қамы үшін» - табы үшін! (Дала).

**ДАҢҚЫ ЖЕР ЖАРДЫ.** *Атағы әлемге әйгілі болды; күллі жұрт қадір тұтты.*

Әсіресе мына қойшының естіген қорқыныш әңгімелері Тәуке, Самалықтікі. Олардың *даңқы жер жарады*, олар жәрменкеден қайтқан талай керуенді осы жолда шулатқан («Жолдастар» романы).

**ДӘМ ТАТҚАН ҚҰДЫҚҚА ТҮКІРДІ.** *Жақсылыққа жамандық істеді, қайтып кірер есікті қатты серіпті, кесірлік жасады.*

Құсайынды көрген соң қу құйрық Шалматай әңгімені ушықтырмай майда бикеге салып, бұл шіркіннің *дәм татқан құдыққа түкіргеніне* өкпелегендігін

айтқан да, оны енді Құсайын араласқан соң, “тастадым” деген («Жолдастар» романы) (ҚТФС).

**ДӘМ ТАТТЫРУ.** *Тамақ жеді, ас ішті, татып көрді.*

Осы жылдың жазында Сатан еліне қайтпақшы болып байға жолығуға келгенде – Сатанды нағашым деп үйінен *дәм таттытарын* ақ тоқал осы Нәзипа еді («Жолдастар» романы).

**ДӘМ-ТҰЗ [ЫН]ТАТУ.** *Тамақ жеді, асы ішті немесе тамақ, ас бұйыру.*

Бұрын қасындағы Әбдірахмендарға жүргізуге алыс деп үйінен шығарғысы келмей отыратын Сатанға Жетісудың *тұз-дәмін татуды* жазған екен ғой деп, шешесі көзінің жасын іркіп алды («Жолдастар» романы).

**ДӘРМЕН ЖОҚ.** *Шама, күш-қуат қалмады.*

Үстіміз қырау-қырау болып екі аяқты бір-біріне соғыстырып қалтырап катып тұрамыз. Кетуге бізде *дәрмен жоқ* («Жолдастар» романы).

**ДЕГБІРІ ҚАШУ// ДЕГБІРІ ҚАЛМАДЫ.** *Шыдамсыз, тағатсыз; асып-сасулы, қорықты, үрейленді.*

Екі мылтықтыны ертіп, үш кісі бұларға қарай жүрді – мылтық, қылышты көрген соң Құсайынның *дегбірі қашып:*

- Не де болса, болары болды... Енді тырп етпеңдер!..- деп сасқалақтап сыбыр-сыбыр етті. («Жолдастар» романы).

- Күн ұзын көрмеген сұмдығын көріп *дегбірі қалмаған* қойшы бала, айыпты кісі болып, сұқ қолын аузына салып ақсақалдардың алдына келді («Жолдастар» романы).

**ДЕЛЕБЕСІ ҚОЗУ.** *Арқасы қозды; кеу-кеуге еріп қызды, көтерілді, желікті.*

Екі елдің егер болған ерегісі,

Мұндайда ердің *қозар делебесі.*

Сұрасаң менің атым батыр Тәуке

Ту алған Саптаяқтың немересі («Жолдастар» романы).

**ДҮНИЕ САЛУ.** *Өлді, қазаға ұшырады.*

Сөйтіп бұлар екі баланың ата-анасы болғанда, 50 де Қырықбай *дүние салған* еді (Күн өлімі).

**ДҮНИЕ САРСАҢ.** *Әуре, сергелдең, бос сандалыс.*

Болатын *дүние сарсаң* туған шақта,

Өскемін отын жастық, құм құндақта;

Жер теуіп темір өкшем балға болға,

Иленген тікен шеңгел бұл құшақта (Қойшы ойы) (ҚТФС).

**ДҮРСЕ БАС САЛДЫ (ҰМТЫЛДЫ), ДҮРСЕ ҚОЯ БЕРДІ.** *Дауыс көтерді.*

- Қоя бер қолымды! – деп Шеркес Қали оған *дүрсе қоя берді*. Бұл Ыбырайым мырзаға өмірі көрмеген зіл болды («Жолдастар» романы).

**ДЫБЫС БЕРДІ [ЕТТІ] • ҮН ҚАТТЫ.** *Дауыстады, дауыстан белгі берді; хабарлады.*

Олардың қосы ойда екен, өздері шоғырланып жиылысып алды да, келе жатқан қойшының алдын тосып тұрып *дыбыс берді* (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ДІКЕҢ ҚАҚТЫ.** *Мазаны алып қыдыңдады, қожандады; қоқаң-қоқаң етті.*

Балуаны шешінген жақ *дікең қақты*,

«Кісінді шығар» – деп-ақ бақты,

Шыдамай шешінерге нелер балуан,

Самай тер шекелерден шып-шып ақты («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ДІҢКЕГЕ ТИДІ [ДІҢКЕНІ ҚҰРТТЫ].** *Титығына жетті, тұралады, болдырды.*

Мынау соғыс халықтың әбден *діңкесіне тиген жоқ* па (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

## Е

**ЕКІ ДАЙ [ЖАР, ЖАҚ] БОЛДЫ • ДАЙ-ДАЙ БОЛДЫ • ЖАҚ-ЖАҚ БОЛДЫ.** *Екі жаққа бөлінді, жақ-жақ боп екіге бөлінді.*

Осыдан *екі дай боп* елеуресті,

Өйткені етке тойып, қымыз ішті.

Құтырған қораздайын қырқыстырып,

Дағдырын қос аусардың сөйтіп шешті («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ЕКІ ЕЗУІ ҚҰЛАҒЫНДА.** *Өте көңілді, көңілі көтеріңкі, қуанышты, мәз-мейрам.*

Ертіс пен Есіл болып есіп, *екі езуін құлағына жібере* күліп, әңгімеге түсті Шақшай: Оған міне аттай төрт жыл болып барады («Жолдастар» романы).

Бөлекбайдың *екі езуі құлағында*, сылқ-сылқ күледі («Жолдастар» романы).

Кіндік кескендердің де, жерден көтеріп алғандардың да, азан шақырғандардың да *екі езуі құлақтарында* (Жедел жәрдем).

Мәмбетті үйге алып келген соң Тұздыбайдың *екі езуі құлағына жетті* («Жолдастар» романы).

Майданнан қайтып, аман-есен елге келген жігіттердің *екі езуі құлағында*; бір-бір шолағын мініп, барын киіп осы тойда (Дарқан).

Нақсүйері ақсұр тоқал қасы күліп,

Қасында Исатайдың отыр жымып.

Ыржиып *екі езуі құлағында*,

Кеп түсті қайызғақ таз айғыр мініп (Исатай).

Елеңдеп елім бұл баққа,  
*Екі езуі құлақта:*  
Мәз-мейрам, майдан, шабуыл,  
Өнерге, елім өнерге! (Майдан)

**ЕКІ ИІНЕН ДЕМ АЛУ.** *Ентігіп, шаршап отыру.*

Асқақтағы ала арқанға жармасып Мажыра отыр, іркіт құйған сабадай іркілдеп, *екі иінінен демін алады*, қолының ырғағымен бақаннан босаған арқанды Ақылбай келіп жоғары көтеріп, тартып байлап кетіп еді, Мажыраның бүккен тізесі түйеге байлаған тұлыптай салбырады да қалды ( Жедел жәрдем).

**ЕКІ КӨЗІ БАЖЫРАЮ.** *Қорқып кету, зәресі ұшу.*

Сатанда зәре жоқ. Үріккен түйедей *екі көзі бажырайып* кеткен («Жолдастар» романы).

**ЕКІ КӨЗІ ТӨРТ БОЛУ.** *Сағынды, аңсады, жолына қарай-қарай шаршады, күте-күте зарықты, көруге асық болды.*

Сүйенгенім...тірегім...  
Трішілігім...білегім...  
Қарайғаным...қарағым...  
Көздей-көздей, келер деп  
*Екі көзім болар төрт,*  
Қуат – сызған қағазың (Аттанған азамат).

**ЕКІ ОЙЛЫ БОЛУ.** *Шешімге келе алмау, өз ойына өзі күдікті болу.*

Апа, мен *екі ойлы болып* отырмын. Мұны Сатанның іші сезді де, бүркене беріп жымың етті («Жолдастар» романы).

**ЕКІ ӨКПЕСІ ҚЫСЫЛУ.** *Демікті, тынысы тарылды.*

*Екі өкпесі қысылып*  
Кетті шалдың сорлының.  
Кеткен кезде тұншығып,  
Келін даусы болды жым (Шал мен келіні).

**ЕКІ ӨКПЕСІН АУЗЫНА ТІСТЕУ.** *Асығу, аптығу, жылдамдатып қимылдау.*

Онда мал алады, тері саудалайды, астық өткізеді, әйтеуір, базарда *екі өкпесін аузына тістеп* делдалдық қылады... («Жолдастар» романы).

**ЕЛ АМАН, ЖҰРТ ТЫНЫШТА.** *Айдың аманында, заманның дұрыс кезінде, бейбіт күнде, жайшылық уақытта.*

*Ел аман, жұрт тынышта,*  
Қырдағы ұлы құрылыста,  
Бізді неткен жау алад? (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ЕЛ АУЗЫНА ІЛГҮ.** *Мақтауы, атақ-даңқы жұрттың аузында болу.*

Пионер ұйымы жасалып, неше түрлі ән салып, екі айда осы мектеп балалары *ел аузына ілікті* («Бадырақ» романы).

**ЕЛ ҚҰЛАҒЫ ТҮРІЛДІ • ҚҰЛАҚ ТОСТЫ [ТҮРДІ].** *Елең ете қалды; тосын хабарға құлақ бұрды.*

Дабысы бұрын жеткен Керқұланың  
Дегенге «келді» - *түрді ел құлағын.*  
Ас тегіс алды-артына қалды үймелеп,  
Көруге Көкшетаудың кер пырағын («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ЕЛ ТАНЫДЫ.** *Халықпен араласып, жақсы-жаманын көріп білді; өзге жұртты танып білді.*

Қазір жер көріп, *ел танып*, кісі санатына қосылып қалғам жоқ па?  
Өсте-өсте адам болып кетуім алыс емес («Жолдастар» романы).

**ЕЛДІК[-ТЕН] КЕТТІ.** *Ұйымшыл болудан қалды, ауызбірліктен айырылды.*

*Елдіктен әбден кеткенде,  
Сүйекке зардап жеткенде,  
Шыққамыз бүгін жарыққа,  
Лағнет айтып өткенге* (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ЕЛЕҢ ЕТЕ ТҮСУ.** *Құлағын тігу.*

Құсайынның даусы шықты, жолаушылар *елең ете түсті* («Жолдастар» романы).

**ЕЛЕҢ ҚЫЛМАДЫ.** *Ескермеді, елемеді, көңіл де бөлмеді.*

*Елең қылмайын* деген жоқ, ет басты болып жатқандықтан басқа жаққа басын көтеруге мұршасы келмеді («Жолдастар» романы).

**ЕҢБЕГІ ЖАНДЫ [ҚАЙТТЫ].** *Қадамы өрге басты; жолы болды, ісі алға басты; еңбегі өтелді.*

*Еңбегің жанып, мінекей,  
Жайқалып тұр егінің,  
Еңбегі ғой көгерген,  
Егіншідей еріңнің* (Егінші) (ҚТФС).

**ЕҢБЕГІҢ ЕШ, ТҰЗЫҢ СОП.** *Бар әрекет зая кетті; еңбегі өтелмеді.*

– Ертеңнен кешке шейін итше салпақтап жүреміз, сонда да *еңбегің еш, тұзың сор* («Жолдастар» романы).

**ЕСЕ ТИДІ.** *Өмір кезегі келді; ерік, теңдікке қол жетті деген ұғымда айтылып тұр.*

Келді саңқ-саңқ мына үн:  
«Қимылда, тіл қимылда!»

Қимылдайтын күн бүгін,  
*Есе тиген күн-кұлға»!* (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ЕСЕК ДӘМЕЛІ.** *Үміттену, имексу мағынасында.*

– Арқаны қаси-қаси қанын ағыза, тырнай-тырнай қыртысын айналдырып жібер; жұмысшы, қара шаруа арқасы битке де, итке де талауға оңай болсын, - дейтұғын солшылдардан да *есек дәмелі* болады ("Кімді кім?").

**ЕСЕКҚҰРТЫ МҰРЫННАН ТҮСТІ.** *Байыды, шалқыды, тоқ болды, молшылықта отыр.* (Кекету, мұқату мағынасында).

*Есекқұрты мұрнынан түсіп* жетіліп тұр дейді осы Әкіштерді сөз қылады. Байғұлдың Әкіші саудагер, қара жұдырықтау болса, Демеуі хат-шот білетін (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ЕСІ ШЫҚТЫ.** *1. Асып-састы, берекесі кетті. 2. Жаны қысылды, қатты қорықты.*

Қышақта, Пышақ та, *есі шығып* кетіп, біресе атқа, біресе арбаға жүгірді. («Жолдастар» романы).

**ЕСІКТЕГІ БАСЫН ТӨРГЕ СҮЙРЕУ.** *Беделін арттыру, мерейі көтерілу, үстем болу.*

Осы қарғасын өсірсе, тәрбиелесе, оқытса екеуінің *есіктегі басын төрге сүйреп-ау* деген үміттері дардай, тілегі таудай ата-ана бұлар (Нұрша).

**ЕСІҢ БАРДА, ЕЛІҢДІ ТАП.** *Ойлану, өз-өзіне сақ болу, дер кезінде ақылға келу, адаспау.*

Көк бесті ат кермеде тұр, мырзам ояу.

Ел жиі бір-біріне қонған таяу.

*Елің тап, есің барда* батыр Тәуке,

Жазым боп бір жеріңе түсер қаяу... («Жолдастар» романы).

**ЕТЕГІН БЕЛГЕ ТҮРУ.** *Бел шеше кірісу, білегін сыбанды.*

Ержетіп Қосайдың малын жаймап, өзге байларға жүріп кеткен ағаларымен Қосайдан кетуге сөз байлап Дарқан, екі *етекті белге түріп*, пайдашы жігіттермен жалғасып, солардың соңына еріп кеткен (Дарқан).

**ЕТЕК-ЖЕҢІ ЖИНАҚЫ.** *Есін жиды, өз-өзіне келді немесе шаруасына жинақы, тиянақты адам.*

Оның бірі - *мінезі ойнақы, етек-жеңі жинақы*, ырғымалы, шоршымалы, қоңыр күрең, қу тақым біреулері бар (Кімді кім?).

**ЕТІ ТІРІ.** *Пысық, ширақ, қолынан іс келетін.*

Дегенмен, пароходтағы қазақ жігіттері қырдағы жалшылардан гөрі *еті тірі*, пісіп-қатқан болады («Жолдастар» романы).

Шеркес Қалидың басы жас болса да көргені көп, *еті тірі*, өзі ержүрек, адамшылығы басым, аяулы жолдасым, - деп Нұраділ мақтай жөнелді («Жолдастар» романы).

## Ж

**ЖАБЫҚ МІНЕЗ.** *Сыр білдірмеу, ойын айтпау.*

Біреуге біреу сыр айтыспай, әр рудың өз ойы, өз болжалы болғандай тымырсықтанып, жазыла сөйлеспей, *жабық мінез* жасырын қатынасқа айналды («Жолдастар» романы).

**ЖАҒАДАН АЛДЫ.** *1. Қылғындырды, тарта бас салып, кеңірдектен алды. 2. Асықтырды, жан алқымға алды, қысты.*

Екі жігіт ат үстінен бірінің *жағасын бірі алып*, жұлқыласып келеді («Жолдастар» романы).

**ЖАҒАСЫ ЖАЙЛАУҒА КЕТТІ.** *1. Алқа-салқа болды; түймесін ағытып, қалай болса солай отырды. 2. Шалқыды, тасыды.*

Оның жанында бұйра шаш, ала көз ақындау жігіт газетіне мақала жазып жатыр. Комитеттің байдан жасалған бір мүшесі онда да, мұнда да жоқ, *жағасы жайлауына кетіп*, жәй салбырап ол отыр! («Жолдастар» романы).

Үйдегі қымызға бөккен адамдардың *жағасы жайлауға кетіп*, аузынан сілекейі ақты да қалды («Жолдастар» романы).

**ЖАҒАСЫН ҰСТАУ.** *Таңданды, таң қалды.*

Дәукен *жағасын ұстап*, бір қолымен кесені түбінен көтеріп: -Ой, садағаң кетейін құдірет-ай. Өгіз тіпті жерді менің сізге қымыз әперген кесемдей қылып мүйізімен ұстап тұрғанын қарашы! –деді («Жолдастар» романы).

Қырдан алғаш айқайлап отарба жүргенде өзіміз жанына бара алмадық. *Жағамызды ұстадық* (Шайтанарба).

– Абау Құдайым! –деді. Сүлеймен Бержабай:

– Сүбіқаналла! – деп *жағасын ұстады* («Жолдастар» романы).

**ЖАҒЫ СЕНБЕУ.** *Аузы тынбай сөйлеу.*

Қолына я бөрік, я тұмақты алып

Ақтаған ат үстінен сияқтанып,

Жаршылар *жағы сенбей*, зар қағып жүр

Жұрт жатыр әр хабарды құлақтанып («Құлагер» поэмасы).

**ЖАЗА БАСПАУ.** *Қателеспеу, жаңылмау, жаңсақ кетпеу.*

Бадырақтан гөрі Жеңсік жазылған жазуды тез оқып шығады. Бадырақ шабандау, бірақ бадырайып отырып, әйтеуір *жаза баспай* жазуды дәл шығарады («Бадырақ» романы).

Үлкен үйдің жанында бойжеткен қыздың шашын тарқатып отырған күндізгі келіншектің тұлғасын от сәулесінде *жаза бастырмай* таныды («Жолдастар» романы).

**ЖАЗҒА САЛЫМ.** *Қыс өте, жазғытұрым.*

*Жазға салым* мұғалімнің нұсқауымен бұл ауылдың кедейлері қаулы алып, кооперация ашты («Бадырақ» романы).

**ЖАЙ-ЖАПСАРЫН АЙТУ.** *Оқиганың, істің мәнісін айту, түсіндіру.*

Морозов жанжалдың *жай-жапсарын айтып:*

- Бұған доктор екеуіңіз акты жасаңыз, істі сотқа тапсырыңыз,-деп ұсыныс қылды («Жолдастар» романы).

**ЖАҚ АШПАУ.** *Үндемеу, сөйлемей.*

Бұл жерде бай да, бәйбіше де қыңқ етіп *жақ ашқан жоқ* («Бадырақ» романы).

**ЖАЛАҢ ҚАҚТЫ.** *Қанағат етпеді, сумаңдады, ашқарақтанды.*

- Партия ерікті. Сағласын – қаласың. Не сағласын – тілеген моментінде шығып жүре бересің. Қазір жазылып қойғандарың мақұл, - деп *жалаң қақты* («Жолдастар» романы).

**ЖАЛҒЫЗ АЙЫЛ.** *Бұл жерде ақын берекесіз, пәтуасыз сабау бас кісіні сөз етіп отыр.* Не дейсің? Сенің жүргенің әлгі қуаяқ, *жалғыз айыл* ма? Ондай қудың басын құртамыз (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ЖАМБАСЫ [ЖАУЫРЫНЫ] ЖЕРГЕ ТИМЕГЕН.** *Күшті, біреуден жығылып көрмеген.*

Жасынан *жауырыны жерге тимеген*, жырынды, әулетті Шақшай бұл ауыр жәшікті лып еткізіп, асықша алып тастап жіберді (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ЖАН БАҒУ.** *Талшық қылу, тіршілік ету.*

*Жалғыз-жалғыз жан баққан,*

*Жалмаған не жалматқан,*

*Жау емес пе бай шаруа,*

*Енді бізге жол емес,*

*Енді бізге қол емес,*

*Өндіре алмай шаршауға (Мәйек).*

**ЖАН ҚҰЙТТАДЫ [КҰЙТТЕДІ].** *Қара басының қамын ойлады, бас пайдасын ойлады; жанын бақты.*

*Партбилетім міндетім,*

*Жазсам ба екен доклад?*

*Жатсам ба екен жан құйттап?... (Әбіжан ойлары)*

**ЖАН ҚЫСЫЛУ.** Қиналды, тебірене күйзелді.

Аятбай. Жолдастар, Қарекен бір қателік істеп еді, біздің ынтымағымызды жан қысылған жерде бұзып еді, онда байлардан қорқып еді, бүгін ортаңа келіп тұр (Кек).

**ЖАН САҚТАДЫ.** Ептеп-септеп күнін көрді, паналады.

Ал осы жатақтардың істейтін кәсібі – пайда іздеу. Әр үй әр түрлі жолмен жан сақтайды («Жолдастар» романы).

**ЖАН ТЕРГЕ ТҮСУ.** Әбден әуреленді, ышқына әрекеттенді, әбден шаршады.

Бұрын мұндай ортаны көрмей, қоя берсін өскен басым жаман қысылып, жан терге түстім (Мен қателескен екем).

Буынсыз он саусағы күй қағуға,  
Көңліне тыңдағанның от жағуға  
Бал тамған бармағынан домбырашы  
Жан терге түсіп отыр мына дуда (Күйші).

**ЖАН[ЫН] ШАҚЫРДЫ.** Бұл жерде дем алу, тыныстау мағынасында.

Қалтырап иман айтып күйші тұрды.  
Қысылып маңдайынан тер сыпырды,  
Сапағы Әлімқұлдың деген кезде,  
«Уһ» деп, күйші байғұс жан шақырды («Күйші» поэмасы) (ҚТФС).

Аяпберген қария шайға сусындап, сатпақ орамалымен өңештерін сүртіп, салқындап, жан шақырды («Жолдастар» романы).

**ЖАНДЫ [ЖАНЫН] ЖЕГІДЕЙ ЖЕДІ • ЖАНЫН ЖЕДІ • ЖЕГІ ЖЕДІ.**

Жанын қатты қинады, ішқұса уайым болды, азапқа сала мазалады. («Жегі» ертеден құрт ауру ұғымында қолданылған).

Опасыз тілектердің қайғысы асып,  
Жанды жеп, қоймағанда қуалап тым,  
Талдырып бір-ақ нәрсе, барлық жерде,  
Уында әурелесе ой азаптың,  
Сол кезде сырласты іздеп таппаймыз ба,  
Тобынан топырлаған жас бойдақтың (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ЖАНЫ АУЫРУ.** Өте налып қиналды, жаны ашыды, жаны күйзелді.

Арманды ел ақ патшаға арыз қылған,  
Арыздан борыш басып, қарыз қуған.  
Жер мұнын, елдің шерін өлең қылып,  
Ақан да жанның бірі жаны ауырған («Құлагер» поэмасы).

**ЖАНЫ ЖАЙЛАНДЫ [ЖУСАДЫ, КІРДІ, ЖАЙ ТАПТЫ, СЯ ТАПТЫ].** *Көңілі орнықты, тыншыды, көңілі көншіді.*

Тоңқалаң топ басынан асқан тұмақ.  
«Бәлі» деп бас тұқырған төмен құлап.  
Бой балқып, ой өрістеп, *жаның жусап,*  
Күзетте қалған жалғыз сергек құлақ (Күй) (ҚТФС).

**ЖАНЫ ЖАЛҒЫЗ АДАМ.** *Тірліктен, ортадан бөлек; өмірге өгей.*  
Көңіліне Құлагерден құйылып мұз,  
Күйкіп отыр таста Ақан байғыз.  
Жан тыншын елден емес, жерден тапқан,  
Сондай бір адам бопты *жаны жалғыз* («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ЖАНЫ КҮЮ.** *Ыза болды, қорланды, жаны өртенді.*  
Және де жақынынан жарды сүйген,  
Сол үшін ауыл – аймақ, безген үйден.  
«Алам» деп Ақмарқаны алас ұрып,  
Ала алмай ақырында *жаны күйген* («Құлагер» поэмасы).

Тітіреп жұрттың *жаны күйіп* кетті,  
Атқызып отыра алмай аяулы атын («Құлагер» поэмасы).

**ЖАНЫ МҰРНЫНЫҢ ҰШЫНДА.** *Тағат таппады, әбігерге түсті, үрейленді.*

Сатан не болады деп олардың жаны *мұрынының ұшында* («Жолдастар» романы).

**ЖАНЫ ҰСТАРАНЫҢ [ПЫШАҚТЫҢ] ЖҮЗІНДЕ [ҰШЫНДА] ТҮР.**  
*Жаны өлім, ажал аузында.*

Қыз ішіп елтіп қалды күйдің уын,  
Дерттенген тыңдай-тыңдай домбыра үнін,  
Жүзінде *ұстараның жан тұрғанда,*  
Бойында сақтамақшы кім аруын (Күйші) (ҚТФС).

**ЖАНЫ ҰШЫП КЕТТІ.** *Бұл жерде ақын құмартуды, дегбірі кетіп, тағат таппауды сөз етіп отыр.*

Атты артық көрген елміз мінген тақтан,  
Қызық-ақ біздің бәйге қырда шапқан!  
Шыдар ма қазақ *жаны ұшып кетпей,*  
Аттарға шаң шығарып келе жатқан («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ЖАНЫ ШАНШЫЛДЫ.** *Үлкен ауыртпалық көрді, құсамен күйзелді.*  
Ел Еділге жүргенде,  
Еркін жайлай, кең оттай.

Еділге өткен күндерде,  
Сонда да *жан жанышылған* (Дала).

**ЖАНЫН АЯЛАДЫ.** *Әлпештеді, мәпеледі.*

Сұлулық жерден өніп, көктен жауған,  
Тапқан ол тыныштықты таза таудан,  
Шомылып мөлдір көлге, орманда ұйқтап,  
Жақсы жер жұмбақ *жанын аялаған* («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ЖАНЫН ЖЕУ.** *Үлкен ауыртпалық көру, құсамен күйзелу.*

Күйдіріп осындайлар *жанын жеген,*  
Кенесіп келісе алмай қалың елмен.  
Тілімен жырды жаттап, жерді жоқтап,  
Ол өзін жалаған алдыменен... («Құлагер» поэмасы).

**ЖАНЫН ҰРДЫ.** *Қатты қиналды, қайғырды; қатты батты.*

Жарлының жалғызы өлсе *жанын ұрар,*  
Дәл сондай жақсы атына Ақан жылар («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ЖАНЫНА БАТТЫ [ТИДІ].** *Қабырғасын қайыстырды, қатты күйзелтті.*

Осылай Ақан зарлап жылап жатты,  
Қайтсін ол жыламасқа, *жанға батты.*  
Күйінді ол күңіреніп Құлагерге,  
Айырылды ол аттан – жақсы, достан тәтті («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

Көргенде Көкшетауды дерті қатты,  
Жүрген жер Құлагермен *жанға батты.*  
Кетер түн Құлагердің жатқан жерін,  
Құшақтап, жер бауырлап, жылап жатты («Құлагер» поэмасы).

Бұл Құсайынның *жанына онан сайын батып кетті* («Жолдастар» романы).

**ЖАНЫНА ЖАҚТЫ.** *Іңкәр болды, ұнады.*

*Жанына* еліміздің жылқы жаққан,  
Жылқыға жетпеген көз жаутаң қаққан,  
Мінсең – ат, ішсең – қымыз, жесең – қазы.  
Қашаннан қазақ халқы жылқы баққан («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ЖАНЫН ҚИДЫ.** *Өзін садаға етеді.*

Өздері таза, уәдешіл, жолдас десе *жанын қияды.* Таза жүреді, таза тұрады («Жолдастар» романы).

**ЖАҢА ТУҒАН АЙ СЕКІЛДІ.** *Сұлу, ару әйел туралы айтылады.*

Алыстан-ақ бұл әйел қалың көкпек арасындағы сарғалдақтай көзді тартады. Өзі де мейлінше сұлу, *жаңа туған ай секілді* жіңішке қасын сүрмелеп тастаған (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ЖАПАН ТҮЗ//ДАЛА.** *Айдала, алыс, шалғай жер.*

Мұздай темір қыр қорсап,  
Тасығандай *жапан түз*,  
Жерден кесіп бауырсақ  
Тракторлар шайнап жүр (Дала).

*Жапан түзге*, далаға,  
Жаппай ірге теуіп жұрт.  
Жерді тіле қараға,  
Ертіс, Орал, Сыр, Арқа (Дала).

◆**ЖАРҒАҚ ҚҰЛАҒЫ ЖАСТЫҚҚА ТИМЕДІ.** *Тыным таппады, дамыл көрмеді.*

**ЖҰТ БОЛДЫ.***Қыс қатты болып, мал жұтады, аштан қырылды.*  
*Жарғақ құлағымыз жастыққа тимей бақтық, қақтық, қайтеміз, дертке ұшырады, қасқыр жеді, ауру алды, жұт болды....* («Жолдастар» романы).

Шаңқылдап шаруаға бәйбішелер,  
*Жастыққа тимей-ақ жүр жар құлағы.*  
Қайғысыз үріккен, қорыққан есінде жоқ,  
Шалшықта шапылдасад балалары (Рүстем қырғыны).

**ЖАРЫҚ ДҮНИЕ.** *Өмір, әлем, тіршілік дүниесі.*

Тек *жарық дүниеде* қажының ауылынан қалған қатын-қалаш, қоңсы-қолаңсы болмаса-қажы өренінен бір адам шығып Қараларға жауаптасуға жарамады («Жолдастар» романы).

**ЖАС ЖАУҚАЗЫН САРЫМСАҚТАЙ.** *Бұл жерде ақын уыз жас келіншекті әлі толып піспеген жас жауқазынға теңеп отыр.*

Келіншек – *жас жауқазын сарымсақтай*,  
Қыздар да пісіп отыр қауыншақтай;  
Ақ тамақ, алма бетті арулар жүр,  
Қыдыртқан бақалшылар сабыншақтай («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ЖАС ҚЫРШЫН • ҚЫРШЫНДАЙ ЖАС • ЖАС ҚЫРШЫНДАЙ.**  
*Өрімдей жас, жас өрім, боздақ.* (Бұл фраза көбіне есіркеу, әлпештеу мәнде айтылады).

Сатай жас балғын қайың, сұлу еді,  
Ботакөз, Албырт беті нұрлы еді.

Жасы асқан жиырмананы жаңа ғана,  
*Жас қыршын* туған жылы ұлу еді (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ЖАСАҒАН ҚОЛ.** *Қарулы әскер.*  
Жиылды *жасанған қол* жауға анталап,  
Күрілдеп көк жалдары көз қанталап.  
Зеңбірек ырғақталып азар шөкті,  
Аулына Әлімқұлдың аузы қарап (Күйші) (ҚТФС).

**ЖАУЫРЫНЫ ЖЕРГЕ ТИМЕУ.** *Жеңілмей жүрген мағынасында.*

Жасынан *жауырыны жерге тимеген* жырынды, әлуетті Шақшай бұл ауыр жәшікті лып еткізіп асықша алып, тастап жіберді («Жолдастар» романы).

Арысқа түсіп алысқанда *жауырыны жерге тимей жүрген*, кеудесі есіктей, балтыры бесіктей балуан, құлама жарлауыт қабақ астына оты ойнай біткен қой көзі кедейліктің неше алуан езгісінен, жалшылықтың жаншуынан жасқанып, қылау құрлы көретін емес («Бадырақ» романы).

Жаралғалы *жауырыны жерге тимеген* мұсылман дүниесінің балуаны, қырдың алыбы ауыр салмақты – Қажымұқан! – дегенде, өзге балуандардан бөлек есік перде артынан шығып, өне бойы қоладан құйылғандай түп-тұтас жуан, шойын қара халыққа бас иді («Жолдастар» романы).

**ЖЕЛ АЯҚ.** *1. Алдына жан салмайтын өрен жүйрік; 2. ертегі кейіпкері; 3. үйден-үйге өсек тасып қыдыра беретін адам.*

Кейінгі әйелі ауылды қоңылтақ кебісін қолқылдадып-тырпылдадып, ернін сылпылдадып, өсекті бұрқылдатып есік аңдып, ел аяқтайтын қыдырымпаз *жел аяқ*, қаңғыбас қатын екен (Әңгімелер).

**ЖЕЛ САҢЛАҚ.** *Жараулы ат, сәйгүлік жүйрік.*  
Жер тарпып, *жел саңлақтар* дүмбір қағып,  
Оқыранып кісінесе, күмбір қағып:  
"Ұрыны қанды мойын қолға бер!" – деп  
Дулатқа тұрғандары кісі салып (Күйші) (ҚТФС).

**ЖЕЛЕКТІ АДАМ ЖЕҢІЛТЕК.** *Пысық, ыңғайлы деген мағынада.*

Үй шаруасын сен құра,  
*Желекті адам жеңілтек.*  
Түз шаруасын сен құра,  
Малыңды бақ, егін сеп.  
Осылай бетінді ашайын  
Желегіңнен жетелеп,  
Жөн осы деп төтелеп,  
Ілгергі елге қосайын (Беташар) (ҚТФС).

**ЖЕЛКЕСІНЕ МІНДІ • ЖЕЛКЕСІНЕН ТҮСПЕДІ.** *Мойнына мініп алды; біреудің еңбегін сорды; үстемдік етті.*

*Желкемізге мініп мықтап,  
Жүрегіміз біз жылап-сықтап (І. Жансүгіров) (ҚТФС).*

**ЖЕЛІМ ЖЕП, У ШТІ.** *Ішкені ірің, жегені желім болды; ішкені бойына  
сіңбеді, азап шекті.*

Айдаһар қоршап, патшаға  
Отар болған Жетісу.  
Қан жасымен бет жуып,  
Желім жеген, ішкен у (Кедей тойы).

**ЖЕЛІН ЖАМБЫ.** *Желін үлгілес етіп құйған сом күміс.*

Алды тауып тыққанды,  
Шынжырлы шен, шұбар тон.  
Шықты көрден онан соң  
Желін жамбы, тайтұяқ (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ЖЕР АУДАРУ.** *Басқа жаққа айдады, еріксіз қонысынан аударды.*

Аулыңа тастамаспын тағалы тай,  
Жылқы алсаң найза қағып көңілім жай.  
Жіберсе Ақмолаға жер аударып.  
Өз оғы Тобықтының өзіне май («Жолдастар» романы).

"6-әкімшілік ауылда кімде-кім колхозға кірмеген адам жолықса, өзін жерден пайдалану құқығын жойып, малын конфеске қылып және сотқа беріліп, жер аударылсын", - дейді (Екпінді бүлдіргіш).

**ЖЕР БАУЫРЛАП ЖАТТЫ.** *Жата қалып жылады; қатты қайғырды  
уайымдады.*

Кеше күн Құлагердің жатқан жерін  
Құшақтап, жер бауырлап жылап жатты («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

◆ **ЖЕР ЖАМЫЛУ.** *Өлді, өлім тапты, тіл тартпай кетті.*

**ҚАЗА ТАБУ.** *Өлді, қайтыс болды.*

Жер жамылып қалыпсың,  
Қарағаштың сазынан.  
Қарағым, қаза тауыпсың  
Қара пұшық қажыдан (Кек).

**ЖЕР КҮҢІРЕНДІ.** *1. У-шуга толды, айнала жаңғырықты. 2. Айнала тегіс  
тебіренді, қайғы-зарға толды.*

Жер күңіренген айқай, ұран, шаң-шұң... ай, құдай-ай, аруақтап, улап-шулап,  
халық шауып келеді («Жолдастар» романы).

**ЖЕР ШҰҚУ.** Қатты ұялып, төмен қарады; қарауға беті шыдамады.  
Ұлжан бүйір таянды,  
Мұқанды улы ой алды,  
Мырза жерді шұқыды (Кәмпеске) (ҚТФС).

Досан одан әрі жерге кіре түсті. *Жерді қаттырақ шұқыды* («Жолдастар» романы).

Ол байдың бетіне қарай алмай, *жер шұқи берді*. Тек миңгірлеп айтқаны ... («Жолдастар» романы).

Кей балуан кісі өлгендей *жер шұқылап*,  
Жүрегі жігіттердің үрке қашты («Құлагер» поэмасы).

**ЖЕРГЕ КІРІП КЕТЕ ЖАЗДАУ.** Бетінен оты шығып, қатты ұялды, өзін қоярға жер таппады.

Тәжи құрдай жорғалап *жерге кіріп кете жаздады* («Жолдастар» романы).

**ЖЕРГЕ ҚАРАДЫ [ҚАРАТТЫ]** 1. Ұятқа қалды, ұятқа қалдырды. 2. *Ішерге үнем таппады; құралақан қалды.*

Ат шіркін – елге дәулет, ерге қанат,  
Ат шіркін – ерге қайрат,  
Жарлының жалғыз аты жазым болса,  
Қалмай ма жарым жан боп, *жерге қарап* («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ЖЕРДЕН АЛЫП, ЖЕРДЕН САЛДЫ.** Әбден балағаттады, түп-түбімен қазбалап ұрысты.

Екі сөзінің бірінде қағажулап Сағындықты да, Жеңсікті де *жерден алып, жерге салады*. Анадай жерден өзге жігіттер көрсеткенде, Сақайбайдың тілмаш Мұқашы әке-бабадан таратып боқтап ала жөнелді. – Айтса да, айтпаса да мұның көзі шаңырақтай маңдайында жалғыз екен деп айтады, анаугүні біреудің жаназасында айтысып отырды, - деп тағы бір сөз тастады («Бадырақ» романы).

**ЖЕРДЕН ПІШІП АЛҒАНДАЙ • МОЛДАН ОЙЫП АЛҒАНДАЙ.** Кең дүниеден еркін, лайығынша ұқсатып тұрып жасағандай.

Күлкісі тау бұлағы төгілгендей,  
Сөйлесе меруерт, маржан себілгендей.  
«Алғандай жерден пішіп» – деген сұлу,  
Көркіне көз тойынып семіргендей (Күйші) (ҚТФС).

**ЖЕР-КӨКТИ БАСЫНА КӨТЕРДІ [КӨШІРДІ].** Қатты дүрліктерді; сарыны қатты шықты.

Күнірентті ойды, қырды өңшең күлік,  
Арқаны дүрілдетті дүбір қылып,  
Көшіріп жерді, көкті келеді аттар,  
Керілген кең даланы бүліндіріп (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ЖЕРМЕН-ЖЕКСЕН ЕТТІ [ҚЫЛДЫ].** *Ойран салды, ойран болу; қырып-жойды, тып-типыл етті.* («Жексен» – парсы сөзі, бірдей, біртегіс деген мағынада).

Жеңген жауға жетуге,  
Жермен-жексен етуге,  
Жеделде жүйрік, жете бас,  
Желпілде қызыл байрағым (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

– Анаң жермен-жексен боп,  
Жеткіншегің жеткен жоқ,  
Бұлар кімге таянар?  
Өзіңмен түтін түтеткен  
Лашығың мынау құс түткен,  
Кім жамар, кім жаңалар? (Аттанған азамат).

**ЖЕТІ ДАРИЯ [ЖЕРІ].** *Алыс, қиыр шет.*  
Аялап, ақырын ұстап, алып ұшып,  
Бауырға басып алып кетсем қысып.  
Жерінен жеті дария арман өтіп,  
Апарып алтын тауда жатсам құшып (Күйші) (ҚТФС).

**ЖОҒЫНЫҢ ОРАЛҒЫСЫ БОЛСЫН!** *Жоғалған зат, мал қайта табылсын деген мағынада айтылады.*

Қайғырған қара күннің қараңғысы,  
Томсарған тоғайдың тораңғысы.  
Жалғыз-ақ жылқышы құс көңіл айтып,  
«Жоғыңның болсын, – деген, – оралғысы!» (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ЖОЛ ТАРТУ.** *Сапар шекті, бір бағытқа бет бұрды.*  
Мініп байдан екі атқа  
Кеткенді еді жол тартып  
Жетсек – ау деп қызылға (Кеңес).

**ЖОЛЫ БОЛДЫ (ОҢҒАРЫЛДЫ).** *1. Тілегі қабыл болды; 2. олжалы болды, сапары оң болды.*

Тәжидің жолы болды. Шалматай бай «кепілсіз-ақ жиырма қой берейін», - деді (Әңгімелер).

**ЖУАН ЖҰДЫРЫҚ.** *1. Біреуді жалдап, еңбегін пайдаланушы, зорлап үстемдік жүргізуші. 2. Алды-артына қарамайтын, ұр да жық, томырақ мінезді, өзімиіл, тізе көрсетуші кісі туралы айтылған.*

Бірақ бұлардың жақсы жері - ел ішіндегі жуан жұдырық пен байды басып, құрдай жорғалатқан («Бадырақ» романы).

Бұл күнге дейін, Жетісуды билеп төстеп, келе жатқан *жуан жұдырықтан*, бай-манаптан жергілікті халықтың қара бұқара кедейлері мен орыстың нашарларының мойны босаған («Бадырақ» романы).

*Жуан жұдырықтан* үй-бақша, қора-жай алып, тіршілігін күретуге кірісті («Бадырақ» романы).

Жарлы-жалшы бұрынғы қанаушы, отаршы, саудагер, *жуан жұдырықты* қонысынан аударып, артық мал-мүлкін бөлісіп алған («Бадырақ» романы).

Ішкі Ресейден шыққан жаңа шаруа саясатының салқыны Жетісуға жаздан бері келіп жеткен. «Жаңа шаруа саясаты шығыпты» дегенде, батырақтан бай-манап, *жуан жұдырықтар* елге былай деп сөз таратып жіберген: .... («Бадырақ» романы).

Ол қаладағы малайлардай орыс *жуан жұдырықтарынан* жер-су алған жоқ («Бадырақ» романы).

**ЖҰЛДЫЗДАЙ АҒУ.** *Зымырай жөнелу, көз ілестірмеу.*

Сала берген сойылды сезгендей, әулие жануар, ақсұр ат оқтай атылды. Жарық айдың астында төтелеп жатқан түнгі арба жолында шаңды шүйкелеп, қос атты ұры *жұлдыздай ағып жөнелді* («Жолдастар» романы).

**ЖҰЛЫНДАЙ ҰШЫРДЫ [ТҮСІРДІ].** *Мұрттай ұшырды.*

Солдат қойшыны мылтықтың дүмімен түйіп, *жұлындай ұшырып* түсіріп, бастан бір тепкенде етіктің одырайған шегесі төбедегі құйқаны сыпырып, көзінің алдына түсірді («Бадырақ» романы).

**ЖҰРТ БАСЫНА ТОМАҒА.** *Авторлық қолданыстағы тұрақты тіркес.*

Жетісу топырағында орыс жаулап алу дәуірінен бері шаруа, саяси алеумет жөнінде шиеленіп келе жатқан қиын түйіндердің талайы *жұрт басына томаға* болып келді («Бадырақ» романы).

**ЖҰТТАН ШЫҚҚАН ЖҰРЫҢДАР.** *Жұттан аман қалған кедей-кепшік.*

*Жұттан шыққан жұрындар,*

*Жамырасын, күлісіп,*

*Бұрынғы өңшең, күң, құлдар,*

*Екпіні тау жыққандай (І. Жансүгіров) (КТФС).*

**ЖҮЗІКТІҢ КӨЗІНЕН ӨТКЕНДЕЙ.** *Сұлу, мүсінді.*

Тай-құлындар ойнақ салады. Өңшең арғымақ шалыс әдемі аттар *жүзіктің көзінен өтердей* жұлқынады («Бадырақ» романы).

**ЖҮНІН ЖҰЛҒАН ТЫРНАДАЙ.** *Кейіні жоқ, сиқы кеткен, ұсқыны қашқан.*

*Жұлған тырнадай* сорайған күздеулі түйелер шилерге ала бұйдалармен тұқырта байлаулы тұр («Бадырақ» романы).

**ЖҮРЕГІ ОРНЫНА ТҮСТІ.** *Көңілі жайланды, жүрегі жай тапты; сабасына келді, қорқынышы не қуанышы басылып, өзіне-өзі келді, толқыған көңілі басылды.*

Адвокаттың жүрегі орнына түсті. Өзіне келіп отырған кісілеріне де ырза болып қалды («Жолдастар» романы).

**ЖҮРЕГІ ЖЫЛАУ.** *Қайғыдан қатты күйіну, өзегі өртену.*

Қайрат қып хандығына ханыша қайтты

Жібер деп өжет ақыл билік айтты

Төбелеп өзін - өзі ұрып – соғып

Үндемей қыз жүрегі жылап жатты (Күйші).

**ЖҮРЕГІ ЗЫР ЕТЕ ТҮСУ// ЖҮРЕГІ СОЛҚ ЕТТІ// ЖҮРЕГІ ЛҮПІЛДЕУ.** *Көңілі қобалжыды, қорқып, үрейленді, секем алды.*

Жолаушылардың ойнап тұрған жүрегі зыр ете түсті («Жолдастар» романы).

*Лүпілдейді жүрегі,*

*Лыпылдайды күрегі*

*Ай астында жарқырап (Колхоз қырманьында).*

◆ **ЖҮРЕГІ СУ ЕТУ.** *Бойын қорқыныш биледі, үрейленді, зәресі ұшты.*

**ТӨБЕ ҚҰЙҚАСЫ ШЫМЫРЛАУ.** *Шошытты, қорқытты, үрейленді; шошыды, тұла бойы түршікті, зәресі ұшты.*

Сатан жүрегі су етіп, төбе құйқасы шымырлады. Аузы сөзге келмей, күйбендеп қалды («Жолдастар» романы).

**ЖҮРЕГІ ШАЙЛЫҚТЫ.** *Беті қайтты, қаймықты, шошыды, сескенді, запы болды.*

Мұндай жерде, қара қазақтың алдында өзі ызбарлап ұстай білетін, жүрек шайлықтырудың әдісіне төселген үлкен керталғыл бұқадай сүзе қарайтын судияның көзіне көзі түскенде байдың жаны шығып кете жаздады («Бадырақ» романы).

**ЖҮРЕГІН ЖАРАЛАДЫ • ЖҮРЕГІНЕ ЖАРА [ДЕРТ] САЛДЫ.** *Жанына жара салды. Қайғы, өкініш ұялады, өксікті өкініш меңдеді.*

Таза тас сияқтанған күміс кесек,

Жапырақ секілденген таза кесек.

*Жүрегін жуықтаса жаралаған:*

Кір өмір, тікен тұрмыс, улы өсек («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

Шыныңды айт, неге бөгелдің,

*Жүрекке жара салған кім?*

Махаббат, талап, жігердің  
Тамырын қиып алған кім? (Кім екен?)

**ЖҮРЕГІНЕ ТИДІ.** *Бетін қайтарды; көңіліне тиді.*

Ат үстінен аударыссақ та, мені аларлық жігіт жоқ. Тартқан көкпарда, жаяу күресте, ат үстіндегі аударыста көбінің көзіне көрініп, ноғай жігіттерінің *жүрегіне тиіп* тастаған (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ЖҮРЕГІНІҢ БАСЫНА МҰЗ ҚҰЙЫЛҒАНДАЙ БОЛУ//ЖҮРЕГІ МҰЗ БОЛУ//ЖҮРЕГІ МҰЗ БОЛЫП ҚАТУ.** *Қатты қорықты, үрейленді.*

Жиналған жұрттың ішіндегі атқамінерлердің *жүрегінің басына мұз құйылғандай* болды («Бадырақ» романы).

Сатанның *жүрегі* орнында жоқ, әлдеқашан шыбын болып ұшып, *мұз болып қатып* қалған сияқты («Жолдастар» романы).

**ЖҮРЕК ЖАНУ.** *Жүрегі елжіреу жану, өртену мағынасында.*

«Тарта бер домбыранды, жаным күйшім  
Татымас бір өзіңе барлық Үйсін  
Балбырат, әсіресе бал күйді тарт  
Өртеніп, *жүрек жанып*, бауыр күйсін» (Күйші)

**ЖҮРЕК ЖҰТҚАН.** *Еш нәрседен қорықпайтын батыл, ер-азамат.*

Қыз емес, мынау тұрған қорқау сырттан,  
Құтылар күн бар ма екен бұл қырсықтан?  
Осыны оятуға оқталдым-ау,  
Албытқан жындымын ба, *жүрек жұтқан?* (Күйші).

**ЖҮРЕК ҚАЛМАДЫ.** *Қатты қорықты, үрейленді.*

Шығатын зор қараға бір жан алмай,  
Жігіттер қоян болды, *жүрек қалмай*,  
Сібірдің цирктерін сілкіп шыққан,  
Осыны алып отыр ояз қолдай («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ЖҮРЕКТІ САРА ТІЛДІ.** *Жанды жаралады, көкіректі қарс айырды.*

Ойлану – кейде наркескен,  
*Жүректі сара тіледі.*  
Ойланбасаң, жаның жай,  
Қысыла қында жүреді (Ойлану) (ҚТФС).

**ЖЫҒЫЛҒАНҒА [ЖЫҒЫЛҒАН ҮСТІНЕ] ЖҰДЫРЫҚ.** *Сорға сор қосылып, бұрынғының үстіне жаңа бәле жабысты деген мағынада айтылады.*

Батыстағы зеңбірек  
Күрілдейді күн сайын,

Қан сасыды төңірек,  
*Жығылғанға жұдырық* (Дала) (ҚТФС).

**ЖЫЛАНДАЙ ЫСҚЫРУ.** *Қаһарын төгу, барынша ашу шақыру*  
Ол күнде қазақ мұндай жасармаған,  
Құл мен күң қожасынан аса алмаған.  
Жарлығы, жалғызға да дес берді ме,  
*Жыландай ысқырынған* зәһар заман («Құлагер» поэмасы).

**ЖЫЛАРЫН ДА, КҮЛЕРІН ДЕ БІЛМЕДІ.** *Қорқарын да, қуанарын да*  
*білмеді.*

*Білмейді жыларын да, күлерін де,*  
Еліне кетерін де, жүрерін де.  
Көрінед әзірейілдей қыздың түсі,  
Қараса Қарашаштың реңіне (Күйші) (ҚТФС).

**ЖЫЛЫ КӨҢІЛ.** *Ілтипатты семізге толы көңіл, жұмсақ, елжіреген көңіл.*  
Өлеңге көңілің құмар, даусың жытар,  
Созылтып ән мұржасы созсаң зытар,  
Ән сүйгіш, *жылы көңіл*, сөзге таңсық,  
Жылпындар жылы сөзді неге ұмытар? (Әншіге) (ҚТФС).

**ЖЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ.** *Ішіне кіре сөйлесті, жағымды тіл қатты.*  
Мынаның арызын алып, ісін қумаса да ежелгі дағдысы бойынша *жылы*  
*сөйлей бастады* («Жолдастар» романы).

**ЖЫЛЫ ТИДІ.** *Көңілге ұнады, жанға жайлы болды.*  
Мәмбеттің құлағына «Большевик» деген *жылы тиді* («Жолдастар»  
романы).

**ЖЫЛЫ ҰШЫРАДЫ.** *1. Ыстық көрінді, көзге оттай басылды. 2. Іш*  
*тартты, жайдары кейін білдірді.*

– Біздің жақта тартылып жүретін «Жамбас сипардың» әні құлағыма *жылы*  
*ұшырап* кетті, елді сағынғандығым шығар деймін, – деп, келіншек күрсініп қойды  
(І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ЖЫМ БОЛДЫ.** *Үні өшті, сөйлеп отырған сөзін қоя қойды.*  
Аздан соң Сұртай тілмаш қарлыққан дауыспен ояздың халыққа қазір  
жарлық естіретіндігін білдірді. Жұрт жарлық тыңдауға *жым болды*  
(«Жолдастар» романы).

- Прекратить тәртіпсіздікті! – деді.  
Жігіттер *жым болып* қалды («Жолдастар» романы).

**ЖЫРТЫСЫН ЖЫРТТЫ.** *Намысына шапты, сойылын соқты; жоғын жоқтады, жақтастық қылды.*

Табымның тартам тартысын,  
Жарлының жыртам жыртысын,  
Мешеудің мейірін кандырам (Майдан) (ҚТФС).

**ЖІГЕРІ ҚҰМ БОЛУ.** *Діңкесі құрып, жасып қалды; тауы шағылып бармағын тістеді, қынжыла күйінді.*

Жайлаубек тұра алмайды. *Жігері құм болады.* Қатын-баласы мен бір үйлі жан ұлардай шулап жыласады (Жайлаубектің жауыры - аурудың ауыры).

Шешесінің, қарындасының, қалыңдығының мойнынан құшақтап өгіздей өкіріп, кеңкілдеп жылаған дөкей-дөкей жігіттердің түрін көргенде адамның іші ашып, *жігері құм болады* («Жолдастар» романы).

**ЖІК САЛМАУ.** *Арасын бөлмеу, араздастырмау.*

Кезде кезек алмасын!  
Бірлігіне екі ұлттың  
Осылар *жік салмасын!*  
Табың жуық қаныңнан! (Дала).

**ЖІК-ЖАПАР БОЛУ.** *Асты-үстіне түсті, бәйек болды.*

Барлығын үркітіп жіберіп, шекемді орнына орнатып, биеме қайтып келе жатсам, алдымнан алпыс құмырсқа шығып: «Ауылға жүріп түстеніп кетіңіз! –деп *жік-жапар болып* болмағаны (Жүз ауыз өтірік айтқан тазша).

Біреу біреумен сыбырласып, жыбырласып «әке, үйге кірмей бітейік» деп *жік-жапар болады* («Жолдастар» романы).

- Ыбырайым деймін, таста деймін... тіл ал деймін, жүр кетелік деймін...- деп, *жік-жапар болды* («Жолдастар» романы).

### 3

**ЗАПЫ БОЛЫП ҚАЛҒАН.** *Ығыр болған, мазасы кеткен, беті қайтып, тауы шағылған.*

Жоқ бір желік бітейін деп жүрме, одырайып қапты, қурайды салғызар ма екен – деп шықты да, қорадағы байлаулы тұрған көк шолақтың жанына ықылықтап келіп, мойнына ыңғайлана бергенде *запы болып қалған* жауыр көк шолақ арқасынан қорғанып, Бекенді бір қағып, етпетінен түсірді (Май-ақ екен).

**ЗАР БОЛДЫ.** *Бінтықты, іңкәр болды, зардабын шекті, өмір жасы өксіді.*

Бас ауырып, балтыр сыздаса шет жер, жат ел, өлім барда қаза бар деп, біреудің біреу басын сүйеп, сүйегін көмуге *зар болады...* («Жолдастар» романы).

**ЗАР ҚАҒУ.** *Егіл-тегіл болып жылау, ботадай боздау.*

Қолына я бөрік, я тұмақты алып,

Ақтаған ат үстінен сияқтанып.

Жаршылар жағы сенбей зар қағып жүр .

Жұрт жатыр әр хабарды құлақтанып («Құлагер» поэмасы).

**ЗАР ҚАҚСАДЫ// ЖЫЛАДЫ.** *Зар иледі, жапа шегіп, зар жылады, ботадай боздады.*

Көбейген көк жүзінде жұлдыз қоздап,

Боз інген зар қақсаған жолда боздап.

Түктіде түйедегі зарлы сарын,

Қажытпас қай көңілді қалай қозғап (Күй) (ҚТФС).

Боз тайлақ жасы толған, қайымаған,

Қаймығып мал иесі зар жылаған

Балгерге бал аштырып, бақсы ойнатып.

Қалмаған құмалақшы айырмаған (Күй).

Қызыл жоса сел еткен

Сарыарқаның даласын

Зар жылатқан, еңіреткен

Қатыны мен баласын (Дала).

**ЗӘРЕЗАП БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ].** *Жүрегі шайлықты, үрейі ұшып, зығырығы шықты.*

Алты атарың құрысын!

Ағайын бізден шошиды-ау,

Зәрезап болған ел еді,

Бір шошыса жосиды-ау (Тапанша) (ҚТФС).

**ЗӘРЕСІН АЛУ.** *Үрейін ұшырды, қорқытты.*

Осылардың жалыны

Көкке шалқып, қырды алып,

Осылардың сарыны

Жау зәресін алып тұр (Дала).

**ЗОРЛЫҚ ҚЫЛДЫ.** *Қысым жасады, күш көрсетті.*

- Ойбай, мыналар зорлық қылып отыр.

Давай, картаны маған бере тұр! –деп Гришка Қалидың қолындағы картасын жұлып алды («Жолдастар» романы).

**ЗЫР ЖҮГІРУ.** *Әбігерге түсті де қалды, әрі-бері әуре-сарсаң болды.*

Біреулер отыр әні айыл тігіп,

Біреулер үзеңгі бау, таспа тіліп.

Ақ шатыр Исатайдың аблайшасы,

Ылпып тұр жылпың жігіт зыр жүгіріп (Исатай).

**ЗЫР ҚАҚТЫ.** *Азар да безер болды, бебеу қақты. Тез айналу мағынасында.*

- Ойбай, штайшын әке, би бәйенді менен аулақ әкет. Мен айдып қаймын, - деп сақау сақал зыр қақты («Жолдастар» романы).

Атқамінер ділмары,

Сыртын бояп сұмдары,

Бәйік болып зыр қаққан (Алыстағы ауылда).

**ЗІЛ ТАСТАУ.** *Салмақ салды; кекеді-мұқады, ауыр сөз айтты.*

- Е, энеукүнгі жазған сәлемімді не үшін дәнекерлікке жаратпадың?-деп Шалматай тағы зіл тастады («Жолдастар» романы).

**ЗІРК ЕТЕ ТҮСТІ.** *Айғайлады, зірк-зірк етті, дүниені көшіре айқайлай сөйледі.*

- Е, не жеппін бұдан! – деп Досай ат үстінде тұрып зірк ете түсті. («Жолдастар» романы).

## И

**И ҚЫЛДЫ.** *1. Мылжа-мылжасын шығарды. 2.Адамдарды езді, аяғымен еңсесін басты.*

Өзге тоқалдардай дегеніне көндіріп, *и қылып*, мықтап отырғысы келеді. Әйненің алдынан әйел түгіл, Шалматай сияқты еркектер де шықпайды («Жолдастар» романы) (ҚТФС).

**ИЕ ЖАЗДЫ.** *Тәңірі қалады, тәңірінің дегені болды.*

Күңіренген бәйбіше де қоңыр қазша:

«Бермес пе ед бір шикі өкпе *ие жазса!*»

Ұйлыққан, үндей алмай отырған жұрт,

Шеттегі түрегелді жетім тазша (Күй) (ҚТФС).

**ИМАНЫН ҰШЫРДЫ • ИМАНЫ ҰШЫП КЕТТІ.** *Үрейін алды, қорқытты, зәре-құтын қашырды.*

Бір-біріне отты шала лақтырып, қылыш жұтып, адамның *иманын ұшырды*. Бұдан шошыған Мұқсина Бержабайға тығылды («Жолдастар» романы) (ҚТФС).

**ИМЕҢ ҚАҚТЫ.** *Бұл жерде жағынып иілді мағынасында.*

Жыландардан жирендің,

Итере алмай илендің,

*Имең қақтың* қылымсып,

Топыр болды, той болды,

Кәрі-жасы тұрған,

Жаяулап тай шаптырым жерге келді,

Алыста аттар қалды байластырған ыбырсып (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ИНЕМЕН ҚҰДЫҚ ҚАЗУ.** *Өте ауыр, мандымайтын, еш өнбейтін бейнеті ауыр іс.*

*Инемен құдық қазғандай, не Алматының моншасына түскендей (Мынау не дейді?).*

**ИНЕШАНШАР ЖЕР[САҢЫЛАУ]ЖОҚ • ИНЕ ӨТЕР ЖЕР ЖОҚ.**  
*Қалың, тығыз. (Іін тірескен көп адам, ығы-жығы көп халық, я зат).*

Алапқа алқа-қотан отырды жан,  
Жері жоқ инешаншар адам тұрған,  
Жаяулап тай шаптырым жерге келді,  
Алыста аттар қалды байластырған («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ИСІ ҚАЗАҚ.** *Қазақ атаулының бәрі, күллі қазақ біткен.*

Адамның көз жеткізсіз қарасына,  
Дегендей *исі қазақ* бәрі осында.  
Жауғандай Ерейменге жаңбыр кісі,  
Қусақтың тартты тура жағасына (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ИТ КЕМІРГЕН АСЫҚТАЙ.** *Бұжыр сынсыз бет.*

Тегінде, *ит кемірген асықтай* тығырайған қара қажы қаны қашып, қара пышақтай болған екен (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ИТ КӨРГЕН МЫСЫҚША ҮРПИДІ.** *Үрейі ұшты, елере үрікті.*

Төрде отырған Ықсан бұл сөздерге шыдай алмай *ит көрген мысықша үрпиді*, екі көзі мұғалімді жеп қоятындай аларып, кепкеннен кеуіп бара жатыр еді («Жолдастар» романы).

**ИТ МІНІП, ИРЕК ҚАМШЫЛАДЫ.** *Азып-тозып, тіршілікті жсамап-жасқап өткізу мағынасында.* (Тепендеп әрең, зорға жүргенде, немесе азып-тозып, өмір соққысын көргенде айтылады).

Еңіреген, егілген,  
*Итке мініп, ирекпен.*  
*Қамшылыған* өмірден  
Аулын тартып алып тұр (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ИТ ПЕН МЫСЫҚТАЙ.** *Бір-біріне өш, өшпес, аңдысып өтер жау мағынасында айтылады.*

Молда мен мұғалім *ит пен мысық* сықылды. Олардың арасында талай тартыс болған («Жолдастар» романы).

**ИТЖЕККЕНГЕ АЙДАДЫ//ИТЖЕККЕНГЕ КЕТТІ.** *Алысқа, қиыр қиянға жер аударды.*

«Балаң *итжеккен жаққа кетті*» дегеннен былай Мәмбеттің қайда жүргенін Тұздыбайлар білмейтін («Жолдастар» романы).

**ИТТИҢ ЕТІНЕН ЖЕК КӨРУ//ИТ ЕТІНЕН АРМАН КӨРУ.** *Ұнатпау, жақтыртпау, жек көру.*

Ол емес және өзінің малын баққан.  
Жалшы емес және байдың отын жаққан  
Кісіні *ит етінен жек көретін*  
Дау қуып, арыз айтып, биге шаққан («Құлагер» поэмасы).

Сырт қайласын еп көріп,  
Тастай көрме ғалымды.  
*Ит етінен арман көр,*  
Жұрт бұзақар залымды (Қаламға).

Ай, осы ауылнайды *иттің етінен жек көремін*, - деп Сандыбай шоқпар таяғына таянып, тұра бастады («Жолдастар» романы).

**ИІН ТІРЕСКЕН (ТІРЕСТІ).** *Өте көп, тығыз, кептеліп сірескен.*

Делегей, кепкі, қалпақ, тебетей, тақия, тұмақ – барлығы мидай араласып *иін тіреседі* («Жолдастар» романы).

## **К**

**КӘР ТІГУ.** *Күш көрсету, ашуға міну, айбат шегу, ашуы келу.*

Әлдекімге *кәр тігіп*,  
Әлсіздерге зәр тігіп,  
Сабаулады тулақтай (Боранда).

**КӘРІ ҚҰЛАҚ.** *Көне сөзді, ескі әңгімені көп білетін кісі.*

Жыр құйылды осындай  
Мұз жүрек *кәр құлаққа*,  
Осындай жыр жосыды- ай!  
Елжіреп шал тыңдады (Той бастау).

Тегінде *кәрі құлақсың*, сұңғыласың,  
Сондықтан сұлу сөзді жыр қыласың.  
Соғайын сөзімнен бір сұлу сарай,  
Я көрсін, я көрмесін тұрғыласым («Құлагер» поэмасы).

Құлақ салған алысқа  
*Кәр құлақты* сыншы шал  
Даладағы дыбысқа  
Деді: «Міне Октябрь!» (Дала).

**КЕБЕЖЕ ҚАРЫҢ, КЕҢ ҚҰРСАҚ.** *Көбіне мама билердің ауыз әдебиетінде жиі келетін баламасы. Семіз денелі келген бай кісілердің теңеуі ретінде де жұмсалады.*

Ал, осы биттер кімдер десеніз, оны еңбекшілер біледі: ауылдағы байлап, ел үстінен күн көріп келген *кебеже қарын, кең құрсақ*, көк бөрте жуандар (Кімді кім?).

**КЕК КӨРДІ.** *Ішіне түйді, көңіліне алды.*

Ол кешегі таяқты *кек көрді*. Ол таяқ бұдан былай қойшы басына әр уақытта ойнап тұратын сияқтанды («Жолдастар» романы).

**КЕЛЕГЕ КЕҢЕС КІРГІЗДІ.** *Ортаға ой, ақыл салды; қауымға ақыл қосты.*

О шіркіндер о күнде

Бұл күніңді ойлап па еді!

Ол күнге енді бір сәлем!

Онан бері өтейін,

*Келеге кеңес кіргізген*

Кешегі күнге жетейін (Беташар) (ҚТФС).

**КЕҢ ДҮНИЕ.** *Күллі әлем, жарық дүние.*

– Су ақпай, от жанбай көрдік-ау көргілікті! – деген сияқты дауыстармен дабырласып түн ортасында *кең дүниеге* шықтық (Жалаңаш жиылыс).

**КЕППЕ КЕУДЕ.** *Ісіп-кеппе мақтаншақ.*

Иесі Батыраш бір *кеппе кеуде*,

Ұр-көппе, томырық мінез, намыс берме,

Осы аста сағы сынып, бағы тайса,

Ол өзін дап-дайын тұр «өлдім» деуге («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**КЕРБАЛАНЫҢ ШӨЛІ.** *Опат мекен.*

Жер салқынмен көшпесе бүгінгі кештегі қозы-лақ жете алмайтын *кербаланың шөліндей* бір бұйрат құм еді («Бадырақ» романы).

**КЕРЕҢ ТҮН.** *Меңіреу, саңырау, дауыссыз түн; саңырау дүние.*

Жолшыбай жол көп елді аралатты,

Бұрылмай бас өңгерген баран атты,

*Керең түн* кең даланы күңіrentіп,

Байбайлап «Құлагерге» бара жатты («Құлагер» поэмасы).

**КЕСІК ҚҰЛАҚ** көне. *Құл-күң; жалшы.*

Жарлы-жалшы желкіне,

*Кесік құлақ* есіктен

Көтеріле, серпіле,

Төре, ханға, қазыға (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**КӨЗ АШЫП, ЖҮРЕК ЖУАДЫ.** *Көңіліңді оятады, жүрегіңді тазартады.*

Ойлану – ескек жылы жел,

Көңілдің алтын күрегі.

*Көз ашад, жүрек жуады,*

Бұлт қуа, тұман түреді (Ойлану) (ҚТФС).

**КӨЗ БАЙЛАНДЫ.** *Алдап, арбады, көздің жауын алды.*

*Жасауға үйге жиған көз байланды,*

*Жібекке алтын, күміс көз майланды.*

*Сырықтай ордадағы сымдай бойы,*

*Тал шыбық, қыпша белдің өзі нағыз (Күйші).*

**КӨЗ ЖАСЫН ТЫЮ.** *Жасы тыйылды, жылағанын қойды.*

*Аятбай. Шеше, енді көз жасыңды тый! (Кек).*

**КӨЗ ЖЕТЕ АЛМАУ//КӨЗ ЖЕТПЕСТЕЙ.** *Пайымдап болмады.*

*Мырзаларымыздың қашан шығып қалатынына көзіміз жете алмай бүрсең қағып, екі көзіміз есікте болды («Жолдастар» романы).*

**КӨЗ ЖЕТПЕС.** *Алыс, қиыр шет.*

*Келіппін бір өзен су кемеліне,*

*Көз жетпес, ары-бері көлеміне.*

*Толықсып аққан суы таңырқатты,*

*Мастанып, бой манаурап келгеніме (Ішім еріп).*

**КӨЗ ЖҰМА ШАБУ.** *Қиындықты мойынға алып, неге де болса көнді.*

*Көріне тұрған жауға көмекке қарамай, көз жұмып шапқан ер едің, қаза таптың (Кек).*

**КӨЗ ҚҰНЫ ҚАЛУ.** Диал. фразеологизм.

- Не әкесінің көз құны бар менде? («Жолдастар» романы).

**КӨЗ САЛУ.** *Қарады, көзін тікті, көңіл бөлді.*

*Солай қарай жүрсеңіз!*

*«Көмбе қайда?» - десеңіз*

*Көзді салып көрсеңіз:*

*Өркеш- өрке көрінген («Құлагер» поэмасы).*

*Көмбеде Құлагерге тағы барды*

*Шықты да алды-артына көзін салды:*

*- «Арқаның албастысы бұл шығар» деп*

*Ішінен Құлагерден қауіптенді («Құлагер» поэмасы).*

**КӨЗ ТИДІ [ӨТТІ] • ТІЛ-КӨЗ ТИДІ.** *Біреудің назары түсіп ауырды.*

*Құлагер, қуанышпен қосып едім,*

*Алдыңнан үмітпенен тосып едім,*

*Жиылып арғын, найман қарағанда,*

*Тіл мен көз тиер ме деп, шошып едім («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).*

**КӨЗ ІЛЕСПЕДІ.** *Шапшаң қимыл туралы айтылады.*

Екі алыптың не болып кеткеніне көзі ілескен жоқ. Қажымұқан Мартыновтың байырына кіріп, сіресіп қалған екені («Жолдастар» романы).

**КӨЗГЕ КҮЙІК.** *Көзге шықан сүйелдей болды, жексұрын көрінді.*

*Көзіне күйік болмай күйші кетсе,*

Онымен қыз арманын тауыса ма? (Күйші).

**КӨЗГЕ ТҮРТСЕ КӨРГІСІЗ ҚАРАҢҒЫ.** *Тас түнек қараңғы, жеті қараңғы тун.*

Ай көзге түртсе көргісіз қараңғы («Жолдастар» романы).

**КӨЗДЕН ЖАСЫ БҰРШАҚТАДЫ//СОҒАЛАДЫ.** *Егіліп, жылады, көзден жасы парлады.*

Сол ағайды құшақтап,

Көзден жасым бұршақтап,

Егілдім де, төгілдім,

Тия алмадым өзімді,

Жия алмадым көзімді (Мәйек).

Анда-санда көзінің жасын соғалатып, отбасында ғана сағынып жылайтын (Күң өлімі).

**КӨЗДЕН ЖАСЫ ЖОСУ.** *Егіліп жылау, көзден жасы парлау.*

Көзден жасым жосыған,

Жиіркенем мен сонан,

Мен үйірге қосылам... (Колхоз қырманьында)

**КӨЗДІ АШЫП-ЖҰМҒАНША.** *Лездің арасында, қас пен көздің арасында, ап сәтте.*

Көз ашып-жұмғаниша қолындағы таяғын арба қылып жегіп жүріп кетіпті («Жолдастар» романы).

Әні-міні дегенше көзді ашып жұмғаниша,

Гудогінді шыңғыратып, отарбаңды сырқыратып

Алатаудың төсіне келіп-мініп қаласың (Жаңа астана)

**КӨЗДІҢ ЖАУЫН АЛУ.** *Қызықтырды,еріксіз қызықтырды, сүйкімді көрінді.*

Үй іші қарсақ, түлкі, құндыз, жанат,

Зер тоқып, күміс шауып, ойған манат.

Бөленген осы асылға қыз төсегі,

Күйдіріп көрген көздің жауын алат (Күйші).

Отырдық ордасында алты қанат,

Жайнаған жасау көздің жауын алад.  
Тегеріш, терме басқұр орда ораған,  
Уақтың қарны күміс жарқыл қағад (Тұңғыш тоғысу).

Магазиндердің іші жайнап, көздің жауын алады (Дарқан).

**КӨЗІ АЛАҚАНДАЙ БОЛДЫ.** *Не істерін білмей, қатты састы, үрейі ұшты.*

Жайлаубектің көзі алақандай болды. Өзінен-өзі қорқады (Жайлаубектің жауыры - аурудың ауыры).

**КӨЗІ ЖАРҚ [ЖАЛТ] ЕТЕ ТҮСТІ.** *Жаны рақат тапты.*

Хат дегенде Байғарау көзі жалт ете түсті. Байғарау Мәмбеттен алып оқи бастады («Жолдастар» романы).

**КӨЗІ ЖАУТАҢДАУ.** *Телміре, мүсәпірси қарады.*

*Жаутаңдап екі көзі, кемсең қағып,  
Алдына ханшаның қалды келіп (Күйші).*

**КӨЗІ ЖЕТПЕУ.** *Пайымдап болмау.*

Бектастың жүрегі ойнақшып, ешнәрсеге көзі жетпей, үстел басыларға қарап қатты да қалды (Алдандық).

Азулысы алыптың  
Ашуланса тістеген;  
Айласына көз жетпес,  
Астына жанның түспеген («Құлагер» поэмасы).

**КӨЗІ ЖЕТТІ//КӨЗІН ЖЕТКІЗДІ.** *Кәміл сенді; ақиқатына қанды.*

Табан сол жерде партиясына жазыла қоймайтынына көзі жеткен соң Субай да «Үшжүздің» списокін алып қойып:

- Мақұл ақылдасындар. Барлық жастар арасында біздің «Үшжүздің» бірден-бір дұрыс партия екенін түсіндіріңдер («Жолдастар» романы).

«Мына жігітті Шаяхмет алмақ» дегенді естігенде Шалматайдың көңіліне ноғай байының әдемі мұқату үшін істеп отырғандығына көзі жеткендей болып, ыршып кетті («Жолдастар» романы).

Нәзипаның да Сатанның тегін арғын емес екеніне көзі жетіп, сусағанда салдыратын тәтті әндері бар екенін ішіне түйді («Жолдастар» романы).

**КӨЗІ ҚАРАЙДЫ.** *Қарны ашты, ашықты.*

Әли қарны ашқанда,  
Қарайып көзі сасқанда,  
Отырған жоқ Әбіжан (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**КӨЗІ ТҮСТІ//КӨЗ САЛДЫ.** Назары ауды, қарады.

Төрдің алдында отырған мырзаларға *көзі түсті* («Жолдастар» романы).

Қарашы, *көз сал*, байқашы,  
Кедейдің мынау тойына.  
Өмірде көрген қорлығы  
Келетін де емес ойына (Кедей тойы).

Күреңбай көзі тұнып көп қадалды,  
Айналып алды-артына *көзін салды*.  
Естуге Күреңбайдың байлау сөзін  
Тарқамай көптің тобы тұрып қалды («Құлагер» поэмасы).

**КӨЗІ ШАЛДЫ//ТҮСТІ.** Көріп қалды, көз қиығы түсіп кетті; байқады.  
*Назары ауды.*

Тек оны бір-ақ адамның *көзі шалды*.

Ол *көз шалды* да, дуалдың кетіктеу жерінен ырғып түсті («Жолдастар» романы).

- Жо, болмайды! Атыңа менің *көзім түсті!* – деп бір жігітін түсіріп, торы атты шештіріп алды («Жолдастар» романы).

Қамшыны беліне қыстырып, тұмақты қолтығына қысып, мұртын қайшылап қымыз жұтып отырған қыр қазағы да *көзге түседі* («Жолдастар» романы).

Мәмбет өстіп арпалысып жатқанда мұны *көзі шалған* Боранқұл өзге бір вагоннан ырғып жерге түсті де, жүгіріп келіп Мәмбетті құшақтай алды («Жолдастар» романы).

**КӨЗІН КӨГЕРТТІ • КӨЗІНЕ КӨК [КӨГАЛА] ШЫБЫН ҮЙМЕЛЕТТІ.**  
*Қорлады, азанқа түсірді.*

Бұл оқиға біраздан бергі көтеріңкі елдің жағасын түсірді. Болыстың көмегін көріп, *көзіне көгала шыбын үймелетіп*, жүз елу кісісінен айырылып, Ырғайты елі ұлардай шулады («Жолдастар» романы) (ҚТФС).

**КӨЗІН ҚЫСТЫ.** *Көзімен ишара етті, белгі берді; көзімен ымдады.*

Шеркес Қалилар оны қас-қабағымен мазақтап, өзара *көздерін қысып*, бірін-бірі түртті («Жолдастар» романы).

**КӨЗІН ТАБУ.** *Істің ретін, орайын келтірді.*

- Ия, ия шырағым, әйтеуір, маған осының бір *көзін тауып* бер, азаматым, - дейді («Жолдастар» романы).

**КӨЗІН ТІГУ/КӨЗІН САТУ// КӨЗІН СҮЗУ.** *Қадала қарады, тесіле қарады.Телмірді, тіленді.*

Шіркін, бәрін оқу табады, өнер табады-ау... – деп өзеннің төсін қақ жарып келе жатқан пароходтың жүзуіне *көзін тігіп*, көңілін әлдеқандай бір ойларға шырматып отырған Мәмбеттің арт жағынан біреу келіп «Ah!» деп құшақтай алды.

Көшенің екі жағындағы жан *көзін сатып* бізге қарап қалысты-ау («Жолдастар» романы).

Қатындар сорпа сапырып, ысылдап ұрттап, балалар қыңқылдап, иттер етке *көзін сатып*, тап-тап беріп, ашық аспан астында ет жеу дүниесінің есігі ашылып жатқандай («Жолдастар» романы).

Ал сайра, жас бұлбұлдар, мұнды үнмен,  
Көңілің көтеріңкі көгілжімнен,  
Еркін таң, маңайғы жан *көз тігіп* тұр,  
Сайра әнмен, сайра күймен, сайра мұңмен (Жас бұлбұлдарға).

Сөзіне Күреңбайдың жұрт таң қалды,  
Не сыншы, не сұңғыла ортаға алды.  
Жылқының қырағысы, шежіресі  
Күреңбай *көзін сүзіп* тұрып қалды («Құлагер» поэмасы).

**КӨЗІН ШЕЛ БАСУ.** *Еш нәрсені көрмеу, надандық, білімсіздік мағынасында.*

Партиясы Лениннің, -  
Деді – жанжалдасқанға:  
«Бір – біріңді танымай,  
*Көзіңді шел басқан ба?*  
Ау, сорлылар не білдің? (Дала).

**КӨЗІНЕ КӨК ШЫБЫН ҮЙМЕЛЕТТІ.** *Қорлады, азапқа түсірді.*  
Тұрсам басқа, отырсам аяққа ұрады. *Көзіме көк шыбын үймелетті* (Нұрша).

**КӨЗІНЕ ОТТАЙ БАСЫЛУ.** *Көзіне бірден түсті, анық, айқын көріну.*  
Қаптаған қызыл қолдың алдыңғы қатарында бірнеше адам *көзіме оттай* басылды («Жолдастар» романы).

**КӨЗІНЕН БІР-БІР [БҰЛБҰЛ] ҰШҚАНДАЙ БОЛДЫ.** *Қайтып оралып, екіншілей көрінбеуімен, оралмауымен арманға айналды; қайта оралмай, кездеспей, бір көру мұң болды.*

Өмірде қар төсеніп, мұз жастанып, аш-арық жүрсе де, сол өмірі бүгін міне *көзінен бір-бір ұшқандай* болды («Бадырақ» романы).

**КӨЗІНЕН СОРАСЫ АҒУ.** *Көзінен былшығы ағып, жасы төгіліп, бей-берекеті кетті.*

Анау шал *көзінен сорасы ағып*, жылап сөйлеп, жан-жағына жалт-жалт қарап отырады («Жолдастар» романы).

Ойнақтап тастан аққан асау Кура,  
Бұл ма еді дәу *көзінен аққан сора.*

Отыр да Тбилистен ЗГЭС-ке түс,  
Көресің Кура аққан кімге бола (Кавказ).

**КӨЗІНЕН ТАСА ҚЫЛМАДЫ.** *Көзден сырт болмады, жіті бақылады.*

- Қарағым, енді ешқайда қаңғымай үйде отыр, - деп шешесі Сатанды көзінен екі елі таса қылғысы келмейді («Жолдастар» романы).

**КӨЗІНІҢ ОТЫ ЖАРҚ ЕТУ.** *Қатты соққыны сезіну; «жанына батты» - қабырғасын қайыстырды, қатты күйзелтті.*

Қатып қалған қайың қара бақан қарақұстан айқара тигенде көзінің оты жасындай жарқ ете қалды. Бадырақтың жанына қанша батқаны бізге де белгісіз («Бадырақ» романы).

*Көзінің оты жасындай жарқ ете қалды.* Кедей қамқоры – кеңес өкіметі шашылған қол аяғын жаңа бауырына алды («Бадырақ» романы).

**КӨК АЮ КҮНДЕСТІК.** *Авторлық қолданыстағы тұрақты тіркес. Бақ таластыру.*

*Көк аю күндестіктің* шенгеліне түстім. Күні бүгінге дейін көргенім қорлық, көз жасымды көріп, өкіметке салып, басымды босатыңыз, – деді. («Бадырақ» романы).

**КӨК ЕЗУ.** *Ез малта, лепірме, бөспе сөз кісі туралы айтылады.*

Мына дабыр – неткен шу?

Екі жағын жау басып,

Қанды қақпан, көк езу,

Өміріне қан сасып

Ежелгі Шу – Ертіс-ай....

**КӨК ЕСЕК.** *Көнбіс жан, істің құлы, жұмсауға қолжаулық адам.*

Суық тас әкем тәні қаракесек,

Жаншылған шешем жаны балшыққа есеп.

Көлігі көз ашқаннан көрінгеннің,

Жаны елік, жүрегі өлік, бір көк есек (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**КӨК ЖИЕК КӨТЕРІЛДІ.** *Қараңғылық сейілді, таң сыз берді.*

Құбақандап бозара,

Көтерілді көк жиек,

Нұр сәулесі көк жара

Берді аспанға таң қылаң (Дала) (ҚТФС).

**КӨК ӨРІМ • КӨК ӨРІМ, КӨГЕН КӨЗ.** *Бала кез, қыршын жас, қатаймаған. Жас, жасару, қылышылдаған, күшті, мықты.*

«Ақыр заман боларда,

Жер жүзін кеуір аларда,

Жүз қатынға бір еркек  
Қалады екен деген сөз...  
Осынау сұмдық рас боп,  
Туған жерден топырақ  
Қалармысың бұйырмай,  
*Көк өрім, өңшең көген көз...»* (Дала).

**КӨК ШЕК БОЛДЫ** *1. Қара суды ішіп-ішіп, іші кепті. 2. Шексілесі қатты.*

Бергені сол жұртыңның,  
Бәрекелді десенші,  
Мәзбін соған: күлемін,  
*Болғанымша көк ішек* (Беташар) (ҚТФС).

**КӨКЕЙІН ТЕСТІ.** *Жан-тәнімен арман етті, тым құмартты.*

Сондықтан осы күйден, ұлы күштен,  
Көңіл шат, көкейге үні қона түскен.  
«Жалғыз үн, жарық қобыз, Молықбай шал,  
Тартар ма керек күйді – көкей тескен?» (Күй) (ҚТФС).

**КӨККЕ ШАРПЫДЫ.** *Жоғары шарықтады.*

Қыр халқы қанап, қуанышы көкке шарпыды («Жолдастар» романы).

**КӨКСЕГЕН КҮНДІ КӨРДІ.** *Аңсаған мезгілге жетті.*

Жасыл қыр, жапан – жарық,  
Көбелек-шыбын өрді  
Көк құндақ көлдер толып,  
*Көксеген күнді көрді* (Жазғы таң) (ҚТФС).

**КӨКТИ КӨШРДІ.** *Дабылы жер жарды, әлемді жаңғырықтырды.*

Күнірентті ойды, қырды өңшең күлік,  
Арқаны дүбірлетті дүбір қылып.  
*Көшіріп* жерді, көкті келеді аттар,  
Керілген кең даланы бүлдіріп («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**КӨКІРЕГІ АШЫҚ.** *Білімді, оқыған, сауатты адам туралы айтылады.*

*Көкірегі ашық,*  
Көпке ғашық  
Анық менің құмарым (Жыбырлақ).

**КӨКІРЕГІ ҚАРС АЙРЫЛДЫ.** *Уайымдады қайғырды, қасірет шекті.*

Ел зарлап зарыққандай... уһілеген, аһылаған елдің көкірегі қарс айрылады.  
(«Жолдастар» романы).

**КӨМЕЙІНЕН КҮРМЕЛДІ.** Жеке қолданыстағы тұрақты тірекес. Айта алмай, бөгеліп қалды.

- Тақсыр, товарищ,-деп көмекейінен күрмелді, - бұл менің қыздай алған кіші катыным («Бадырақ» романы).

**КӨН ТУЛАҚ.** Көнбіс, илеуге түскен.

Абылай хан, алаш, ақ,

Қанды банда Анненков.

Ел бір датқан көн тулақ,

Әйдәй, түсті сабауға (Дала) (ҚТФС).

**КӨҢІЛ АЙТТЫ.** Өлген адам жайында жұбаныш білдірді, қайырлы болсын айтты.

Тұздыбайлар Аманбайдың қасына келгелі қонақтан көз ашқан жоқ. Өлген қызға құран оқып, көңіл айтып, қонып-түстенуші аз емес («Жолдастар» романы).

Аспанда күн күпігіп, күйді қатты,

Өкіріп жел мен жер де жылап жатты.

Ереймен бұлақтары көлге жылап,

Серіге көл күрсініп, көңіл айтты («Құлагер» поэмасы).

◆ **КӨҢІЛ СУЫТТЫ.** Жабырқады, көңілін қалдырды.

**КҮДЕР ҮЗУ.** Көңілі суыды, сенімін жоғалтты, тілегі кесілді.

Күлзейнені маған құдай жазбаған шығар деп көңілімді суытып, біржола күдер үздім («Жолдастар» романы).

Ханыша күйініп тұр сіздер үшін,

Отауын бір текеңіз сүзген үшін.

Жиылды жасақ сізбен жауласуға,

Ел емес, жау күдер деп үзген үшін (Күйші).

Өмірден жиіркеніп көңілі суып,

Қалғандай айналадан өзге туып («Құлагер» поэмасы).

**КӨҢІЛДЕН КІР [ДАҚ, ДЫҚ, КІРБІҢ, ҚАЯУ, ҚЫЛАУ] АРЫЛДЫ [АШЫЛДЫ, КЕТТІ].** Көңілде жүрген өкпе-араздықтың, реніштің ізі өшті. Көңілімде қалған кір жоқ, кетті сайтан (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**КӨҢІЛІ АУДЫ [БӨЛІНДІ, КЕТТІ, ҚҰЛАДЫ].** Құштар болды, ықыласы түсті.

Елдің түрі көрінді

Етек-жеңін жинаған.

Шаруасына көрінед

Көбінің көңілі құлаған (Көктемде) (ҚТФС).

**КӨҢІЛІ ЖАҢБЫР ЖАУҒАНДАЙ ЖАҢАРУ.** Жеке қолданыстағы тұрақты тірекес.Серпілді, көңілі жайланды.

Кедей жағының көңілі жаңбыр жауғандай жаңарып, жасарып сала берді («Бадырақ» романы).

**КӨҢІЛІ ЖҮДЕП, ЖАНЫ ЖАДАДЫ.** *Өмірден торықты, жаны қажыды.*  
Көп жүрген көңілім жүдеп, жаным жадап,  
Жабыққам, жатырқағам, тартқам азап.  
Сонау күй жүрегімді тыншытпаған  
Пышағын кейде салып, кейде қадап (Күй) (ҚТФС).

**КӨҢІЛІ ЖЫЛЫДЫ [ЖІБІДІ, ИДІ].** *Мейірі түсті; жүрегі елжіреді.*  
Шықты Рауза,  
Қош, қош, баура!  
Көрдіндер ме сүйісін!  
Жаз-жаз заула,  
Жайлауда ауна,  
Қазақтың көңілі иісін (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

Нұрша-ау, саған неғылды?! – десті. Кемпірдің тас емшегін иіткен, шалдың көн көңілін жібіткен жалғыз Нұрша бұл қуанышты жылаудың бәрін өзі жылдам жадыратып:

- Енді суыққа ұрынбай үйге жылдам жетіңіздер, -деп балалармен мектепке қайтты (Нұрша).

**КӨҢІЛІ КӨНШІМЕУ.** *Риза болмау, көңілінен шықпау.*  
Бір тиын саудасы болмаса да, көк құнанмен күнде осында келмей көңілі көншімейді («Жолдастар» романы).

**КӨҢІЛІ КӨПІРУ.** *Көңілді, шат.*  
Кедейдің көңілі көпіріп өсіп кетті («Бадырақ» романы).

**КӨҢІЛІ ҚУАҢ ТАРТУ.** *Көңілі түсу, қайғы басу.*  
Көңілінің Көкшетауы қуаң тартып,  
Қызығын қайғы орағы кеткен орып («Құлагер» поэмасы).

**КӨҢІЛІ ӨСТІ [СЕРГІДІ, СУДАЙ ТАСЫДЫ, ШАЛҚЫДЫ].** *Шаттана рухтанды, еңсесі көтерілді, қатты қуанды.*

Балуаны жыққан  
Арғын шуылдап жүр,  
Аруақ қолдады деп көңілі тасып (І. Жансүгіров).

Бақ туын тұрғанда ұстап бүгін қазақ,  
Көңілі судай тасып, оттай маздап.  
Ескі күн елім көрген енді ойласам,  
Көрінер кейде қорлық, кейде мазақ («Құлагер» поэмасы).

Осыны көріп Бадырақтың *көңілі тау суындай тасып* кетті («Бадырақ» романы).

**КӨҢІЛІ ТАСҚЫНДАУ.** *Қатты қуанды, шаттану.*

Бұларға Бадырақ пен Жеңсік ақ шатырдың астында тұрып, бас иіп ризашылығын білдіреді. Дәл осы кезде Бадырақтың *көңілі тасқындап кетіп* жан-жағына қарады. («Бадырақ» романы)

**КӨҢІЛІ ТАУ СУЫНДАЙ ТАСҚЫНДАУ.** *Көңілі атиша тулады, тебіреніп кетті.*

Бұл кеңес өкіметінің нашардың көз жасын көріп, кедейдің басын жеткізгені,-деп қазақша жүйелі сөз білетін судия екеуін құттықтағанда, қол ұстасып тұрған Бадырақ пен Жеңсіктің *көңілі тау суындай тасқындап* кетті («Бадырақ» романы).

Осыны көріп Бадырақтың *көңілі тау суындай тасып*, кетті («Бадырақ» романы).

**КӨҢІЛІН АЛДАДЫ [АЛДАНДЫРДЫ, АУЛАДЫ].** *Көңілін тауып, қамқор болды; ойын бөліп, алаң етті.*

Кабакта ішкіліктермен отырысында *көңілін аулайды* Бүгінгі отырыс сол көңілді көп отырыстың бірі болды («Жолдастар» романы).

**КӨҢІЛІН БЕКІТТІ.** *Бір шешімге келді, бір тоқтамға тоқырады.*

«Сірә, заң-законды білетін бір жүйрік шығар», - деп *көңілін әбден бекітті* - Ә, осы болды... – деп *көңілін бекітіп*, жан-жағына қарайды («Жолдастар» романы).

**КӨҢІЛІН КӨККЕ САМҒАУ.** *Қуану, көңілі шаттану.*

Олардың топ-топ болып, қосыла айтып келе жатқаны жаныңды жадыратып, *көңіліңді көкке самғатқандай* («Бадырақ» романы).

**КӨҢІЛІН ТАБУ.** *Қалауын тапты, дегенінен шықты; көңілін риза етті, көңіл қалауын берді.*

Өзі кешке не қылса да қабағын түйген ұлықтың *көңілін табу* үшін ақшасын, арағын, тамағын, асыл бұйымын тасып әлектейді. Ұлықпен, болыспен байланысты күшті жегіштер көрінген жігіттің жұмысына араласып, тұмсығы қызылға тиіп жүр көшірде үн жоқ, айыбын мойнына алып, иығынан су төгілгендей. Керілдескен адамдар бір-біріне мұрындық бермеді («Жолдастар» романы).

**КӨП АУЗЫ ӘУЛИЕ [УӘЛІ]** көне. *Көптің, бірінің болмаса, бірінің айтқаны келеді деген мағынада.*

Жұрт жиып Бағлан айтты:

«Елім-халқым,

Ингенім қайымады, көңіл салқын.

*Әулие көп аузы, не айтасындар,  
Барлар жан бар ма ішінде мұның парқын» (Күй) (ҚТФС).*

**КӨРГЕ КІРСЕ ДЕ ҚОЙМАДЫ.** *Қайда барса да тапты.*

*Қоймаймын көрге кірсе ондай құлды!*

*Тап шапшаң таң атырмай! – деп ақырды.*

*Қазақтың кәрі күні бұрынғы өткен,*

*Туғызған талай мұндай дарақыны! (Күйші) (ҚТФС).*

**КӨРІНДЕ ӨКІР [ӨКІРГІР] • КӨРІННЕН ЖЫЛАН ШЫҚҚЫР!** *Қарғыс мәнді фразеологизм. Жазанды тартқыр деген мағынада.*

*-Алтынай! Ай, Алтынай!*

*Табыла ма бір қасықтай май?!*

*Пай-пай, Құдай-ай,*

*Ай көріңде өкіргір наратшік-ай,*

*Май табылса бақырға шыжғыр (Ит-ай) (ҚТФС).*

**КӨШТЕН ҚАЛҒАН КҮШІКТЕЙ.** *Жұртта қаңғыған ит сияқты.*

*Жуан ата о жарлар*

*Тігісінен сөгіле,*

*Шынжырбалақ шонжарлар*

*Аласталып қалып тұр.*

*Іштен түскен түсіктей*

*Енді олардың жоқшысы,*

*Көштен қалған күшіктей*

*Көй-көй күйін салып тұр (Дала) (ҚТФС).*

**КҮДЕР ҮЗУ.** *Көңілі суыды, сенімін жоғалтты, тілегі кесілді.*

*Ерінді кеміріп жеп қапаландық, өкіндік, кейідік, күрсіндік те, күдер үзін жүріп кеттік (Шешілмеген жұмбақ).*

**КҮЛГЕ АУНАҒАН ТҮЙЕДЕЙ • КҮЛГЕ ШӨККЕН ТҮЙЕДЕЙ.** *Үсті-басы шаң-шаң, ұйпалақ-ұйпалақ.*

*Күлге аунаған түйеше,*

*Бейне қара күйеше,*

*Күресінге жатқандай,*

*«Халім мынау көргін» деп,*

*Көкелер-ау, өлдім» деп*

*Көрінгенге айтқандай (І. Жансүгіров) (ҚТФС).*

**КҮН БОЛМАДЫ [ЖОҚ].** *Ерік болмады; тыныштық болмады.*

*Жапарды, дейді; ескермей қатуланды,*

*Ірітіп ел арасын ылаң салды.*

*Біздерге «ауыз ашар» күн болған жоқ,*

*Сөйтті де саясатты бұзып алды (І. Жансүгіров) (ҚТФС).*

**КҮН КӨРДІ • КҮН КЕШТІ [КЕШІРДІ].** *Тіршілік етті, өмір сүрді күнелтті.*

Мал сырлас, аттың сыры маған мәлім,  
Жырым – жылқы, жүйрік ат – салған әнім.  
Аспан асты, жержүзі кең сахара,  
*Күн көріп* атам қазақ келген мәлім (Жырым – жылқы) (ҚТФС).

**КҮНГЕ КӨННЕН ҚАТЫРҒАН САБАДАЙ БОП.** *Қаңсып кепкен терідей боп.* (Ақын бұл жерде сүйкімсіздікті, қарттықты айтып отыр).

Жетім Жамал тоқалдықа сатылған,  
Теперішті... көрген күндес қатыннан.  
Қойнына алып Қожағұл шал жататын,  
*Сабадай боп күнге көннен қатырған* (Бұлақ бойында) (ҚТФС).

**КҮНДІЗ КҮЛКІ, ТҮНДЕ ҰЙҚЫ КӨРМЕДІ.** *Ешбір тыным таппады, жаны саябырламады.*

Тоқай тегі, күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмейді. Жамбасына бір тікен қадалғандай күдіз-түні тынбай шахтаны аралап жүреді («Жолдастар» романы).

**КҮНІ ҚАРАҢ.** *Халі мүшкіл, ауыр күн, өте қиын жағдай.*

Егер мына генерал Петрградты нетіп қойса...сірә, халықты Құрылтайға неткізетін шығар...Онда күніміздің қараң болғаны («Жолдастар» романы).

**КҮС БІЛЕК • КҮС ҚОЛ.** *Бұл жерде: жұмысшы, еңбекші мағынасында.*

Алыстағы қалада  
Тапқа, сапқа тартылды.  
Бір жағы – өңшең ақ білек,  
Бір жағы – өңшең күс білек (Дала) (ҚТФС).

**КҮТКЕНІ КӨКТЕН ТҮСЕТІНДЕЙ.** *Алыстан, қиыннан іздегені аяқ астынан кезіге кетті.*

Көпшіліктің көзі көк жүзінде. *Күткені көктен түсетіндей.* Кенеттен аспанның төріндегі ақ шарбы бұлттың арасынан бір алып құс көрінді («Бадырақ» романы).

**КҮШ САЛДЫ.** *Аянбай еңбек етті.*

- «Үшжүз» партиясы – федерациясы жақтайды. Түрік, татар қауымын біріктіруге күш салады («Жолдастар» романы).

**КІР ЖУЫП, КІНДІК КЕСКЕН ЖЕР.** *Туған жер, атамекен, ата қоныс.*

*Кір жуып, кіндік кескен* ата қонысынан ажыратып, елді тауға, тасқа, құмға, тақырға қамады («Бадырақ» романы).

**КІРЕРГЕ ТЕСІК ТАППАУ.** Қатты ұялды, ұялғаннан не істерін білмеді, жұрттың бетіне қарай алмады.

Шалматай үйінен шығып көрінбек түгіл, ішіндегі есіктерін бекітіп, кірерге тесік таба алмай жүрген шығар («Жолдастар» романы).

–Тал түсте алған етігімді бермей, жұмысшыны талап тұрған сен жулик, - деп, ақ пышақты ала ұмтылғанда, приказчик кірерге тесік таппады, атып кетті (Дарқан).

**КІРПІК ҚАҚПАДЫ [ІЛМЕДІ] • КІРПІК ҚАҚПАЙ ҰЙЫП • КІРПІК ҚАҚПАСТАН ӨТКІЗДІ [ҚАРАДЫ]** 1. Көз айырмай қарады, тыңдады. 2. Ұйықтамады, көз жұмбады.

Айырылды күйші есінен қызды көріп,  
Кірпігін қақпай қалды көзі төніп.

«Адамның арғымағы осы шығар,  
Пендеге бітеді екен мұнша көрік?» (Күйші) (ҚТФС).

Таң атқанша кірпік ілмей, жұлдыздарды батырып, таңды атырып, күнді көзінен шығарды («Жолдастар» романы).

**КІСІ ҚҰРЛЫ КӨРМЕУ.** Адам ретінде санамау, көзге ілмеу.

Бізді кісі құрлы көре ме сенің таңдап алған нақсүйерің! («Жолдастар» романы).

**КІСІ САЛУ.** Араға адам жүргізді, басқа біреуді жұмсады.

Өнері асқан Балшабай деген бір атаның баласы наразы болып, Миколайға кісі салыпты («Бадырақ» романы).

## Қ

**ҚАБАҒЫ АШЫЛДЫ [ЖАЗЫЛДЫ, ЖАРҚЫЛДАДЫ, КӨТЕРІЛДІ].**

Ашық жарқындық байқалды, көңілі жадырады.

Колхоз қалмай жиылып,

Қызыл-жасыл киініп,

Тойға келді түзеп бой.

Қабақтары жарқылдап,

Дауыстары саңқылдап,

Қуанбаған жоқ-ақ қой (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚАБАҒЫ ҚЫРЖИЮ.** Жақтырмаған кейіп білдірді.

Әсіресе Ыбырайымның қымызшыға осы Кәмеш үшін келетіндігін сезетін Шеркес Қалидың қабағы тіпті қыржиып қалды («Жолдастар» романы).

**ҚАБАҒЫ САЛЫҚ [САЛЫҢҚЫ, ЖАБЫҢҚЫ, ТҮЙІЛІҢКІ, ҚАТУЛЫ, ҚАТЫҢҚЫ].** Көңілінің қошы жоқ, ренішті.

Ақ бәтестен ақ денең

Ыстаған бейне қара көн,

*Қабағыңа салық, жоқ елең,  
Ойнамайсың баламен (І. Жансүгіров) (ҚТФС).*

**◆ ҚАБАҒЫНА ҚАР ЖАУУ.** *Қатты ашуланып қаһарланды, кектенді.  
ТҰЛАН ТУТУ.* *Ашуланды, бұлқан-талқан болды.*

Садық қабағынан қар жауып, тұлан тұтып, отауға түсіп, дөненді байлап жатқан Марданды шақырды. Күлзейнені маған жазбаған шығар деп көңілімді суытып, біржола күдер үздім («Жолдастар» романы).

Тұманданған бұл қай күн;  
Тұйғындай қазға түйілген,  
Тұман күнгі қыран кім?  
Қабағынан қар жауған (Исатай).

**ҚАБАҒЫНА ҚАРАДЫ.** *Райын байқады (күтіп бақты); жайын білді, хал-жайын аңғарды.*

Арманым, ауруым жүрегімде,  
Қоспадым сені сүйген біреуіңе,  
Кім қарар қабағыңа, жанашыр кім,  
Көрсен бәрін дағы жүре-жүре (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚАБЫРҒАЛАРЫ ҚАЙЫСПАУ.** *Жанына батпау, қатты қиналмау.*  
Барған сайын қолдары қатайып, қабырғалары қайыспай буына бекіне бастады («Жолдастар» романы).

**ҚАБЫРҒАСЫ ҚАЙЫСУ.** *Жанына батты, қатты қиналды, ойысты.*  
Поляк балуанына қарсы Махмұт шыққанда, Махмұттың нәзіктігі қабырғамызды қайыстырды («Жолдастар» романы).

**ҚАБЫРҒАСЫМЕН КЕҢЕСУ.** *Жақын кісілерімен келісті, ақылдасты; өзімен ойласты.*

Қабырғаммен кеңесіп едім, үй-түзін көре кетелік дегендей қылған соң, құмырсқаның ауылына келдім (Жүз ауыз өтірік айтқан тазша).

**ҚАҒАНАҒЫ ҚАРҚ, САҒАНАҒЫ САРҚ.** *Уайымсыз, мәз-майрам, көл-көсір молшылықта.*

Бадырақ байдан алған лақты ешкіні ұстатып, біреудің бір бойдақ қойын айтып сойып жатыр. Оның бүгін қағанағы қарқ, сағанағы сар. («Бадырақ» романы).

Ақылбай, Ұлардың ұлының баласы болып, «немере сүйіп», қағанағы қарқ, сағанағы сарқ (Жедел жәрдем).

Басыңызға дәулет құсы қонғаны. Қағанағыңыз қарқ, сағанағыңыз сарқ (Қымбатты Иван Иванович).

**ҚАЙРАТЫ ҚАЙТУ.** *Әлсіреді, күші кеміді.*

Оның үстіне жасы да жете бастап, *қайраты қайтып*, сүйегі де жасып, бұрынғыдай қызметке жарай алмайтын болып сүйретіліп жүрді (Күң өлімі).

**ҚАЙРАТЫ ҚАРА ТАСТАЙ.** *Күшті, қарулы адам туралы айтылады.*

Бұлақша мынау күйі сылдыр етті,  
Барады жүректегі жуып дертті.  
Егіліп қайыршақтай, жұмсардым ба,

*Қайратым қара тастай* қайда кетті? (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚАЛТАСЫ ҚАҒЫЛДЫ.** *Қаражаты азайды, жағдайы келмеді.*

Не пәтері, не ішер тамағы жоқ кісіге жалғыз аттың қалған ақшасы қаншаға жем болсын, *қалтам қағылды* («Жолдастар» романы).

**ҚАЛЫҢ ҚОЛ.** *Мол сарбаз, көп әскер.*

Күркіреп көктен нөсер сорғалатты,  
Қыраннан қашқан құсты қорғалатты.  
Тартқанда Абылайдың «Жау жорығын»,  
*Қалың қол* қаптап қойды ордаға атты (Күйші).

Коммунист пен комсомол  
Топ алдында жүр солар,  
«Мұндалайды» көпке жол,  
Көп көшкендей *қалың қол* (Дала).

Зорлардан зор табыла,  
Көсемі алда *қалың қол*  
Көтеріле, жабыла,  
Айдады өңшең құмайды (Дала).

*Қалың қол* қарай қалды екі аттыға,  
«Кім бұл, -деп жүрген жабал бей уақытта?»  
«Келсін» -деп бәрі тосып отырды жұрт,  
Сырнайын Ескененің зулатты да (Исатай).

**ҚАЛЫҢ МАЛ.** *Көне. Қыздың ағайын-туысқанына құдалық үшін күйеу тарапынан төленетін мал (зат).*

Сағындық өткен жылы күздікүні *қалың малын* төлеп үшінші қатыны Жеңікті алған («Бадырақ» романы).

Бұл он болыс матай деген елге *қалың малын* таратып салып, садыр Омар қажының қызын алғалы жатыр («Бадырақ» романы).

Екі ұрлықшы құда болса, *қалың малын* түнде алысар.  
Екі мейірімді құда болса, пәле келсе, ат салысар,  
Екі мейірімсіз құда болса, пәле келсе, қуанысар.

Екі құзғын құда болса, алғаннан танысар, артынан жан алысар (Алыс-беріс).

**ҚАМ ҚЫЛУ.** *Әзірлік қылды, қамданды; бітуін ойлады.*

Ел және шошып кетті. Есіткен ел түнде үркуге тезірек қам қылысты («Жолдастар» романы).

**ҚАМШЫ САЛМАДЫ.** *Қамшы тигізбей жүріп отырды.*

Қайтарда тізгінін тежеп отыр,

Тақымды қамшы салмай безеп отыр.

Бол да отыр бірдің соңы ызаң оба,

Тек қана бір мөлшерді көзде де отыр («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ҚАМШЫНЫҢ ӨРІМІНДЕЙ.** *Жас, жеткіншек.*

Қамшының өрімінде жас командирлер мыңдаған қазақ бозбаласын асықша ойнатып, үйіріп жүр («Бадырақ» романы).

**ҚАМШЫ ҮЙІРДІ.** *Қорқытты, қауіп төндірді, күш көрсетті.*

Нәзипаға қамшы үйіріп, аттың құйрығына тақпақ болып күпініп жүрген жігіттердің біреуі де сөзге келуге жараған жоқ («Жолдастар» романы).

**ҚАН ЖЫЛАУ.** *Зар қақсау, зар илеу.*

Су төгіліп мойнына,

Не қыларын біле алмай,

Жас төгіліп қойнына

Қозғалды жұрт қан жылай (Дала).

Болмап па еді қан жылау

Батыр менен отардан,

Әсем, Баян, Көкшетау-

Сарыарқаның жүрегі (Дала).

- Қарағым, сені де аман көрдім-ау! – деп көзінің жасын сүртіп, жаздай елмен бірге қан жылап, у жұтқанын айтты («Жолдастар» романы).

**ҚАН ЖЫЛЫМ.** *Болар-болмас жылы.*

Су қыста қан жылым, жазда қоңыр салқындатып беріледі. Сиырлардың асты таза, байдың құс төсегіндей жұмсақ («Бадырақ» романы).

**ҚАН КЕШТІ.** *Кескілесіп соғысты, арпалысты.*

Адам бар ісі бейне даладағы аң,

Аң етіп байлаған заң,

Қан кешіп қабырғадан қара күнде,

Ат арты күң болмап па еді Айман-Шолпан (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚАН МАЙДАН.** *Қиян-кескі ұрыс; қызу айқас, тартыс.*

*Қан майдан, қаннан жанға сәуле түсіп  
Жыр қылған Кавказдағы «қан сонардан».*

*Ақынның ойы майдан, тілі қанжар,  
Тіл жаныр, ой тербетіп ұшқыр жан бар (Лермонтов).*

*Әлем тегіс күйзелген,  
Күйзелудің мәнісі:  
Қансырап жан сүйрелген,  
Күнбатыста қан майдан (Дала).*

**ҚАНАТ ЖАЙДЫ.** *Етек алды, өрлері, дамыды, үдеді.*

*Ойнақ салған өрт жан-жаққа қанатын жайып, қойшыны қуып, қойды  
қамауға айналды («Жолдастар» романы).*

*Самсаған қол, қалың кісі қанатты жайып жіберіп, шеп тартып, сар желіп  
келеді («Жолдастар» романы).*

**ҚАНАТ ҚАҒУ.** *Талпынды, алға ұмтылды.*

*Өнердің қанат қағып өріне сіз,  
Шықтыңыз құрметпенен төріне сіз.  
Еліме қайтып барам десеңіз де,  
Ұзатқан қызымыздай көрінесіз (Әнші апама).*

**ҚАНАТЫҢА АЛУ.** *Бауырына алу, жаныңда болу.*

*Енді мен сіздің айтқаныңызбен болайын, өз қаңатыңызға алыңыз!  
(«Жолдастар» романы).*

**ҚАНДЫ ҚОЛ.** *Кісі өлтірген, құныкер адам.*

*Қанды қол жасырынып жүрген шығар,  
Қорадан қойды жарған кәр қасқырдай («Құлагер» поэмасы).*

*Жын ба екен, сайтан ба екен қаза болғыр,  
Қанды қол қастықпенен қағып өттің! («Құлагер» поэмасы).*

**ҚАНЖЫҒАҒА ҚАНДЫ БАСТЫ БАЙЛАДЫ.** *Жауды жеңді, жауыздан  
кек алды.*

*Тыншу болмас қалың қайрат қайнамай,  
Қанжыға қанды басты байламай,  
Қара жүрек, қара қошқыл қанменен,  
Үш тосарлы, қанды ауызды майламай (Арыным) (ҚТФС).*

**ҚАНЫ ҚАЙНАУ.** *Ызalandы, қатты күйінді.*

*Мұғалімнің мұндай ғазазылдық, азғындық қылығына қаны қайнасып, арба  
үстінде алдында жатқандай дүре салуға таянып тап-тап беріп кіжініп, дүрсілдете-*

дүрсiлдете Шалматайдың қонаққа шақырған үйiне келiп түскен («Жолдастар» романы).

– Жарайды-ау, Беке, жарайды...  
Әркім-ақ соны ойлайды.  
Ит пен құстың бәрі  
Қожайын болып барады.  
Басыңды байлайды  
Үстіңнен арыз айдайды  
Қожайын қылып бір қуды сайлайды...  
Осыған қаның қайнайды.  
«Осы үйде не жұма тұрсын, не мен тұрайын», –  
деп Қожанасыр айтқандай: (Жарқынбай, Беркінбай)

Талдырып, талықсытып, тамылжытып,  
Орғытып, орағытып баса өрлетіп.  
Қарқынды үн қан қайнатып, жүрек жұлып,  
Жан жалмап, көңіл тербеп, әсерлетіп (Тұңғыш тоғысу).

**ҚАНЫ ҚАС.** *Қарсы, өштес; жау.*

Герасимовтың бастауымен Екібаста істейтін большевиктердің жасырын ұйымы бар. Ол байларға қаны қас, төңкерісшіл («Жолдастар» романы).

**ҚАНЫ ҚАШТЫ.** *Қуарды, өңі бозғылт тартты.*

Бержабай жағасын ұстап «кұлқуалданы» ішінен қайырып отыр екен, әйелі Мұқсина тандырға пісірген нандай қаны қашып, көзі бажырайып қалыпты. («Жолдастар» романы).

Тегінде ит кемірген асықтай тығырайған қара қажы қаны қашып, қара пышақтай болған екен («Жолдастар» романы).

Көгеріп жатыр балуын қаны қашып,  
Көргеннің бәрі аясты, жаны ашып.  
Балуаны жыққан Арғын шуылдап жүр,  
«Аруақ қолдады» деп, көңілі тасып («Құлагер» поэмасы).

Осылай айтпағанмен ішінен сыр,  
Томсарып Батыраш кеп толғатып тұр.  
Кек қайнап, ыза кернеп, жауыққандай,  
Қалып тұр қаны қашып, сүлдесі құр («Құлагер» поэмасы).

**ҚАҢҚУ СӨЗДЕР.** *Орынсыз айтылған пікір, жаңсақ сөз, өсек.*

Өмірде бастырмастан көңілін өрге  
Кім еді ел талантын тыққан жерге?

Қыз емес, қар күш пен *қаңқу сөздер*  
Ертерек ер жүрегін көмген көрге! («Құлагер» поэмасы).

**ҚАҢТАРДАҒЫ БУРАДАЙ.** *Ашулы, қаһарлы деген мағынада айтылады.*

*Қаңтардағы бурадай*  
Екеуінің еттерің  
Жеуге дайын турамай,  
Қалш-қалш етіп біреу тұр (Дала) (ҚТФС).

**ҚАР ҚҰШАҚТАП, МҰЗ СҮЮ.** *Қыс көзі қырауда тұзде болды, ауыр азап көрді деген мағынада.*

Аязды суық боранда,  
Қалшылдап өстің сүмсііп.  
Таңды атырдың қораңда,  
*Қар құшақтап, мұз сүйіп* (Жас жалшыға).

**ҚАРА БҰҚАРА [ҚАУЫМ, ХАЛЫҚ]** көне. *Қанаушы топқа қарама-қарсы тұрған еңбекшілер, көпшілік жұрт.*

*Қара бұқара*, заман сендердікі болады. Осы күні сендер еңселеріңді көтеріп, елдік істеулерің мақұл («Жолдастар» романы).

**ҚАРА ЖАЯУ.** *Көліксіз.*

Білім біл, машинанды өзің жүргіз,  
Басшы бол бауырыңа еңбек сүйгіз.  
*Ауылда қара жаяу* бозбала кеп,  
Соларды машинаға бірге мінгіз (Алтын қазан).

**ҚАРА ЖҮРЕК.** *Рақымы жоқ, қан құйлы адам.*

Қырдағы қара сойыл бақандаған,  
Қалада *қара жүрек* қаһарлаған  
Тұсында сері болсын, пері болсын  
Ұнайды өмірімен Ақан маған («Құлагер» поэмасы).

«Алла!»-деп, ашып тұрған кеудесінде,  
Айнымай *қара жүрек* басты дәлдеп (Рүстем қырғыны).

**ҚАРА КҮН.** *Әбден жан қиналған, қиыншылық түскен кез.*

*Қара күн!* Қайғылы өлең лебіздегі,  
Кемені неге айтпайсың теңіздегі.  
Тарихтың тар кезеңі – тап тартыс,  
Өмірдің кеме емес пе негіздері (Ленин өлді).

Сол *қара күн* кезінде  
Елге сұлу бітіпті,  
Ай жүз, бота көзіне

Көзі түсіп тілмаштың,  
Жеткізіпті: «господа,  
Сізге лайық, лайықсыз  
Сізден сірә басқаға,  
Еліменен ұласты» (Дала).

**ҚАРА ТАНЫДЫ.** *Хат білді, сауаты ашылды.*  
Өзіме оқу оқытады,  
*Қара танып*, хат жазам,  
Әлеуметтің ұлы болып  
Ауылды бағам, басқарам (Тапанша) (ҚТФС).

**ҚАРА ШАҢЫРАҚ.** *Үлкен үй; тәрбие алған, ұшып шыққан ұя.*  
Нәзипаны аластап алып жүрген халық жетелеп жоғары әкетті. «Қажы әкесінің *қара шаңырағы*» деп, Қажен таздың үйін үш айналдырды («Жолдастар» романы).

**ҚАРАҢ ҚАЛДЫ.** *Қаңырап бос қалды, иесіз қалды.*  
Ол жыр еске салады,  
Ұлы сенің әніңді,  
Айлы түнде айдала  
Алыс қалған асықты,  
Адыра қалған жастықты,  
*Қараң қалды* айнала (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚАРАСАН КЕЛГІР!** *Сиырға айтылатын қарғыс.*  
Өк, көк өгіз! *Қарасан келгір*, қышынба!  
Сәйгелді ме алып тұрған қысымға?..  
Дәл басып тұр тұяғыңды аудармай,  
Балығыңның төбесінің тұсына (Өк, көк өгіз) (ҚТФС).

**ҚАРАСЫ КӨРІНУ.** *Көзге түсу, сырт тұлғасын көріп қалу.*  
Жылқы маңында екі-үш кісінің де *қарасы көрінді* («Жолдастар» романы).

**ҚАРАТҰЯҚ БОЛУ.** *Өсіп жетілу, есею.*  
Дарқан сол есікте төрт-бес жыл жан сақтап, *қаратұяқ болды* (Дарқан).

**ҚАРАША ҮЙ, ҚАМ КӨҢІЛ** көне. *Жоқ жітік, жүдеу өмір туралы айтылады.*

Жабайы, жүдеу өмір.  
*Қараша үйлер, қам көңіл*,  
Еңбегінде өнім жоқ (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚАРДАЙ ТОЗДЫРДЫ.** *Быт-шытын шығарды, тас-талқан етті.*  
Ескек желдей есе айдай,

Жауды қардай тоздыра,  
Күрес майдан, күш қандай,  
Қимылдады сол ауыл (Дала) (ҚТФС).

**ҚАРШАДАЙ БАЛА.** *Жап-жас, кішкентай бала.*

Әсіресе кешегі боқ мұрын қаршадай балалар бүгін Маркс, Ленин деп, көмейі суырылып, "пәлені қате, түгені теріс!" - деп талқылағанда, адамға біртүрлі ауыр тиеді екен (Мен қателескен екем).

**ҚАРШЫҒА КӨЗДІ.** *Өткір жанарлы.*

Жасы жетпіске келсе де атқа әлі баладай қаздып тіп-тік отыратын қаршыға көзді қара шалдың жанат бөрігі желкілдеп, салалы сақалы желпілдеп, өзі бураша шабынып, жыландай ысқырып тұр («Жолдастар» романы).

**ҚАРЫҚ ҚЫЛДЫ [ЕТТІ].** *Молшылыққа белшесінен батырды, кенелтті, жарылқады.*

Жанардың жанған жалыны  
Жердің жүзін жарық етер,  
Жарылқар жалшы-жарлыны,  
Жаңа жұрт жасар қарық етер (Жанар тау) (ҚТФС).

**ҚАС БОЛДЫ.** *Дұшпан болды, қатты араздасты.*

- Болысымыз қас болып, ауылымызды шауып... Осы күні он бір кісіміз абақтыда жатыр... («Жолдастар» романы).

**ҚАС ҚАҚҚАНША.** *Лезде, көзді ашып-жұмғанша.*

Бұ не деген керемет?  
Астық жерде тік тұрып,  
Қас қаққанша сыпырылып,  
Машинаға жұтылып,  
Бастырылад, еленед (Комбайн).

**ҚАС ҚАҚПАУ.** *Қыбыр етпеу, орынан қозғалмау, көз алмау.*

- Күндіз-түні қас қақпай белдеуде байлап отырғанымда қағып кеттің... Қапыда қалдым («Жолдастар» романы).

**ҚАС ҚАРАЮ.** *Кешқұрым уақыт.*

Ымырт жабылып, қас қарайып барады («Жолдастар» романы).

**ҚАС ҚЫЛМАУ.** *Дұшпандық істемеу; зарар келтірмеу.*

- Құдайдың қазасы, қас қылғанымыз жоқ, қойшы итке біз қорықтық істе деп айтпағанымызды өздеріңіз де білесіз... – деп жалынып-жалпайып аттандырды («Жолдастар» романы).

**ҚАС ПЕН КӨЗДІҢ АРАСЫНДА.** *Лезде, тез, жылдам, көзді ашып-жұмғанша.*

*Қас пен көздің арасында үшеуін де қып-қызыл шиедей қылып, серейтті де салды («Жолдастар» романы).*

**ҚАС-ҚАБАҒЫН БАҚЫЛАДЫ.** *Райына қарады, көңілін аулады, назарын бақты.*

*Сондықтан ол мәжілістің есік жағындағы елеусіз жерінде осы екеуінің қас-қабағын бақылаумен отырады («Жолдастар» романы).*

**ҚАЯУ [ҚАМ] КӨҢІЛ.** *Қайғы-қасіреті мол, сынық көңіл.*

Жолыққан аяулы атқа, ардақты ерге,

Неткен жан шыдай алар мұндай шерге.

Қашаннан қаяу көңіл сері Ақанға,

Қайғырған сияқтанды көк пен жер де («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ҚИҚАҢ САЛДЫ [ШЫҒАРДЫ].** *Ылаң салды, айтқанға көңісі келмеді; дау тугызды.*

Бесір келіп налогқа есеп алды,

Қараш «тегін болмас» деп уайымдады,

«Ел жайлауға шыққанша айдадың» деп,

Папашител Қарашқа қиқаң салды (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚИЯННЫҢ ҚИЫНЫНДА.** *Алыста, қол жетпес жерде.*

Қиянның қиынында тұрсаң-дағы,

Қиғаштап қанатымды қонам-дағы... (І. Жансүгіров).

**ҚОЗЫҚҰЙРЫҚ ҚЫЛДЫ.** *Діңкесін құртты.*

Баяулап, бәсеңдеді соғыс шуы,

Бұрқырап тау көбелеп шаң қуғаны,

Безеді тозғындаған қашқан шеркес,

Қылады қозықұйрық оны қуып (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚОЙ АУЗЫНАН ШӨП АЛМАЙДЫ • ҚОЙДАЙ ЖУАС • ҚОЙДАН ҚОҢЫР • ҚОЙДАН ҚОҢЫР, ЖЫЛҚЫДАН ТОРЫ • ҚОЙ МІНЕЗ.** *Момын; жуас адам.*

Дауылдат!

Дауыл, дабыл қақ!

Ұшықта!

Шалқыт, ұшыршы!

Ұшқыр, ұшта,

Дамылдат,

Ойдағы жерге түсірші!

Ойда бар

Білем...

Бейбіт ел;  
Онда бар,  
Білем...  
*Қой мінез*  
Ертерек сонда жетелік (Жел) (ҚТФС).

**ҚОЛ АСТЫНДА [ҚАРАҒАЛЫ].** *Қарамағында, билігінде.*

- Е, ақ патсаның әділ баласы жас патса! Біз сіздің қол астыңызға қарағалы бір дәуір заман өтті (Шайтанарба).

- Жарайды, оның қылығына сен жауапты болсаң өз қол астыңа берейін, - деді («Жолдастар» романы).

**ҚОЛ САЛУ.** *Күш көрсету, басыну.*

- Ат бере алмаймыз. Ат та, жігіт те бере алмаймыз. Бұрынғыдай қолы біліп, қорамызға қол салуды қойсын. Жай-жайына аттансын. Болмаса, біздікі сойыл, олардікі мылтық қой, соғысқа шықсын («Жолдастар» романы).

**ҚОЛ ҰШЫН БЕРДІ [ТИГІЗДІ].** *Қолғабыс етті, көмек көрсетті, жәрдемдесті.*

Отауының орны сол:  
Тәрбие-тәлім еліңе  
Болсын отау, отырсын.  
Қабаржыма, қалың қол  
*Бергелі тұр қол ұшын* (Беташар) (ҚТФС).

Енді шынай кеңесшіл өкімет сіздер секілді ауылдың кедейлеріне қол ұшын бермек («Бадырақ» романы).

Тұрсының жарар әжетке.  
Күйінді көрер басшы бар.  
*Қол ұшын берер «қосшы» бар.*  
Қош! Тапсырдым советке! (Аттанған азамат).

**ҚОЛ ҰСТАСТЫ.** *Бірікті, тізе қосты.*

Жан далбасамен осы қырық үйдің адамы қол ұстасып, Ертіске құлап кетті. Тамақ іздеп тентіреді («Жолдастар» романы).

**ҚОЛ ҮЗДІ.** *Сырт қалды, тыс қалды, тастап кетті.*

Осылардың бәрінен қол үзін, өзімді-өзім осы күн ауылдың тұзағына түсуге не үшін қолымды мен байлап берем? (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚОЛҒА АЛУ.** *Бел шеше кірісті.*

Істі басшы қолға алды,

Қате қатты сыналды.  
Өлке бойын жол қылған,  
«Өрт жіберме тез сөнсін» (Басшы).

**ҚОЛТЫҒЫНА КІРДІ.** *Паналады, қорғаланд, ығына кірді.*  
Табақтас Ықшылабай мен Жапар қалды.  
Орнына Жарқынбай боп жаңаланды.  
Түлкідей Ықшекеңнің бұлаңы бар,  
Жақындап қолтығына кіріп алды (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚОЛЫМЕН ІСТЕГЕНДІ МОЙНЫМЕН КӨТЕРДІ.** *Өз күнәсін өзі көтеріп, жұртқа ауыртпалығын салмады.*  
*Қолымызбен істегенді мойнымызбен көтеріміз де; не қылсаңыз да біз өз нашарыңыз («Жолдастар» романы).*

**ҚОНЫШЫНА ТЕҢГЕРМЕДІ.** *Адам гұрлы көрмеді, менсінбеді.*  
Аман ел аумай жатқан қонысында,  
Жетеді менмендікке сонысы да.  
Қарада өркөкірек болмай ма екен?  
Төрені теңгермейтін қонышына (Күйші) (ҚТФС).

**ҚОР БОЛДЫ.** *Азап көрді, сорлап қалды, азапқа батты.*  
- Сендер надансыңдар, қазақтың ғылым, білімге ұмтылмай, қор болып жүргені осы қылықтарың! («Жолдастар» романы).

**ҚУ [СОР] МАҢДАЙ • ҚУ ШҰНАҚ.** *Жазған сорлы, азабы арылмаған сорлы деген мағынадағы кейіс сөз.*  
Қуарған!  
Мұқан Қолыңды әкел, қу шұнақ!  
Қош, құрыған аруақ!  
Қош, қу қоныс.  
Бұйырмаған топырақ (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚУ АУЫЗ.** *Өсекші, жылпос адам.*  
Дәукен қатын-қалаштың арасына кіргенде күндесті күндеске шағыстырып тасқаяқтай қағыстыратын қу ауыз («Жолдастар» романы).

Жеткізді Батырашқа бір қу ауыз,  
«Құлаға бөктерілер Көк»-дегенің («Құлагер» поэмасы).

**ҚУ ДАЛА.** *Мекенсіз жапан тұз, сары дала.*  
Қаулаған өрт, заулаған от көптен жауын тамбаған қу далаға ойнақты салып берді («Жолдастар» романы).

**ҚУ ЗАМАН.** *Кері кетіп, азып-тозған кезең.*  
Алған-берген,  
Қалған-өлген,  
Шым-шытырық қу заман (Шым-шытырық»).

**ҚУ ҚОНЫС.** *Құтсыз, бақыты жанбаған, ырысы бұйырмаған мекен.*  
Қош, қу қоныс.  
Бұйырмаған топырақ (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚУ МҰРТ.** *Селдір мұрт.*  
Шүйке шал, аузы ұрадай опырылған.  
Су мұрын, қу мұрт, ұрты шұқырайған.  
Боз бура бір күндегі тасқа шегіп,  
Шал отыр қу қайында мықырайған (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚУ МҮЙІЗ КІСІ.** *Көпті білетін, жағдайға қанық, кәнігі пысық./Әкімшіл, мансапқор қу.*

Қызылжардың Сүлеймен, Сыдығы – бәрі де өңшең қу мүйіз саудагерлер, қойлы көпестер («Жолдастар» романы).

**ҚУАНЫШЫ ҚОЙНЫНА СЫЙМАУ.** *Қатты сүйінді, қуанғаннан жүрегі жарылып кете жаздады.*

*Қуанышы қойнына сыймағандай, қабағы ашық, көңілі семіз (Нұрша).*

Бұлардың қуанышының қойнына сыймайтыны осыдан. Жоқшылыққа жүдемей, тапшылыққа тарықпай қабағын жарқыратып, көңілін семіртіп Нұршасының қызығын қызықтап отырған жайы бар бұлардың (Нұрша).

**ҚУДАН ҚЫРАҒЫ, ҚҰЛАННАН ҰШҚЫР.** *Өте епшіл, әбжылан адам туралы айтқан.*

Қазақтың ішінен де төңкеріс түсінігіне ие болған қудан қырағы, құланнан ұшқыр лениншілдер шығып, коммунистермен бірге қазақ шылбырынан ұстады («Бадырақ» романы).

**ҚҰДАЙ ЖАРЫЛҚАДЫ.** *Жолы болды, ісі оңға басты. Сәті түсті.*

Бір мезетте Құдай жарылқады, ақ моншаның қарны жарылды. Жалғыз тесік жылт етіп ашыла кетті. Апыр-топыр көк бөрідей тесікке таластық (Жалаңаш жиылыс).

**ҚҰДАЙЫ ҚОНАҚ.** *Аяқ-асты жолаушылап келіп қалған қонақ.*

- Құдай қонақ едік, жолаушымыз...

- Түсіңіз.

Шылбырларды шұбар алды;

Маймаңдап үйге таман келе атырмыз (Тұңғыш тоғысу).

**ҚҰДАЙ ТӨБЕДЕН ҰРДЫ.** *Алланың қаһарына ұшты, тәңір атты.*  
- Тұр, жүгермек! *Құдай төбеден ұрды!* («Жолдастар» романы).

**ҚҰДАЙДАН МОЙНЫНА БҰРШАҚ САЛЫП СҰРАП [ТІЛЕП] АЛДЫ • ҚҰДАЙДАН ТІЛЕП [СҰРАП] АЛДЫ.** *Діни. Құдайға мал, жан атап жүріп тапты.*

Жамал қыз ед, қыздың шолпан жұлдызы ед,  
Шашы қолаң, қасы қара құндыз ед.  
*Бұршақ салып тілеп алған Құдайдан,*  
Есекеннің ұл қып сүйген бірі қызы ед (Бұлақ бойында) (ҚТФС).

*Мойныма бұршақ салып өткен күнде*  
Осындай ел болуын тілегенмін.  
Күніміз әлемді алсын жарқылдаған,  
Үніміз жерді жарсын саңқылдаған (Шаттық жыры).

**ҚҰДІРЕТІ КЕЛДІ.** *Күші жетті, билігі жүрді, қолынан келді.*  
Па, шіркін, *құдыретім* бұған келсе,  
Мұқтаж боп қалар еді бұл да менше.  
Жел, қымыз, жұлдыз, шуақ, от, су болсам,  
Бұл менен айырылар ма ед өмірімше (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚҰЙРЫҒЫН СЫРТҚА САЛУ.** *Тайқып шыға келу, дұрдараздық білдіріп, томсару мағынасында.*

Досайдың «үйіме ит келді-ау, кісі келді-ау» демей, жерін жеп алған соң *құйрығын сыртқа салуы* Ыдырыстың көңілін ит тырнағандай қылды. («Жолдастар» романы).

Досай Ыдырыстан «бұйымтайың не?» деп те сұраған жоқ, өзі бүркітін жемдеп, ауылдың балаларына, жалшыларына ақырып, жаратып отырған бәйге аттарын суғартып, шаруаның адамысып, *құйрығын сыртқа сала* бастады («Жолдастар» романы).

**ҚҰЙРЫҒЫН ҰСТАТПАДЫ [ШАЛДЫРМАДЫ].** *Қулықпен қолға түспеді, тұлкі бұлғаққа салды.*

Осы күні заманның өзі түрлі-түске түсіп, құбылып, *құйрығын ұстатпай бара жатыр* («Жолдастар» романы).

**ҚҰЙРЫҚ ТІСТЕП [ТІСТЕСІП] КЕЛДІ.** *Қатар жарыса, бірінің-бірі ізін баса жетті.*

Жер бетін қағып ұштан құстай шүйгіп,  
Адақтап барған сайын шықты жүйрік.  
Төртеудің мың үш жүзден мойны озып,  
Құлагер келе жатты *тістеп құйрық* («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ҚҰЛАҒЫ ЕЛЕҢ ЕТЕ ТҮСУ.** *Оқыс құлақ тігу.*

Құсайын құлағы елең ете түсті («Жолдастар» романы).

**ҚҰЛАҒЫН САЛУ.** *Көңіл қойып тыңдады, зейін қойды, елеңдеді, елегізі тыңдады, құлағына құйып алды.*

Сатан бұлардың сөзіне араласпай, тек құлағын салып, құрғап қалған таңдайын шайға жібітіп, ыстық суды сораптай берді («Жолдастар» романы).

Аяпберген шайды сораптап ішіп, газет оқығандардың сөзіне құлағын салып отыр («Жолдастар» романы).

«Бұл не?» - деп құлақ салсам, қыным мен пышағым күңкілдесіп ұрсысып келеді екен (Жүз ауыз өтірік айтқан тазша).

Қыңсылап адасқан ит, тай кісінеп,

Дауысқа құлақ салдым құрайлаған.

Жөңкіліп сағымменен көшкен бұлттай

Өзеннен бір көш шықты мұнарланған (Көш-жөнекей).

Бұл сарынды шалғандай,

Жұмсақ жұмды қос көзін

Сарынды ұстай алғандай,

Салды құлақ шал мынау (Дала).

Мен дауасын айтайын:

Құлақ салып тыңдасаң,

Тойыңды жеп қайтайын

Егер мені сыйласаң (Күй).

Құтты болсын айтамын,

Алыс пенен жақынға;

Бір шығарған дабысың

Жетсін дұспан, досыңа!

Құлағың сал даусыма (Дала).

Шер даусы ен далада шықты қатты,

Түн, дала, ел төсекте тыңдап жатты.

Құлақ сап қырда қоян, қорада қой

Жылқылар жайылыста ішін тартты («Құлагер» поэмасы).

**ҚҰЛАҚ АСПАДЫ.** *Ұқпады, елемеді, тыңдамады.*

Дарқан ойлағанын істеп шығатын, бір беткей еді: «қой» деушілердің сөзіне құлақ аспады (Дарқан).

**ҚҰЛАҚ ҚОЙДЫ.** *Тыңдады, назар салды.*

Е, қайдан? – деп Мәмбет те Шақшайға құлақ қойды («Жолдастар» романы).

**ҚҰЛАҚ ҚҰРЫШЫН ҚАНДЫРУ.** *Әбден естіп мейірлене, айызы қана тыңдайық мағынасында.*

- Ояз шақыртты. Оязға мұның үстінен жамандаған арыз түсіпті. Мұны түріктердің пайдасына жасырын ақша жиып, сөз таратып жүрген қашқын адам деп көрсетіпті. Содан ұсталып келеді, - деп Құсайын жүріп кетті. Етікке берген қағазды алып тұрып, Сатан байға бір ауыз батыл сөз сөйледі.

–Айтыңыз, батыр, *құлақ құрышын қандыра!* – деген Стакудың сөзін өзге жігіттер қоштады («Жолдастар» романы).

### **ҚҰЛАҚ ТІГУ//ТҮРУ.** *Зейін салу, тыңдау.*

Халық көп тосты. Шұрылға *құлақ тігіп*, шүмекке табынып көңілсіз бола бастады (Жаланап жиылыс).

Күнренген бір мұнды күй даланы алды,  
Табиғат тып-тыныш бола қалды.  
Қырдан қоян, құлан *құлақ тігіп*,  
Қамыстан жолбарыс та ыңыранды (Күйші).

Хан орда, хан тағында, жайнап көркі,  
Күй болып, ұйып отыр есі-дерті.  
Отырған *құлағын сап*, құлай тыңдап,  
Кенеген үн бір сарын, күй біркелкі (Күйші).

Тұйық топ *түрдік құлақ*, тұра талдық,  
- Өзгені, «Қырғауылды» айт, сұрамалық!  
Самайдын сары өзендей саулап аққан  
Ақын да терін сүртті тұра қалып (Тұңғыш тоғысу).

### **ҚҰЛАҚҚА ҰРҒАН ТАНАДАЙ.** *Тып-тыныш, жым-жырт.*

Ақын аңыратып отыр. Жиылған жұрт *құлаққа ұрған танадай*, меңірейіп құлақ қоюлы («Жолдастар» романы).

### **ҚҰЛАҚТЫ САСЫТТЫ.** *Мезі қылды, айта-айта жалықтырды.*

Бүгін бұл жерде, ертең ол жерде «басып кетті», «жарып кетті» хабарға *құлақ сасыды* (Шайтанарба).

### **ҚҰЛАН ИЕК//ҚҰЛҚЫН СӘР.** *Таңның атуы.*

Шырт ұйқыда жатқанда  
Шырылдады торғайым.  
Ұйқыны ашты, оятты.  
*Құлан иек, құлқын сәр*  
Құрылып торғын шымылдық (Күн шыққанда).

**ҚҰЛАН ТАЗА//АЙЫҒУ//АРЫЛДЫ.** *Әбден айықты, ауру-сырқаудан мүлдем ақаусыз жазылып кетті.*

"Гражданин Қондыбай баласы Жайлаубекте дерт те жоқ, дербез де жоқ, құлғана да жоқ, мерез де жоқ. *Құлан таза*", - деп мөрлеп, номерлеп справка береді (Жайлаубектің жауыры - аурудың ауыры).

Жайлаубек сорлы тағы да емсек "қамқорына" барған шығар, *құлан-таза* деген қағазды фельдшердің алдына жайып салған шығар (Жайлаубектің жауыры - аурудың ауыры).

### **ҚҰЛАНЫҢ ҚАСУЫНА МЫЛТЫҚТЫҢ БАСУЫ [ДӘЛ КЕЛДІ].**

Автор фразеологизмнің бір компонентін өзгертіп қолданған (Қасуына/қашуына). Істің орай келгенде, сәті түскенде деген мағынада айтылады.

*Құланның қашуына, мылтықтың басуы* кез келіп, Ыбырайымның Көмешке келуін жаратпайтын Шеркес Қали картаға келіп киліге кетті («Жолдастар» романы).

### **ҚҰЛАШ ЖАЗДЫ [ЖАЙДЫ].** *Өріс алды, кең тарады.*

Қор құйылды далаға,

Миллион-миллион сомалар.

*Жазды құлаш* жаңа өмір-

Социалдық шаруалар (Таныңдар) (ҚТФС).

### **ҚҰМАЛАҚ САЛДЫ.** Жорамалдады, сәуегейлік жасады.

Қажы, хазіретпен қымыз ішіп, ет жеп, мырза, байбатшалармен карта ойнап, арақ сіміріп, бәйбішелерге *құмалақ салып*, келіншектердің тамырын ұстап шолак ем-дом да қылып жүретін еді («Жолдастар» романы).

### **ҚҰМЫРСҚАДАЙ ҚАЙНАДЫ [ҚҰЖЫНДЫ, ҚАПТАДЫ, ҚЫБЫРЛАДЫ] • ҚҰМЫРСҚАНЫҢ ИЛЕУІНДЕЙ ҚҰЖЫНАДЫ [ЖЫБЫРЛАДЫ].** *Толып кетті, өріп кетті.*

*Құжынап құмырсақдай* сала-сала,

Мұнда жоқ қатын-қалаш, бала-шаға.

Ояздың тәртібімен иірілді жұрт,

Бодам ел «тақсырлаған» жақ аша ма? («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

Ұзын күнге *құмырсақдай қайнап*, қайшыласқан халық қонаға зорға тарайды («Жолдастар» романы).

Жаздай *құмырсақаның илеуінде*й қыбырлап, құрттаған жәрмеңкенің саудасы бітіп, базары тарай бастады («Жолдастар» романы).

### **ҚҰНЖЫҢ ҚАҚТЫ.** *Зыр жүгіре, іске әлінше кірісті.*

Құлдар *құнжың қақты*,

Күндер ыржың қақты.

Алашты айдап, ақты қуды,

Дала елінің бақыты туды (Бүгінгі дала) (ҚТФС).

### **ҚҰНЫН КЕСТІ/ҚҰНЫ КЕСУЛІ.** *Бағасын белгіледі, кесімін айтты.*

Ұрғашы қойдың өсімін және санайды. Ақ вексілмен *құны кесулі* тұр («Жолдастар» романы).

**ҚҰР АЛАҚАН.** *Дәнеңесіз, ештемесі жоқ деген мағынада.*

Лермонтов болмағанмен біздің Ақан,  
Кісі ме ед ақындықтан *құр алақан?*  
Ортасын олқы көрген бұл да дара,  
Имеген иттерге бас сері, дарқан («Құлагер» поэмасы).

**ҚҰРБАН ЕТТІ.** *Жанын қиды, пида етті, садақа қылды.*

Жолыңа жаным *құрбан етер едім,*  
Көңілімді бір тыңдырсаң құмарланған.... («Жолдастар» романы).

**ҚҰРБАН ШАЛУ.** *Аруақты атап мал сойды.*

*Құрбанға шалған* қошқарлар,  
Қуып жүр молда, қожаны (Өлген молданың өсиеті)

Қырып жеп, түсте бір қой, кеште бір қой,  
Күніне екі малдан *құрман шалад* (Бейсенбек болыс)

**ҚҰРҒАҚ СӨЗ.** *Бос, мәні жоқ сөз.*

«Кәзит», «қаулы», «құрылтай»,  
«Хурият та, бостандық!» ...  
*Құрғақ сөзге* халық бай  
Қураған, әлі қураған! (Дала)

**ҚҰРДАЙ ЖОРҒАЛАУ.** *Аяғынан тік тұрып, қорқып, именіп қызмет қылды.*

Елдің түрін көрген Асылбек *құрдай жорғалап*, халыққа жалпақтап, жалынып тұр («Жолдастар» романы).

Орыс отаршылдығының орасан саясаты қазақшылықтың қабырғалы саясатын жұлып жеп, торғайдай тоздырумен болды. Осындай отар шеңгелін қатты салып жіберген патша өкіметі елу-алпыс жылдың ішінде-ақ жергілікті халықты құлдай қорғалатып, *құрдай жорғалатты* («Бадырақ» романы).

Тәжи *құрдай жорғалап* жерге кіріп кете жаздады («Жолдастар» романы).

Бірақ бұлардың жақсы жері - ел ішіндегі Жуан жұдырық пен байды басып, *құрдай жорғалатқан* («Бадырақ» романы).

**ҚҰРТ ЖЕГЕН ҚҰБА СӨҢКЕЛ СЕКІЛДЕНДІ.** *Ақын бұл жерде қайғыдан күйрей, езіле бүк түсуді айтып отыр.*

Құланың қайғысынан қатып-сеніп,  
Қурай боп екі-үш айда қалған шөгіп,  
Құлауға құйын соқса оп-оңай тұр,  
*Құрт жеген құба сөңкел секілденіп* (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚҰРЫҒЫ ҰЗЫН.** *Әмір-билігі күшті, жұмсар қолы көп.*

- Кетпегенде... патшаның *құрығы ұзын...* Ахметжан кімнің шікіресі? Не болыстың баласы емес, не сауда қылмайды, оқығаны тағы жоқ,- дейді қыз («Жолдастар» романы)

**ҚҰСТАЙ ҰШУ.** *Жүрісіне көз ілеспеді, зымырады.*

Бадырақ *құстай ұшып* барып мың қойды қоралап жүр. Мырзағұл ауылын солдаттар астаң-кестеңін шығарып шапқанда, Бадырақтың ойына келгені осындай қарбаласта қой жоғалар ма екен, болды («Бадырақ» романы).

**ҚҰТ КІРДІ//БІТТІ//ДАРЫДЫ.** *Береке-бақ орнады.*

Бұл хабарды алған соң дуанға да *құт кірді* («Жолдастар» романы).

**ҚҰТТЫ БОЛДЫ.** *Ырыс әкелді, ақжолтай болды.*

Тақымы *құтты болып,*

Құлагер қосқан сайын бәйгі алатын («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ҚҰШАҚ ЖАЮ.** *Шын ықыласы түсіп, кең пейілмен қарсы алды.*

Тау саған тебіренбес тигеніңмен,

Арсылдап *құшақ жайып* күйгеніңмен.

Күйігің күйігімен күшті болды-ау,

Мен саған келмегенге сүйгеніммен (Қара теңіз).

*Құшақ жайып* бәріңе,

Мал иесі ерім деп,

Қош келдіңіз ерім деп

Қол қусырып тұрайын! (Топ алдында)

Жаудың қайдан екенін,

Жаңа білдік десті де,

*Құшақ жайды* екеуі,

Жұрт екіге жарылды (Тап құшағы).

Егер Шалматай қиыстанса, ақсұр ат Досай қолына өмірге тимеуіне Шалматайдың қолынан келіп тұр. Осыны сезген Досай Шалматайға *құшағын жаюдан* басқаны ойына келтірмеді («Жолдастар» романы).

**ҚЫЗДЫҢ ЖИҒАН ЖҮГІНДЕЙ [ЖАСАУЫНДАЙ].** *Қыз қолынан шыққан дүниедей сәнді, тәртіпті, жинақы.*

Әлгі шаруашылықтың бәріне бұты-қолын созып бір қала жатыр. Қаланың іші-сырты - *ұзатқан қыздың жасауындай* сәнді («Бадырақ» романы).

**ҚЫЗЫҒЫН КӨРДІ.** *Игілігін, рақатын көрді, пайдасын тамашалады.*

- Олардың адамы осы күнде сендердің орталарыңда отыр...Анау *қызығын көріп* отырған екі қарындастарың сол кісілерден болады, - деді («Жолдастар» романы).

**ҚЫЗЫЛ КЕҢІРДЕККЕ ТҮСТІ//ҚЫЗЫЛ КЕҢІРДЕК БОЛУ.** *Таласып дауласты, керілдесті, жанжалдасып керісті.*

Осылай қырқысып, *қызыл кеңірдек болып* жатқынымызда, ат жақты, ашан сары кимелей кетті:

-Тәртіп сақтаңыз! - деп, оған бажырайыстық (Жалаңаш жиылыс).

Рас болса не тұрыс?

Өңшең *қызыл кеңірдек,*

Өктем-өктем сөз сөйлеп,

Бір-бірінен қалыспай (Кәнпеске).

Әсіресе жас тоқал ұйымдастырған мұндай мәжілістің бірін екі қылып, қылға тізіп жұртқа жариялай жүруді бәйбішелер кәсіп қылатын Шалматай Фазылды жақтап, оны жамандағандардың сөзін өрге бастырмай *қызыл кеңірдекке түсті* («Жолдастар» романы).

Біз қараңғы адам, жарықтықтардың не айтқанына зейініміз жете ме, екеуі тіпті бірін-бірі ұрарманға келісіп, *қызыл кеңірдек* болып кете барды («Жолдастар» романы).

Сөйтіп, кез келгені керілдеп сөйлеп, *қызыл кеңірдек болып*, талқыласып жатты («Жолдастар» романы).

**ҚЫЗЫЛ ҚАРЫН, БҰТЫ ШЫТ.** *Көне. От басында елеусіз жүрген, бағып-қағуы кем ойын балалары туралы айтылады.*

Қара қи қалап от жанса,

Жылынар бала жыбыршып,

Бүрсеңінен жазылар

*Қызыл қарын, бұты шыт* (Біздің күз) (ҚТФС).

**ҚЫЗЫЛ ӨҢЕШ.** *Даукес, сөзуар.*

Тарлықта тастап,

Сырдан ойқастап,

Жадағайда құр жалтақ.

*Қызыл өңеш, қу құлқын,*

Бұздыңдар ғой ел шырқын (Қалпымыз).

**ҚЫЗЫЛ СИРАҚ [КЕДЕЙ].** *Сіңірі шыққан жарлы, кедей.*

Мінген атым – Түркісіб,

Ту түтінім бұлықсып,

Қуанам, келем ауылға,

*Қызыл сирақ* кедей жоқ,

Қара лашық, жер үй жоқ,

Қырық найзалы жауында (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

От жағып, ет пісірген міне біреу,  
Бүрсендеп *қызыл сирақ* дір-дір қағад (Күйші).

Сатан үйінің *қызыл сирақ* отырғаны қалай жанына батпайды («Жолдастар» романы).

Қайтсін, бәрі де табан ет, маңдай терімен күнелткен *қызыл сирақ* кедейлер ғой байғұстар («Жолдастар» романы).

**ҚЫЗЫЛ ТАБАН БОЛДЫ.** *Табанынан таусылды, көп жүріс көрді.*  
"Аруақ" деп, "алдалап!"  
Кетті шұбап, күңірене,  
...*Қызыл табан болды* үркіп (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚЫЗЫЛ ТІЛ.** *Шешен, орамды, жүйрік тіл.*  
Хақ сөйле, *қызыл тілім*, адал сайрап,  
Тапсырдым бар ойымды саған арнап.  
Көңілім, арам ойлап алаңдама,  
Алмаққа біреуді алдап, біреуді арбап (Өзіме).

**ҚЫЛ КӨПІР.** *Діни ұғымда ақыр заман, қиямет-қайым деген мағынада айтылады. Қиыншылық, тар кезең.*

Сонда да қоя берші бір түртейін,  
Бір түртіп бүйірінен өкіртейін,  
Құрғырды Құдайынан бұрын алып,  
Ертерек *қыл көпірден* секіртейін (Шошқа).

**ҚЫЛАҢ САҚАЛ.** *Ақ шалған сақал.*  
Баса айттырды бай төбет,  
Көп «сұңқарға» сыңар қып.  
*Қылаң сақал* шандыр шал  
Күйеу болды күркілдеп,  
Жиіркеніп ең жылан қып (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚЫЛАУ ҚҰРЛЫ КӨРМЕУ.** *Менсінбеу, көзге ілмеу.*

Арысқа түсіп алысқанда жауырыны жерге тимей жүрген, кеудесі есіктей, балтыры бесіктей балуан, құлама жарлауыт қабақ астында от ойнай біткен қой көзі кедейліктің неше алуан езгісінен, жалшылықтың жаншуынан жасқанып, *қылау құрлы көретін* емес («Бадырақ» романы).

**ҚЫЛДАЙ БӨЛУ.** *Тең етіп бөлу.*

Қалған шайды Мұқсинаның ағасы Шәкір абзи бит базарына шығарып сатып, шыққан ақшасын жігіттер арасында *қылдай бөлетін болды* («Жолдастар» романы).

**ҚЫЛШЫҒЫ ҚИСАЙМАДЫ.** *Ештеңесі шығын болмады, дәнеңесі кетпеді деген мағынада.*

Ауылдың бейлі биыл кең,  
Өйткені малжан дін аман,  
*Қисаймай* шықты қылшығы  
Қысыңнан да қысаған (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚЫНАЛЫ БАРМАҚ, ЖЕЗ ТЫРНАҚ.** *Қан жылады, жоқтап, құса болды.*  
*Қыналы бармақ, жез тырнақ,*  
Күн өтті, қанға бояйын.  
Албыраған ақша бет,  
Сүйгеніне таяйын («Құлагер» поэмасы).

**ҚЫР КӨРСЕТТІ.** *Айбат қылды, доң жасады.*  
Дурығып қарсы жақ та қобырасты,  
Балуанын шешіндіріп дабырласты,  
"Тез шығар, балуаныңды!"-деген дауыс,  
Атойлап, *қыр көрсетіп*, жамырасты (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚЫРАН КҮЛКІ БОЛДЫ.** *У да шу, қатты күлді, жаппай күлді.*  
Жымда күліп қойған адамдарға жаза тарттырып, өлең айттырып, *қыран күлкі болысты* («Жолдастар» романы).

**ҚЫРҒИДАЙ ТИЮ.** *Шабуылдау, жаулап алу мағынасында.*  
*Қырғи тиген* торғайша,  
Ойда, қырда, тау, таста,  
Қасқыр шапқан көп қойша  
Қырғыз, қазақ қырылды (Дала).

**ҚЫРҒЫНҒА ҰШЫРАДЫ • ҚЫРҒЫН ТАПТЫ.** *Опат болды.*  
Жасынан билік айтқан майталманға, Ылайық Олжабайдың бір ұлы еді.  
Ауылы *қырғын тауып*, қызы олжа боп, Ұлы өлсе Олжабайдың құруы еді  
(І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҚЫРЫҚ АЯҚ СУ.** *Бұл жерде ақын нөсер жауынды әсірелеп айтып отыр.*  
Мұрыны Мұзбалақтың көкте мүлгіп,  
Ақтасты аспанға әдей тірелгендей.  
Қар кете қарлы аланы қақ айыра,  
Қаптағай қаптай көшед  
Бүйенді өрлей.  
Түйірлі бұршақ нөсер ұшықтайды,  
"Ши ұшық", "*қырық аяқ су*" жібергендей (Жетісу суреттері) (ҚТФС).

**ҚЫРЫҚ ПЫШАҚ БОЛУ//ҚЫРПЫШАҚ БОЛУ.** *Таласып, тартысты, араздасып, ала ауыз болды.*

Түскен жан сондай күйге сұм жалғанда  
Ескеріп енді ойлансақ тегін жан ба?  
Қыңыр жан қырық кісімен *қырпышақ боп*  
Ел таппай өте берген неге арманда? («Құлагер» поэмасы).

**ҚЫС ЫЗҒАР, ЖАЗ ШАҢ ТИМЕДІ.** *Қиыншылық көрмеді, жаны қиналмады.*

*Қыс ызғар, жаз шаң тимес,  
Алатаудың аруы ем,  
Қараның қаны – бекзат ем.  
Сол басымнан күн өтті (І. Жансүгіров) (ҚТФС).*

**ҚЫСЫР ӘҢГІМЕ.** *Берекесіз, түйінсіз, ерікпеннен айтылатын бос сөз.*  
Бұл болмаған соң, сөйленіп жүрген «бостандықтың» бәрі де бізге қызыл сөз,  
*қысыр әңгіме* сияқтанды (Дарқан).

**ҚЫТЫҒЫНА ТИЮ.** *Ашуын келтірді, намысына тиді, шабына түртті.*  
Омарлар альбомнан айырылып, салы суға кетіп тұрып қалды. Біреулердің  
*қытығына тиіп*, мұрнын тыржитты («Жолдастар» романы).

## Л

**ЛАҒЫНЕТ АЙТТЫ.** *Қарғыс айтты, сөге қарғады.*

Оның істейтіні – жұма сайын жұртқа о дүние туралы уағыз сөйлеу, тамұқпен қорқытып, ұрмақпен қызықтыру, қажыларға қонақтан-қонаққа жүру, дау-шарлы мәселеге пәтуа беру, домбыра тартып ән салуды күнәға жазу, көңіл көтеріп ойнаған жастардың жиылысына *лағынет айтып* тараттырып жіберу, жас әйелдердің еркекке араласпай аулақтануына насихат айту («Жолдастар» романы).

**ЛАҢ САЛДЫ.** *Дүниені бүлдірді, насырға шаптырды.*

Жапарды, дейді, «ескермей» қатуланды,  
Ірітіп ел арасын *лаң салды*.  
Біздерге ауыз ашар күн болған жоқ,  
Сүйтті де саясатты бұзып алды (Ықшылбай).

**ЛАП БЕРДІ [ЕТТІ, ҚОЙДЫ, ҰРДЫ]** 1. *Лезде тұтанды, жанды; бұрқ етті.* 2. *Тұра ұмтылды, бас салды, легімен қаптап кетті.*

Аяғы бұраң қағып, бота маймақ,  
Айтпақтың күреңі өтті: «Төлебайлап».  
«Шормандап» кәр, шор аяқ бурыл өтті.  
*Лап ұрып*, қозып кетті, жұрт айғайлап («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ЛӘЙЛІП ОТЫР.** *Жағасы жайлауға кетіп, мас болып отыр.* (Мәз-мейрам сөзінің теріс мағынасы да келеді).

«Шорманның Оқасы» деп шапты апталап,

Бір үйді қырғыз алды – Шабдан манап;  
Оязы Қараөткелдің Измаилов  
Бір үйде *ләйліп отыр* ішіп арақ («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

## **М**

**МАЗА КЕТТІ • МАЗА КӨРМЕДІ • МАЗАСЫ КЕТТІ • МАЗАСЫНАН АЙЫРЫЛДЫ.** *Тыныштық қашты, кетті (таппады); береке қашты, көңіл тыныштығы қашып, ығыры шықты.*

Жалындап, жанын өртеп сарылған күй,  
Қалқылдап қызға қатты жалынған күй,  
Ерте-кеш *маза көрмей*, маза бермей,  
Аһылап арманыңда жарылған күй (Күйші) (ҚТФС).

**МАЙДАБИКЕГЕ САЛДЫ.** *Маймөңкеледі, жігін жатқызды.*

Құсайынды көрген соң, қу құйрық Шалматай әңгімені ушықтырмай *майдабикеге салып*, бұл шіркінің дәм татқан құдыққа түкіргеніне өкпелегендігін айтқанда, «Оны енді Құсайын араласқан соң тастадым» деген («Жолдастар» романы) (ҚТФС).

**МАЛДЫҚТАН КЕТТІ.** *Мал болудан қалды.*

Мынаны көрдің бе, *малдықтан кетіпті.*

Таң түбіне жетіпті.

Ыстық қойып, қолқаға шаптырып,

Өкпесінен әрі әбден өтіпті (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**МАЛЫНАН ҚҰРЫҚ, БАСЫНАН СЫРЫҚ КЕТПЕДІ.** *Зорлық-зобылық көрді, тежеу, қағажу көрді.*

Елдің *малынан құрық, басынан сырық кетпеді.* Ел ішіндегі жуандар жұмыла атқа мінді («Бадырақ» романы).

**МАУҚЫН БАСУ.** *Құмары қанды, көңілі көншіді.*

Сатан әнінен кейін мәжілістегілердің *мауқы басылғандай* ешкім селт етіп көтеріле алмады («Жолдастар» романы).

**МӘЗ [МӘЗ-МЕЙРАМ] БОЛДЫ.** *Шат болды; қуанып қалды.*

Халқыңның сырын өзін білесің де,

Ісіне күйесің де, күлесің де,

Қаласың кейде кейіп, кейде *мәз боп*,

Әйтеуір сол халықты сүйесің де («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**МӘСЕЛЕНІ БҮЙІРІНЕН ҚОЙДЫ.** *Бұл жерде турасынан, тікесінен деген мағынада.*

Ыза боп көне күйдің күйігінен,

Бөленіп кетсем өскен үйірімнен.

Шындықты шыңнан іздеп шыққан жолға,

*Қойғам да мәселені бүйірінен (І. Жансүгіров) (ҚТФС).*

**МӘУЛЕТ БЕРДІ.** *Қажетке асыруға мөлшерлі, мерзімді уақыт берді.*

Егер жазылсақ түгел жазылайық, өз ішімізде толғасуға *мәуліт беріңіз*, - деп орнынан түрегелді («Жолдастар» романы).

**МЕЙІРІ ҚАНДЫ.** *Құмардан шықты, рақаттанды.*

Тобымның тартам тартысын,

Жарлының жыртам жартысын,

Мешеудің *мейірін қандырам* (І.Жансүгіров) (ҚТФС).

**МЕНМЕН КЕУДЕ.** *Өркөкірек, өрмінез.*

Нән, жуан, *менмен кеуде*, намыс ері,

Суық қол Батыраштың жібергені.

Жалт етті жайдың оты жүрегінен,

Кек қайнап, мұз құйылып жүре берді («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**МИ ЖЕТТІ.** *Ақыл жетті, білді.* (Бұл жерде қолдан келу, игеру ұғымы айтылып тұр).

Алло! Алло!-деген не?

Кім сөйлейді, шырағым,

Мынау темір көмейде?

*Жетер* ме екен, балам, *ми?* –

Деп сұрады анау шал,

Қасында тұр бір бала.

Қызыл жаға – орамал,

Пионердің біреуі (Дала) (ҚТФС).

**МИ ҚАЙНАҒАН ЫСТЫҚ.** *Аспан айналып жерге түскендей ыстық туралы айтылады.*

Күн *ми қайнаған ыстық*. Су ішейін деп құдыққа барсам, құдықтың суы қатып қалыпты (Жүз ауыз өтірік айтқан тазша).

**МОЙНЫНА АЛУ.** *Міндетті болды мағынасында.*

120 шақырым жердегі Алматы жолын жаяу тағы *мойнына алады*. (Жайлаубектің жауыры - аурудың ауыры).

Осы сауда дүкені келе-келе кітап, журнал, газеттерді де сату жұмысын *мойнына алып*, төңірегіндегі он алты болыс матайдың ағарту жұмысының орталығы болды («Бадырақ» романы ).

Шатақ шығаруды *мойнына алған* Шалғымбай, үлкен магазиннен тапқаны сол болып, қарынсау ақ пышаққа сауда қылды (Дарқан).

**МОЙНЫНА АРТТЫ// МОЙНЫНА АРТЫЛҒАН.** *Міндеттеді, мәжбүр етті. Міндеттелген, істеуге тиіс.*

Алқаның мойнына артылған жауапты жұмыс: от жағу, тамақ пісіру, отын тасу, мал суару сияқтылар болса да, күзем, тары қаралау, көш басын жетелеу сияқты төтенше жұмыстары да болатын (Күң өлімі).

**МОЙНЫНА БҰРШАҚ САЛДЫ [САЛЫП ТІЛЕДІ].** *Жалына тіледі, жалбарынды.*

Халқымның қуанышы қалтыратсын,  
Қас дұшпан, қалған жаудың өлерменін.  
*Мойныма бұршақ салып* өткен күнде  
Осындай ел болуын тілегемін (Шаттық жыры).

**МОЙНЫНА СУ КЕТТІ [ҚҰЙЫЛДЫ].** *Еңсесі түсті, жүні жығылды.*

*Су құйылып мойнына,*  
Не қыларын біле алмай,  
Жас төгіліп қойнына,  
Қозғалды жұрт қан жылай (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**МОНТАҢ ҚАҚТЫ.** *Құрдай жорғалады.*

Домбыра лапылдатты, жалындатты,  
Жалынып, қызға жылап *монтаң қақты* («Күйші» поэмасы).

**МҰЗ ЖҮРЕК.** *Суыған, өмірден торыққан.*

Лапылдап, мұз көңілді күйдірген күй,  
Балқытып *мұз жүректі* сүйдірген күй («Күйші» поэмасы).

**МҰЗ ТӨСЕНУ, ҚАР КЕШУ.** *Қиыншылық, бейнет көру.*

Мен өзім тауда туып, тасында өстім.  
Жасымнан *мұз төсеніп, қарды кештім.*  
Асқарда, Аршалыға қозы жайып,  
Бұлттың аспандағы қасында өстім («Құлагер» поэмасы).

**МҰҢЫН САЛУ.** *Қайғысын, басынан кешкен қасіретін айту.*

Домбыра түйе болып отыр боздап  
Сорлының *мұңын салып,* күйін қозған  
Жіберді- ау улап-шулап міне бір күй  
Жамырап қозыдайын, қойдай қоздап... (Күйші).

**МҰҢЫН ШАҒУ.** *Көрген қиыншылығын, қайғы, қасіретін айтып, көңілдегі шерін кетірді.*

Саусақтар ойнап, орғып, қаздан қағып  
Суырып ішек тілін, *мұңын шағып*  
Жүйріктің шыны күйі келгенінде  
Шығаннан шыға шаппай тұрсын нағып (Күйші).

**МҰРНЫН КӨККЕ КӨТЕРУ//ШҮЙІРУ.** *Паңсыды, өзін басқадан артық санады, тәкаппарланды.*

Біреу ырғай шоқпарын тақымына қысып тұр. Бәрі ісік, бәрі елірулі. *Мұрындарын көкке көтеріп, түстерін суытып, ханға сәлем беретін емес...* («Жолдастар» романы).

**МҰРНЫН ТЫЖЫРУ//ТЫЖЫРАЙТУ.** *Жақтырмау, ала көзбен қарау, тәкаппарлану.*

-Подними штан. (Іш киімді көтер.) - деді де, *мұрнын тыжырып, фельдшер теріс айналып кетті* (Жайлаубектің жауыры - аурудың ауыры).

Біреулердің қытығына тиіп, *мұрнын тыжыртты* («Жолдастар» романы).

**МҰРТТАЙ ҰШУ.** *Жалп етіп, баудай құлады; құлатты; кенет сылқ жығылды.*

Кеше екіндіден түйеге қом қойған елдің бәрі *мұрттай ұшып* тыраюлы. Мамық көрпе-жастықтың үстінде Сағындық та азбан қошқардай қорылдап ұйықтап қалыпты. («Бадырақ» романы).

Қойдың ортан жілігін зорлықпен ұстаған Бадырақты:

– Кушай, сволочь киргиз, – деп, көкжелкеден түйіп қалып *мұрттай ұшырды* («Бадырақ» романы).

**МҰРШАСЫ КЕЛМЕДІ.** *Мүмкіндігі, жағдайы болмады, күші келмеді.*

Елең қылмайын деген жоқ, ет басты болып жатқандықтан басқа жаққа басын көтеруге *мұршасы келмеді* («Жолдастар» романы).

**МҰРЫНДЫҚ БОЛУ.** *Дәнекер, себепкер, ұйытқы болу.*

Сұртай тілмашты ішке ала отырып сөйлескен мәжілістің нәтижесінде Шалматайлар, Егеубайлар мына жиылыста көзге көрініп, көпке *мұрындық болмақ болатын* («Жолдастар» романы).

Өздерің первой жазылып, өзгелердің жазылуына *мұрындық болыңдар*. Егер күдіктеніп партияның программа, уставы не дейтін болсаңдар, жиылыстарыңа мені шақырыңдар («Жолдастар» романы).

**МЫҢНАН ШЫҚҚАН, ЖҮЗДЕН ОЗҒАН.** *Көптен озған жүйрік, шешен.*

Саңлық ед, *шыққан мыңнан, озған жүзден,*

Көп сұлу көзін сүзген, күнді өткізген.

Қызықтың айдынына құлаш ұрып,

Армансыз қаздай қалқып, қудай жүзген (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**МЫРС ЕТУ.** *Кекете күлу.*

Ұрысы осы, *мұртымнан мырс етіп күліп* жүре бердім (Жүз ауыз өтірік айтқан тазша).

**МЫСЫҚ БОП ТЫҢДАДЫ.** *Қорқып, бұғып, үрейленіп тыңдады; құлақ түрді.*

Бір дауыс осы таңда санқылдаған,  
*Мысық боп* бұл дауысты жан *таңдаған.*  
Иіріп бір шыбықпен жүр Қарашаш,  
Астында ақбоз атпен жарқылдаған («Күйші» поэмасы) (ҚТФС).

## **Н**

**НАЙЗА САЛЫМ.** *Халықтық өлием.*

Халық алдындағы *найза салым* ілгері келе жатқан Дәукен («Жолдастар» романы).

**НАМАЗҒА ҰЙЫҒАНДАЙ ТЫҢДАДЫ.** *Селт етпей ұйып тыңдады; ықылас қоя құлағын салды.*

Күлдірлеп қоңыраудай, күй сынқылдап,  
Бота күй маймаң қақты үн былқылдап.  
Қоғадай салбырасып хан, қарасы,  
*Намазға ұйығандай* отыр *тыңдап* (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**НАР АТАНДАЙ НАР ЕДІ • НАР ЕДІ • НАРҒА ЖҮГІН САЛҒЫСЫЗ.**

*Өте күшті, өте ірі, қайратты деген мағынада.*

*Нар атандай* Әбіжан,  
Құшағына ап жалма-жан  
Әлиді ақырын уатты:  
- Қой, жігітім, босама,  
Босар жер ме осы ара? –  
*Деп беріп қуатты* (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**НАР ТӘУЕКЕЛ.** *Қиын-қыстау жағдайды көре тұра іске көз жұмып кірісуде айтылады.*

Бір мезетте *нар тәуекелге салып*, мен:  
- Күлзейне! –дедім («Жолдастар» романы).

**НАСИХАТ АЙТУ.** *Артына ақыл сөз қалдыру, ақыл айту.*

Оның істейтіні – жұма сайын жұртқа о дүние туралы уағыз сөйлеу, тамұқпен қорқытып, ұжмақпен қызықтыру, қажыларға қонақтан-қонаққа жүру, дау-шарлы мәселеге пәтуа беру, домбыра тартып ән салуды күнәға жазу, көңіл көтеріп ойнаған жастардың жиылысына лағынет айтып тараттырып жіберу, жас әйелдердің еркекке араласпай аулақтануына *насихат айту* («Жолдастар» романы).

**НЕКЕСІН ҚИДЫ [ОҚЫДЫ].** Көне. *Ерлі-зайыпты боп тұрмыс құрмақ болғандардың бас қосуын шаригат жолымен, ескі салт жолымен қуаландырады.* (Көбінесе бұл фраза әйелге қатысты айтылады).

Асыққаныңыз не, жақсы келдіңіз, мал алдыралық, жеңіз!  
Болмаса, мына даяр ет бар семіз.  
Егіліп, жегіліп барады,  
Келіннің *некесін оқып* беріңіз (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

## О

**О БАСТА [БАСТАН].** *Әуелгі кезде, әуелден, ежелден, бастапқы кезден.*  
Қобызшы ол – «Қорамжанның» күйін тартқан,  
Зарлы қыл қыр қиялын қиындатқан.  
Қалыпты қолда қоңыр көне қобыз,  
*О баста* сырнайлатқан, күміс жапқан (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ОЙ ҚЫЛДЫ [ОЙЛАДЫ].** *Қадам қойды, іс істеді, ниет етті* (Бұл жерде жаман, қара ниет іс қылуға бет алды деген мағынада).  
Қусақтың осы қылта мойынында,  
Аттардың шауып отыр жолы мұнда:  
Кек кернеп жасырынып тұрды біреу,  
Бір жаман осы өзекте *ой қылуға* (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ОЙ САЛДЫ [ТҮСІРДІ, ТАСТАДЫ].** *Әртүрлі ой оралтты, әртүрлі пікір ұялатты.*  
Тамырды солқылдатып, ойды қозғап,  
Жүректі тебірентіп, ішті жылтар.  
Қайғылы, мұңды, өнерлі, шерлі жанға,  
*Ой салар*, ойын түртер, жыбыршытар (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ОЙБАЙ САЛДЫ.** *Айғайлап жылады, байбайлады.*  
Арба ішіндегі Құсайынның қызы *ойбай салды* («Жолдастар» романы).

**ОЙҒА ТҮСТІ.** *Еске түсті.*  
«Өрттен желге қарсы қашса құтылады» деген ауылдан естігені *ойына түсіп*, жалма-жан қойды бешпентімен сабалап, желдің лебіне қарай қуалады («Жолдастар» романы).

**ОЙМАҚ АУЫЗ.** *Сүйкімді ауыз мағынасында.*  
Ақ сұпыдай бет біткен,  
*Оймақ ауыз*, күлім көз,  
Ақ шыныдай ет біткен,  
Қайың сынды, мүсінді (Дала).

**ОЙНАҚ САЛДЫ.** *Үдеді, шапшыды, өршиді.*  
Қаулаған өрт, заулаған от көптен жауын тамбаған қу далаға *ойнақты салып* берді («Жолдастар» романы).

*Ойнақ салған өрт жан-жаққа қанатын жайып, қойшыны қуып, қойды қамауға айналды («Жолдастар» романы).*

**ОЙРАН САЛУ.** *Тас-талқанын салды, бүлдірді, күл-талқан етті.*

Ауылына келіп едім шалайын деп,

Тал түсте бір ойранды салайын деп.

Байсейіт қасқа жөнін білмей тұрмын,

Жылқысын түп көтере алайын деп («Жолдастар» романы).

**ОЙРАНЫ ШЫҒУ//ОЙРАН ЕТТІ [ҚЫЛДЫ].** *Астан-кестеңі шықты, қирады, бүлінді.*

*Ойраны шыққан ақ орда,*

*Орны құрған кәрі аруақ,*

*Орныңа кімді қояйын? (Кәмпеске).*

**ОҚ ЖЕТЕР ЖЕР.** *Өте жақын, тым таяу жер; оқ жетер қашықтық; садақ, мылтық оғының тік ұшып барар шамасы.*

Қашқан елге орыстар да оқ шығармады. «Оқ жетер жерден ұзадық-ау» деген соң қашқан қазақтар бірін-бірі шақырысып, азар тоқтасты («Жолдастар» романы).

**ОҚТАЙ АТЫЛУ.** *Тік, тез қарсы шапшыды.*

Сала берген сойылды сезгендей, әулие жануар, ақсұр ат оқтай атылды («Жолдастар» романы).

**ОҚТЫ КӨЗ//ОҚТЫ КӨЗІМЕН АТУ.** *Зәрлі, қаһарлы жүзбен карады; Шанишудай, зәрдей тиді.*

Шетсіз көп шегіртке жан қыбыр-қыбыр,

У да шу, айқай-сүрең, ыбыр-жыбыр.

Аттырып Ақан атын оқты көзге

Тұрғанын білсін қайдан ажал құрғыр («Құлагер» поэмасы).

**ОҚЫСТЫҚ БОЛДЫ [КЕТТІ, ӨТТІ].** *Жаңсақ болды, қате кетті.*

Хан әлде бұ Дулатқа кекті ме екен?

Бір хабар жамандаған жетті ме екен?

Қатыннан, не баладан, не малшыдан

Білместік, бір оқыстық өтті ме екен? (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ОМАҚА АСТЫ•ОМАҚАСА [ОМАҚАТА] ҚҰЛАДЫ [ҰШТЫ, ЖЫҒЫЛДЫ].** *Мойнын астына ала құлады, жер сүзе жығылды; аяғы аспаннан келіп, шалқасынан түсті.*

*Жығылды жерге ол ат омақаса,*

*Жаныштап жерге иесін, үстін баса,*

*Қызыл қан қылыш бояп құлақ тұнар,*

*Маңайда өлік ұлып ыңыранса (І. Жансүгіров) (ҚТФС).*

Енесіне мініп құлынды өңгеріп едім, көтере алмай омақаса жығылдым  
(Жүз ауыз өтірік айтқан тазша бала).

**ОМЫРТҚАНЫҢ ІШИНДЕГІ ЖҰЛЫНЫМ.** Соншалық қастерлеп бағып,  
қорғаштап сақтаған қымбатым деген мағынада.

Құлагер, қолда өсірген құлыным-ай!

*Ішінде омыртқамның жұлыным-ай!*

Жын ба екен, сайтан ба екен қаза болғыр,

Қанды қол қастықпенен ұруын-ай! («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ОҢ ЖАҚ.** Салт бойынша бой жетіп отырған қыздың өз үйіндегі орны оң жақта болады да, қыз осы оң жақта отырып, күйеуге кеткенше ойнап-күлу, қызықтау салтын жасайды.

Әмеңгерлерге разы болмаған жеңге, оң жақта қалған қыз, төркініне қашқан келіншек, құда, тағы солар сықылды даулы адамдардың басы осы жесір үйінде сарапқа түседі («Жолдастар» романы).

**ОПЫҚ ЖЕУ.** *Өкіну, санын соғу.*

Қанды кек ел арасына ушықтырған,

Қорқауды қол табылмай тұмсыққа ұрған.

Асыл ер, арманда жар *опық жеген,*

Албасты әлсіз жанды тұншықтырған («Құлагер» поэмасы).

**ОРТАҒА АЛДЫ.** *Қаумалады, кеу-кеуледі.*

Көпшілік қажыны ортаға алып: жылқы қуған жасауылды ұрып жыққандығын, енді өзге елдерге хабар жіберіп тұрғандығын, Асылбек болыстың ауылындағы келіп жатқан солдаттарға шабатындығын айта келіп, Зұлжалал қажыдан «шариғат» қалай екендігін сұрасты («Жолдастар» романы).

**ОРЫН ТЕПТІ.** *Мекендеді, орналасты.*

Есік ашылып, екі жігіт қау-қаулап көтерген үлкен болыскей ақ самауыр буы бұрқырап, ентігіп, бұлжылдап келіп мейман сыйлауға мәжілістің ортасынан *орын тепті* («Жолдастар» романы).

**ОТАСА АЛМАДЫ** 1. *Ерлі-зайыпты кісілер бірлесіп тұрмыс құра алмау мағынасында айтылады.* 2. *Ынтымақты отыра алмауға да байланысты айтылады.*

*Отаса алмай жауласып,*

Қайда көшті лашық,

Бақ аулынан бөліне?

Ақ үй неге сасулы,

Қанды қазан асулы,

Қалды құлын желіде (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ОТАУЫ ТІГІЛУ.** *Өз алдына жеке құрылды, негізі қаланды.*

Кеңес еліне Октябрь *отауы тігілгеннен* бері төңіректеген қасқырға, арылдаған итке тыным болған жоқ (Кімді кім?).

**ОТҚА МАЙ ҚҰЙДЫ.** *Дау-дамайлы жайды өршіте түсті, жел берді.*

«Бұл бізге қылмағаны қалмай, тайтандай төбемізге шығып алған жоқ па», – деп, бәйбіше *отқа май құйғандай* сәмпылдап сөйлеп келеді («Бадырақ» романы).

**ОТЫМЕН КІРІП, КҮЛІМЕН ШЫҒУ.** *Бар үй бейнетін, түз бейнетін арқалады, барлық ауыр салмақты көтерді.*

Қоянбай Қоянкөз ауылының әркімінде-ақ жүрген. Әсіресе, көптен *күлімен кіріп, отымен шығып* келе жатқан үйі – осы Сағындықтыкі («Бадырақ» романы).

Бұл бәйбішенің босағасына келін болып түсіп отыр. Түскелі осы үйдің *отымен кіріп, күлімен шығады*(«Бадырақ» романы).

**ОТЫН ЖАСТЫҚ, ҚҰМ ҚҰНДАҚ.** *Бұл жерде ақын өмір ауыртпалығын айтып отыр.*

Болатын дүние сарсаң туған шақта,  
Өскемін *отын жастық, құм құндақта,*  
Жер теуіп темір өкшем балға болған,  
Иленген тікен, шеңгел бұл құшақта (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ОТЫН ӨШІРДІ.** *Ошағын ойрандап, берекесін кетірді; жігерін құм қылды.*

Тентіреп тауда ұдайы, таста қаңғып,  
*Оты өшкен,* бойында жоқ жас құмарлық.  
Басар жер, барар тауы – Бурабай боп,  
Бейшара бағып өткен басты мал қып (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ОШАҚ БОЛҒЫР!** Қарғыс мәнді фразеологизм. *Сиыр малына айтылады.*

Өк, көк өгіз, *ошақ болғыр!* Сүйкенбе, өк!  
Мүйізінді нық қадап тұр икемдеп.  
Сиырлығын ұстап тұр ма сипақтап,  
Құлатасың кикең-кикең етем деп (Өк, көк өгіз) (ҚТФС).

## Ө

**ӨГІЗДЕЙ ӨКІРУ.** *Қатты айғайлап дауыс шығару, бақырып жылау.*

Әркім *өгіздей өкіріп,* біреуді біреу құшақтап, жылаған дауыстан қаланың басы қаңғырды («Жолдастар» романы).

Шешесінің, қарындасының, қалыңдығының мойнынан құшақтап *өгіздей өкіріп,* кеңкілдеп жылаған дөкей-дөкей жігіттердің түрін көргенде адамның іші ашып, жігері құм болады («Жолдастар» романы).

**ӨКПЕСІН АУЗЫНА ТІСТЕУ.** *Асығып аптықты, жылдамдатып қимыл жасады.*

Сатан өкпесін аузына тістегендей олардың артынан үкідей ұшты («Жолдастар» романы).

**ӨКШЕ ІЗІНЕ ҮҢІЛУ.** *Өткен өміріне үңілу.*

«Өзім әлі жалшымын ғой» деп өткен өмірінің өкше ізіне үңілгенде жас күніндегі көрген азабы, жүрген есігі, күліп сөйлескен әйелдері есіне түсті. («Жолдастар» романы).

**ӨЛДІМ-ТАЛДЫМ ДЕГЕНДЕ.** *Зорға, әрең-әрең дегенде.*

Өлдім-талдым дегенде тағы: Снимай штан (Жайлаубектің жауыры - аурудың ауыры).

Өлдім дегенде қызыл жұмыртқа да өтті. Мекемелер есігін қайта ашты. Жайлаубек комиссияның үйіне келді (Жайлаубектің жауыры - аурудың ауыры).

Бала қойшы өлдім-талдым дегенде өрттің деңгейінен қойды айдап шығып, артына айналып қарады («Жолдастар» романы).

**ӨЛМЕГЕНГЕ ӨЛІ БАЛЫҚ.** *Себеппен себеп болды; «жарылқайын» десе қиыннан қисынын келтіреді екен деген мағынада.*

- Е, шырағым, өлмегенге өлі балық жолығады деген емес пе, алхамдүлеллә... – деп Әбіш кекіріп қойды... («Жолдастар» романы).

**ӨЛІ [ТЫШҚАН] ТИДІ.** *Жылқыда болатын ауру.*

Жүйрікке тышқан тиді жүгірмейді,

Домбыра таңқ-тоңқ етіп күй білмейді.

Не пұшық не мысық боп, ие күшік боп,

Мыңқылдап шәуілдейді, мәуілдейді (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ӨМІРГЕ ЕЗ БОЛДЫ.** *Дүние илеуіне түсті.*

Салқын сылдыр сергіте алмай жүрегін,

Дауыл айқай алды жастың жүрегін.

Өмірге қор, өмірге ез боп жас Жамал,

Ұялады жүрегіне тірі өлім (Бұлақ бойында) (ҚТФС).

**ӨНЕ БОЙЫ//ӨН БОЙЫ.** *Бүкіл бой тәні, тұтас денесі.*

Өне бойын сабындап тастаған біреуге келіп Кузьмалар шұқшиды:

-Бағанадан неге үндемейсіз? Әйде, баяндамаға шық! (Жалаңаш жиылыс).

**ӨҢІ БҰЗЫЛУ.** *Бет-әлпеті өзгеру, қорқыныштан сұп-сұр болу.*

Бұрын еш шәй деспек түгіл, түсін танымаған жай кісілермен өң бұзысып, сөзге келісіп, сіресіп тұрмыз... (Жалаңаш жиылыс).

Тыңдаушылардың өңі бұзылып, кара тұманның ішінде қалғандай болды (Мұса ақсақалдың ауылы көңілді еді).

**ӨҢІ ТҮТҚЫШТАЙ КҮЙДІ.** *Жүзі ашудан, ызадан қап-қара болды.*

*Тұтқыштай өңі күйіп қап-қара боп,*

*Батыраш басқа сөзді баптаған жоқ.*

*«Батырып Батырашқа жіберді-ау» - деп,*

*Тым-тырыс үндемеді, тындаған топ («Кұлагер» поэмасы) (ҚТФС).*

**ӨТІРІКТІҢ [СӨЗДІҢ] ДӘМІН КЕЛТІРЕ АЛМАУ.** *Сөздің қисынын келтіре алмау.*

Таланттарының бәрі де өтірік айтамын деп одан-бұдан құрап айтса, не *дәмін келтіре алмай*, не жүзге толтыр алмай, ханға басын алдыра беріпті (Жүз ауыз өтірік айтқан тазша).

## II

**ПӘЛЕДЕН ҚАҒУ.** *Жамандықтан қорғау, кесірден сақтау.*

*Апырмау, бұл сұмдықтың мәні қалай?*

*Ханзада қамырықты неден олай?*

*- Ақсарбас айттым, алла, қақ пәледен!*

*Медет бер, мен сиындым, пірлер талай! (Күйші)*

**ПЕРІ СОҚҚАН.** *Діни. Жын ұрған есуас, тентек.*

*Пері соғып кеткен кісідей алақ-жұлақ етеді. Әлдекімді жетелеп келеді («Жолдастар» романы).*

**ПҰШПАҒЫ ҚАНАМАҒАН.** *Бала таппаған, бала көтермеген әйел.*

Ал ортаншы қатыны – *пұшпағы қанамаған* адам. Оның да үйі бөлек. Бәйбіше осылардың ешбіріне қосылмайтын бөлек ауыл («Бадырақ» романы).

## P

**РАЙДАН ҚАЙТТЫ.** *Ашулы бетінен қайтып, сабыр сабасына түсті, қаһарынан қайтты.*

*Қой райдан енді қайт!*

*Екеуің де...*

*Пышағыңды кейін тарт!*

*Тында, артыңды байымдап! (І. Жансүгіров) (ҚТФС).*

**РАЗЫ ҚЫЛУ.** *Көңілі тою, көңілі құп алу.*

Ойнап-күліп *разы қыл* дедім. Бүгін береріңді сонда неге бермедің?-деді Шалматай.

- Бұл менің екі атымның бірін сұрады ғой («Жолдастар» романы).

**РӘСУА ҚЫЛУ// БОЛУ.** *Ысырап ету, берекесі кету, босқа шашылу.*

Қанын шашып өлтіріп кетсе де, қатын-қызын *рәсуа гып*, таласа да – еркінде («Жолдастар» романы).

## С

**САҒЫ СЫНДЫ [ҚАЙТТЫ] • ТАУЫ ҚАЙТТЫ [ШАҒЫЛДЫ].** *Беті қайтты, мойып қалды; көңілі қайт болды.*

Иесі Батыраш бір кеппе кеуде,  
Үркөппе, томырық мінез, намыс берме,  
Осы аста сағы сынып, бағы тайса,  
Ол өзін дап-дайын тұр өлдім деуге («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**САДАҒА [СЫ] КЕТ [КЕТКІР!].** *Қарғыс мәнді фразеологизм.*

- Олар қазақтан садаға кетсін! Олар мұсылман емес. Ешкімге рақым қылмайтын бұзылғандар («Жолдастар» романы).

**САЙДА САНЫ, ҚҰМДА ІЗІ ЖОҚ.** *Түк қалдырмай, орнын сипарлық етіп жоқ етті, құртты, жойды.*

Сайда саны, құмда ізі жоқ салт ноғай бір күні дәт еткізіп алып қашып кетсе....Кетсе, оңай ұстата ма? («Жолдастар» романы).

**САЙ-СҮЙЕГІ СЫРҚЫРАДЫ.** *Тұла бойы тітіркенді, жүйені босатты.*

Бір келіншек шырқырап, кетіп бара жатқан күйеуін жібермей зар қақсайды, «Айналайын, ағажан-ай, сенен біз қалғанда не боламыз?...» -деп жылағанжас бауырлардың, қарындастардың дауысы тыңдаған адамның сай-сүйегін сырқыратады («Жолдастар» романы).

**САҚ ҚҰЛАҚ.** *Сыбысты есіткіш, сезімтал, сезгіш.*

Қусырған құлағымен жердің жүзін,  
Сақ құлақ Кренкель де, ұшқын хабар (Жорық).

**САЛ ТОРЫ.** *Кербез, сұлу торы ат деген мағынада.*

Сылантып сал торыны мінген қандай  
Сай құлдап, жарды күтіп жүрген қандай  
Бір сайға торыны байлап тастап,  
Артына ақбоз үйдің келген қандай (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**САЛҚЫН ҚАН.** *Қызбалығы жоқ, байсалды.*

Салқын қан, сабырмен Шмидт сонда,  
Сөйледі соңғы сөзді микрофонға:  
-«Челюскин ғарық болды. Керекті алдық,  
Алынды радио да аман қолға» (Жорық).

**САЛЫ СУҒА КЕТУ.** *Еңсесі түсті, мойнына су құйылды, түңілді.*

Құдіреттен күшті документ шыққан соң, бағанағы жібермейміз деп тұрғандардың салы суға кетіп, салбырап тұрысып қалысты (Жалаңаш жиылыс).

Бектастардың салы суға кеткендей иіні түсіп, бірінен бірі көріп, шулап қайтып барады (Алдандық).

Омарлар альбомнан айрылып, *салы суға кетіп* тұрып қалды («Жолдастар» романы).

Шеркес Қали карта ойнап отырған компандағы Гришка Қалидің қасына жетіп келді:

- Не ғып *салың суға кетіп отыр?* («Жолдастар» романы).

**САР [САУ] ЖЕЛДІ • САР ЖЕЛІСКЕ САЛДЫ.** *Бірқалыппен көсіле шапты, желе жортты.*

Талдырап, талмаусытып, тамылжытып,  
Орғытып, орағытып, баса өрлетіп,  
Самғатып, сақылдатып, *сар желгізіп*  
Ұрынтып, өршелентіп, бәсеңдетіп (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**САР ДАЛА.** *Ұшы қиырсыз, теп-тегіс дала.*

Әсем күй саусақта би, саңғыраған,  
Жүйрік үн жүрек жалмап жамыраған.  
Боздатса «Боз інгенді» зарлы қобыз,  
Сарыны *сар даланы* аңыраған (Күй).

◆ **САР КІДІРЛЕР.** *Жас ортасына келген.*

**САРЫ ТІСТІ.** *Кәрі, көп жасау мәнін танытады.*

Сақа аттар, *сар кідірлер, сары тісті,*  
Дәмелі дөнен де бар, жүйрік бесті.  
Құсындай қырдың өңшең ап-ала боп,  
Жүйріктер жұртты үңілтіп көзге түсті («Құлагер» поэмасы).

**САРА ТІЛДІ.** *Екі жара, тең кесіп түсті.*

Жендеттер әзірейілдің саусағындай,  
Ешбір мізер емес бейілі жібіп,  
Аластап қараша үйді ұшықтап,  
Сонымен киіздерді *сара тіліп* (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**САРЫ УАЙЫМ.** *Тұңғыық қайғы-қасірет.*

Айтып жүр елдің бетін, жұрттың жайын,  
Салып жүр қынжылғансып *сары уайым* (Ықшымбай)

**САУҒА САЛДЫ.** *Бәйгеден олжа алып берді.*

Дегендей шешен – дауға, батыр – жауға,  
Жүйрікті – бәйгеге, – деп бағалауда.  
«Дүлдүлі Көкшетаудың келді», – десті  
Топ жарған, талай елге *салған сауға* («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**СӘТІ ТҮСТІ.** *Реті келді, орайы келді.*

Егер *сәті түсіп*, базардан он арба астық табылып қалса, жиырма тиын жаныма түседі («Жолдастар» романы).

**СЕЛТ ЕТПЕДІ.** *Ешбір белгі білінбеді, міз бақпады.*

Әсіресе, төрдегі бас айналасындағы отырғандар *селт етпеді*. Өздері хахалап бастың құлағын, көзі, миын дау қылып қарқылдасып жатты («Жолдастар» романы).

**СЕҢ СОҚҚАН БАЛЫҚТАЙ БОЛДЫ.** *Есеңгіреп, сандалып қалды; әлсіреп дымы бітті; не істерін білмеді.*

*Сең соққан балықтай* мәңгірлеген ел уһлеп, ішіп-жеуден басқа шаруа қылмайды («Жолдастар» романы).

**СЕС КӨРСЕТТІ [ҚЫЛДЫ].** *Қоқан-лоқы жасады.*

– Шығамын, нар тәуекел, тағы барам,

Жықсам – алам, жықпасам тағы қалам!

Болмастан өкіректеп ол тұрғанда,

*Сесімді көрсетейін* мен де бәлем («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**СИЫР МІНЕЗ.** *Сүйкімсіз қылық.* (Көрінген нәрсеге орынсыз соқтыққанда айтылады).

Ағаттық ісімізді білмедік пе?

Көңілін бір нәрседен кірледік пе?

Сықылды *сиыр мінез* жаман емес,

Орданың бір жеріне сүйкендік пе? (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**СИЫР СӘСКЕ [ТҮС].** *Халықтық уақыт өлшемі. Үлкен сәске, күн қызған шақ.*

Қызылордадан қымсына-қымтырыла түнгі сағат екіде поездға отырасың. Тиген орынға төсек салып, бырдай болып ұйықтап қаласын. Күн шыға Шиелі, күн көтеріле Түркістан, *сиыр түсте*, Арыс келесін (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**СОЛҚ-СОЛҚ ЖЫЛАУ//СОРА-СОРАСЫ ШЫҒЫП ЖЫЛАУ//СОРАСЫ АҒУ.** *Мұң-зарға батып, ағыл-тегіл жылады.*

Шарт-шұрт етті осы ара...

Шарт-шұрт етті шапалақ.

Мырза *солқ-солқ жылады* (Кәнпеске).

Сақалынан *сорасы ағып*, солқылдап бай күңіренді (Қыз көзінше неге замечанье жасайсың?)

**СОҢЫНАН КҮЛ ШАШТЫ.** *Құтылғанына қуанды.*

Түу бәлекет десті жұрт.

Сол бәлекет бел асты,

«Күн» соңынан күл шашты (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**СӨЗ АЯҒЫ ЖЕРГЕ ТИДІ.** *Сөз тиянақ тапты.*

*Сөз аяғы жерге тиіп, байға дегенін істеткен соң, Орлов бастатқан екі артель келіп жұмысқа түсті («Жолдастар» романы) (ҚТФС).*

**СӨЗ БАЙЛАСУ.** *Уәде жасау, мәмлеге келу.*

Осыған екі жағы ризаласып, Шалматайдың алдында қолдарынан ақ подписка алысып, ат шабыстың артынан Ыдырыс Досаймен еріп үйіне барып, алашағын алуға *сөз байласты...*(«Жолдастар» романы).

Мен сенімен кетем деп *сөз байласқан* күні кеше мені алушылар келіп қалды («Жолдастар» романы).

**СӨЗ ШЫҒАРДЫ.** *Әңгіме бастады немесе бір әңгіме ұшын созбақтап бастады.*

Бір күні түнде тырғанда Мәмбеттің шешесі Келдіғұлдың қатыны туралы *сөз шығарды* («Жолдастар» романы) (ҚТФС).

**СӨЗБЕН ТІСТЕП АЛУ.** *Уәжбен тиісті, соқтыға сөйледі.*

Осының қасында сен де ән салдың-ау,-деп шұбар Шәлипан Жұбалыны *сөзбен тістеп алды* («Жолдастар» романы).

**СӨЗГЕ ЖЫҒЫЛДЫ** *Қисынды уәжден тұқырып қалды.*

Мардан, Мәмбет осы сөзге таласып қалды. Мардан бір нәрсені дәлелдеп Мәмбетті *сөзге жығуға* дайындалған оймен Мәмбеттен сұрады:

– Сен айтшы, осы менің сыртқы пішінім қандай («Жолдастар» романы) (ҚТФС).

**СӨЗГЕ КЕЛУ.** *1. Сөйлесті, әңгімелесті, мәміле тапты. 2.Қарсыласып, кейіс сөз айтысты.*

Ереңіне Асылбек болыстың ауылына түстеніп, жігіттердің списогі жайында жасыр *сөзге келісіп*, ақсақалдар да үйді-үйіне қайтты («Жолдастар» романы)

Бұрын еш шәй деспек түгіл, түсін танымаған жай кісілермен өң бұзысып, *сөзге келісіп*, сіресіп тұрмыз... (Жалаңаш жиылыс).

**СӨЗІ АЯҚ АСТЫ БОЛДЫ [ДАЛАҒА КЕТТІ, ЖЕРДЕ ҚАЛДЫ, ЗАЯ БОЛДЫ].** *Айтқанын ешкім елемеді, дегені іске аспады.*

Өзі жәрмеңкені жарып жүрген көпестің даверныйы, Қарқаралының төресі, ел ішінде де, қалада да *сөзі жерде қалмайтын* еді («Жолдастар» романы) (ҚТФС).

**СУ АЯҒЫ ҚҰРДЫМ.** *Жердің түбі.*

Ол мал келісімен Сатан сол малдың басында төменгі *су аяғы құрдымға* қыстауға кетуге тиісті («Жолдастар» романы).

**СУ СЕПКЕНДЕЙ БАСЫЛДЫ.** *Лезде тынышталды, тына қалды.*

Ел көңілі *су сепкендей басылыңқы*. Ойын да, күлкі де бір жаққа жолаушы кеткендей, жұрт күрең қабақ, тек ауыр-ауыр күрсіну, уһлеу ... («Жолдастар» романы).

**СУЫРТПАҚҚА ЖАНЖАЛДАСТЫ.** *Болар-болмас нәрсеге керісін таласты.*

Оязға Оқас кеп тұр маң-маң басып,  
«Беріңіз бәйгемді!» – деп баяндасып.  
Тоғызды түйе басты үлесті жұрт,  
Таласып *суыртпаққа жанжалдасып* («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**СҰМ ДҮНИЕ.** *Опасыз алдамшы өмір.*

Бұл жерден жылқының шауып шығуы, шапқан кісінің жығылмай кетуі – екіталай *сұм дүние* («Жолдастар» романы).

**СҰР ЗАМАН.** *Көне. Қатігез шақ, ауыр уақыт.*

Күй сол ма ол күндегі бұлдайтұғын,  
Сазы ма *сұр заманның* тыңдайтұғын.  
Басып па еді Алатауды ауыр бұлт.  
Уайымы орынды ма еді улайтұғын (Күй) (ҚТФС).

**СҰМ ЗАМАН.** *Опасыз алдамшы өмір.*

Өмірде солардайын қорлық тартқан  
*Сұм заман* өткір жанды қор қып баққан.  
Жаралап ер жүрегін жау қанжары  
Ысқырып жылан өмір жанын шаққан («Құлагер» поэмасы).

**СҰРҚЫ [ҰСҚЫНЫ] ЖАМАН • СҰРЫ ЖОҚ.** *Түрі үрейлі, жүзі адам көргі, келіссіз* («Сурағ» парсыша – нышан, түр).

Қайрат қалың, күш мығым,  
Жазда қамтып қыстығын:  
Мен мұз болсам, сен жалын,  
Тым-ақ *жаман ұсқының* (Алдымда).

Пішіні үрген қуықтай,  
Дене толған тұлыптай.  
Дерт алғандай *сұры жоқ* (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**СҰРЫ КЕТТІ [ҚАШТЫ] • СҰРЫН [СҰРҚЫН] АЛДЫ.** *Сиқы кету; жүз-өңі бұзылуы; құты қашу мағынасында.*

Сырттан қыз сілкінгендей беріп сыртан,  
Талайдың айдынымен *алған сұрқын* (Күйші) (ҚТФС).

**СҰЗІП ӨТТІ [ШЫҚТЫ].** *Түк қалдырмай көзден өткізді, барлап өтті.*

Сөйтіп, Байғарау арқылы қаланы *сүзіп шықты* да Аяпберген қариядан қуып жүрген ісінің жайын *сұрады* («Жолдастар» романы).

**СҮЙЕК БЕРМЕС.** *Қомағай, обыр; «сүйекті екі жағынан ұстап, ортасынан тістеген» сараң.*

Оларша – жердің белі, таудың құзы,

Ата ұлы арыстандай кер ауызды.

Біздіңше – хат білмейтін бір қатты шал,

Жуан ит *сүйек бермес*, жалмауызы («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**СҮТ ПІСІРІМ УАҚЫТ.** *Халықтық өлшем. Ширек сағат шамасы.*

Оның ашық даусы *сүт пісірімге* созылып, сырнайша сылдырайды («Жолдастар» романы).

**СЫБАҒАСЫН АЛДЫ [БЕРДІ, ЖЕДІ] СЫБАҒА ТАРТЫЛДЫ • СЫБАҒАСЫ ҚАЙТАРЫЛДЫ.** *Ениісіне, үлесіне ие болды.*

Сыр түйіні ақиқат,

Ақиқат шындық көпке ортақ.

Одан *алар сыбаға* –

Әр кісіге жеке тақ (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**СЫШЫР [СЫШЫРА] АЛҒЫР!** *Қарғыс мәнді фразеологизм. Қара малда болатын індет.*

Өк көк өгіз!

Өк, көк өгіз! *Сытыр алғыр*, сүйкенбе!

Неткен қасқой, мойнын жерге үйкеуге,

Сүйкенем деп өзі бос жерді қиратып,

Осынша елді дозаққа құлатып үйте ме? (Өк, көк өгіз) (ҚТФС).

**СЫРТЫМ БҮТІН, ІШІМ ТҮТІН.** *Көңілі жарым, іш құса*

Қамалым, хан дәнiшпан, Кенем – құтым,

Менің де *сыртым бүтін, ішім түтін...*

Ордадан бұдан артық тілемеймін,

Бер маған осы адамды басы бүтін... (Күйші)

**СІЛЕЙТІП САЛДЫ [ТАСТАДЫ].** *Таяққа жықты.*

Кәсеш ағатайлап қанжарға оралды. Жігіттер Ыбырайымды *сілейтіп тастап*, жүріп кетті («Жолдастар» романы).

**СІҢБІРУГЕ ҚОЛ ТИМЕДІ, СІҢБІРУГЕ МҰРШАСЫ [МҰРСАСЫ] БОЛМАДЫ.** *Жұмыс басты болды.*

Бөлек-бөлек бригад, өзді-өзінің қоқысы бар.

*Сіңбіруге мұрса жоқ*, тосып ал! (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**СІРКЕСІ СУ КӨТЕРМЕУ.** *Ештеңені көңілі жақтырмады, зауқы болмады.*

Шіретте тұрған кісі қандай кең пейілді келеді: арық қойдай тырысып, баз біреумен ұрысып, баз біреумен жұлысып теріміз тарылып, өзіміз жарылып кеткендей тұрмыз. *Сіркеміз су көтермейді* (Жалаңаш жиылыс).

## Т

**ТАБАҚ ТАРТТЫ.** 1. *Табаққа салып тамақ әкелді.* 2. *Кәделі сыбағасын берді, сыйлады.*

*Табақ тартып*, елді етке отырғызып жүрген даяршылардың көбі осы қыркылжыңдардан («Жолдастар» романы).

Жалғыз-ақ есік жақтағы *табақ тартып* тұрған Сатан жолдастарының келгеніне қыбыжықтап, әдет бойынша:

- Уа, жігіттер! Жоғары шық! – деді («Жолдастар» романы).

**ТАБАҚТАС БОЛДЫ.** *Дастарқандас болды, қонақта бірге болды.*

Байғарау қазақтармен келе *табақтас болып*, танысып, қайдағы-жайдағыны хабар ошар қылып, қырдан келгендерге қала хабарын құшақ-құшақ беріп қайырады («Жолдастар» романы).

**ТАБАН ЕЛІ.** Халықтық өлшем. *Табан қалыңдығындай; көбіне жылқы қазысының өлшемі ретінде қолданылады.*

Мәмбетпен екеуіміз бір пәтерде тұрамыз. *Табан елі* қазы түсетін биелер базарда он үш, он үш жарым сом («Жолдастар» романы) (ҚТФС).

**ТАБАН ЕТ, МАҢДАЙ ТЕРІ.** Адал еңбегі, жатпай-тұрмай істеген бейнеті.

- Қазақтың қара табаны сендер... Байлар сендердің *табан ет, маңдай теріңнен* байып отыр. Әлі сендерге күн туады («Жолдастар» романы).

Қайта басын байлап, малынша айдап, кедейлігінен, қолының мешеулігін пайдаланып *табан ет, маңдай терісін* жеп қойған жоқ па? («Жолдастар» романы).

**ТАБАНЫНАН ТАУСЫЛУ.** Титықтады, босқа сандалды, әуре болды.

*Табанымыздан таусылып*, пұшпақтап терге шомылып тас тасыдық (Шайтанарба).

**ТАБАНЫҢДЫ ЖАЛТЫРАТ.** Тайып тұр, кетіп қал мағынасында

Алексей, кет былай, мінбеден!..

*Табаныңды жалтырат!* (Жарыс)

**ТАЙ ШАПТЫРЫМ ЖЕР.** Халықтық өлшем. *Тай-құнан еттікпей келетін қашықтық.*

Алапқа алқа-қотан отырды жан.

Жері жоқ ине шаншар адам тұрған,

Жаяулап *тай шаптырым жерге* келді,

Алыста аттар қалды байластырған («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

Жаңа қора – кең сарай, қашасы мен түбіне *тай шаптырым* (Бейсатай бригадасы).

**ТАҚТАН КЕТТІ [ҚҰЛАДЫ, ТАЙДЫ, ТҮСТІ].** Көне. *Патшалықтан, хандықтан түсті.*

Бостандық та, бостандық!  
Патша *тақтан түсіпті!*  
Түскенінің мәнісі:  
«Көп бұқара қысыпты!  
Болды теңдік! Туысқандық! (Дала) (ҚТФС).

**ТАЛ ТҮС.** Күннің тас төбеге келген тұсы.  
Жаугершілік заманда *тал түсте* ауылға тию оңай ма, жігіттерім кипақтайын деді («Жолдастар» романы).

Ей, батыр, құмар едім дабысына,  
*Тал түсте* қалың елге шабысына.  
Жазасыз Ақмолаға жер аударған.  
Жүрмісің Тобықтының намысына («Жолдастар» романы).

Анау күні, өзім жоқ, тапа *тал түсте* осы ауылға он бестей кісі жаяу келіп тиіпті («Жолдастар» романы).

-*Тал түсте* жауға талатып, тас біткен неткен көз еді? Атығай мен қарауылға не бетімізді айтармыз?..- деп зірк-зірк етеді.

**ТАЛҚЫҒА ТҮСТІ.** *Көпшілік сынынан түсті.*

Жаңада бір келелі жиылыс болып, менің қателерім *талқыға түсті* ( Мен қателескен екем).

Әлбетте, қатеммен бірге өзім де *талыға түстім-ау* (Мен қателескен екем).

**ТАНТЫП ОТЫР.** *Не болса соны, аузына келгенін айту мағынасында.*

Деп күйші отырушы ед ертегі айтып,  
Зары да Бозінгеннің күйін тартып.  
Егіліп ертегісін естуші едік,  
*Отыр* деп кім байқаған шалды *тантып* (Күй) (ҚТФС).

**ТАҢДАЙЫНЫҢ СУЫН ЖҰТТЫ.** *Тамсана таңырқады.*

Сайрадың күйқылжытып құбылжытып,  
Тамсандым *таңдайымның суын жұтып,*  
Толқытып, толықсытып, емірентіп,  
Қиқуға қызықтырдың, қылдың ынтық (Бұлбұлға) (ҚТФС).

**ТАҢДЫ ТАҢҒА ҰРУ.** Түн баласына ұйықтамады.

Тынбай, *таңды таңға ұрып,*

Тегісіне жабылып,  
Жатыр қырман қимылдап («Колхоз қырманьында»).

### **ТАҢНЫҢ АҚ ТАҢДАҚ СӘУЛЕСІ • ТАҢ ШАПАҒЫ • ТАҢ АРАЙЫ**

*Күн шықты.*

Түн-түнек қайтты,  
Ақ таңдақ таңның сәулесі,  
Ынтықты, мұңайысты,  
Тоқтады, тынды әуресі (Жазғы таң) (ҚТФС).

**ТАП//ШАП БЕРДІ.** *Кенеттен ұмтылды, бірден ұрынды. Тарпа бас салып, тұра ұмтылды.*

Арбитрдың адамы екі алыпты жұртқа таныстырып келіп, шарты айтылып болған соң ысқырып қойып еді, екі балуан бір-біріне *тап берді*. Тап бергенде *шап берді* («Жолдастар» романы).

**ТАРИХТЫҢ ЖАҢА БЕТІН СЫЗДЫ.** *Жаңа өмір жасады; жаңа тарихи дәірді құра бастады.*

Сайрандап жауды алған ел шебін бұзып,  
Думандап тойдай тобын, дүкен қызып,  
Картасын қара жердің қайта жасап,  
*Тарихтың жаңа бетін жатты сызып* (Кеңес) (ҚТФС).

**ТАС БАУЫР.** *Мейірімсіз, туыстық сезімсіз; ешкімге жаны ашымас, басы ауырмас.*

Жат жаудың жаны ашымас, *бауыры тас*,  
Ішінде уанбады жылап Серің («Құлагер» поэмасы).

**ТАС ЕМШЕГІН ИІТТІ [ТАСЫТТЫ, ЖІБІТТІ] • ТАР ҚҰРСАҒЫН КЕҢІТТІ.** *Мейірін түсірді, еміренді.*

Лапылдап, мұз көңілді күйдірген күй,  
Балқытып мұз жүректі сүйдірген күй.  
*Тасытып тас емшекті* тандыр болған,  
Бота боп нар інгенді идірген күй (Күйші).

Күй күшті, істі, еңбекті сүйдіретін,  
Тамырын *тас емшектің* идіретін.  
Жарлының тілек күйі, жүрек күйі,  
Өмірді бүлдіретін, күлдіретін (Күй).

**ТАС ЖҮРЕК.** *1. Қайырымсыз, мейірімсіз. 2. Қорықпайтын, жау жүрек.*

Тасқындап *тас жүрегі*, тулап тайдай,  
Жарқылдап, жабырқау жүз, күліп айдай,  
Кезі ойнап, желбезегі желбелеңдеп:  
«Болатын болды-ау,- деді,- көйлек пен шай (Қақпан).

**ТАС КЕРЕҢ [ҚҰЛАҚ].** *Түк естімейтін, саңырау.*

Жасы өтіп кеткен жарлы жігітке оқудың есігі ашылмады. Мұның тілегіне қала *тас керең* болды («Жолдастар» романы).

**ТАСТАЙ ҚАТТЫ.** *Бұл жерде үн шығармады деген мағынада айтылып тұр.*

Кей-кейде әнге шырқап өлең айтты,  
Кей-кейде томсырайып *тастай қатты*,  
Қылғандай қайынды қос, тасты төсек,  
Аһлап, ағаштағы бастай қатты («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ТАСТАЯҚТАЙ ҚАҒЫСТЫРДЫ.** *Бірін-біріне шағыстырды, айдап салды.*  
Дәукен қатын қалаштың арасына кіргенде күндесті күндеске шағыстырып *тастаяқтай қағыстыратын* қу ауыз («Жолдастар» романы).

**ТАСЫ ӨРГЕ ДОМАЛАУ.** *Бағы жанып, абырой, мерейі көтерілді.*

Қазақстан *тастары*  
*Бүгін өрге домала!*  
Сен де, тілім жорғала!  
Жорғала да, жорғала! (Той бастау)

**ТАУДАЙ ТАЛАП [ҮМІТ].** *Мұратқа жетуге деген зор ынта-ықылас.*

Жас мұраты, білім, *тәлім-талабы*,  
*Таудай* болсын оңалуға алабы.  
Жас қанжары – жүректегі жігері,  
Өнер-оқу – жастық қару-жарағы (Саналы жастарға) (ҚТФС).

**ТАЯҚ ЖЕДІ [ТИДІ]** 1. *Ұрыста сойыл, соққының астына түсті.* 2. *Өмір соққысын көрді; ұрыс, сөгіс есітті, беті қайтты.*

Қош енді, қалдың кейін, Құлагерім,  
Тұрмадың жығылғаннан, жылап едім.  
Жалғанда саяқ жүріп, *таяқ жедім*,  
Көретін күнім шығар бұл да менің («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).  
Қойшы жердің өртенгенін, *жеген таяғын* сөйлегенде солқылдап жылап айта алмады («Жолдастар» романы).

**ТӘЖІМ ҚЫЛДЫ.** *Құрметпен ізет етті.*

Басқарушы жариялап болып, ысқырып қойып еді, тежеп қаңтарылып тасталған ақбоз ат шығып, халыққа қарап *тәжім етіп*, басын шұлғып тұра қалды («Жолдастар» романы).

**ТӘТТІ ТІЛ.** *Жанды еріткен жақсы сөз, әңгіме.*

Сен не дейсің, не дейсің?  
*Тілің тәтті*, жаймысың?  
Ая! Ая! Әрине!

Мені жаман демейсің (Алдымда).

**ТЕПСЕ ТЕМІР ҮЗЕДІ.** *Мықты, мығым, берік.*

Бұл өзі *тепсе темір үзеді*. Осы қайратының үстіне түк ерінбейді, балашағаға дейін оны жұмсайды, қойды да бағады, отынды да ала келеді, қиды да ояды, құдық та қазады. Қонақ келсе, мал да сояды, қазанға су құйып, отынды да жағады («Бадырақ» романы).

**ТЕРЕЗЕСІ ТЕҢ.** *Дәрежесі, атағы, даңқы, беделі қатарлас.*

Бұл келгендер Нәзипаның төркіні – Қаралар. Қонысы Шалматаймен араласа отыратын. Ертеден өрісі бастас, *терезесі тең* – бұлар да бір жуан ауыл («Жолдастар» романы).

**ТЕРІСІНІ СЫЙМАДЫ.** *Қатты ашуланды, долданды, булыға, жарыла ашуланды.*

Шеркес Қалидың уыты бойына келіп, *терісіне сыймай* Нұраділге, Сатанға сыбырлады («Жолдастар» романы).

**ТЕСІК ӨКПЕ.** *Қиыншылықты көп көрген,көнбіс, кедей кісі.*

*Тесік өкпе, бейнетқор,*

*Қажымаған қамытқа;*

*Арып-ашып, күйсіз боп*

*Сүйреген еді бағытқа,*

*Бар шығатын тұлпарым*

*Айнала шауып жер шарын (Мал тойында).*

**ТИЫННАН ТИЫН ТУҒЫЗУ.** *Бірді екі ететін, пайда тапқыш мағынасында.*

Жәрмеңкеге қойды көп әкелетін көпестің бірі – осы Шалматай. *Тиыннан тиын туғызған* қутұяқ саудагер. Бай сөздің соқасын өзі түзеді. Бай сынық инесін қалдырмай есепке салды («Жолдастар» романы).

**ТОҒЫЗ АЙЫП ТАРТТЫ.** *Айыптың ең үлкенін төледі.*

*Қорғады мұны халық, азалады,*

*Әркім-ақ тұс-тұсынан бажандады:*

*«Кесілсін ердің құны Құлагерге!*

*Тартатын тоғыз айып сазаң бар-ды!»* («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ТОҚ ЕТЕРІ.** *Қысқасы, тұжырымы.*

- Отағасы, мен асығып отырмын. Ұзартпай *тоқ етерін* айтыңыз! («Жолдастар» романы).

**ТОҚТАМ САЛУ.** *Көңілін басу, тежеу мағынасында.*

Менің қатеме жерік болып жалаңдаған жұртқа бір *тоқтам салдым* ғой деп едім, мына жақтан біреу киіп кетті: Бұл кісі жалғыз Ленинді ғана аударып отырмын деді (Мен қателескен екем).

**ТОҚТАУ АЙТТЫ [САЛДЫ].** *Жұбатты, көңілін басты.*

Оларға Молдабек хатшы *тоқтау айтып:*

-Сендер табжылмаңдар: мен сырттарыңнан кілттеп қоямын! -деп түпкі үйдің есігін жауып жіберді де, өзі келушілерді қарсы алуға үйдегі үстеліне отырды («Жолдастар» романы).

**ТОЛҒАН ТҰЛЫПТАЙ.** *Күжірейген, дөңкейген кісі.*

Адам ба осы, мал ма осы?

Не мақұлық?

Аң ба осы?

Адам деуге түрі жоқ,

Пішіні үрген қуықтай,

Дене *толған тұлыптай,*

Дерт алғандай сұры жоқ (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ТОҢМОЙЫНЫ БОСАУ.** *Тоң-торыс, ырыққа көнбес, томырық мінезі басылды.*

Омарқаның жаңағы *тоңмойыны босап* сала берді. Ол комитет болғанша осындай талай қазақтың ісін алып, тоят айырған адам еді («Жолдастар» романы).

**ТӨБЕ КӨРСЕТТІ.** *Бір келіп көрініп қайтты.*

Дүниесі құрсын, қарағым, тым болмаса дос-дұшпанымызға *төбеңді бір көрсетіп қайт!* – деп отырып алды (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ТӨБЕ ҚҰЙҚАСЫ ШЫМЫРЛАУ.** *Шошытты, қорқытты, үрейлендірді. Тұла бойы түршікті, зәресі ұшты.*

Бір тиын саудасы болмаса да, көк құнанмен күнде осында келмей көңілі көншімейді. Сатан жүрегі су етіп, *төбе құйқасы шымырлады* («Жолдастар» романы).

**ТӨБЕСІ КӨККЕ ЕКІ-АҚ [БІР-АҚ] ЕЛІ ЖЕТПЕДІ.** *Қатты қуанды, шаттанды, қуанышын тасытты.*

Бұған Мәмбеттің әке-шешесінің *төбесі көкке бір-ақ елі тимеді* («Жолдастар» романы).

**ТӨБЕСІ КӨККЕ ЖЕТТІ.** *Қатты қуанды, шаттанды, қуаныш тасытты.*

Айналасынан албастыдай басқан ауырлық әп-сәтте серпіліп кеткендей, аузы жып етіп:

- Е, сенің нағашың болсам, *төбем көкке жетті* ғой,- деп жымың етті («Жолдастар» романы).

**ТӨБЕСІНЕН ТАС ТҮСКЕНДЕЙ.** *Кенеттен, ойламаған жерден ыңғайсыз жайға ұшырағанда айтылады.*

*Төбесінен тас түскендей тарс ұйқының үстінде жатып, оқ астында қалған Кадет корпусының ішіндегі офицердің тас-талқаны шықты («Жолдастар» романы).*

**ТӨСТАБАНДАП ЖАТЫР.** *Бауырын төсеп, етпетінен жатыр.*  
Лабасы төрде жатыр төстабандап,  
Шоңқиып, малды ауылдың төбетіндей (Жетісу суреттері) (ҚТФС).

**ТҰРЫСАТЫН ЖЕРІҢДІ АЙТ.** *Тоқтамыңды айт, қай келісімге келесің деген мағынада.*

*Сонымен Миколай бұған көнбей, тұрысатын жеріңді айт деп қағаз қайырыпты («Бадырақ» романы).*

**ТҰЯҒЫМЕН ТҮГЕЛ.** *Авторлық қолданыстағы фразеологизм. Барлығы, ешкім қалмады мағынасында.*

*Жетісудағы қала-қалаға тұрғанның бәрі – тұяғымен түгел «төңкерісшіл» болды («Бадырақ» романы).*

**ТҮЙЕ КЕКІРІК.** *Қатты тойып кеткенде, еріксіз өрескел шығатын кекірік.*

Жиылған көп күшіген әрбір тұстан,  
Қалмастан қарға, құзғын түгел ұшқан.  
Тояттап қазы, қарта, түйе кекірік,  
Қып-қызыл билер жатыр қымыз құсқан («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ТҮН ТҮНДІГІ ТҮРІЛДІ.** *Таң қылаң берді, түн қараңғылығы сейілді.*  
Сөнді жұлдыз шоқтайын,  
Түн түндігі түрілді,  
Шалқып жанған оттайын  
Атты қырда жазғы таң (Дала) (ҚТФС).

**ТҮН ҰЙҚЫСЫН ТӨРТ БӨЛУ.** *Түнді ұйықтамай өткізді.*  
Қадірлі, бағасы алтын анам тілі,  
Сенімен бағаланған балаң түрі.  
Төрт бөліп түн ұйқысын жұбатам деп,  
Сенімен әлдилеген анам мені (Анам тілі).

Құлагер, құлыныңнан маған біттің,  
Төрт бөліп түн ұйқымды баптап күттім.. («Құлагер» поэмасы).

**ТҮНДІКТІ ОҢЫНАН АШТЫ.** *Дұрыс тілек, жақсы ниет туралы айтылады.*

Қайғысыз қазан асыпсың,

Қазанның түзе қайқысын.  
Оңынан түндік ашыпсың,  
Ошағың түзе ойқысын (Беташар) (ҚТФС).

**ТҮСІ ЖЫЛЫ.** *Жарқын жүзді.*

Бермейтін сараң жоқ, сұрауы жетсе дегендей, келе-келе кейіннен Қожаның *түсі жылыған* соң, сөзге келісіпті (Мынау не дейді?).

**ТҮТІН ТҮТЕТТІ.** *Өз алдына үй болып отыр.*

Ол осы кеңес өкіметі арқасында басына үй тігіп, бауырына қазан асып, қатын құшақтаған, *түтін түтеткен* («Бадырақ» романы).

**ТЫРП ЕТПЕУ.** *Қозғалмау, бір орында тұру.*

Той *тырп етпей* тынады,  
Кеңк-кеңк, кеңк-кеңк жылады,  
Жылжып жасы қойнынан (Жаңа туған).

**ТЫШҚАН МҰРНЫН ҚАНАТПАДЫ.** *Мал соймады.* (Бұл жерде өте сараң кісі туралы айтылып тұр). Төмендегі берілген контексте керсінше *мал соймай* қалай отырады мағынасында қолданылған.

Көп жылдар көрмеген Тәжидің қарындасы амандаса келген соң, оған *тышқан мұрнын қанатпай* қалай отырсын, солтақ ісек соған сойылды («Жолдастар» романы).

**ТІЗЕ БАТЫРДЫ [КӨРСЕТТІ] • ТІЗЕГЕ АЛДЫ [САЛДЫ].** *Күш көрсетті, зорлық-зомбылық жасады.*

Әйде, қазір телефон соқ. Сенің бұйрығың қайда жатыр екен, тексер - деп, директорымызды *тізеге алып барады* (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ТІЗЕ ҚОСУ.** *Бірігу, ұйымшылдық көрсету.*

Қимылдады сол ауыл,  
Деп: «Дұспанға рақым жоқ!»  
*Тізе қосты,* қайнады.  
Сол бетімен шыққан көп,  
Шабуылдан шабуыл!.. (Арқан сал).

**ТІЛ [ТІЛ МЕН КӨЗ] ТИДІ.** *Біреудің тіл-көзі тиді, сұғы өтті.*

Құлагер, қуанышпен қосып едім,  
Алдыңнан үмітпенен тосып едім,  
Жиылып арғын, найман қарағанда,  
*Тіл мен көз тиер* ме деп шошып едім («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ТІЛ БЕРДІ.** *Хабар берді, жауап қайтарды.*

Жіберді мені сізге бер деп хабар,  
Сіздерге жай қалмады көлбек қағар.

Не екенін ашуының көріп тұрсың,  
Тезірек *тіл бермесен*, аулың шабар (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ТІЛІ КЕЛМЕДІ.** *Ештеңе дей алмады; тілі бармады, айта алмады.*

Қызарып қыз отырды түк үндемей,  
Не «болсын», не «болмасын» бірі жеңбей.  
Отырып ойлап-ойлап: «Болсын» деді,  
Айтуға өзі сөзді *тілі келмей* (Күйші) (ҚТФС).

**ТІЛ ҚАТУ.** *Бірдеңе деді, сөйледі.*

Сатан осынша жын ұясының ішінен періште жүзді *тіл қатқан* адамды көрген соң еріксіз еркіндеп кетіп:

- Шығатын есікті іздеп жүргенім, қай жақта! – деді («Жолдастар» романы).

Мұқан сонда *тіл қатты*,  
«Жоқ нәрсе ғой кім айтты?»  
Көп ауызы қимылдап,  
Келді өкілге қырындап (Кәмпеске).

Құлапты да сұлапты,  
Жатқан мынау кім жолдас? -  
Деп Жыласпай *тіл қатты*.  
Боран бірге зыр қақты.

**ТІЛЕК АЙТТЫ [ЕТТІ, ҚЫЛДЫ].** *Өзінің арман-мүддесін білдірді, өтінді.*

Алдияр! Алдыңызға *тілек айтам*,  
Көңілімде қалған кір жоқ, кеті сайтан.  
Тілегім мың қайтара бір-ақ тілек,  
Басыма бостандық бер елге қайтам (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ТІЛ-КӨЗДЕН САҚТАСЫН.** *Көне. Тілден, көзден сақта; біреудің көзі өтпесін.*

Туғаннан ардақтапты бай-бәйбіше,  
Мал айтып амандыққа әлденеше,  
*Сақта* деп *тілден-көзден* сыйыныпты,  
Су ішсе, қырға кетсе, шөбін жесе (Күй) (ҚТФС).

**ТІЛІ ШАЛДЫ.** *Тілі жетіп, айтып бере алды; жеткізе айта білді.*

Таусылып, көз қарайса азық-түлік,  
Кеулесе неше жерден жанжал, бүлік,  
*Тіл шалып*, ой болжамас шеберлікпен,  
Қозғаса бір капитан жолын біліп (Ленин өлді) (ҚТФС).

**ТІЛІН ШАЙНАДЫ.** *Сөйлеуге мұршасы болмады, сөйлей алмай қалды.*

Сарбаздар сайлап мініп өңкей саңлақ,

Зеңбірек күрс-күрс атқан, гу-гу сайғақ,  
Күйшінің басы айналып кеті осылай,  
Қалтырап, қалды сорлы *тілін шайнап* (Күйші) (ҚТФС).

**ТІРІ ЖАНҒА КӨРІНБЕДІ.** *Ешкімнің көзіне түспеді.*

Қыз екен!

Ақ тамағын сүйер ме еді,

Алпыс жыл асығына күйер ме еді!

*Көрінбей тірі жанға* жүру үшін,

Құс кебін перілердің киер ме еді (Күйші) (ҚТФС).

**ТІРІ КҮН.** *Жақсы тұрмыс, бейбіт өмір деген мағынада айтылып тұр.*

«Мен» емеспін, мен де көптің бірімін,

Мендейлердің міне қостық бірлігін.

«Мен» құралып «біз» боп шықпай күреске,

«Мен» тудырман бұқарама *тірі күн* (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ТІС ҚАҚҚАН.** *Тәжірибесі мол, ысылған адам.*

Бұл қонақтың көбі-ақ *тіс қаққандар*, тірліктің әбден ащы-тұщысын татқандар, бірін онға, онын жүзге сатқандар – шалдар, байлар болатын еді («Жолдастар» романы).

**ТІСІ САРЫ ҚАЙРАҚ.** *Әбден қартайған деген мағынада айтылады.*

- Иса-ау, мұның не?

- Ала бие.

- Өзі буаз ба?

- Өңі жас,

- Тісін аш!

- *Тісі сары қайрақ,*

- Бір қу қақбас («Ала бие») (ҚТФС).

**ТІСІН ҚАЙРАУ.** *Ыза болды, кектенді.*

Кеңес үкіметіне жиһангерлер жендеті *тісін қайрағалы* қашан? (Кімді кім?).

Бектастардың сай-сүйегі сарқырады. Қасым қажыларға әм оның тазысы болып жүрген Аямасов, Жұлғаров, Жалғасаровтарға *тісін қайрап* ішінен жауығып отыр (Алдандық).

Дәреже мен құрметті көкसेп, *тісімді қайрап жүргенде*, мен де іске араласып кеп қалдым (Бақтың әдісі).

Қап-қара боп түтігіп, ішінен *тісін қайрап*, тұлан тұтып, тілі байланғандай үндемей қалды («Жолдастар» романы).

«Кеңірдек осы мөлшердесің-ау» деп, пышақты оңтайлап, бауыздауға тақап тұрып, *тісін қайрап* ит көрген мысықтай ыржайып еді, Мұқсина қорқып қолымен бетін көлеңкелей берді («Жолдастар» романы).

Ысқырып, қақтығысып, *тісін қайрап*,  
Ұсатып бірін-бірі жаудай жайқан (Жорық).

Ұстап алар заман жоқ,  
*Тісін қайрап* амал жоқ (Дала).

## У

**У ЖЕГЕН БУРЫЛ БӨРІ ПОРЫМДАНДЫ.** *Ыза кернеп аласұрды.*

Дауысы зеңбіректей жерді жарып,  
Алмасты аспаһани қолына алып,  
Ширығып шыдамы жоқ тұр ханыша,  
*У жеген бурыл бөрі порымданып* (Күйші) (ҚТФС).

**УЫСЫНАН ШЫҒАРМАУ.** *Еркінен шығармай, қатал ұстады.*

«Қажы дүниесінің қазығы өзім» деп ұғынатын бәйбіше қайдан келсе де Нәзипаны өз *уысынан шығарғысы келмеді* («Жолдастар» романы).

## Ұ

**ҰЙҚЫСЫ ШАЙДАЙ АШЫЛДЫ.** *Ұйқысы бірден тарап кетті.*

Қаланың ұйықтап жатқан халқының *ұйқысы шайдай ашылды* («Жолдастар» романы).

**ҰЙЫТҚЫ БОЛУ.** *Дәнекер, себепкер, мұрындық болу.*

Үміт етіп бұдан көп,  
*Ұйытқы болар ма екен деп*,  
Аттандырдық «Мәйек» деп (Мәйек).

**ҰЛАРДАЙ ШУЛАУ.** *Қым-қуыт болып жылады; зар еңіреді.*

Қатын-баласы мен бір үйлі жан *ұлардай шулап жыласады* (Жайлаубектің жауыры - арудың ауыры).

Болыстың көмегін көріп, көзіне көгала шыбын үймелетіп, жүз елу кісінен айырылып, Ырғайты елі *ұлардай шулады* («Жолдастар» романы).

**ҰРШЫҚТАЙ ИІРДІ.** *Дөңгелетіп ала жөнелді.*

Жылқы *ұршықша иірілді*. Шұбар безіп иірілген жылқыны үш айналды. («Жолдастар» романы).

Апалақтап олай-бұлай жүгіріп жүрген Дәукеннің ұрымтал жерінен келіп жетек атты жігіт атын бір салып жіберіп, Дәукеннің үстіне *ұршықша иірілді* («Жолдастар» романы).

**ҰШАРҒА ҚАНАТ ЖОҚ.** *Аңсау, тағат таппай күту мағынасында айтылады.*

Маған істеймін деген жақсылығыңды жарым жолға тастамай, жеткізе істе. *Ұшарға қанат* менде жоқ... («Жолдастар» романы).

Бетегесі көк шашақтанып, сандал таулары көк ала жасылға оранып жататын еді-ау! Эттең дүние-ай! *Ұшарға қанат болсашы!* («Жолдастар» романы).

**ҰЯСЫН БҰЗУ.** *Бірлігін, ынтымағын бұзды, негізін жойды.*

Қараңғыда, қаға берісте қандала қалмасын, қанын ағыз, *ұясын бұз* (Кімді кім?).

**ҰЯТТАН ЖҰРДАЙ.** *Ұяты жоқ, арсыз.*

Аузыңда құдай жоқ,

Намыс, *ұят жұрдай* боп,

Иман – жиман бірі жоқ (Жан олжа).

## Ү

**ҮДЕРЕ КӨШТІ [ТАРТЫП КӨШТІ].** *Белгілі бір қонысқа аз тоқтап, түгел қонарыла көнді. (Кейде тынышсыз көшу мағынасын да білдіреді).*

Тау селіндей күңіріне,

Қыр желіне ескектей,

*Көшкен* елдей *үдере*

Келді дауыс алыстан... (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҮЙМЕ-ЖҮЙМЕ БОЛДЫ.** *Бір жерге опыр-топыр боп топталып жиналды.*

Жеті-сегіз ауыл бір жерде *үйме-жүйме* болып отыр екен («Жолдастар» романы).

**ҮЙІҢ КҮЙГІР!** Қарғыс мәнді фразеологизм. *Отаның бұзылғыр деген мағынада.*

Түү! Мынаның бәрі іркілдеген ісік екен ғой.

Алда *үйің күйгір-ай?*

Түү! Ойбай-ай!

Құдай-ай!

Обал-ай, ит-ай! (Ит-ай) (ҚТФС).

**ҮЙІР БОЛДЫ.** *Бауыр басып, үйреніп кетті. Төңірегінен айналышықтап шықпай қойды.*

Алғашында әр жерден күндеп қара жұмыс қылып жүрді. Ақырында жүкші жігіттерге жолығып, олармен *үйір болды* («Жолдастар» романы).

**ҮЙІРДЕН АЙЫРЫЛДЫ.** *Өзімен қатар өскен жора-жолдастардан ажырады, адасты, өз тобынан кетті.*

Егіл де тегіл екі көз,  
Жу жалынды күйдірген,  
Азына, азына, азына,  
*Айырылған соң үйірден* (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҮНІ БІТТІ.** *Таңдайы кеуіп, даусы қорлығып, дыбысы шықпай қалды.*  
Шаң қауып, желді жұтып, шөліркеген,  
Қаңсытып, құрғап таңдай, күн де жеген,  
Қалжырап келе жатты *үні бітіп,*  
Ат қағып, шөл меңдетіп, шабу жеңген («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

**ҮРІП АУЫЗҒА САЛҒАНДАЙ.** *Аса әдемі, сүп-сүйкімді.*  
Күйеуге беріп отырған қыздың бір жеңгесі де жаңа түскен, желегі басында,  
*үріп ауызға салғандай* ақ келіншек, ол да сен тұр, мен атайын (Дарқан).

**ҮРЕЙІ [ЗӘРЕСІ] ҰШУ.** *Қатты қорықты, жүрегі ұшты.*  
Ана ауылдың артындағы тас-тастың арасында жатқан солар. Оларда зәре жоқ. *Үрей ұшқан.* Жалғыз зеңбіректі ғана естиді (Шайтанарба).

**ҮРІККЕН ТҮЙЕ КӨЗДЕНДІ.** *Екі көзі шатынап шарасынан шықты, ежірейді.*  
*Үріккен түйе көзденіп,* алақтап тұрған жігіттерге екі жағындағы екі қызыл тудың тобынан екі қазақ жігіті ұмтылды (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҮРКІН ЕЛ.** *Көне. Тыныштығы кетіп, жер ауған ел.*  
Іле басы – қас, күндес,  
Өткел таппай *үркін ел,*  
Кетті суға талай көш;  
Тозғындады ел, тозды жұрт (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ҮШ ҰЙЫҚТАСА ОЙДА ЖОҚ.** *Солай болады деп мүлде күтпеген, ойламаған.*

Болыс ауылындағы солдаттарды аламыз деп алғаш шапқанда бүйтіп «атады» деген *үш ұйықтаса ойларында жоқ* еді («Жолдастар» романы).

## X

**ХАБАР ЖАЮ/ХАБАР ТАРАТУ.** *Хабар білдірді, белгі берді.*  
Үшеуі де қазақша «жолдас» деген сөзден басқаны «мен білмейділер». Міне, осылар шабуылдап Шоқпарға келе сала *хабар жайды* (Екпінді бүлдіргіш).

**ХАНҒА СӘЛЕМ БЕРМЕЙДІ.** *Шаруасы түгел; мұртын балта кеспейді.*  
(Хан екеш ханға да пысқырмайсың деген мағынада).

Науқанды төкпей-шашпай жинап алсаң,  
*Бермейсің ханға сәлем бар дүрмекте* (Орақ науқаны) (ҚТФС).

### Ш

**ШАБАЛАҢ ЕТТІ.** *Шыбжыңдады, шаптығып қарсы сөз сөйледі.*

Ей, ана үзілген қамытыңды бері кел, – деді. Жолақ бешпентті әйел *шабалаң ете* түсті... (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ШАДЫМЕН ЖҰРТ.** *Көңілді, қуанышты ел.*

Шат көңіл, *шадымен жұрт* ақынысың,  
Жүйріктің жұрт қуантқан жақынысың,  
Баласың бақытты елге, түс майданға,  
Халқыңның қайратысың, ақылысың (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ШАҢЫРАҚ КӨТЕРДІ.** *Өз алдына үй болды.*

*Шаңырақ көтергенде* елден құралған киізді оймақтайдан құрап, тап-тұйнақтай үй қылған («Бадырақ» романы).

**ШАР САЛДЫ.** *Көне. Дауыс берді, сайлау тасын салды.*

Ол кісіге жолығайық дегеніміз-ақ, біз осындағы қазақ жүкшілеріміз. Өзіміз толып жатқан жұмысшы бармыз. Жұрт шар салуға дуылдап жүр. Осы *біз шарымызды* кімге саламыз? – деді (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ШАРҚ ҰРУ.** *Даңғаз болды, алас ұрды.*

Темір жолдар тартыла,  
Абылай аспас белдерден  
Аса соға, *шарқ ұра*,  
Сонау Сибирь – Түркстан (Дала).

Айдала, айсыз түндерде,  
Маңдайын бере Үркерге,  
Арқырар арба, *шарқ ұрар*.  
Түйелердей тіркелер,  
Келіншектей бүркенер,  
Дөңгелер арба зырқырар (Отарба).

**ШАРУА КҮЙЗЕЛДІ.** *Күн көрісі, тіршілігі қиындады.*

Бас кетіп изеліп,  
*Шаруа күйзеліп*,  
Мейірімсіз күн еді,  
Әлсіздер қалтылдап (Жастар ұраны) (ҚТФС).

**ШАШ АЛ ДЕСЕ, БАС АЛАДЫ.** *Әнербақан, ұр да жық кісі мағынасында.*  
Табы бөтен, түсі әкім,

Іші дұшпан, ісі әкім,  
Белсенді атты топ шыққан;  
*Шаш ал десе, бас алған,*  
Талай сұмдық жасалған,  
Бүлдіргіштер көп шыққан (Жаңа туған).

*"Шаш ал десе, бас алған"* - деген мақал қай заманға болса да қабысады да тұрады ( Екпінді бүлдіргіш).

*Шаш ал десе, бас алатынынан,* жұмыстың тас-талқанын шығарып жіберетін кейбір қызметшілеріміздің, мекемелеріміздің, ұйымдарымыздың мына төрешілдігінен, мына салақтығынан сақта дедік (Екпінді бүлдіргіш).

Орашалақ, *шаш ал десе, бас алар* - феодализмде де болады (Екпінді бүлдіргіш).

**ШАШБАУЫН КӨТЕРУ.** *Біреуге жағымпаздық етті, қошеметтеді.*

Сонымен бірге орыс *шашбауын көтеруші* әкімдерді көпшілік қара бұқара сүймейді («Бадырақ» романы).

**ШӘЙ ДЕСПЕУ.** *Ренжіспеу, тату болу мағынасында.*

Бұрын еш *шәй деспек* түгіл, түсін танымаған жай кісілермен өң бұзысып, сөзге келісіп, сіресіп тұрмыз... ( Жалаңаш жиылыс).

–Тақсыр, товарищ, – деп көмекейінен күрмелді, – бұл - менің қыздай алған кіші қатыным. Ақ қой сойып, ақ бата оқытып, ата-анасы, елі-жұрты берген. Биыл жеті жыл болды. Содан бері ешбір *шай дескеніміз жоқ* («Бадырақ» романы).

**ШЕЖІРЕ БОЛДЫ.** *Бұл жерде көпті көрген кісі мағынасында.*

Көп жасаған көнемін...

*Шежіре боп* талайға

Мен талайдан келемін...

Тарих дейтін шал болам (Дала) (ҚТФС).

**ШЕН ҚҰМАР.** *Мансапқор, атаққұмар.*

Николайдың неше сайлауында би болып келген Сандыбай да енді *«шен құмарлықты»* тастап, үлкен, жұрт ауызына қарайтын ақсақал болды (Әңгімелер)

**ШЕҢГЕЛ САЛУ.** *Зорлықпен қол салды, ауыз салды мағынасында.*

Шалматай ақшаны да, малды да аямай төгіп, ақырында осы Нәзипаға *шеңгел салған.* Бірақ ақ бата, азулы әке, ақтарылған мал – барлығы Нәзипаның аяғын тұсап, басын байлап, Шалматайға әкеп қатын қылған («Жолдастар» романы).

**ШЕП ҚҰРДЫ [САЛДЫ, ТАРТТЫ].** *Қарсы сап түзеді.*

Самсаған қол, қалың кісі қанатты жайып жіберіп, *шеп тартып,* сар желіп келеді («Жолдастар» романы) (ҚТФС).

**ШЕР ТОЛҒАУ.** *Ішіндегісін ақтару, айтып салу.*

Қайда жиын болса, Әлеке сонда келіп, *шер толған*, ән салып, уайым айтатын болды («Жолдастар» романы).

**ШЕР ШЫҒАРУ.** *Қайғысын шығарды, мұңын шақты.*

Бұрын қасындағы Әділхандарға жүргізуге алыс деп үйінен шығарғысы келмей отыратын Сатанға Жетісудың тұз-дәмін татуды жазған екен ғой деп, шешесі көзінің жасын іркіп алды. Ол көңілін көтергенде – *шерін шығарып* көтеретін еді («Жолдастар» романы).

**ШЕРМЕНДЕ БОЛДЫ [ҚЫЛДЫ]** *1. Масқара етті. 2. Әуре-сарсаңға түсті.*

Бөлерменге келгенде,  
Болмау үшін *шерменде*,  
«Мәйек» болып жиылдық (Мәйек) (ҚТФС).

**ШЕРУ ҚОЛ.** *Жорыққа аттанған қалың қол (әскер).*

Қалың *шеру қол* қандай,  
Жалғыз үйге қойылды ат,  
Жер қайыса ұрандай,  
Қақырық қан татыған (Дала) (ҚТФС).

**ШОЙ [ШОЙЫН] ҚАРА.** *Қап-қара, дәу қара.*

Арпылдаған паровоз,  
Қайратты қайсар қара өгіз!  
Тарбық танау, *шой қара!*  
Кәдімгі біздің «Жоңқабай! (Ресей жері).

– Қажымұқан! – дегенде, өзге балуандардан бөлек есік перде артынан шығып, өне бойы қоладан құйылғандай тұп-тұтас жуан, *шойын қара* халыққа бас иді («Жолдастар» романы).

**ШОҚТЫҒЫ АСТЫ • ШОҚТЫҒЫ КӨТЕРІЛДІ.** *Бұл жердегі мағына: масайрады, мерейі үстем болды.*

Оқас тұр *шоқтығы асып* жеңген болып,  
Ояз тұр үңірейіп шылым сорып;  
Сөйлейді біреу аяп, біреу қажап,  
Жаралы жіліншікке шаншу болып («Құлагер» поэмасы) (ҚТФС).

Осы тұрған өңшең алыптардың ішінде Мартыновтың *шоқтығы асып*, бөрене аяғымен адымдап келіп аренаның дәл ортасына келіп тұра қалды («Жолдастар» романы).

**ШОРТ КЕСУ.** *Кенет тыйып тастады.*

*Шорт кесіп* «жарылады» деп айта алмады,

Айтуға көрмеген соң қайқандады (Жорық).

**ШОШҚА ТАҒАЛАДЫҢ БА?** *Бітірген, көзге көрінер жұмысың жоқ, не істедің деген мағынада.*

– О, но, бір сағатта келмей, *шошқа тағалаймын ба?* Апыл-құпыл істермін (Ташкендікке тарт!).

**ШӨГІП КЕТТІ [ҚАЛДЫ].** *Жадап-жүдеп, аласарып кетті.*

Құланның қайғысынан қатып-семіп,

Қудай боп екі-үш айда қалған шөгіп.

Құлауға құйын соқса оп-оңай тұр,

Құрт жеген құба сөңкел секілденіп (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ШҰНАҚ [ШЫҢЫЛТЫР, ШЫТЫРЛАҚ] АЯЗ • ШҰНАҚ ҚАҚҚАН [ҚЫЗЫҚ ШҰНАҚ] АЯЗ.** *Қатты ызғарлы суық, бет қаратпайтын үскірік.*

Қызылда қыстың күні *шұнақ қаққан,*

Аязда түкірігің түспей қатқан.

Жабулап Самарқанның жібегімен,

Жабылды жануарды солай баққан (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ШҮЙ ЖЕЛКЕ.** *Шүйдесін қыртыс-қыртыс май басқан семіз адам туралы айтылады.*

Ірге күңгірт

Көлеңке.

Бұрылды солай

*Шүй желке* (Жүдеу жүрек) (ҚТФС).

**ШЫБЫН ЖАНДЫ ҚИМАУ.** *Өмірін қимау.*

Шыл боғындай бытырап

Тозғындаған батырақ,

Ойға, қырға симадық.

Қой бақпаған дала жоқ,

Боқ құймаған қала жоқ,

*Шыбын жанды қимадық*

Әр тілекке бір себеп,

Кеше мұнда не керек,

Советпен ес жинадық (Мәйек).

**ШЫБЫН ЖАНЫ ШЫҒУ.** *Зәре құты кетті.*

Сатанда үрей қалған жоқ. Оның *жаны шыбын болып шығып* әлдеқайда ұшып кеткен сияқтанды («Жолдастар» романы).

**ШЫБЫНЫ ҰШТЫ.** *Зәре-құты кетті.*

Сілкініп қаһарлы қыз түрегелді,

Шаңқ етіп, жатқан елді ду көтерді.

Күйшінің *шыбыны ұшты* қалш-қалш етті,  
Шығарып самайынан шып-шып терді (Күйші) (ҚТФС).

**ШЫМБАЙЫНА БАТТЫ.** *Жанына батты, қатты қиналды.*

Бізді жаулап алған соң орыс үстемдігі орасан *шымбайымызға батып*, оның отаршылдығы шектен асты («Бадырақ» романы).

**ШЫНЖЫРЛЫ ШЕН, ШҰБАР ТОН.** *Асыл бұйым, қымбат киім деген мағынада айтылады.*

Қабыр қазды, ақтарды,  
Алынды тең, түйіншек.  
Алтын, асыл, күміс көп,  
Алды тауып тыққанды,  
*Шынжырлы шен, шұбар тон* (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ШЫРҚ ИІРУ.** *Берекесін алып, ашысын қуырды.*

Кәрлі қыз елді бүріп, *шырқ иіріп*,  
Үйсінге, Дулатпенен салды бүлік.  
Не болып, не қойғанын сырттан сұрап,  
Ордада Кене хан да отыр біліп (Күйші).

**ШІЛДЕХАНА КҮЗЕТТІ.** *Жаңа босанған әйелдің үйінде таң атқаниша ойын-сауық құрды.*

Есімі уайым емес деп,  
Қуандық біз балаға;  
Атын қойып «Кеңес» деп.  
*Шілдехана күзетіп*,  
Қош айтысып Нұршайға  
Қалған едік кетісіп (Кеңес) (ҚТФС).

## **Ы**

**ЫЗАСЫ ӨТТІ.** *Қорлығы өтті, қылығы жанына тиіп болды.*

Бұлар қашып кеткен соң,  
Бірдей мініп екі атты;  
*Ызасы әбден өткен соң*,  
Жігіт жиып жабдықтап,  
Ғали мінген атына (Кеңес) (ҚТФС).

**ЫМЫРТ ЖАБЫЛДЫ.** *Қараңғы түсті, көз байланды.*

Досай ауылы салт атқа шалқар күндік жер еді. Күні ұзын салақтап желіп отырып, *ымырт жабыла* бергенде бұлар тамырдың ауылына келіп те қалды («Жолдастар» романы).

Өстіп «жүреміз, жүрмейміздің» ырың-жырыңымен отырып *ымырт жабылып* кетті («Жолдастар» романы).

**ЫРҚЫНА КӨНБЕУ.** *Айтқанымен, ыңғайымен жүрмеу.*

Келіншек болып келгеннен-ақ Нәзипа Әйен бәйбішелердің *ырқына көнбей*, етегінен алдырмай еркіндеп соққан болатын («Жолдастар» романы).

## I

**ІЗІ СУЫМАДЫ.** *Болғанына ұзақ уақыт өтпеді, бір сәт өтпеді, дер кезінде іске кірісті.*

Енді мұның *ізін суытпау керек* («Жолдастар» романы).

**ІРГЕСІН БЕКІТУ.** *Жақсартты, нығайтты деген мағынада.*

Ол еңбектің иесі,

Партияның мүшесі.

*Бекіткен колхоз іргесін* (Талап колхозы).

**ІРЕП [ІРЕМЕЙ] СОЙДЫ** 1. *Әбден балағаттады, жер-жебіріне жетті.* 2. *Қатты састырды.*

Мұндай көпшіліктің ортасына түскен сөзде тоқтау бола ма – бірі *іреп*, бірі *сойды* (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ІС НАСЫРҒА ШАПТЫ.** *Жұмыстың ыңғайы жамандыққа қарай бет алып, оның оңғарылуы қиынға айналғанда айтылады.*

Қимылдың жобасы – *іс насырға шапты* («Жолдастар» романы).

**ІШ ТАСТАДЫ** *Төлдің мезгілсіз өлі тууы туралы айтылады.*

Былтыр жылқымыздың қорасы болмай, биеміздің көбі *іш тастап* кеткен жоқ па? Енді биыл «талаптың көргенін аудан да көрмейді» - деді Абдрахман (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ІШЕК-СІЛЕСІ ҚАТУ.** *Өте қатты, тежеусіз, қалтқысыз, көзіне жас ағып, ішек-қарны сірескенше күлу.*

Ей, қыздар-ай,

Қош есен бол-ай...-деп көзін сығырайтып, даусын қырылдатқанда отырғандардың *ішек-сілесін қатырды* («Жолдастар» романы).

Даусын қырымдатқанда отырғандардың *ішек-сілесін қатырады*. Қажен таздар сылқылдап көзінен жас ағызады (Мынау не дейді?).

**ІШНЕ ТҮЙДІ.** *Ой түйді, қорытынды шығарды.*

Нәзипаның да Сатанның тегін арғын емес екеніне көзі жетіп, сусағанда салдыратын тәтті әндері бар екенін *ішіне түйді* («Жолдастар» романы).

**ІШСЕ [ІШП ТАМАҚҚА, КИСЕ [КИП] КИІМГЕ ЖАРЫМАДЫ.** *Тұрмысы оңалмады, тапқаны тамағына жетпеді.*

Ел кедейлерінің көрген күні анау. Өмірі *ішсе тамаққа, кесе киімге жарымай*, байдың борышына, атқамінердің жеміне жеткізе алмай таусылып жүргені (Өңгімелер).

Қосай үйі *ішсе тамаққа, кесе киімге жарытпай*, есігіндегі иттей жұмсап Дарқанның жас өміріне у құйып, жас көкірегіне сары су ұялатып қолында өсірген еді (Дарқан).

**ІШІ ЖЫЛЫДЫ [ЖІБІДІ].** *Жақсылыққа көңілі құлады, мейірленді.*

Аяпбергеннің *іші жылып сала берді*, адвокаттың алған сәлемі оның түсін жылытып, әбден мұсылман қылып жіберген еді («Жолдастар» романы).

**ІШІ КІРСЕ ШЫҚҚЫСЫЗ.** *Сән-салтанатты, құлпырып жайнап тұр, өте әдемі, көркем.*

*Іші кірсе шыққысыз* дүмбіредей ақ үй Бадырақтікі («Бадырақ» романы).

**ІШІ ҚАТУ.** *Ашулы, өкпелі, ренішті.*

Сырты тату, *іші қату*,

Харып жасап, нүкте жоқ.

Алдағыш болсаң ас даяр,

Алдаған кісі қасқаяр (І. Жансүгіров) (ҚТФС).

**ІШІ ӨРТЕНУ.** *Қатты қызғанды деген мағынада.*

Ниетпен дәл осындай Көк ат келген,

Қашаннан "қап!" — деп азу басып жүрген.

Құлагер Көкшетаудан кеп калған соң

Қызғанып Батыраштың *іші өртенген* («Құлагер» поэмасы).

*Ішінде өрті жанып* басылмастай,

Шемендеп дерті кеткен ашылмастай («Құлагер» поэмасы).

**ІШІН ТАРТТЫ.** *Таңырқады, қатты таң қалды.*

Жас жігіттер *ішін тартты*. Адвокат орнына отырды («Жолдастар» романы).

**ІШІНЕ ҚОНБАУ.** Миына кірмеді, ұқпады, еш қызыққа зауқы соқпады, көңілі қаламады.

Аятбай. Менің *ішіме бұл да қонбайды* (Кек).

**ІШІНЕ МҮЗ ҚАТҚАН.** *Іштей көңілінде дақ қалу.*

«Товарщтардың» осындай өрескел қылықтары елдің жүрегіне найзадай тиіп, *ішіне мұз қатқан* («Бадырақ» романы).

**ІШІНЕ МҰЗ ҚҰЙҒАНДАЙ БОЛУ.** Қатты шошу, ұнатпай қалу, тітіркену. Секем алып қорқып қалу.

Сатан *ішіне мұз құйғандай болып*, Абдыра бекетіндегі болыстың жасауылы ұстап алатындай атын жедел-жедел қамшыланып Шалматайдың малына қарай жөнелді («Жолдастар» романы).

**ІШІНЕН КІРІП, СЫРТЫНА ШЫҚТЫ.** Жазынды, өзіне бұрып алды, жағымпазданды.

Мәмбетті айналып-үйіріліп, *ішінен кіріп, сыртынан шығады*. Мәмбет екеуі келіп пароходқа тұра қалысты («Жолдастар» романы) (ҚТФС).

## ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШІ

### А

- Абылай аспас асу [бел] 7  
Абылхаят [әбілхаят] суы 7  
Ағарып таң атты 7  
Адам айтқысыз 7  
Адыра қалу 7  
Ажал аузында 7  
Азан айтып [шақырып] қойған аты 8  
Азан-қазан болды [қылды] • азан-қазан шықты 8  
Азап тарту 8  
Азу тісін [азуын] басты 8  
Ай, әлеумет, жараңдар! 8  
Айдаһардай ысқыру 9  
Айқай сүрен салды 9  
Айрандай аттау//аптау, күбідей пісу 9  
Айт құтты [мерек] болсын! 9  
Айтылған сөз, атылған оқпен тең 9  
Айтып- айтпай не керек 9  
Айы [-күні] жақындады [жетті, толды] 9  
Айызы қанды 9  
Ақ білек 10  
Ақ майды ағызу 10  
Ақ моншаның қарны жарылды 10  
Ақ отау 10  
◆ Ақ орда 10  
Қалың жан//ел 10  
Ақ саусақ 10  
Ақ сұпыдай 10  
Ақ тамақ 10  
Ақ үстінен қара танымау 11  
Ақсақты тыңдай, өтірікті шындай қылды 11  
Ақсарбас айту 11  
Ақтабан шұбырынды заман 11  
◆ Ақтан қара танымау 11  
Әліпті таяқ тәрізді деп білу 11  
Көзі ашық 11  
Ақша маңдай 11  
Ақшам жамырады 11  
Ақылы балқаш, ашуы дүлей 12  
Ақыр заман 12  
Ақсүйек қылды 12

Ал түшкірдім: «аптұщы!» 12  
 Ала жаздай • ұлан жаздай • алты ай жаздай 12  
 Ала жібін аттамады 12  
 Ала кеуім 12  
 Ала көз қылу//ала көз 12  
 Ала көздігі күшею 13  
 Ала өкпе болды 13  
 Ала өкпе болу//тигір 13  
 Алас ұру 13  
 Алдынан дау, аузынан сөз кетпеді 13  
 Алқа-қотан отыру 13  
 Алла[-ның, құда, құдайдың] әмірі [үкімі, бұйрығы] 13  
 Алмас тілді 13  
 Алпыс екі тамырлы 14  
 Алты аласы, бес бересі жоқ 14  
 Алты алаш 14  
 Алтын күрек • алтын күрек соқты • алтын күрегім 14  
 Амандыққа мал айтты 14  
 Анасының қайта туғандай • енеден екі туды 14  
 Анық қасқа жол 14  
 Аңсағанға сусаған 15  
 Аңызак тамызда 15  
 Апақ-сапақ[-та] ақшамда 15  
 Аппақ қудай сақал 15  
 Арасына от тастаған 15  
 Арасынан қыл өтпеу 15  
 Арашалап алды 15  
 Аршыған жауқазындай 16  
 ♦ Арқа етіміз арша, борбай етіміз борша 16  
 Отымен кіріп, күлімен шығу 16  
 Аруақ [қыдыр] қонды [түнелді] 16  
 Аруақ қолдады [жар болды] 16  
 Арық қойдай тырысу 16  
 Асау мінез 16  
 Аспан [ауа, әуе] айналып, жерге түсердей [түскендей] • аспан аптап, күн шыжыды 16  
 Астаң-кестеңі шықты 17  
 Астына[артына] көпшік қою 17  
 Асыра сілтеу 17  
 Ат құлағы көрінбейді 17  
 Ат майы қайтты 17  
 Ат үстінде күн көрді 17  
 Атаңа лағынет 17  
 Атқан таңдай 18

Атты арбап, атан жұтты 18  
 Аузы аңқаю//аңыраю 18  
 Аузы жеңіл 18  
 Аузы ораза 18  
 Аузы-мұрнынан шығу 18  
 Аузын айға білеген арыстан 18  
 Аузын басу 19  
 Аузын қу шөппен сүрту 19  
 Аузына қақпақ болды 19  
 Аузына қарату 19  
 Аузына құм құю 19  
 Аузына сөз түспеу 19  
 Аузынан сілекейі ақты 20  
 Аузының суы құрыды [ақты] 20  
 Аузыңа май 20  
 Ауыз жиғанымызша//жимай жатып 20  
 Ауыз салу 20  
 Ауызға ілінді 20  
 Ауызы аққа тию//жету 20  
 Аш қасқырдай 20  
 Ашу биледі [буды, қысты, кернеді, шақырды] • ашуы келді 21  
 Ашу қайнау 21  
 Ащы тіл 21  
 Аюдың өтіндей 21  
 Аяғын шырмаған 21  
 Аяғынан келді 21  
 Аяғының желі бар 21  
 Аяқ жетер жерде 21  
 Аяқ өре тұрды 22  
 Аяғынан тозды 22

## Ә

Әжетке (қажетке) жарады 22  
 Әзезілдей аздырды 22  
 Әзірет әлінің күші 22  
 Әлегін аспаннан шығарды 22  
 Әлем байлады 22  
 Әлемге [жиһанға] нұрын шашты 22  
 Әлінің кеуір қырған зұлперіндей 23  
 Әніне басты 23  
 Әңкі-тәңкі етті 23  
 Әрі-сәрі [дел-сал] болады 23  
 Әу дескендей 23  
 Әуезе қылды 23

## Б

- Бағы [бақыты] ашылды • бақыт оты жанды 23  
Баж ету 24  
Байтақ ел [жұрт] 24  
Бақантірес, иттартыс 24  
Бал аштырып, бақсы ойнатты 24  
Балапан басына, тұрымтай тұсына кетті 24  
Балды қурайға жабысқан арадай 24  
Барар жер, басар тауым жоқ 25  
Бармағын тістеді 25  
Бармағын шайнау 25  
Бармағынан бал [өнер] тамған//саусағынан бал таму 25  
Бармақ басты, көз қысты 25  
Барымта алды 25  
Бас болу 25  
Бас ию 26  
Бас қойды 26  
◆Бас қосу 26  
Бір көтеріп тастау 26  
Бас-көз болу 26  
Басқан ізде белгі жоқ 26  
Басы әңкі-тәңкі [дал, даң] болды • басы [миы] қатты • басы қаңғырды • миы ашыды • шақшадай басы шарадай болды • шарадай басы шақшадай болды 27  
Басы бүтін беру 27  
Басын қосты 27  
Басын ауыртқан жоқ 27  
Басын құшты 27  
Басын шатты 27  
Басына бұлт айналды [төнді, түнерді] • басына қауіп-қатер туды [төнді] • басына бәле жауды • басына ғәріпшілік [тарлық іс] түсті [күн туды] • басына екіталай күн туды 28  
Басына құс қону 28  
Басында еркі жоқ 28  
Басында ерік, малында билік болмау 28  
Басын құрбан қылды 28  
Бата алмады 28  
Бата берді [жасады] 29  
Бата оқыр 29  
Баудай түсті 29  
Бауыздау құда 29  
Бауыр басқан 29  
Бауырымдап шапты 29  
Бауырына кірді 29

Бая қуды 29  
Бәйек болды 29  
Безек қақты, безектей берді 30  
Бел байлады (буды) 30  
Бел ұстасты 30  
Белін бекем буу 30  
Белі шойырылды 30  
Белін буынып, жеңін сыбанды 30  
Бесіктен белі шықпаған 30  
Бет моншағы түсті [үзілді, салбырады, төгілді] 31  
Беті қайтты 31  
Бетінен оты шығу 31  
Бойын күту 31  
Буынын бекітті 31  
Бұтын бұт, қолын қол қылды 31  
Быт-шытын шығару 31  
Бір ауыздан көтеріп жіберді 31  
Бірің өліп, бірің қал 31  
Бұқа мойын 32  
Бұлан-талан болды 32  
Бүрсең қақты 32

## Д

Дабыл қағу 32  
Даңқы жер жарды 32  
Дәм татқан құдыққа түкірді 32  
Дәм таттыру 32  
Дәм-тұз [ын]тату 33  
Дәрмен жоқ 33  
Дегбірі қашу// дегбірі қалмады 33  
Делебесі қозу 33  
Дүние салу 33  
Дүние сарсаң 33  
Дүрсе бас салды [ұмтылды], дүрсе қоя берді 33  
Дыбыс берді [етті] • үн қатты 34  
Дікең қақты 34  
Діңкеге тиді [діңкені құртты] 34

## Е

Екі дай [жар, жақ] болды • дай-дай болды • жақ-жақ болды 34  
Екі езуі құлағында 34  
Екі иінен дем алу 35  
Екі көзі бажыраю 35

Екі көзі төрт болу	35
Екі ойлы болу	35
Екі өкпесі қысылу	35
Екі өкпесін аузына тістеу	35
Ел аман, жұрт тынышта	35
Ел аузына ілігу	35
Ел құлағы түрілді • құлақ тосты [түрді]	36
Ел таныды	36
Елдік[-тен] кетті	36
Елең ете түсу	36
Елең қылмады	36
Еңбегі жанды [қайтты]	36
Еңбегің еш, тұзың сор	36
Есе тиді	36
Есек дәмелі	36
Есекқұрты мұрыннан түсті	37
Есі шықты	37
Есіктегі басын төрге сүйреу	37
Есің барда, еліңді тап	37
Етегін белге түру	37
Етек-жеңі жинақы	37
Еті тірі	37

## Ж

Жабық мінез	38
Жағадан алды	38
Жағасы жайлауға кетті	38
Жағасын ұстау	38
Жағы сенбеу	38
Жаза баспау	38
Жазға салым	38
Жай-жапсарын айту	39
Жақ ашпау	39
Жалаң қақты	39
Жалғыз айыл	39
Жамбасы [жауырыны] жерге тимеген	39
Жан бағу	39
Жан құйттады [күйттеді]	39
Жан қысылу	39
Жан сақтады	40
Жан терге түсу	40
Жан[-ын] шақырды	40
Жанды [жанын] жегідей жеді • жанын жеді • жегі жеді	40
Жаны ауыру	40

Жаны жайланды [жусады, кірді, жай тапты, сая тапты] 40  
 Жаны жалғыз адам 41  
 Жаны күйю 41  
 Жаны мұрнының ұшында 41  
 Жаны ұстараның [пышақтың] жүзінде [ұшында] тұр 41  
 Жаны ұшып кетті 41  
 Жаны шаншылды 41  
 Жанын аялады 41  
 Жанын жеу 42  
 Жанын ұрды 42  
 Жанына батты [тиді] 42  
 Жанына жақты 42  
 Жанын қиды 42  
 Жаңа туған ай секілді 42  
 Жапан тұз//дала 42  
 ♦Жарғақ құлағы жастыққа тимеді 43  
 Жұт болды 43  
 Жарық дүние 43  
 Жас жауқазын сарымсақтай 43  
 Жас қыршын • қыршындай жас • жас қыршындай 43  
 Жасаған қол 43  
 Жауырыны жерге тимеу 43  
 Жел аяқ 44  
 Жел саңлақ 44  
 Желекті адам жеңілтек 44  
 Желкесіне мінді • желкесінен түспеді 44  
 Желім жеп, у ішті 44  
 Желін жамбы 45  
 Жер аудару 45  
 Жер бауырлап жатты 45  
 ♦Жер жамылу 45  
 Қаза табу 45  
 Жер күңіренді 45  
 Жер шұқу 45  
 Жерге кіріп кете жаздау 46  
 Жерге қарады [қаратты] 46  
 Жерден алып, жерден салды 46  
 Жерден пішіп алғандай • молдан ойып алғандай 46  
 Жер-көкті басына көтерді [көшірді] 46  
 Жермен-жексен етті [қылды] 46  
 Жеті дария [жері] 47  
 Жоғының оралғысы болсын! 47  
 Жол тарту 47

Жолы болды [оңғарылды] 47  
Жуан жұдырық 47  
Жұлдыздай ағу 48  
Жұлындай ұшырды [түсірді] 48  
Жұрт басына томаға 48  
Жұттан шыққан жұрындар 48  
Жүзіктің көзінен өткендей 48  
Жүнін жұлған тырнадай 48  
Жүрегі орнына түсті 48  
Жүрегі жылау 48  
Жүрегі зыр ете түсу// жүрегі солқ етті// жүрегі лүпілдеу 49  
◆Жүрегі су ету 49  
Төбе құйқасы шымырлау 49  
Жүрегі шайлықты 49  
Жүрегін жаралады • жүрегіне жара [дерт] салды 49  
Жүрегіне тиді 49  
Жүрегінің басына мұз құйылғандай болу//жүрегі мұз болу//жүрегі мұз болып қату 49  
Жүрек жану 50  
Жүрек қалмады 50  
Жүректі сара тілді 50  
Жығылғанға [жығылған үстіне] жұдырық 50  
Жыландай ысқыру 50  
Жыларын да, күлерін де білмеді 51  
Жылы көңіл 51  
Жылы сөйлесті 51  
Жылы тиді 51  
Жылы ұшырады 51  
Жым болды 51  
Жыртысын жырты 51  
Жігері құм болу 51  
Жік салмау 52  
Жік-жапар болу 52

### 3

Запы болып қалған 52  
Зар болды 52  
Зар қағу 52  
Зар қақсады// жылады 52  
Зәрезап болды [қылды] 53  
Зәресін алу 53  
Зорлық қылды 53  
Зыр жүгіру 53  
Зыр қақты 53  
Зіл тастау 53

Зірк ете түсті 54

## ***И***

И қылды 54

Ие жазды 54

Иманын ұшырды • иманы ұшып кетті 54

Имең қақты 54

Инемен құдық қазу 54

Инешаншар жер[саңылау]жоқ • ине өтер жер жоқ 54

Исі қазақ 55

Ит кемірген асықтай 55

Ит көрген мысықша үрпиді 55

Ит мініп, ирек қамшылады 55

Ит пен мысықтай 55

Итжеккенге айдады//итжеккенге кетті 55

Иттің етінен жек көру//ит етінен арман көру 55

Иін тірескен [тіресті] 56

## ***К***

Кәр тігу 56

Кәрі құлақ 56

Кебеже қарын, кең құрсақ 56

Кек көрді 56

Келеге кеңес кіргізді 56

Кең дүние 57

Кеппе кеуде 57

Кербаланың шөлі 57

Керең түн 57

Кесік құлақ 57

Көз ашып, жүрек жуады 57

Көз байланды 57

Көз жасын тыю 57

Көз жете алмау//көз жетпестей 58

Көз жетпес 58

Көз жұма шабу 58

Көз құны қалу 58

Көз салу 58

Көз тиді [өтті] • тіл-көз тиді 58

Көз ілеспеді 58

Көзге күйік 58

Көзге түртсе көргісіз қараңғы 59

Көзден жасы бұршақтады//сорғалады 59

Көзден жасы жосу 59

Көзді ашып-жұмғанша 59

Көздің жауын алу 59  
Көзі алақандай болды 59  
Көзі жарқ [жалт] ете түсті 60  
Көзі жауаңдау 60  
Көзі жетпеу 60  
Көзі жетті//көзін жеткізді 60  
Көзі жету 60  
Көзі қарайды 60  
Көзі түсті//көз салды 60  
Көзі шалды//түсті 61  
Көзін көгертті • көзіне көк [көгала] шыбын үймелетті 61  
Көзін қысты 61  
Көзін табу 61  
Көзін тігу/көзін сату// көзін сүзу 61  
Көзін шел басу 62  
Көзіне көк шыбын үймелетті 62  
Көзіне оттай басылу 62  
Көзінен бір-бір[бұлбұл] ұшқандай болды 62  
Көзінен сорақы ағу 62  
Көзінен таса қылмады 62  
Көзінің оты жарқ ету 62  
Көк аю күндестік 63  
Көк езу 63  
Көк есек 63  
Көк жиек көтерілді 63  
Көк өрім • көк өрім, көген көз 63  
Көк ішек болды 63  
Көкейін тесті 64  
Көкке шарпыды 64  
Көксеген күнді көрді 64  
Көкті көшірді 64  
Көкірегі ашық 64  
Көкірегі қарс айрылды 64  
Көмейінен күрмелді 64  
Көн тулақ 64  
Көңіл айтты 65  
Көңіл суытты 65  
Күдер үзу 65  
Көңілден кір [дақ, дық, кірбің, қаяу, қылау] арылды [ашылды, кетті] 65  
Көңілі ауды [бөлінді, кетті, құлады] 65  
Көңілі жаңбыр жауғандай жаңару 65  
Көңілі жүдеп, жаны жадады 65  
Көңілі жылыды [жібіді, иіді] 66  
Көңілі көншімеу 66  
Көңілі көпіру 66

Көңілі қуаң тарту 66  
 Көңілі өсті [сергіді, судай тасыды, шалқыды] 66  
 Көңілі тасқындау 66  
 Көңілі тау суындай тасқындау 67  
 Көңілін алдады [алдандырды, аулады] 67  
 Көңілін бекітті 67  
 Көңілін көкке самғау 67  
 Көңілін табу 67  
 Көп аузы әулие [уәлі] 67  
 Көрге кірсе де қоймады 67  
 Көрінде өкір [өкіргір] • көріңнен жылан шыққыр! 68  
 Көштен қалған күшіктей 68  
 Күдер үзу 68  
 Күлге аунаған түйедей • күлге шөккен түйедей 68  
 Күн болмады [жоқ] 68  
 Күн көрді • күн кешті [кешірді] 68  
 Күнге көннен қатырған сабадай боп 69  
 Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмеді 69  
 Күні қараң 69  
 Күс білек • күс қол 69  
 Күткені көктен түсетіндей 69  
 Күш салды 69  
 Кір жуып, кіндік кескен жер 69  
 Кірерге тесік таппау 69  
 Кірпік қақпады [ілмеді] • кірпік қақпай ұйып • кірпік қақпастан өткізді  
 [қарады] 70  
 Кісі құрлы көрмеу 71  
 Кісі салу 71

## Қ

Қабағы ашылды [жазылды, жарқылдады, көтерілді] 71  
 Қабағы қыржию 71  
 Қабағы салық [салыңқы, жабыңқы, түйіліңкі, қатулы, қатыңқы] 71  
 ♦Қабағына қар жауу 71  
 Тұлан туту 71  
 Қабағына қарады 71  
 Қабырғалары қайыспау 71  
 Қабырғасы қайысу 71  
 Қабырғасымен кеңесу 71  
 Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ 71  
 Қайраты қайту 71  
 Қайраты қара тастай 71  
 Қалтасы қағылды 72  
 Қалың жан//ел 72

Қалың қол 72  
Қалың мал 72  
Қам қылу 72  
Қамшы салмады 72  
Қамшының өріміндей 73  
Қамшы үйірді 73  
Қан жылау 73  
Қан жылым 73  
Қан кешті 73  
Қан майдан 73  
Қанат жаю 74  
Қанат қағу 74  
Қанатыңа алу 74  
Қанды қол 74  
Қанжығаға қанды басты байлады 74  
Қаны қайнау 74  
Қаны қас 75  
Қаны қашты 75  
Қаңқу сөздер 75  
Қаңтардағы бурадай 75  
Қар құшақтап, мұз сүйю 75  
Қара бұқара [қауым, халық] көне 76  
Қара жаяу 76  
Қара жүрек 76  
Қара күн 76  
Қара таныды 76  
Қара шаңырақ 77  
Қараң қалды 77  
Қарасан келгір 77  
Қарасы көріну 77  
Қаратұяқ болу 77  
Қараша үй, қам көңіл 77  
Қардай тоздырды 77  
Қаршадай бала 77  
Қаршыға көзді 77  
Қарық қылды [етті] 78  
Қас болды 78  
Қас қаққанша 78  
Қас қақпау 78  
Қас қараю 78  
Қас қылмау 78  
Қас пен көздің арасында 78  
Қас-қабағын бақылады 78  
Қаяу [қам] көңіл 78  
Қикаң салды [шығарды] 79

Қиянның қиынында 79  
 Қозықұйрық қылды 79  
 Қой аузынан шөп алмайды • қойдай жуас • қойдан қоңыр • қойдан қоңыр,  
 жылқыдан торы • қой мінез 79  
 Қол астында [қарағалы] 79  
 Қол салу 80  
 Қол ұшын берді [тигізді] 80  
 Қол ұстасты 80  
 Қол үзді 80  
 Қолға алу 80  
 Қолтығына кірді 80  
 Қолымен істегенді мойнымен көтерді 81  
 Қонышына теңгермеді 81  
 Қор болды 81  
 Қу [сор] маңдай • қу шұнақ 81  
 Қу ауыз 81  
 Қу дала 81  
 Қу заман 81  
 Қу қоныс 81  
 Қу мұрт 81  
 Қу мүйіз кісі 82  
 Қуанышы қойнына сыймау 82  
 Қудан қырағы, құланнан ұшқыр 82  
 Құдай жарылқады 82  
 Құдайы қонақ 82  
 Құдай төбеден ұрды 82  
 Құдайдан мойнына бұршақ салып сұрап [тілеп] алды • құдайдан тілеп  
 [сұрап] алды 82  
 Құдіреті келді 83  
 Құйрығын сыртқа салу 83  
 Құйрығын ұстатпады [шалдырмады] 83  
 Құйрық тістеп [тістесіп] келді 83  
 Құлағы елең ете түсу 83  
 Құлағын салу 83  
 Құлақ аспады 84  
 Құлақ қойды 84  
 Құлақ құрышын қандыру 84  
 Құлақ тігу//түру 84  
 Құлаққа ұрған танадай 85  
 Құлақты сасытты 85  
 Құлан иек//құлқын сәр 85  
 Құлан таза//айығу//арылды 85  
 Құланның қасуына мылтықтың басуы [дәл келді] 85  
 Құлаш жазды [жайды] 86  
 Құмалақ салды 86

Құмырсадай қайнады [құжынды, қаптады, қыбырлады] • құмырсақаның  
илеуіндей құжынады [жыбырлады] 86

Құнжың қақты 86

Құнын кесті/құны кесулі 86

Құр алақан 86

Құрбан етті 86

Құрбан шалу 87

Құрғақ сөз 87

Құрдай жорғалау 87

Құрт жеген құба сөңкел секілденді 87

Құрығы ұзын 87

Құстай ұшу 87

Құт кірді//бітті//дарыды 87

Құтты болды 88

Құшақ жаю 88

Қыздың жиған жүгіндей [жасауындай] 88

Қызығын көрді 88

Қызыл кеңірдекке түсті//қызыл кеңірдек болу 88

Қызыл қарын, бұты шыт 89

Қызыл өңеш 89

Қызыл сирақ [кедей] 89

Қызыл табан болды 89

Қызыл тіл 90

Қыл көпір 90

Қылаң сақал 90

Қылау құрлы көрмеу 90

Қылдай бөлу 90

Қылшығы қисаймады 90

Қыналы бармақ, жез тырнақ 90

Қыр көрсетті 91

Қыран күлкі болды 91

Қырғидай тию 91

Қырғынға ұшырады • қырғын тапты 91

Қырық аяқ су 91

Қырық пышақ болу//қырпышақ болу 91

Қыс ызғар, жаз шаң тимеді 91

Қысыр әңгіме 92

Қытығына тию 92

## Л

Лағынет айтты 92

Лаң салды 92

Лап берді [етті, қойды, ұрды] 92

Ләйліп отыр 92

## *М*

- Маза кетті • маза көрмеді • мазасы кетті • мазасынан айырылды 92  
Майдабикеге салды 93  
Малдықтан кетті 93  
Малынан құрық, басынан сырық кетпеді 93  
Мауқын басу 93  
Мәз [мәз-мейрам] болды 93  
Мәселені бүйірінен қойды 93  
Мәулет берді 93  
Мейірі қанды 93  
Менмен кеуде 94  
Ми жетті 94  
Ми қайнаған ыстық 94  
Мойнына алу 94  
Мойнына артты// мойнына артылған 94  
Мойнына бұршақ салды [салып тіледі] 94  
Мойнына су кетті [құйылды] 95  
Монтаң қақты 95  
Мұз жүрек 95  
Мұз төсену, қар кешу 95  
Мұңын салу 95  
Мұңын шағу 95  
Мұрнын көкке көтеру//шүйіру 95  
Мұрнын тыжыру//тыжырайту 95  
Мұрттай ұшу 96  
Мұршасы келмеді 96  
Мұрындық болу 96  
Мыңнан шыққан, жүзден озған 96  
Мырс ету 96  
Мысық боп тыңдады 96

## *Н*

- Найза салым 96  
Намазға ұйығандай тыңдады 97  
Нар атандай нар еді • нар еді • нарға жүгін салғысыз 97  
Нар тәуекел 97  
Насихат айту 97  
Некесін қиды [оқыды] 97

## *О*

- О баста [бастан] 97

Ой қылды [ойлады] 98  
Ой салды [түсірді, тастады] 98  
Ойбай салды 98  
Ойға түсті 98  
Оймақ ауыз 98  
Ойнақ салды 98  
Ойран салу 98  
Ойраны шығу//ойран етті [қылды] 98  
Оқ жетер жер 99  
Оқтай атылу 99  
Оқты көз//оқты көзімен ату 99  
Оқыстық болды [кетті, өтті] 99  
Омақа асты•омақаса [омақата] құлады [ұшты, жығылды] 99  
Омыртқаның ішіндегі жұлыным 99  
Оң жақ 100  
Опық жеу 100  
Ортаға алды 100  
Орын тепті 100  
Отаса алмады 100  
Отауы тігілу 100  
Отқа май құйды 100  
Отымен кіріп, күлімен шығу 100  
Отын жастық, құм құндақ 101  
Отын өшірді 101  
Ошақ болғыр! 101

## Ө

Өгіздей өкіру 101  
Өкпесін аузына тістеу 101  
Өкше ізіне үңілу 101  
Өлдім-талдым дегенде 102  
Өлмегенге өлі балық 102  
Өлі [тышқан] тиді 102  
Өмірге ез болды 102  
Өне бойы//өн бойы 102  
Өңі бұзылу 102  
Өңі тұтқыштай күйді 102  
Өтіріктің [сөздің] дәмін келтіре алмау 102

## П

Пәледен қағу 103  
Пері соққан 103  
Пұшпағы қанамаған 103

## *P*

Райдан қайтты 103  
Разы қылу 103  
Рәсуа қылу// болу 103

## *C*

Сағы сынды [қайтты] • тауы қайтты [шағылды] 103  
Садаға [-сы] кет [кеткір!] 104  
Сайда саны, құмда ізі жоқ 104  
Сай-сүйегі сырқырады 104  
Сақ құлақ 104  
Сал торы 104  
Салқын қан 104  
Салы суға кету 104  
Сар [сау] желді • сар желіске салды 105  
Сар дала 105  
◆Сар кідірлер 105  
Сары тісті 105  
Сара тілді 105  
Сары уайым 105  
Сауға салды 105  
Сәті түсті 105  
Селт етпеді 105  
Сең соққан балықтай болды 106  
Сес көрсетті [қылды] 106  
Сиыр мінез 106  
Сиыр сәске [түс] 106  
Солқ-солқ жылау//сора-сорасы шығып жылау// сорасы ағу 106  
Соңынан күл шашты 106  
Сөз аяғы жерге тиді 106  
Сөз байласу 106  
Сөз шығарды 107  
Сөзбен тістеп алу 107  
Сөзге жығылды 107  
Сөзге келу 107  
Сөзі аяқ асты болды [далаға кетті, жерде қалды, зая болды] 107  
Су аяғы құрдым 107  
Су сепкендей басылды 107  
Суыртпаққа жанжалдасты 107  
Сұм дүние 108  
Сұр заман 108  
Сұм заман 108  
Сұрқы [ұсқыны] жаман • сұры жоқ 108

Сұры кетті [қашты] • сұрын [сұрқын] алды 108  
Сүзіп өтті [шықты] 108  
Сүйек бермес 108  
Сүт пісірім уақыт 109  
Сыбағасын алды[берді, жеді] сыбаға тартылды • сыбағасы қайтарылды 109  
Сыпыр [сыпыра] алғыр! 109  
Сыртым бүтін, ішім түтін 109  
Сілейтіп салды [тастады] 109  
Сіңбіруге қол тимеді, сіңбіруге мұршасы [мұрсасы] болмады 109  
Сіркесі су көтермеу 109

## **T**

Табак тартты 110  
Табактас болды 110  
Табан елі 110  
Табан ет, маңдай тері 110  
Табанынан таусылу 110  
Табаныңды жалтырат 110  
Тай шаптырым жер 110  
Тақтан кетті [құлады,тайды,түсті] 110  
Тал түс 111  
Талқыға түсті 111  
Тантып отыр 111  
Таңдайының суын жұтты 111  
Таңды таңға ұру 111  
Таңның ақ таңдақ сәулесі • таң шапағы • таң арайы 111  
Тап//шап берді 112  
Тарихтың жаңа бетін сызды 112  
Тас бауыр 112  
Тас емшегін иітті [тасытты, жібітті] • тар құрсағын кеңітті 112  
Тас жүрек 112  
Тас керең [құлақ] 112  
Тастай қатты 112  
Тастаяқтай қағыстырды 113  
Тасы өрге домалау 113  
Таудай талап [үміт] 113  
Таяқ жеді [тиді] 113  
Тәжім қылды 113  
Тәтті тіл 113  
Тепсе темір үзеді 113  
Терезесі тең 114  
Терісіні сыймады 114  
Тесік өкпе 114  
Тиыннан тиын туғызу 114  
Тоғыз айып тартты 114

Тоқ етері 114  
Тоқтам салу 114  
Тоқтау айтты [салды] 114  
Толған тұлыптай 115  
Тоңмойыны босау 116  
Төбе көрсетті 116  
Төбе құйқасы шымырлау 116  
Төбесі көкке екі-ақ [бір-ақ] елі жетпеді 116  
Төбесі көкке жетті 116  
Төбесінен тас түскендей 116  
Төстабандап жатыр 116  
Тұрысатын жеріңді айт 116  
Тұяғымен түгел 116  
Түйе кекірік 116  
Түн түндігі түрілді 116  
Түн ұйқысын төрт бөлу 116  
Түндікті оңынан ашты 116  
Түсі жылы 116  
Түтін түтетті 117  
Тырп етпеу 117  
Тышқан мұрнын қанатпады 117  
Тізе батырды [көрсетті] • тізеге алды [салды] 117  
Тізе қосу 117  
Тіл [тіл мен көз] тиді 117  
Тіл берді 117  
Тілі келмеді 117  
Тіл қату 118  
Тілек айтты [етті, қылды] 118  
Тіл-көзден сақтасын 118  
Тілі күрмелу 118  
Тілі шалды 118  
Тілін шайнады 118  
Тірі жанға көрінбеді 118  
Тірі күн 119  
Тіс қаққан 119  
Тісі сары қайрақ 119  
Тісін қайрау 119

## У

У жеген бурыл бөрі порымданды 120  
Уысынан шығармау 120

## Ұ

Ұйқысы шайдай ашылды 120  
Ұйытқы болу 120  
Ұлардай шулау 120  
Ұршықтай иірді 120  
Ұшарға қанат жоқ 120  
Ұясын бұзу 121  
Ұяттан жұрдай 121

## Ү

Үдере көшті [тартып көшті] 121  
Үйме-жүйме болды 121  
Үйің күйгір! 121  
Үйір болды 121  
Үйірден айырылды 121  
Үні бітті 122  
Үріп ауызға салғандай 122  
Үрейі [зәресі] ұшу 122  
Үріккен түйе көзденді 122  
Үркін ел 122  
Үш ұйықтаса ойда жоқ 122

## Х

Хабар жаю/хабар тарату 122  
Ханға сәлем бермейді 122

## Ш

Шабалаң етті 123  
Шадымен жұрт 123  
Шаңырақ көтерді 123  
Шар салды 123  
Шарқ ұру 123  
Шаруа күйзелді 123  
Шаш ал десе, бас алады 123  
Шашбауын көтеру 124  
Шәй деспеу 124  
Шежіре болды 124  
Шен құмар 124  
Шеңгел салу 124  
Шеп құрды [салды, тартты] 124  
Шер толғау 124  
Шер шығару 124  
Шерменде болды [қылды] 125  
Шеру қол 125  
Шой [шойын] қара 125  
Шоқтығы асты • шоқтығы көтерілді 125

Шорт кесу 125  
Шошқа тағаладың ба? 125  
Шөгіп кетті [қалды] 126  
Шұнақ [шыңылтыр, шытырлақ] аяз • шұнақ қаққан [қызық шұнақ] аяз 126  
Шүй желке 126  
Шыбын жанды қимау 126  
Шыбын жаны шығу 126  
Шыбыны ұшты 126  
Шымбайына батты 126  
Шынжырлы шен, шұбар тон 127  
Шырқ иіру 127  
Шілдеhana күзетті 127

## ***Ы***

Ызасы өтті 127  
Ымырт жабылды 127  
Ырқына көнбеу 127

## ***І***

Ізі суымады 128  
Іргесін бекіту 128  
Іреп [іремей] сойды 128  
Іс насырға шапты 128  
Іш тастады 128  
Ішек-сілесі қату 128  
Ішіне түйді 128  
Ішсе [ішіп тамаққа, кесе [киіп] киімге жарымады 128  
Іші жылыды [жібіді] 129  
Іші кірсе шыққысыз 129  
Іші қату 129  
Іші өртену 129  
Ішін тартты 129  
Ішіне қонбау 129  
Ішіне мұз қатқан 129  
Ішіне мұз құйғандай болу 129  
Ішінен кіріп, сыртына шықты 130

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977.-711 бет.
2. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007.-800 бет.
3. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001.-190 бет.
4. Ілияс Жансүгіров. Төртінші том. Әңгімелер, очерктер, фельетондар. – Алматы: Жазушы, 1988.-432 бет.
5. Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Өлеңдері. – Алматы: Қазығұрт, 2003. -440 бет.
6. Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. Екінші том. Жолдастар. Роман. – Алматы: Қазығұрт, 2004. -448 бет.
7. Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. Поэмалары. – Алматы: Қазығұрт, 2004. -408 бет.
8. Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. Бесінші том. Пьесалар, фельетондар. – Алматы: Қазығұрт, 2005. -344 бет.
9. Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. Алтынша том. Аудармалар. Өтірік өлеңдер. – Алматы: Қазығұрт, 2006. -336 бет.
10. Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. Жетінші том. Өлеңдер.Хаттар. Роман. – Алматы: Қазығұрт, 2006. -328 бет.

# **І.Жансүгіров шығармаларының лексика-фразеологиялық ерекшеліктері**

## **I. Жансүгіров шығармаларының лексика-фразеологиялық ерекшеліктері**

Ілиястың қазақ поэзиясы тіліне қосқан үлесі зор. Ақынның қалтырған қолтаңбасы мен жаңалықтары ретінде мыналарды көрсетіп жеке-жеке талдаймыз:

а) фразеология саласындағы өзгерістері мен жаңалықтары;

ә) орыс тілінің сөздерін қазақ лексикасына енгізуі;

б) өлең тілінде бейнелеуіш-көркемдеуіш элементтер – теңеу мен тұрақты теңеулерді қолдануы.

Қазақ поэзиясы стилінің қалыптасуына зор үлес қосқан, қазақ лирикасында өзіндік қолтаңбасымен, қаламгерлік шеберлігімен танылған ақынымыз – Ілияс Жансүгіров.

Поэзияның қыр-сырын зерттеп танушылар Ілияс Жансүгіровті лирик ақын деп біледі. Себебі, ақын өз поэзиясында өмір ақиқатын, болмыс сырын сырлы сөзбен бейнелеп, адамның сезім күйі арқылы әлемдік шындықты көркем танытады. Ақын туындыларының халық сүйіспеншілігін баурап алатын күші – тілінің шеберлігінде.

Қазақ жазба әдеби тілінің әр дәуірдегі ерекшеліктерін, дамуын тануда жеке ақын-жазушылардың шығармаларының стилін, тілін зерттеу ерекше дереккөз болып танылады. Сол себепті де, соңғы жылдары жазба поэзияны қалыптастырған Абайдан бастап басқа да ақындардың туындылары жеке ғылыми зерттеу нысанына айналды. Еңбегіміздің бұл бөлімінде біз де жыр дүлдүлі Ілияс поэзиясы тілінің ерекшеліктерін талдап беруді мақсат еттік. Нақтырақ айтқанда, лирик ақынның фразеологизмдерді қолдануы, өлеңдерінің лексика-семантикалық сипаты, ондағы диалект сөздер мен кірме, көнерген сөздер, семантикалық категорияларға (антоним, синоним) кеңінен талдау жасалып, ерекшеліктері айқындалады.

Профессор Г.Смағұлова: «Қиыннан қиыстырған ой өрнектері өлеңде өз орнын құлпыртып тұрған тұрақты сөз тіркестерінің мәнерлегіштік, бейнелегіштік қасиеті айқын аңғарылады. Аз сөзбен көп сөздің түйінін түйген тұрақты сөз тіркестерін поэзиялық шығармада қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Өлең қара сөздей емес, белгілі бір ырғаққа, ұйқасқа құрылады. Басы артық селкеу сөз бен селдір шумақ бүкіл өлеңнің поэтикасына нұқсан келтіреді. Сол себепті де, ақындар дайын тіркестерді өлең жолдарына пайдаланғанда аса үлкен жауапкершілік барын сезінеді», [1,103 б.] - деп, фразеологизмдердің поэзияда ерекше қызмет атқаратынынын айтқан болатын.

Көп сөзбен бір ғана мағына беретін, тілдің стильдік сапасын арттыратын тұрақты тіркестер прозалық, поэзиялық шығармаларда жиі кездеседі. Жалпы суреткер тіліндегі фразеологизмдерді талдағанда, оны жалпыхалықтық тілмен байланыстыра қарастыруымыз керек, өйткені тұрақты тіркестердің дені халықтық сөйлеу негізінде қалыптасқан. Әрбір фразеологизмнің семантикасына зер салсақ онда ұлттық болмыстың бір элементі табылары анық.

Ал фразеологизмдерді өзгертіп қолдану, халық тіліндегі тұлғаларды жұмсау не болмаса жаңа фразеологиялық тіркес жасау суреткердің шеберлігін, даралығын танытады.

● *Ақын өлеңдеріндегі қарсы мәнді, мағыналас, көп мағыналы фразеологизмдерді қолданылуы.*

Халық тіл тарихы мен болашағына немқұрайды қарамайды, олар нақты өмірдің қыр-сырын, өмір шындығын тіл арқылы біледі. Тіл иесі жүйесін тауып сөйлеуге, ойын әдемілеп жеткізуді мақсат етеді. Айтатын сөзі мен ойының мазмұны мәнді, көркем болу үшін афоризмдерді, фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді жиі қолданады. Қазіргі таңда жалпы тіл жүйесіндегі фразеологизмдердің орнын сөз еткенде олардың стилистикалық қызметін анықтау да маңызды болып табылады.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің стильдік ерекшеліктері туралы ойдың бастамасын І.Кеңесбаев айтқан болатын: «Фразеологизмдердің жалпы тіл жүйесіндегі ролі, сөйлеу процесіндегі атқарар қызметі көп жағдайда осы стильге ойысып отырады. Осының нәтижесінде сөз, сөз тіркестері, сөйлем өрісі кеңейіп отырады. Сөйлеушінің айтпақ болған ойы айқындалып отырады. Тыңдаушы мен оқырман қауымға жатық та түсінікті болу үшін фразеологизмді сөйлеуші не жазушы стиль жағынан әр саққа жүгіртіп, шебер қолдануға тырысады» [2].

Ақын шығармаларындағы фразеологизмдерді талдағанда, оны жалпыхалықтық тілмен байланыстыра қарастыруымыз керек, өйткені тұрақты тіркестердің дені халықтық сөйлеу негізінде, ұлттық болмыс негізінде қалыптасқан.

Олай болса фразеологизмдерді өзгертіп қолдану, халық тіліндегі тұлғаларды жұмсау не болмаса жаңа фразеологиялық тіркес жасау суреткердің шеберлігін, даралығын танытады. Оның қаламгерлік ерекшелігі де осы тұста көрінеді. Мәселен, тілімізде *жер соғу* тұрақты тіркесі бар. Мағыналары: 1.жығылды, құлады, қарады; 2. алданды

Ілияс бұл фразеологизмді *жер соғып қанатымен* (қанатымен жер соғу) деп өзгертіп береді:

Қуа алмай жердегілер ізге түсіп,  
Қалар ек жете алмасқа біз кетісіп  
Жер соғып қанатымен хан қалар ед  
Тек қана құмалақ сап іздетісіп (Күйші).

Тіліміздегі *мұз арқалап, күл төгу* (бар қиындықты көтеру мағынасында) фразеологизмін *мұз төсеніп, қар кешу* деп өзгертіп береді.

Мен өзім тауда туып, тасында өстім,  
Жасымнан мұз төсеніп, қарды кештім (Құлагер).

Дәл осы фразеологизмді Ілияс «Жас жалшыға» өлеңінде өзгертіп тағы бір вариантын береді. Мысалы:

Аязды суық боранда,  
Қалшылдап өстің сүмсиіп.  
Таңды атырдың қоранда,  
Қар құшақтап, мұз сүйіп.

Ал *іші өртену* тұрақты тіркесін толықтырып *ішінде өрті жанып* деп өзгертеді.

Ішінде өрті жанып басылмастай,  
Шемендеп дерті кеткен ашылмастай (Құлагер).

Ғалым К.Аханов: «Тіл-тілдегі сан алуан фразеологиялық единицалар астарлы, образды мағынада қолданылады да, олардың мәнерлеп бейнелеуші қызметі өте күшті болады. Олардың көпшілігі эмоциялық бояуы басым, айрықша образды, экспрессивті қызмет атқарады», [3,179 б.] – деп ой түйеді.

Фразеологизмдердің адам жан дүниесін, мінез-құлқын, ішкі психологиясын, қимыл-әрекетін, сөйлеу мәнерін беруде проза, поэзия тілінде қолданылатын түрлері ерекше экспрессивті-стильдік бояуды танытатын айқындалады. Ілияс тіліндегі фразеологизмдер белгілі бір бейнені суреттеп берудегі экспрессиясы күшті поэтикалық құрал. Демек, «поэзия тіліндегі фразеологизмдердің басты белгісі – олардың образды /бейнелі/ болатындығы. Жеке суреткер тіліндегі образды фразеологизмдердің типтерін, олардың көп-аздығын, ескі жаңаларын түгендеу үстінде ақынның не жазушының фразеологизмдер саласындағы байырғы қазынаны қаншалықты игеріп, кәдеге асырғанын, қаншалықты жаңаларын ұсынғанын көруге болады. Ал бұлар шығармашылық контекст немесе авторлық даралық дегенді танытады, тіпті кеңірек қарасақ, суреткер тіліндегі фразеологизмдер әлемі оның поэтикалық тіл арқылы көрінетін дүниетанымын көрсетеді» [4,96 б.].

Ақын поэзиясындағы фразеологизмдердің қоланылу ерекшеліктерін қарастырғанда ең алдымен олардың семантикалық категорияларының (синонимдік, антонимдік, көп мағыналық) қолданысын айқындауды мақсат еттік. Олай болса, ең алдымен фразеологиялық антонимдердің Ілияс Жансүгіров шығармаларында қолданылуына қатысты мысалдарды топтастыра келе, олардың қолданылу ерекшеліктеріне тоқталып, төмендегідей тілдік тұжырым шығаруға болады.

Шындығында да, фразеологиялық бірліктерді орнымен қолданғанда ғана тіл жүйесіне, сөйлем мәніне нұқсан келмейтіні белгілі. Жеке фразеологизмдердің стильдік қызметінен өзге, қарама-қарсы мәндегі фразеологизмдер қандай стильдік қызмет атқарады, бұл тұста қандай ерекшеліктерді байқауға болады деген мәселе тереңірек қарастыруды қажет етеді.

Фразеологизмдердің көркем шығарманың қай жанрында болсын, мейлі прозалық, мейлі поэзиялық жанрда қолдануда автордың әдіс-тәсілдері сан түрлі. Фразеологизмдердің мәнерлегіштік және бейнелегіштік қасиеті контексте әр ақын-жазушының өзіндік сөз қолдану әдісіне қарай айқындала түседі. Қарсы мәнді фразеологизмдерді сөз шеберлері талдап, тандап кейіпкердің іс-әрекетін нақтылауда, шығарманың идеялық көркемдік жақтарын жетілдіруде толып жатқан мүмкіндіктеріне сай етіп, стильдік мақсатпен қолданады. Кейде табиғаттағы қарама-қарсы күштерді салыстыруда қолданса, бірде адам мінез-құлқындағы қарама-қарсылықты көрсетуді, ал бірде өмірде болатын қарсы ұғымдарды көрсетуді көздейді.

Сөз лексикалық қабілетіне қарай өзге де сөздермен тіркесу, лексикалық мәндес сөздер бірінің орнына бірі жұмсалу (синонимдер), сөздер бір-біріне мағыналық жағынан қарама-қарсы келу (антоним) сияқты қасиеттерге ие. Осындағы антонимдік қасиет жеке сөздер арасында ғана емес, сонымен қатар, фразеологиялық бірліктерде де болады. Кей жағдайда сөз бен фразеологизм де бір-біріне антоним болуы тілде ұшырасады. Негізінен фразеологиялық

антонимдердің стильдік қызметі олардың семантикалық табиғатымен байланысты деуге болады. Себебі, фразеологиялық антонимдердің негізін мағына қарама-қарсылығы құрайды, ал қарама-қарсылық көркем шығарма, поэзия тілінде контраст тудырудың өнімді тәсілі болып табылады. Көптеген тіл зерттеушілері антонимдердің стильдік қызметін антитезамен шектелуі дұрыс емес екендігін айтады. Сондықтан бұл тұста назар аударарлық жайт – контексте фразеологиялық антонимдер қандай синтаксистік конструкцияда қолданылатындығы болмақ. Бұл тұрғыда: «антонимдер сөйлеуде тек қана қарама-қарсы қойылып қоймайды, байланысу дәрежесіне орай күшейтуді, толықтыруды, нақтылауды және тұрақтылықты, толассыз әрекетті немесе қалыпты, олардың алмасу қасиеттерін де игереді», – деген тұжырымды лексикалық антонимдердің стильдік қызметіне қатысты М.К. Давыдов айтқан болатын [5].

Тілімізде тұрақты сөз тіркестер мән-мағынасы жағынан бір-біріне үйлес келіп, өзара бір-бірімен синоним болып жұмсалатындығы сияқты бұлар мән-мағынасы жағынан қарама-қарсы болып та қолданылады. Фразеологизмдердің арасындағы осындай кереғар құбылыстарды *фразеологиялық антонимдер* деп атауға болады. Бұл жайында Ж.Мусин: «Фразеологизмдер көбінесе сапалық-бағалық сипатта болады. Сондықтан, көптеген идиомдар мен фразалар бір-біріне қарсы мағынада болып келеді» [6], - деп тұжырымдаған.

Негізінен лексиколог ғалымдар лексикалық антонимдердің контексте берілу жолдарын түрліше топтастырған. Мысалы, ғалым Ғ. Мұсабаев қазақ тіліндегі лексикалық антонимдердің контексте көрінуінің төмендегідей төрт түрін ұсынады:

- 1) Антонимдердің бір сөйлем ішінде қатар қолданылуы.
- 2) Іргелес сөйлемдерде қолданылуы.
- 3) Бірнеше антоним сөздердің бір сыңарларын одан кейін беру.
- 4) Антонимдерді аралас қолдану [7].

Ж. Мусин антонимдік контекстерді тұлғалық және мағыналық жағынан былайша топтастырады:

- 1) Жалпылық мәнде болатын антонимдік контекстер.
- 2) Тікелей қарама- қарсы мәнде болатын антонимдік контекстер.
- 3) Альтернативтік мәнде болатын антонимдік контекстер.
- 4) Философиялық ой түйіні, тұжырым, пікір ретінде келетін антонимдік контекстер.
- 5) Антоним сөздер жеке, дара қолданылатын контекстер.
- 6) Антоним сөздер субъекті- предикаттық қатынаста болатын антонимдер.
- 7) Антонимдердің өзінің негізгі мағынасына тікелей қарсы мәнде жұмсалатын контекстер.

Контексте фразеологиялық антонимдерді орынды пайдалана білу өмірдегі құбылыстарды дәл суреттеп, әсерлі жеткізер шеберлік қырын танытады. Осы тұрғыда: «Жазушы кейіпкердің түсінігіндегі не сөзіндегі қайшылықтардан да үлкен контраст тудыруға шебер. Бұл жағдайда контраст жасаушы қарама-қайшылықтардың бір жағы – кейіпкер ойы, не сөзі де, екінші жағы – шындық», [8] – деген дәйекті пікірді көркем проза тілін зерттеуші ғалым Б. Шалабаев айтқан болатын. Бұл поэзияға да қатысты ой. Сондықтан да, контексте

фразеологиялық антонимдерді ұтымды қолдана білу ақын-жазушы шеберлігімен тығыз байланысты.

Жинақталған мысалдар негізінде ақын өлеңдерінде қарсы мәнді фразеологизмдердің бір сөйлем ішінде қатар жұп болып жұмсалуды өте сирек ұшырасатынын аңғардық. Десек те, автор өлеңдерінде қарама-қарсылықты беруде фразеологизмдерді азды-көпті қолданған. Және де бұл тұста тілдік тұжырым шығаратындай өзгешеліктер де жоқ емес.

Илияс Жансүгіров қолданысында антоним сөздер жеке, дара қолданылатын контекстік фразеологизмдер ұшырасады. Мысалы:

*Сыртым бүтін, ішім түтін* – көңілі жарым, іш құса.

Қамалым, хан дәнішпан, Кенем – құтым,

Менің де сыртым бүтін, ішім түтін...

Ордадан бұдан артық тілемеймін,

Бер маған осы адамды басы бүтін... (Күйші)

*Ақ үстінен қара танымау* – оң-солын, дұрыс-бұрысын білмеу.

Олай болса, біздің бәріміз де не ақ үстінен қара танымаймыз, не жазған кісі-перінің баласы! Екінің бірі! (Мынау не дейді)

*Көзді ашып жұмғанша* – лезде, дем арасында.

Әні-міні дегенше көзді ашып жұмғанша,

Гудогінді шыңғыратып, отарбаңды сырқыратып

Алатаудың төсіне келіп-мініп қаласың (Жаңа астана).

*Ақылы балқаш, ашуы дүлей* - ақылы көл-көсір, мол, ашу мінезі қаһарлы зәрлі.

Кербез қыз ақылы балқаш, ашуы дүлей (Дархан).

Келтірілген мысалдарға назар аударатын болсақ, *сыртым бүтін, ішім сау, ақ үстінен қара танымау, көзді ашып жұмғанша, ақылы Балқаш, ашуы дүлей* фразеологизмдерінің құрамында *сырты ↔ іші, ақ ↔ қара, ашу ↔ жұму, ақыл ↔ ашу* деген антонимдік жұптарды кездестіреміз, бірақ тұтастай алғанда бұл тұрақты тіркестер бір ғана мағынаға ие. Ал фразеологизм құрамындағы көрсетілген антоним жұптар салыстыру мақсатында тұрақты тіркес құрамына негіз ретінде кірігіп кеткен. Сондықтан, бір ғана фразеологизмнің құрамында жұмсалатын антоним компоненттер өз ішінде антонимдік қасиетті иеленгенімен, оларды фразеологиялық антоним қатарына жатқызбаймыз, олар бірігіп келіп бір ғана мағынаның орнына жұмсалады.

Негізінен, фразеологиялық антонимдер қарама-қарсы алынған екі жұп фразеологизмдерден жасалу керек. Ақын шығармаларында мұндай антоним фразеологизмдер де бар (аз ұшырасады):

*Даусын қырымдатқанда отырғандардың ішек-сілесін қатырады. Қажен тазтар сылқылдап көзінен жас ағызады (Мынау не дейді?).*

*Қожанәсір тұрған қаланың барлығы қара танымайды екен де, әліпті таяқ тәрізді деп білетін көзі ашық зиялы адам жалғыз Қожса болыпты (Мынау не дейді?).*

*Аз күнде жер жастанам.  
О дүниеден үміт жоқ,  
Безіп құдай, патшадан.  
Бұ дүниеден үміт жоқ  
(Тапанша).*

Келтірілген бірінші сөйлемде *ішек-сілесі қату ↔ көзінен жас ағызу, қара танымау ↔ көзі ашық, о дүние ↔ бұ дүние* жұптары бір сөйлемде қарама-қарсы қолданылған фразеологизмдер. *Күлу – жылау, оқыған – сауатсыз* деген антонимдік мәнді білдіреді.

Кейде авторда лексикалық бірлік пен фразеологизмнің антоним болуы да ұшырасады. Мысалы:

*Николайдың неше сайлауында би болып келген Сандыбай да енді «шен құмарлықты» тастап, үлкен, жұрт ауызына қарайтын ақсақал болды (Әңгімелер)* - сөйлемде фразеологизмге лексикалық бірлік антоним болып тұр. Мысалдағы *шен құмар тұрақты тіркесі – мансапқор, атаққұмар* мағынасында беріліп *ақсақал* сөзімен контекстік антонимдік жұп құрап тұр. Жеке алғанда бұл екі жұп қарсы мәнге ие емес. Ал контексте атаққа құмар, өркөкірек адамның ақылды, ақылшы қартқа айналуы қарсы қойылған.

*Халқыңның өзің білесің де, ісіне күйесің де,*

*Қаласың кейде кейіп, кейде мәз боп,*

*Әйтеуір сол халықты сүйесің де* – өлең жолдарындағы *кею* сөзі мен *мәз болу* фразеологизмі антоним. Яғни, «ренжу» мағынасы мен «қуану» мағынасының қарама-қарсылығы осылай берілген.

Кейде мұндай ерекшелік прозалық шығармаларынан да көрініс табады. Мысалы: *Көрген күндері анау... Өмірі ішсе тамаққа, кісе киімге жарымайтындар байдың борышына, атқамінердің жеміне жеткізе алмай таусылып жүргені (Әңгімелер)*. Бұл мысалда бір ғана *ішсе тамаққа, кісе киімге жарымайтындар (кедейлер)* фразеологизмі *бай, атқамінер* сөздеріне қарсы мәнде берілген.

*Бір жағы-өңшең ақ білек, бір жағы-өңшең күс білек* – автордың ерекше ұйқас үшін жасаған авторлық антонимдік фразеологизмі. Мұндағы *ақ білек* фразеологизмі «қара жұмыстан қашатын мырза-шора» деген мәнде айтылса, керісінше *күс білек* «бейнетке жақын, еңбекқор кедейлер» туралы айтылған.

Ілияста лексикалық, фразеологиялық антонимдік жұптармен қатар контекстік антонимдер де ұшырасады. Тілімізде жеке алғанда қарама-қарсы мәнге ие болмайтын, ал контекст ауқымында қарсы мағынада жұмсалатын жұптарды тілшілер *контекстік немесе стильдік антонимдер* деп атап жүр.

Мысалы, мына бір өлең шумақтарына назар аударайық:

Ықшылбай надан емес, «совработник»,

Аңдысқа ұсақ, өсек, тіпті жетік,

Досқа бал, дұшпанға тас мінезі бар;

Қояды «қап» дегенді бірдеңе етіп (Ықшылбай).

Мұндағы, надан емес - «совработник» – бірін-бірі жоққа шығарып тұрған қайшы мәнді сөздер, дос - дұшпан – лексикалық антонимдер, бал (мінез) - тас (мінез) – контекстік антонимдер. Қалайша контекстік антоним деген сауал туындауы мүмкін. Түсіндірейік: жеке алғанда бал сөзіне у, ашты т.б.сөздері антоним болуы тиіс, ал мұнда сөз мінездің *балдай тәтті* немесе *тастай қатты*, яғни *жағымды-жағымсыз* болуына орай автордың қолданысында контекст ішінде қарама-қарсы мәнге ие болып тұр.

Байқағанымыздай автор туындыларын да фразеологизмдердің қарсы мәнде келуі сирек ұшырасады, керісінше Ілияс мағыналас фразеологизмдерді молынан қолданған.

«Сөз тарихы тіл тарихымен, тіл тарихы халық тарихымен, халық тарихы қоғам тарихымен тығыз байланысты. Біреуін екіншісінен бөліп алуға келмейді. Бірін айтсақ бәрін байланыстырып қатар айтуды қажет етеді»[9], – деген пікір білдіреді ғалым Ә. Болғанбаев.

Шындығында да, қоғамның дамуымен байланысты сол қоғамның қатынас құралы болатын тіл де, оның қалпы, құрылысы, байлығы, ондағы жеке сөздер де, олардың мағыналары да сол қоғаммен бірге өзгеріп отырады. Өйткені, қоғамда жаңадан пайда болған заттың өзін немесе оның бойындағы түрлі белгілерін адам бәрін бірдей бір мезгілде танып білмейді. Ол оны біртіндеп бақылау барысында танып, біліп, өзінің ойлау қабілетін дамыта түседі. Сөйтіп, белгілі бір заттың сан алуан сыр-сипатын жан-жақты, терең танып білудің нәтижесінде синоним сөздер пайда болады. Осыған орай синонимдер кездейсоқ құбылыс емес деп айта аламыз. Себебі, олар жайдан-жай, құр бекер туа салмаған. Олар өмірге қажеттіліктен келіп біреулері соңынан шығып отырады. Синонимдік қатарға енетін синоним сөздердің енді біреулері бәрі бірдей бір кезде пайда болуы да мүмкін деген де пікірлер кездеседі.

Тілдің көркем шығарма мен поэзияны әрлендіріп, нәрлендіретін көркемдегіш тәсілдері түрлі-түрлі. Солардың қатарына синонимдер, омонимдер, антонимдер, көп мағыналы сөздер сияқты семантикалық топтар да жатады. Синонимия – ұлттық тілдің айқындылығын, дәлдігін, икемділігін, бейнелегіштік күшін көрсететін тілдік құбылыс. Тілдегі синонимдерді пайдаланып, керегіне жаратпайтын ақын-жазушы жоқ деуге болады. Ал, белгілі бір ақынның тіліндегі синонимдерге талдау жасау оның сөздерді талғап пайдалану принциптері мен өзіндік стиліне тән сөз қолдану ерекшеліктерінен біраз мағлұмат береді.

Синонимдер көркем поэзия тілінде орынсыз қайталаулар мен мезі шұбалаңқылықтан аулақ болу үшін ғана емес, ол біріншіден, және ең бастысы, стильдік қызмет атқарады, мағыналық жүк көтереді. Поэзия тілінде экспрессивтілік реңктің берілуі синонимдер арқылы жүзеге асады. Өмірлік көріністерді толыққанды етіп суреттеу, автордың ой-сезімдерін жеріне жеткізе дәл беру синонимдердің нәзік мағыналық айырмашылықтарын тап басып, сөз теңізінен керектісін ғана таңдап ала білетін ақын-жазушының қолынан келеді. Бұл тұжырымдар мен деректерді тек лексикалық синонимдерге ғана қатысты емес, фразеологиялық синонимдерге де қатысты айтуымызға болады.

Тілімізде тұрақты сөз тіркестер жеке сөздің орнына жұмсалып қана қоймайды, сонымен қатар мән-мағынасы жағынан үйлес келіп, бірінің орнына бірі

балама болып та қолданыла береді. Мұндай құбылыс тіл білімінде *фразеологиялық синонимдер* деп аталады. Қазақ тілі лексикалық синонимдерге қандай бай болса, фразеологиялық синонимдерге соншалықты бай. Бірақ олар өздерінің стильдік, мағыналық ерекшеліктерін сақтап отырады.

Ілияс Жансүгіров поэзиясындағы фразеологизмдердің қолданылу амалы меп тәсілін қарастырғанымызда, ақын жалпы халық тілінің фразеологиясын творчестволық түрде пайдаланғанын байқадық.

Тіл байлығының бір көрсеткіші – ол сөздік құрамның сан жағынан молдығы, сапа жағынан икемділігі. Осы тіл байлығының бір көзі оның синонимінде жатыр. Неғұрлым сөздік синонимдер көп болса, соғұрлым тілдің өскелеңдік белгісі көрініп тұрады. Жарық көрген еңбектерге қарағанда қазақ тілі синонимдерінің молдығы жағынан бай тіл екендігі байқалады.

Осы тіл байлығын, көркем поэзия мен шығармада шынайы образ жасау үшін, біріншіден, ақын-жазушыларымыз өз шығармаларында неше түрлі стильдік орамда жұмсап, оның нәзік реңдерін сөз қоршауына түсіріп барып аша түседі. Ой-пікірді нақты, жан-жақты жеткізуде синонимдердің атқаратын қызметі ерекше. Синонимдерді өз орнында қолдана білу тіл мәдениетін көрсетеді. Синонимдердің қиюын тауып жұмсау шеберлікті танытады.

Тілде синонимдер жеке сөз де, фразеологиялық тіркесте болып келеді. Фразеологиялық тіркес боп келетін синонимдер жеке сөзден болған синонимге мағына жағынан байланысты. Олармен синонимдік қатар жасайды. Бірақ фразеологиялық синонимдер бұл синонимдік қатардың тірек элементі бола алмайды. Синонимдік қатарға тірек элемент болатын дара сөздер ғана. Өйткені жеке жай сөз затты, құбылысты, қимылды тура атайды. Ал оларға синоним болатын фразеологиялық тіркестер болса, олар бір бүтін фразеологиялық бірлік бола тұрса да, заттың, құбылыстың, қимылдың тура атауы емес, жанама атауы. Фразеологиялық тіркестердің бұндай мағынасын академик В.В. Виноградов экспрессивті синоним дейді [10]. Фразеологиялық синонимдер бейтарап сөздерден өзінің эмоциялы-экспрессивті бояуымен ерекшеленеді. Бұлар бейтарап сөздің эквиваленті ретінде стильдік мақсатта жұмсалады. Фразеологизмдерді экспрессивті мәнінің күштілігіне қарай ақын-жазушы өз шығармаларында түрлі стилистикалық реңктерді беру үшін қолданады. Алайда фразеологиялық синонимдердің тек қана экспрессивті-эмоциялы ерекшелігіне ғана көңіл бөлу дұрыс болмас еді. Бұлар мағынасы жағынан да жеке сөздердің түп-тура эквиваленті бола алмайды. Олар бейтарап сөз арқылы берілген жалпы мағынаның қосымша реңін айқындайды. Мысалы, *тіл күрмелу* деген фразеологизм *үндемеу* мағынасын емес, адамның айтайын деген ойды аяқтамай алмай, бірден тоқталып қалу қалпын білдіреді.

Әрине, ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологиялық синонимдерді ақын-жазушының өз шығармасында жұмсауы оның мағыналық жағының ұтымдылығы емес, өйткені олардың толық мағынасын жай сөзбен де жеткізуге болады. Суреткердің мұндағы көңіл аударатыны – олардың экспрессивтік-эмоциялық мәні.

Егер бір адамды *түймедейді түйедей етеді*, екінші біреуін *қосып жібереді*, үшіншісін *қырық (он) саққа жүгіртіп* айтады десек, онда бұлардың әрқайсысына

әр түрлі көзқарас туады. Сөйтіп, сөйлеу тілдегі экспрессивті- эмоциялы фразеологиялық синонимдердің бейтарап сөздерден айырмасы, біріншіден, олар заттың, құбылыстың, іс-әрекеттің жалпы мағынасының қосымша мәнінің реңкін айқындай түседі, екіншіден, экспрессивті-эмоциялы бояуының күштілігі арқасында, құбылысты тек атап қана қоймай, оған айтушының көзқарасын да білдіреді. Сондықтан да бұлар тілдің көріктеу, әсерлеу тәсілінің қажетті құралы болып табылады.

Фразеологиялық синонимдер өзінің барлық бояу өрнегімен көркем туындыда ғана түрленіп көрінеді. Синонимдердің стильдік сипаты әр ақын-жазушының сөз қиюластыру тәсіліне орай түрліше болады.

I. Жансүгіров фразеологиялық синонимдерді лексикалық синонимдер тәрізді белгілі бір ақиқат шындықты білдіру үшін көріктеуде дәнекер етіп жұмсайды. Солай бола тұрса да, автор бұларды бір-бірінен мағыналық реңкі, стильдік бояуы, грамматикалық сипаты жағынан және қолданылу аясы жағынан да түрліше ерекшелендіреді. Автор синонимдерді үш түрлі жолмен қолданған (бұл жіктеу поэзиялық, прозалық туындыларында кездеседі):

1. Фразеологизмдердің синонимдік қатарда жұмсалуды.
2. Лексикалық бірлік пен фразеологизмдердің синонимдік қатар құруы.
3. Фразеологизмдердің плеонастикалық тізбек құруы.

Енді осы ерекшеліктерге жеке-жеке мысал келтіре отырып түсіндіріп көрелік.

▲ Фразеологизмдердің синонимдік қатарда жұмсалуды:

*Жағы сенбеу* → *зар қағу* – аузы тынбай сөйлеу мағынасында.

Қолына я бөрік, я тұмақты алып

Ақтаған ат үстінен сияқтанып,

Жаршылар жағы сенбей, зар қағып жүр

Жұрт жатыр әр хабарды құлақтанып.

(Құлагер)

*Қырғидай тию* → *қасқырдай шабу* – шабуылдау, жаулап алу мағынасында.

Қырғи тиген торғайша,

Ойда, қырда, тау, таста,

Қасқыр шапқан көп қойша

Қырғыз, қазақ қырылды.

(Дала)

*Бақан тіресу* → *ит тартыс* – келіспеушілік, талас-тартыс мағынасында.

Құрылтайдың шарына

Бақан тірес, ит тартыс,

Көп список партия,

Әзір қымыз, әзір ет.

( Дала)

*Құлан иек* → *құлқын сәр* – таңның атуы.

Шырт ұйқыда жатқанда

Шырылдады торғайым.

Ұйқыны ашты, оятты.  
Кұлан иек, құлқын сәр  
Кұрылып торғын шымылдық.  
(Күн шыққанда)

*Салы суға кету* → *иіні түсу* – көңілсіздік белең алу мағынасында.  
Бектастардың салы суға кетіп, иіні түсіп, бірінен бірі көріп, шулап қайтып барады (Алдандық).

*Көлденең сөз* → *қысыр сөз* – бекер айтылатын бос сөз.  
Ендеше, көлденең сөз былай қылсын, қызықсыз, қысыр сөзге кім айналсын.  
(Алдандық).

*Сөзін қайыру* → *бетін тойтару* – сөйлетпеу, аузын ашқызбау мағынасында.  
...сөзін қайырып, бетін тойтарып тастайтын. Енді мұның ізін суытпау керек  
(Өңгімелер).

*Іркіт құйған сабадай іркілдеу* → *екі иінінен демін алу* – ендігіп, шаршап отыру мағынасында.

Асқақтағы ала арқанға жармасып Мажыра отыр; іркіт құйған сабадай іркілдеп, екі иінінен демін алады, қолының ырғағымен бақаннан босаған арқанды Ақылбай келіп жоғары көтеріп, тартып байлап кетіп еді, Мажыраның бүккен тізесі түйеге байлаған тұлыптай салбырады да қалды (Жедел жәрдем).

▲ Лексикалық бірлік пен фразеологизмдердің синонимдік қатар құруы:

*Өртену* → *жүрек жану* – жүрегі елжіреу жану, өртену мағынасында.

Тарта бер домбыранды, жаным күйшім

Татымас бір өзіңе барлық Үйсін

Балбырат, әсіресе бал күйді тарт

Өртеніп, жүрек жанып, бауыр күйсін.

(Күйші)

*Айтқаның келсін* → *аузыңа май* – дегенің болсын, орындалсын мағынасында.

- Күткен бір атым еді күнінен тай

Жолдасым осы ат менің неше жылдай..

- Ендеше бас бәйгені алып тұрсын!

- Айтқаның келсін, сыншым, аузыңа май!

(Ат айдау)

*Көзден жасы бұршақтау* → *егілу* → *төгілу* – жылау мағынасында.

Сол ағайды құшақтап,

Көзден жасым бұршақтап,

Егілдім де, төгілдім,

Тия алмадым өзімді,

Жия алмадым көзімді.

(Мәйек)

*Кет былай (еркін тіркес) → табаныңды жалтырат (тұрақты тіркес) - тайып тұр, кетіп қал мағынасында.*

Алексей, кет былай, мінбеден!..

Табаныңды жалтырат!

(Жарыс)

*Мәз болу → күлу → көк ішек болу – қатты күлу.*

Мәзбін соған: күлемін

Болғанымша көк ішек.

Күлкім сенің күнің ғой,

Көркінді күттім, күнішім.

(Беташар).

▲ Фразеологизмдердің плеонастикалық тізбек құруы: *қаны қашу → бозару → тілсіз → үнсіз → қимылсыз.*

Қаны қаша, бозара

Тілсіз, үнсіз, қимылсыз,

Қызға күйіп қызара

Сұр, самарқау атты таң.

(Дала)

*Кебеже қарын → кең құрсақ → көк бөрте.*

...ел үстінен күн көріп келген кебеже қарын, кең құрсақ, көк бөрте жуандар (Кімді кім?).

*Жоқшылыққа жүдемей, тапшылыққа тарықпай - қабағын жарқыратып, көңілін семіртін.*

Жоқшылыққа жүдемей, тапшылыққа тарықпай қабағын жарқыратып, көңілін семіртіп Нұршасының қызығын қызықтап отырған жайы бар бұлардың (Нұрша).

Мағыналас екі сөз қатар келіп, алдыңғысы соңғысын анықтап, мағынасын күшейту үшін қолданылады. Мұндай сөз қолданысын тіл білімінде плеоназм немесе плеонастикалық сөз тіркесі деп атайды. Синонимдерді плеонастикалық тізбекпен жұптап қолдану жекелеп қолданғаннан гөрі әлдеқайда мәнерлі. Мысалда көрсеткендей, ақын өлеңдерінде де плеонастикалық тізбек қолданылған: қаны қашу → бозару → тілсіз → үнсіз → қимылсыз деген лексикалық бірліктер мен фразеологизм тізбегі «өңі бұзылу» ұғымын білдірсе, кебеже қарын → кең құрсақ → көк бөрте плеонастикалық тізбегі бір ғана «бай, жуан адамды» сипаттау мәнінде, ал қатар келген «жоқшылыққа жүдемеу, тапшылыққа тарықпау»; «қабағын жарқырату, көңілін семірту» «қиындыққа шыдау, төзімділік», «көңілді болу» мәнінде плеонастикалық тізбек құрып тұрған синонимдік қатарлар.

Өлеңдерде қолданыс тапқан синоним фразеологизмдер плеонастикалық тізбек құрып та жұмсалғанын талдадық. Мұндай мәндес тұрақты тіркестер өте көп кездеседі. Қаламгер синоним фразеологизмдерді қатар қолдану арқылы

белгілі бір ұғымды мәнделес тұрақты тіркестермен түсінікті етіп, қайталап түсіндіруге тырысқан. Мұндай фразеологизмдердің эмоционалдық реңкі де бір ғана фразеологизмге қарағанда басым келеді.

Фразеологизмдердің көп мағыналылығы мен омонимдігі – көптеген ғалымдарды толғандырып жүрген өзекті мәселе. Қазақ тіл білімінде фразеологиялық көп мағыналылық өз алдына зерттеу объектісі болмағанымен, зерттеушілер І.Кеңесбаев, Ә.Болғанбаев, А.Қайдаров, Р.Жайсақова, Г.Смағұлова қазақ тілі фразеологизмдерінде полисемия құбылысының айқын байқалатындығын сөз етеді.

Жеке сөздер сияқты фразеологизмдер де көп мағыналы болып келеді. Алайда, тіл білімінде фразеологизмдер көп мағыналы бола алады немесе фразеологизмдерге полисемия құбылысы жат нәрсе деген екі жақты пікір қалыптасқан. Қазақ ғалымдары Ә.Қайдаров пен Р.Жайсақованың пікірінше: «полисемия негізінен лексикалық бірліктерге тән құбылыс. Бұл құбылыс фразеологиялық бірліктерде де ұшырасады. Бірақ лексикалық бірліктер мен фразеологизмдерде көп мағыналықтың туындауының себептері бірдей емес» [11].

Ә. Болғанбайұлы мен Ғ.Қалиұлы: «омонимия мен көп мағыналылық құбылыстары негізінен жеке сөздің арасында жиі ұшырысады. Ал фразеологизмдерге бұл құбылыс онша тән емес, идиомдық түрлері үнемі дара мағыналы болады да, фразалық тіркестердің қайсібіреулері көп мағыналы болатыны байқалады», [9] - деген ой түйеді.

Зерттеуші Ю.Р.Гепнердің айтқан пікірі жоғарыдағы тұжырымдарға қайшы келеді. Ғалым: «фразеологизмдердің бір қасиеті – оның мағына тұрақтылығы, бір ғана мағыналылығы болып танылады. Көп мағыналы бола алатын лексикалық бірлік – сөзбен салыстырғанда, бұл қасиет фразеологиялық бірліктерге тән емес», [12] - деп тұжырымдайды.

Дәл осы мәселені терең зерттеген ғалым В.П.Жуков: фразеологизмдердің көп мағыналық құбылысы ақиқат және болуға тиісті нәрсе екенін нақтылай айтқан болатын [13].

Біздіңше, фразеологизмдерде үнемі бір мағынада жұмсалатындарымен қоса, бірнеше мағынада жұмсалатындары кездеседі. Яғни, фразеологизмдерге көп мағыналылық құбылысы тән, бірақ жиі кездесе бермейтіні белгілі. Бұл ретте профессор Г.Н.Смағұлова фразеологизмдердің көп мағыналыққа қатысына орай төмендегідей ерекшеліктерін жіктеп көрсетеді:

1) Фразеологизмдерде көп мағыналық жиі кездесе бермейді. Көп мағыналықтың пайда болуына қатысты өзіндік ерекшеліктерінен туатын басқа да өзгешеліктер бар.

2) Фразеологизмдердің әр түрлі мағынасы көп мағыналы сөздерде байқалатындай, тура және ауыспалы мағынаның арасындағы байланыс екі жақты болып келеді. Себебі, фразеологизмнің өзі көбіне метафоралық қолданыста жасалатын тілдік тұлға.

3) Фразеологизмнің көп мағыналығы тек мысал сөйлемдер арқылы ғана, мысал ішінде ғана жақсы танылады [14].

Көп мағыналық жайлы А.Османова "көп мағыналықтың кепілі – сөздің ауыс мағынада қолданылуы болса керек. Ал көп мағыналық сөз мағынасының

баюының негізгі ұйтқысы. Ол – сөздің негізгі мағынасынан тармақталып өрбіп отыруынан пайда болатын құбылыс. Мұндағы мағыналар өзара белгілі дәрежеде бөлініп, әрқайсысы өзінше тиянақталып тұрғанымен, олар сөздің негізгі мағынасымен өзектес болып, бір-бірінен алыстамай белгілі бір семантикалық топқа бірігіп тұрады" деген ой түйеді [15]. Бұл пікірді фразеологиялық көп мағыналыққа да қатысты айтсақ қателеспеспіз.

Жоғарыда айтылған теориялық пікірлерге сүйене келе, көп мағыналы фразеологизмдердің мағынасында ортақ негіздің болуы шарт екенін түсіндік. Ақын шығармаларында көп мағыналы фразеологизмдер ұшырасады (тек бір ғана мағынасында)

*Таяқ жеді* - 1. Ұрыста сойыл, соққының астына түсті;  
2. Өмір соққысын көрді, ұрыс-сөгіс естіді, беті қайтты  
«Қош енді, қалдың кейін құлагерім,  
Тұрмадың жығылғаннан, жылап едім,  
Жалғанда саяқ жүріп, таяқ жедім  
Көретін күшім шығар бұл да менің.

(Құлагер)

Мысалдағы *таяқ жеу* фразеологизмі көп мағыналы. Бірінші және екінші мағынасындағы ортақтық – *соққы жеу*. Автор бұл фразеологизмді екінші мағынасында қолданған.

Немесе:

*Бұтын-бұт, қолын қол қылды* – 1. Парша-паршасын шығарды; 2. мейлінше жарамсыз етті, түкке тұрғысыз етті.

Жаңада бір келелі жиылыс болып, менің қателерім талқыға түсті. Әлбетте, қатемен бірге өзім де талқыға түстім-ау. Жұрт мен жазған сөздің бұтын бұт, қолын қол қылып созғылап жатыр (Әңгімелер).

*Бұтын бұт, қолын қол қылу* тұрақты тіркесінің беретін мағынасы – «жарамсыз болып қалу». Автор бұл фразеологизмді «сөзді жарамсыз ету» деген екінші мағынасына қатысты жұмсаған.

*Жыларын да, күлерін де білмеді* – 1. қорқарын да, қуанарын да білмеді; 2. қатты қуанғанынан не істерін білмеді

Білмеді жыларын да, күлерін де,  
Еліне кетерін де, жүрерін де  
Көрінед әзрейлідей қыздың түсі  
Қараса Қарашаштың реңіне.

(Күйші)

*Жыларын да, күлерін де білмеу* көп мағыналы фразеологизміндегі байланысып жатқан, ортақ мағына – *асып-сасып қалу*. Бұл тұрақты тіркестің екі мағынасы бір-бірімен жарысып туындаған.

*Жел аяқ* -1. алдына жан салмайтын өрен жүйрік; 2.ертегі кейіпкері; 3. үйден-үйге өсек тасып қыдыра беретін адам.

Кейінгі әйелі ауылды қоңылтақ кебісін қолқылдадып-тырпылдадып, ернін сылпылдадып, өсекті бұрқылдатып есік аңдып, ел аяқтайтын қыдырымпаз жел аяқ, қаңғыбас қатын екен (Әңгімелер).

*Жел аяқ* фразеологизмінің жоғарыда келтірілген мағыналарына қарап ортақтық қайсы? деген сауал туындауы мүмкін. Шындығында да бір мағынасы *жүйріктікті*, екіншісі *ертегі кейіпкері*, үшіншісі *жағымсыз образдағы әйел* мағынасын білдіріп тұр. Десек те, бұл үш мағынадағы ортақ мағына – *жүйрік*.

*Жолы болды (оңғарылды)* – 1. Тілегі қабыл болды; 2. олжалы болды, сапары оң болды.

Тәжидің жолы болды. Шалматай бай «кепілсіз-ақ жиырма қой берейін», -деді (Өңгімелер).

*Жолы болу* фразеологизміндегі ортақтық – *істің оңға басуы, әр бастаған нәрсенің оң болып, қабыл болуы*.

*Бәйек болды* - 1. Асты-үстіне түсті, асқан ілтипат көрсетті, кішіпейілділік жасады 2. Құрдай жорғалады.

Екі дай болып тұрды елдің жағы

Шықпалап Баян жағы бәйек болып жүр.

Абұйыр осы жолы қағылады

*Бәйек болу* фразеологизмі келтірілгендей екі мағынаны білдіреді. Ал осы мағыналарындағы ортақтық – *қызмет ету, құрметтеу*.

*Ақ жем* – 1. Қанын суға сорғызған ет. 2. Су сорып ағарып кеткен деген көп мағыналы фразеологизмін ақын екінші мағынасында қолданған. Фразеологизмнің мағыналарындағы ортақтық – *ағару, өңін жоғалту*.

Асты терең, үсті жел,

Толқып соқты бауырында.

Балтыры ақ жем балықшы

Қайықшы Қалтай не күйде.

Ойымызды жинақтай келе мынадай түйінді пікір айтуға болады: көп мағыналы фразеологизмдер тіліміздің байлығын, мағыналық мүмкіндігінің молдығын және икемділігін көрсетеді. Олар тіл даму процесінде фразеологизмдердің мағына аясының кеңеюі, түрлі ауыспалы, бейнелі мағыналарға ие болуы нәтижесінде туындаған жеке мағыналар арасындағы семантикалық байланыстың үзілмеуінен туындайды. Ал ақын-жазушылар осы көп мағыналы фразеологизмдерді өз ыңғайына орай әр мағынасында ұтымды қолдана алады. Тағы бір ескеретін ерекшелік, фразеологизмдердің семантикалық категориялары Илияс поэзиясымен қатар прозасында айқын көрініс тапқан.

*Илияс шығармаларындағы кірме сөздер*. Тілдің сөздік құрамының толығып кемелденуі бір ғана өзінің мүмкіншіліктері арқылы болып қоймайтынын тілшілер ашып, талдап айтқан болатын. Қоғамдағы болып жатқан оқиғалар тілге өз әсерін тигізеді. Тарих беттеріне үңілетін болсақ сан ғасырлы тарихы бар қазақ елінің де тіліне сондағы болған оқиғалар мен өзгерістер де ықпал еткен. Екі ел арасындағы достық, экономикалық жағдайлар, келісімдер, саяси байланыстар негізінде рухани байлық та бір-біріне ауысқан.

Тарихи оқиғаларға көз жүгіртетін болсақ, қазақ халқы басынан кешкен ұзақ дамуында біраз елдермен араласып, байланыста болған. Осы ретте сол халықтың тіліндегі сөздер біздің сөздік құрамға енгені мәлім. Бұл әр халық тіліне тән құбылыс. Бірақ әрбір елде кірме сөздер түрлі мөлшерде енеді. Зерттеушілер ағылшын тілінің сөздік құрамның не бары 30% ғана өзінің төл сөздері, ал қалғаны

өзге тілдерден ауысып келген дегенді айтады. Түркі тілдері мен басқа тілдердің арасында да сөз ауысу тек біржақты болмай, екіжақты болып отырған.

Тілдің өзіндік сөзжасам тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер *кірме сөздер деп аталады*.

Қазақ лексикологиясының қыр-сырын зерттеген ғалымдар Ә.Болғанбайұлы мен Ғ.Қалиев қазақ тілінің сөздік құрамындағы кірме сөздерді негізінен төрт халықтың тілінен:

араб тілі

парсы тілі

моңғол тілі

орыс тілі енген деп топтастырады [9].

Дәл осы топтастырған тілдердің ішіндегі кірме сөздердің қайсысы Ілияс шығармаларында ұшырасады, қаншалықты кездеседі деген сұраққа жауап беріп көрейік.

Автордың шығармаларының басым көпшілігінде орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілден енген кірме сөздер молынан ұшырасады. Ілияс қолданған орыс тілінің сөздерін тақырыптық жағынан бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Мысалы:

*I. Мамандық атауларына қатысты сөздер:*

-Тоқаң ұйғарғаны:

Судьяға сары атан,

Комиссияға жорға бурыл.

Нарядчикке тарғыл өгіз.

Песірге көк айғыр (Ала бие).

Бар тапқаның осы ма-ау?

Мелиси болсаң, балам-ау (Тапанша).

Е, болыс не болды?

Секретарь орыс не алды? (Ала бие).

Папещшител, исполком, бесір, болыс

Еппен әкеп шығарды бұдан түйін (Жолсыз салық).

Етікші, үйші, теріші,

Заводшы, жолшы, көмірші,

Жарлы, жалшы, құл-құтан,

Шіріген күндер өмірше (Май тойында) .

Капитан аудармастан алып жүрсе,

Қиырдан қырағы көз жұлдыз шалып (Ленин өлді).

Жайыңа жүрмей, «солдатқа»

Азғырған кім бармаққа? (Аттанған азамат).

Пионер болып жазылдым,

Мойнымда қызыл мойынтақ (Баласынан анасына хат).

Генерал, губернатор, ояз қайда?  
Чиновник, қоқиланған қораз қайда?  
Құшақтап алдына алып Тамараны,  
Мүйізбен шарап ішкен князь қайда? (Кавказ)

Офицер боп көп тілмаш,  
Үкімет боп «оқыған» (Толқын).

Келе қалды инженер,  
Қос қоланды землемер (Мәйек).

Онан бері, бергі күні,  
Чиновниктің шенді күні,  
Сар даланың отар күні (Бүгінгі дала).

Агроном, бәрекелде, сүйтші мені,  
Танысын мені анықтап колхоз елі (Шошқа).

«Ел жайлауға шыққанша айдадың» деп,  
Папешител Қарашқа қиқаң салды.  
Ызаланды, терледі Қараш жарлы.  
Исполком де «жаз-жаздың» астына алды (Жолсыз салық).

*II. Іс қағаздарға қатысты сөздер:*

Жанған жазу  
Жайған мүлік.  
Газет!  
Газет! (Мавзолей)  
Бір күні: «Аккладной» қағаз шықты,  
Қарашқа қанша налог? санын айтып (Жолсыз салық).

Алдын ала отделге  
Ведомость берем бұрындап,  
...Расход ұстар шылымдап.  
Ақшалата мал алам (Қорқамын).

Пропуск  
Билет беред...(Мавзолей).

Тықақтатып,  
Тағын заказ.  
Заказ тағын .... (Саудагер тамашасы).

*III. Мекеме атауларына қатысты сөздер:*

Қалада пәленше бар, түгенше бар,  
Қазналық школға кіріп алсам (Боранбай не ойлап оқып жүр?)

Кәпіретіп!  
«Кооператив» деп  
Жазып қойған  
Маңдайшаға жарқыратып (Саудагер тамашасы).

Теңізде, темір жолда, фабрикте –  
Ондағы жұмысшылар талай-дағы (Қойшы ойы).

Станция, ауыл-Шоққара,  
Үйірін көрген құт қара:  
Ақырар да кіжінер (Отарба)

*IV. Техника (көлік) атауларына қатысты сөздер:*  
Сұлулық суындағы пароходта,  
Поезбен, шында айдаған паравозбен (Кавказ).

Қағазды жұтып ішіне,  
Арпылдаса машина (Баспаханада қыр қазағы).

Электр шамы жағылған,  
«Тұр жұмысшы, киім ки!»  
Деп, гудогі күрілдейт.  
Ұршықтар ойнап, билеп би.  
Дөңгелектер дүрілдейт.  
Машинада қоңыр күй...(Заводта).

Жаппай қаулап коллектив,  
Эмблдерден май қайнап.  
Автомобиль, трактор (Жаңа дала).

Москва...  
Көше...  
Лық-лық.  
Жөңкіліс,  
Жүріс,  
Тық-тық.  
Автобус  
Құқ-құқ!  
Автомобиль  
Пық-пық!  
Трамвай,

Тыррр...тыррр....  
Фабрик-завод  
Күрр-күрр!... (Мавзолей).

Элеватор  
Мұның аты...  
Кең қамба ... (Элеватор).

*Ү.Киім атауларына қатысты сөздер:*  
Шапкімді елбіретіп қыңыр киіп,  
Бүрмелеп жейде кисем белімді иіп (Боранбай не ойлап оқып жүр?).

Арап башмақ,  
Неміс кепкі...  
Шошай телпек,  
Сұрғылт шинель... (Мавзолей).

*ҮІ.Кеңес үкіметі кезіндегі актив сөздер:*  
РСФСР батыр  
Шаруада жатыр (Саясат қошқарлары).

Ықшылбай надан емес, «совработник»,  
Аңдыса ұсақ, өсек, тіпті жетік (Ықшылбай).

Қосшы союз,  
Олар даюз,  
-Союз қосшы...  
-Соны қойшы (Саудагер тамашасы).

Деп осы үшінші съезге жетіп алсам,  
Салғалы отырмын ойбайды! (Жарқынбай, Беркімбай).

«Қара жерді» шаршылап,  
«Экспресс» ұшқанда,  
«Қара айғырдай» аршындап,  
Шаптың «Советстанда» (Тұлпарға).

Қыздырды ерлер, қырда айғайлап,  
Большевиктік майданды (Тракторшыға).

О бір жылда кәмпеске,  
Келген кезде ау, десіп (Мәйек).

Еңбекші қазақ ерлері,  
Партия, басшың салды ұран: (Көтерме).

*ҮІ.Өлшемге қатысты сөздер:*

Мінеки сол Кураны қойған қамап,  
Жұмсаған киловаттан күшін санап (Кавказ).

Аудар қырды! Шында, шында!  
Тіл даланы, Гектрірле! (Тракторшыға).

Сонымен, тілдегі кірме сөздер қазақ халқының жүріп өткен жолымен, тарихымен тығыз байланысты қолданылған екен. Ол халықтың басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынасының тілдегі көрінісі. Ілияста мол қолданылған кірме сөздердің бір қабаты орыс сөздері. Ақын өзі өмір сүрген заманның тілімен сөйлеп, сол кезеңдегі болып жатқан құбылыстарды өз өлеңдерінде көрсетуі заңды құбылыс. Жоғарыда келтірілген орыс тілінің сөздері Ілияс заманыда лексикалық қорға еніп, тілдегі актив қабатқа жататын сөздер қатарында. Тек бір ерекшелік, автор орыс сөздерін өз ыңғайына қарай дыбыстық жағынан өзгертіп те қолданған. Мысалы: *милиция – мелисие, шинель-шенел, шапка-шәпкі, кооператив –кәпіретіп, писарь – песір, бесір, комиссия – кәмесие, мужык – мұжық т.б.*

*Ақын өлеңдеріндегі теңеулер мен компаративтік фразеология тұрақты теңеулер.* Ғалым Р. Сыздықова: «Суреткердің, айталық ақынның поэтикалық тілін зерттегенде өз алдына бөлініп шығатын дербес тақырып – ақынның өзіне тән көркемдік қолтаңбасы. Бұл орайда ақын тіліндегі сөз-символдарды, өзі сүйіп, жиі пайдаланған троптарды және өзге тіл элементтерін эстетикалық қызметте жұмсауының принциптерін, стильдік ерекшеліктері арқылы көрінетін, «автор образын» ашып талдау қажет болады», [16] - деп айта келіп, әрбір қаламгердің өз қолтаңбасы қалыптасатынын баса айтады.

Әсіресе поэзиялық шығармаларда сөз өзінің тура мағынасынан гөрі астарлы мағынада қолданылып, көркемдік элементтер көбінесе контексте ашылады. Поэзиялық туындының көркемділігі ондағы образдың бейнелегіш-көркемдегіш элементтермен сомдалып, оқырманға жетуі, жетіп қана қоймай оны ойландыруы, көңілінде түрлі ассоциациялар туғызуы, оның жан дүниесін әсер етуінде десек те болады.

Өлең тілінде автор теңеу, эпитет, метафора, метонимия, синегдоха т.б. сияқты бейнелегіш-көріктегіш құралдарды жұмсайды және бұл бейнелі сөздер шығарма тілін әрлендіретін материалдар қатарына кіреді. Жалпы, Ілияс тілінің өзіне тән бір белгісі онда теңеулер мен тұрақты теңеулердің молдығы.

Көркемдегіш амал – тәсілдердің қай-қайсысы болса да ақын тілінде әсерлі, әдемі, тұрақты тіл ерекшелігін танытуға пайдаланылады.

Ы.Алтынсарин шығармаларының тілін зерттеуші С.Хасанова: «Шығарма тілінің көркемдігі суреткердің сөзді азды-көпті қолдануында емес, әр сөздің қиюын тауып, қолдануында, осы ретте ойдың түсініктілігін, айқындығын дәлдей түсу үшін сөз мағынасын сан-саққа құбылтып жұмсайды» [17]– деп, сөздің басқа сөздермен эстетикалық талғаммен орнықты да орынды байланыста қолданылуына зор мән береді.

Сонымен, көркем әдебиет тілінде, соның ішінде поэзияда, ақын ойының әсерлі жеткізілуі көркемдік элементтерге байланысты десек, өлең тілінде ерекше құнды болып саналатын, ақынның жеке стилдік ерекшелігін танытуға арқау болатын көркемдегіш амалдардың бірі – теңеу.

Әдебиет теориясын зерттеуші ғалымдер мен тілшілер теңеуге кең ауқымда анықтама беріп мәнін ашуға тырысады. Мәселен, қазақ теңеулерін арнайы зерттеген ғалым Т.Қоңыров: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» деп айта келе, [18, 7] теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымның ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі екендігін, теңеу категориясы – бүкіл бейнелеу, көркемдеу тәсілдерінің ішіндегі ең бастысы, ең пәрмендісі екендігін, бейнелеу тәсілдерінің барлығы да өз бастауын осы теңеуден алатынын кеңінен ашып көрсетеді.

Әдебиеттанушы З.Қабдолов болса, теңеуде суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейтінін баса айтқан болатын [19].

Ал З.Ахметов: «Теңеу – белгісіз нәрсені белгілі нәрсе арқылы, күрделі нәрсені қарапайым нәрсе арқылы, алысты жақын нәрсе арқылы айқындап көрсету деген пікірді жиі кездестіруге болады, әрі осылай түсіндірудің бір қарағанда ұтымды көрінуі де мүмкін. Бірақ, мұның өзі, әсіресе, әдебиетті, поэзияны сөз еткенде, шындыққа жанасымды болып шықпайды, өйткені көпшілікке белгісіз, түсініксіз нәрсені түсінікті, белгілі нәрсемен салыстырып айту бір басқа да, ал бейнелілік сипаты бар көркем теңеу жасау – бір басқа. Поэзиялық шығармадағы теңеуді алсақ, мұнда мәселе салыстырып отырған нәрселердің белгісіз немесе белгілілігінде емес, сол айтылатын өзгешелік салыстырудың өзінен көп мағына туатындығында» [20] - деген ой айтады.

Орыс ғалымдары да теңеуге қатысты түрлі анықтамалар мен пікірлерін білдіреді. Мәселен, А.Квятковский: «Теңеу дегеніміз – ортақ белгілері бар екі затты, ұғымды және күйді бір-бірімен салыстыратын және сол ортақ белгінің негізінде алғашқы заттың көркемдік мәнін күшейте түсетін бейнелі сөз тіркесі» десе, әдебиет теоретигі Л.Тимофеевтің пікірінше: «екі құбылысты бір-біріне жанастыра отырып, біреуінің қосалқы белгілері арқылы екіншісін сипатайтын троптың ең қарапайым, ең алғашқы түрі теңеу болып табылады» [21],[22]. «Теңеу дегеніміз – суреттеуді неғұрлым көрнекі ету мақсатымен бір затты, ұғымды, күйді басқа бір заттармен, ұғымдармен салыстыруға негізделген көркемдеу тәсілі». «Түр-түсі, қасиеті, мән-мағынасы жағынан бір-біріне ұқсас құбылыстарды бір-біріне тікелей салыстыруды теңеу дейді» деген де пікірлер білдірілген.

Осы айтылған біршама тұжырымдар мен анықтамаларда теңеуге қатысты ой ортақ. Яғни, ғалымдар теңеу дегенде салыстыру деген ұғымның мәні зор екендігін баса көрсетеді.

Ғалым Т.Қоңыров бүкіл қазақ сөздік қорында кездесетін теңеулерді түгел топтастырып, жасалу жолдарын көрсетеді [23]. Дәл осы топтастыруды негізге ала

отырып ақын Илияс Жансүгіровтың шығармаларында қандай ерекшелітер бар екендігін айқындайық.

–дай-дей, -дайын-дейін, -тайын-тейін, жұрнақтары арқылы жасалған теңеулер;

–ша-ше жұрнағы арқылы жасалған теңеулер;

Шығыс септігі жалғауының көмегімен жасалатын теңеу де кездеседі;

*Секілді, сияқты, тәрізді, іспетті* сөздерінің көмегімен жасалатын теңеулер;

*Бейне* сөзінің көмегімен жасалған теңеулер;

*Тең* сөзінің көмегімен жасалған теңеу;

*Ұқсас* сөзінің көмегімен жасалған теңеу;

*Параллелизм* тәсілі көмегімен;

*Аралас тәсілдің* (бейне және –дай/-дей; бейне және секілді) көмегімен;

Қосалқы тәсілдің көмегімен

Ақын қаламына тән теңеу жасаудың актив түрі –дай-дей, -дайын-дейін, -тайын-тейін, жұрнақтары негізінде екенін байқадық.

Жаулаған да,

Даулаған, сұм құзғындай шулаған.

(Шым-шытырық)

Барақ иттің басындай

Келісер ме, шаш саған.

(Тапанша)

Сылдыр қаққан фонтаннан,

Ақ меруерттей су ақсын.

Ұжмағында тәтті ойдың,

Елжіреп ойым, жан жатсын.

(Тілек)

Қу далада, құла түз,

Жер қақтаған күн тамыз.

Күзетшідей жапанда

Анчар – ағаш тұр жалғыз.

(Анчар)

Қозыдай қауын, қарбыз көгендегі,

Тайтұяқ алма күміс төбедегі.

(Орақ науқаны).

Бағанадай балтырлы інім,

Трактордай сүйекті ұл.

(Тракторшыға).

2) *-ша-ше* жұрнағы арқылы жасалған теңеулер:

Милиция болдым мен дағы

Жарқымбай мен Жақанша  
Үкімет ісін орындап,  
Шапқылаймын Шақарша.  
(Тапанша)

3) *Секілді, сияқты, тәрізді, іспетті* сөздерінің көмегімен жасалған теңеулер:  
Жұмысшы асыл іздеп, төсін ойған,  
Сияқты төсін асқар төсеп қойған.  
(Алтын қазан)

Сияқты маған бал тұщы.  
Өзгеге де, өзіме,  
Сендім бе көп сөзіне?  
Басқаға, бәлкім, бал ащы?  
(Бөлек-салақ ойдан)

Сықылды Сайфіл Мәлік, Хасен, Мәлік –  
Ерлері ертегінің жүрген жері. (Кавказ)

Ілияс лирикасында көріктеуіш-бейнелеуіш құралдардың ішіндегі теңеулердің оның әрлі де әсерлі жырларында молынан ұшыратынын байқадық. Бір ерекшелік, авторда а)–дай-дей жұрнақтарының теңеулік қызметі; ә) –ша-ше жұрнағының теңеулік қызметі; б) *секілді, сияқты, тәрізді, іспетті* сөздерінің теңеулік қызметі өте актив қолданылған.

Сондай-ақ, тіл білімінде теңеулерге қатысты қайшы көзқарас туындатқан мәселелер де бар. Мәселен, Т. Қоңыров өзінің еңбегінде осы жайтқа қатысты мынадай пікір білдіреді: «Көпшілік ғалымдардың пікірі бойынша, теңеу атаулының бәрі бірдей тіл біліміне объект бола алмайды, тіл білімінің зерттейтіні – тек тұрақты теңеулер ғана, ал еркін теңеулер (индивидуальді-авторлық теңеулер) әдебиетшілердің еншісі болуға тиісті. Біз бұл қағиданы қате дей алмаймыз. Сонымен қатар оны үзілді-кесілді дұрыс деп те айта алмаймыз. Қате демейтін себебіміз: тұрақты теңеулер, басқа тұрақты сөз тіркестері сияқты, тілдің фразеологиялық жүйесіне кіреді де, сол жүйенің ең аумақты, ең пәрменді құрамдас бөлшегін жасайды» [23].

Негізінен қазақ тілі тұрақты теңеулерге бай тіл. Тілші ғалымдар теңеудің бұл түрін *компаративтік фразеология* деп те атаған жөн деп есептейді. Нақтырақ түсіндіретін болсақ, тұрақты теңеулер фразеологиялық жүйеге кірсе, еркін теңеулер болса жеке автордың шығармашылығына тән тілдік көркемдегіш элементтер. Фразеологизмдердің ішіндегі кейбір сөздер семантикалық жағынан ерек байқалып, түп қазық есебі қызмет атқарады. Ондай сөздер әлденеше ФЕ-лерде қайталанып отырады. Оны «ұйытқы сөз» деп атаған мақұл.

Дәл осы айтылған ұйытқы сөздер тұрақты теңеулер жасауда ерекше роль атқарады. Ілияс Жансүгіров өлеңдерінде тұрақты теңеулер молынан ұшырасады (прозалық туындыларында да). Ақын қаламынан шыққан компаративтік фразеологизмдердің жасалуына да түрлі сөздер негіз (ұйытқы) болған. Бүкіл тұрмыс-тіршілігін төрт түлік малмен, табиғатпен, жан-жануарлар дүниесімен

тікелей байланыстырған қазақ халқы олардың мінез-құлқын, іс-әрекетін, болмыс-бітімін жақсы біледі. Төрт түлік мал атаулары ұйытқы болған тұрақты теңеулердің түр-түрі ақын поэзиясы мен прозалық туындыларында да кеңінен көрініс тапқан. Мұның бәрі салыстырудан туындаған. Ілияс Жансүгіров қолданған тұрақты теңеулерге бірнеше мысалды келтіріп өтсек (мысалдар «Тұрақты теңеулер сөздігінен» (Т.Қоңыров) келтірілді). Ілияс Жансүгіров қолданған тұрақты теңеулерлерге ұйытқы болған төрт түлік малдың бірі – қой (қозы). Мысалы:

*Қойдай қоздау.*

Жіберді-ау улап-шулап міне бір күй.  
Жамырап қозыдайын, қойдай қоздап.

*Қойдай қуу.*

Жігіттерді бір жерден бір жерге қойдай қуып, солдатша айдап, есін шығарды.

*Қойдай маңырау.* Елді сағынған жігіттер, жігіттерді сағынған ел бір-біріне жамырағанда, қойдай маңырап, қозыдай шулады.

*Қойдай меңірею.*

Қойдай меңірейіп,  
Ойлаған тәтті ойларым.

*Қойдай өргізу.*

Ауылы Кене ханның өре тұрған,  
Өргізген бәрін қойдай қыз антұрған.

*Ащылаған қойдай болу.*

Анталап ащылаған қойдай болып,  
Мәз-майрам салған әннен осы думан.

*Жаңа оттыққан қозыдай.*

Жаңа оттыққан қозыдай  
Жайып, айдап, өргізіп.

*Қозыдай (үлкен).*

Қозыдай қауын, қарбыз көгендегі,  
Тай тұяқ алтын, күміс төбедегі.

*Қозыдай жамырау.*

Қозыдай жамыраған жас балалар  
Не қылсын жауды елсізде шу салады.

*Нар, бура, інген, атан, тайлақ* сөздері негіз болған тұрақты теңеулер:

*Бала нардай байпаңдау.* Байпаңдап бала нардай тұрсақ басып.

*Боз тайлақтай ойнақтау.*

Балқаштың бораны  
Өкіріп, ұрып соғады,  
Ойнақтап боз тайлақтай

*Атандай адымдау.*

Кейде атандай адымдап,  
Аттай кейде желеміз.

*Атандайын алшаңдату.*

Аттатып, атандайын алшаңдатып,  
Ақситып, бір балуанды арсаңдатып.

*Бурадай қарш-қарш шайнау.*

Бурадай кейде аузын қарш-қарш шайнап,  
Ойнақтап оқ жыландай андағайлап.

*Ит* сөзі негіз бола отырып жасалған тұрақты теңеулер:

*Жемтіктің соңында қалған иттердей.* Қарқаралы, Семейдің алыпсатарлары жемтіктің соңында қалған иттердей жәрмеңкенің тозған базарының боқтығын иіскеп отырып, ешкім алмаған соң, ақыры қалаға қайтты.

*Иттей таластыру.* Екі кедейді иттей таластырды.

*Итше салпақтау.* Ертеңнен кешке шейін итше сыртқа салпақтап жүреміз, сонда да еңбегің еш, тұзың сор.

Бұдан өзге ақын шығармаларынан өсімдік атаулары ұйытқы болған *қоға* → ақ қоғадай бұралту, жас қоғадай майысу; *жапырақ* → жапырақтай түсу, күзгі шірік жапырақтай, жапырақ секілденіп; *қурай* → әлсіз қурайдай, қурайдай солу, қурайдай қурау; табиғат құбылыстары негіз болған: *бұлт* → бұлттай жөңкілу, бұлттай тарқау, бұлттай шөгу, күзгі бұлттай суысу; *жел* → ақ еділдің желіндей, ебінің сары желіндей, желден жылдам, жібек желдей ілбірей, қыр желіндей ескектеу; *боран* → бейне соққан борандай зіркілдеу, боз борандай бұрқақтау, сар даланың боранындай ескектеу сияқты тұрақты теңеулерді кездестіруге болады.

*Ілияс Жансүгіров сатирасындағы лексика-фразеологиялық ерекшеліктер.* Ілияс Жансүгіров әдебиеттің проза, поэзия, драматургия жанрына қалам тербеп қоймай сатиралық туындылар да жазғаны бізге аян. Бұл жөнінде: «Ілияс – қазақ совет поэзиясының асқақ тұрған ақ басы шоқыларының бірі, кең тынысты прозаик, дарынды драматург қана емес, сатираның да дара шыққан саңлағы. Ол шығармашылық жолын баспасөзде істеуден, сатира жазудан бастаған» – дейді,

сатира жанрының табиғатын тереңдете зерттеген көрнекті ғалым Темірбек Қожакеев [24].

Ал академик Т.С.Сыдықов: «Қазақ тіл өнерінің майталманы Ілекең фельетон екең фельетонында, сын-сықақ әңгімелерінде айдаһардың аузынан жырылып шыққан жырынды, жылпос қу мүйіздерді мінеп-сынағанда да қылпып тұрған ақ алмастың қырымен соқпай, мақтамен бауыздап, жақсыны тану үшін де, жексұрындықтан екі қолды төбеге қойып бездіру үшін де парасат керектігін ол бір сәт естен шығармайды. Жазу стиліне тән сөздегі саздылықтан, үндестіктен, сыңғырлаған өңкей келісімнен жаңылмайды. Кісілік пен кішіпейілділігі бұл жанрда өз биігінен аласармаған. Иман, ұят, ақыл таразысы жұбын жазбаған жерде ұтылыс емес, ұтыс жүретіні белгілі. Жалпы, мысал, сын-сықақ Ілиястың Салтыков Щедринді, Гогольді, Абай мен Сәбит Дөнентаевты көп оқып, көпті зердесіне түйіп, сын шалғысын көсілте сілтеуі қазақ әдебиетіне құт болып қонды. Сын-сықақ, фельетон, сатира жанрын қалыптастырып, артына өлмес мұрасын, мектебін қалдырып кетті» [25] – деген салмақты тұжырым жасайды. Расында да, Ілияс фельетондары белгілі бір адамды кемсіту, кекету, қорлау, ұялту, кемшілігін бетіне басу мақсатында емес, өмір сүріп отырған қоғамдағы белең алған кемшіліктерді жоюға астарлы ой-пікір білдіре отырып үндеу тастауды мақсат еткен десек қателеспеспіз.

Профессор М.Иманғазин та Ілиястың сатира жанрына келуі туралы көптеген деректер келтіреді. Сатира жанрындағы өлеңнен прозаға ауысуы бұл – 1920 жылдардың бас кезі. Нақтырақ айтсақ, 1922 жылдың қараша айында Ілияс оқуға түсуге Алматыға келгенімен, ол талабына қолы жетпеген соң, «Тілші» газетіне қызметке кірген сәттен басталады. Газет қызметіне араласуы – оның білім дәрежесіне де үлкен әсер етеді. Ақындық, жазушылық талабы мол болғанымен, оқуы, білімі таяз болғандықтан, өз бетімен оқу оқып, ізденіп, білімін толықтыруға күш салады. Сатирадағы проза жанрына ден қоюы осы кезеңнен бастау алады. Өйткені, өзімен қызмет істейтін тілшілердің көпшілігі жазушылық өнері бар прозаик, сатирик, фельетонистер еді. Олар сол кезде газеттегі жауынгер жанрлардың бірі – фельетонды әркім әртүрлі, бір-бірімен жарыса, бәсекелесе жазатын. Бұл ахуал Ілиясты да еліктірді. Сол кезде жазғандары тек «Тілші» газетінде ғана емес, сонымен бірге «Жас Қайрат», «Сана», «Шаншар» сияқты баспасөз беттерінде жарыққа шығады. Жазғандары сол уақытта елімізде жүргізіліп жатқан науқандық саяси, шаруашылық, ағартушылық жайларды қамтиды. Сатираның түрлі компоненттерін шебер пайдалана отырып, жаңа дәуірдегі жаңалықты дұрыс түсініп, бағалай алмай отырғандарды, жаңа істердегі игіліктерге кедергі келтіріп, бұрмалаушыларға батыл, қарымды қаламын қадайды. Баспасөз қызметінде аз уақыт істеген кезінде өзінің әріптестерінен жазу техникасын үйрене отырып, тіпті кейде олардан асып түсерлік дәрежедегі журналист ретінде көзге түседі. Оның жазғандары бірінен-бірі өтерліктей іргелі де айтары мол құнды материалдарға айналып, қалың көпшіліктің сый-құрметіне бөленеді. Осы еңбегіне лайық оны 1924 жылы «Тілші» газетінің хатшысы, кейінірек редакторы етіп тағайындайды.

Ілияс сатирасы – өз тұсындағы қоғам өмірінің аса маңызды, күрделі мәселелері жөніндегі өткір тілді, мол сырлы сатира. Онда жылы юмор мен ащы

сарказм, әдемі эпитет пен келісті теңеу, қиыннан қиысқан қисынды сөз – бәрі бар. Сондай-ақ, ғылыми зерттеулерге зер салсақ І. Жансүгіровтің қазақ сатирасына фельетонның жаңа түрін, үлгісін кіргізуге біраз қызмет қылғандығын, оны фельетонның ертегі, пьеса, қаулы, шолу түрлерін енгізуінен байқай аламыз.

«Әдебиеттің күлкі-сықақ түрі – бізде өспеген, өнбеген түрі. Бұл жөнінде де біраз еңбек істеп келем. Осы түрді туғызу үшін әдебиет түрінен «Сықақ» атты кітап жиып шығардым. Осыған ыңғайым бар. Кезінде ұсақ-түйек жазып отырамын. Менің фельетондарым, сықақ өлеңдерім – біздегі жоқ әдебиеттің сықақтық түрін туғызуға істеп жүрген қызметтерім» – деп, жазады Ілияс Жансүгіров.

Сатирик Т.Қожекеев Ілиястың сатириктік қызметін екі кезеңге бөліп қарағанды жөн санайды: Біріншісі, 1920-1925 жылдар, яғни оның «Тілші» газетіндегі кезеңі. Екіншісі – 1928 жылдан бергі аралық, Москвадан оқып келгеннен кейінгі «Еңбекші қазаққа» істеген және онан соңғы жылдары.

Профессор М.М. Иманғазин «І. Жансүгіров прозасындағы сатира» атты мақаласында Ілияс сатирасының жариялануы туралы мынадай деректер келтіреді: «Ілияс ақталғаннан кейін 1961-64 жылдар арасында жарық көрген 6 томдық шығармалар жинағына 1963 жылы «Әңгімелері мен фельетондары» деген атпен 328 беттік көлемде кітап болып баспадан шығады. Сонымен қатар 1964 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «Пьесалары мен әңгімелері» деген кітапқа оның көптеген сықақ әңгімелері мен фельетондары енгізілген.

«Жол аузында» әңгімесі «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылғы 16 қыркүйектегі санында жарық көрді. Жазушының «Жаңа жолда» атты Түрксиб жайындағы очерк, әңгімелер жинағына (1929), «Жол аузында», «Мерген, бөкен» кітаптарына, 5 томдық шығармалар жинағына енді.

«Жаңа астана» очеркі «Жаңа жолда» (1929) кітабындағы мәтін бойынша берілді. «Төрт жолдың торабы» әңгімесі «Еңбекші қазақ» газетінде (1929, 8 шілде), «Жаңа жолда» жинағында, жазушының 5 томдығында жарияланды.

«Октябрьдің октябрі» очеркі 1930 жылы жазылған, қаламгердің 2 томдық және 5 томдық шығармалар жинағында басылған.

«Басын көруге нәсіп болмады» атты сықақ әңгіме «Сықақ, дүрбісі» рубрикасымен «Жаршы» журналының 1930 жылғы 9-10-санында жарық көрді. Автор «Таңқыбай» деп қол қойған» [26].

Темірбек Қожекеев болса Ілияс Жансүгіровтің сатира жанрына қалам тербегендігін ғана айтып қоймай, жазушы-сатириктің өзіндік стильдік ерекшелігін, авторлық қолданысының тілдік өрнектерін кеңінен айтып өткен болатын. Сөйтіп, мынадай баға береді: «Ілияс сатирасы түр-пішіні, композициялық құрылысы жағынан да әртүрлі. «Қолынан келген қонышынан басады, дегендей, ақын сықақты өлеңдетіп төгіп те, қара сөзбен үйірімді етіп те тудырады. Идеясын кейде әңгіме түрінде өз атынан баяндап та, енді бірде кейіпкердің өзара сөйлесуі – диалогі ретінде келтіріліп те, тағы бірде сыналатын адамға ұзақ монолог беріп те ашып отырады» [24].

Ғылыми деректерге сүйенсек, Ілияс Жансүгіров бірінші кезектегі сықақтарын Матай, Балгер, Жа-жа, Ақын, Салпанқұлақ сияқты бүркеншік

аттармен жазған екен. Оларын «әзіл-оспақ», «оқшау сөз», «шашауша» деген бөлімдерінде жариялап отырған.

Ілиястың ерекше атап өтетін фельетондары: «Екпінді бүлдіргіш», «Мынау не дейді», «Кімді кім?», «Мен қателескен екем», «Пұшық мұрынға кетік ыдыс», «Жайлаубектің жауыры – аурудың ауыры», «Басқа пәле тілден», «Жалаңаш жиылыс» т.б. болса, сықақ өлеңдеріне: «Елге шыққанда ...ов не айтады?», «Жолсыз салық», «Шешілмеген жұмбақ», «Шенқұмарға», «Жарайсың, Шылғаубайым» т.б. жатқызуға болады.

Ілияс сатирасының тақырыптары да сан алуан. Бірде шенқұмар бастықтарды сынаса, бірде сауатсыз молданы, ал кейде бюрократтарды да мінеп-сынап, әжуалайды. Жазғандарында көтерген мәселелері көбіне, болған оқиға, нақты фактілер. Фельетондарының жанрына келетін болсақ: пьеса, шолу түрінде, ертегі, қаулы есебінде да жазылған. Бір ғана дәлел, Ілиястың «Колхоз қаулы қылды» деген фельетоны қаулы ретінде жазылған 9 пункттен тұрады.

«Газет емес, концерт» фельетоны ерекше стильде жазылған, жасырын сарказм мен юмор жасырылған туындыларының бірі. Фельетонның бастапқы абзацы жаңылтпаш сияқты беріледі: «Алғашқы «зав» кетеді. Зав кетсе «ұзап» кетеді. «Зам» қалады. Аздан соң, «зам» кетеді. Зам кетсе сонан арман кетеді. Хатшы қалады. Іле-шала хатшы кетеді. Хатшы қалады. Делопроизводитель қалады. Делопоризводитель кетсе машинистканы ала кетеді...».

Өз фельетондарын көркем де әсерлі ету үшін аңыз-ертегілерден, ән-жырлардан, жұмбақ-жаңылтпаштардан үзінділер келтіру, фактілер алу І.Жансүгіровтің көп қолданатын әдісі еді. «Құйрықты базар» фельетонында: «Балалар от басында ертегі айтысатын, ертегіде ешкі қойға айтыпты:

Менің жегенім жантақ,  
Сенің жегенің жантақ...  
Сенің құйрығың неден жалпақ? –  
деп. Оған қой қару айтыпты-мыс:

Менің жегенім ошаған,  
Сенің жегенің ошаған...

Сенің құйрығың неден шошайған? – деген екен». Сөйтіп осы ертегі жырының ұйқасына салып сауда саясатын меңгеріп отырғандарға:

Менің көргенім жәрмеңке,  
Сенің көргенің жәрмеңке.  
Жәрмарком-еке,  
Жәрмеңкеңізде  
Шайдың бағасы неше теңге?  
Шошып кеттім шайдан,  
Шайды сатқан байдан,  
Шайдың басы домалақ  
Мүйіз, мұрын, жоқ құлақ.  
Шайға құйрық қайдан? – деп сұрақ қоя отырып аяқтайды.

*І. Жансүгіровтің сын-сықақ, фельетондарындағы кірме сөздердің қолданылу ерекшеліктері.* І.Жансүгіров кейбір сықақтарын әртүрлі кейіптегі, мінездегі, істегі жеке адамдарға арнаған. Біз негізінен үкімет істеріндегі шалалықтар мен қателіктерге, биліктің құлағын ұстаған төрелер мен бастықтарға, жұмысы шала өкілдер мен белсенділер жөніндегі сын-сықақтарына тоқталмақпыз. Ілияс сатирасындағы кейіпкерлердің сөйлеу мәдениеті, ойын жеткізудегі ана тілінің тазалығының сақталуы қаншалықты деңгейде деген сауал туындайды. Бір байқағанымыз, Ілияс кейіпкерлерін қазақша-орысша араластырып сөйлетіп отырады. Бұл сықақ жанрына тән ерекшелік деп білеміз. Яғни, орыс тілінен енген кірме лексикалық бірліктер де бар деген сөз.

Тілдің өзіндік сөзжасам тәсілімен емес, басқа сөздердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер тілімізде кірме сөздер деп аталады. Әр заманның өмір сүрген ақыны болсын, жазушысы болсын өзінің сөздік қорында кірме сөздерді қолданады. Алайда, кірме сөздердің тілге енуі сол қоғамда болып жатқан оқиға, тарихтағы жағдайлардың әсерінен тілге енетіндігін ұмытпағанымыз жөн. Оған бір ғана мысал, қазақ халқы отырықшылықты орыс ұлтынан үйренді, ал оған дейін жаз жайлауда, қыс қыстауда, күз күзеуде өмір сүріп, көшпенді халық аталды. Орыс халқымен қоян-қолтық араласа бастаған қазақтардың сөздік қорына біртіндеп русизмдер ене бастады. Қазақ пен орыс халықтары қонысы мен өрісі ежелден іргелес, көрші елдер. Сол себептен, бұл елдердің арасындағы сауда-саттық, шаруашылық, мәдениет т.б. қатысты байланыстар өте ерте уақыттан дамыған. Қазақстанның Ресей империясына бағынуы бұл байланыстарды одан әрі нығайта түскен. Осындай ара-қатынастың нәтижесінде біздің тілімізге орыс лексикалық бірліктерінің ене бастауы әрине, заңды құбылыс.

Бұл жөнінде Р.Сыздық мынадай пікір айтады: «XIX ғасырдың II жартысына дейін қазақтың әдеби тіліне енген орыс тілі сөздері аса көп емес. Енгендері – Россия мен сауда-саттыққа байланысты ұғым, зат аттары, әкімшілік-ел басқаруға қатысты кейбір сөздер және күнделікті тұрмыс пен шаруашылыққа байланысты жеке сөздер болатын» [27] - деп, Абай шығармаларындағы орыс тілінен енген сөздерге талдау жасаған болатын.

Ілияс фельетондарын оқыған оқырман автордың орыс сөздерін емін-еркін қолданғанын аңғара алады. Бірінші байқағанымыз І.Жансүгіров көбінесе саясатқа байланысты ресми орыс сөздерін пайдаланған.

Русизмдер, екіншіден, оқырманның назарын аудару мақсатында да кейіпкерлердің диалогында көрініс тапқан:

*Жайлаубек фельдшерге келді. Ақ желек киген ажабдадай фельдшер:*

*– Шом дияла?- деді.*

*Жайлаубек талтайыңқырап тұрып:*

*– От-от, товарищ доктор, дәрі давай, дәрі давай, осы жағым ..... - деп қолын арт жағына сермей берді, доктор:*

*– Сними штан.*

«Жайлаубектің жауыры – аурудың ауыры» атты фельетоннан алынған осы бір кейіпкер мен дәрігердің диалогында сол замандағы орыс тіліне шорқақ дала қазағының ойын жеткізудегі орыс сөйлемдерін қазақшаға ыңғайлауының өзі автордың стильдік шеберлігі. Дұрысы: В чем дело? /автор берген вариант: *Шом*

дияла?/. Вот, вот товарищ доктор /автор берген вариант: *От-от, товарищ доктор/*. Мұндай орыс сөздерінің өзгертіліп қолданылуын тіл ғылымында қазақ орфоэпиясы заңдылығына бағынып, сөйлеу мәнеріне икемделіп өзгертілген русизмдер деп қарастыруға болады.

Ал Ілияс фельетондарындағы орыс сөздерін тақырыптық жағынан мынадай топтарға жіктелінеді:

1. Әкімшілік басқару ісіне байланысты: *сот (суд), председатель, начальник*.

2. Мамандыққа байланысты: *командир, переводчик, статистик, доктор, фельшер*.

3. Техникаға байланысты: *автомобиль, трактор*.

4. Саяси кезеңдер мен саяси ұйым атаулары, жалпы мекеме атаулары: *феодализм, капитализм, социализм, округтық ұйым, комсомол комитеті, бригада, колхоз, округтық малсоюз, партия комитеті, округтық комсомол, окрмалсоюздың бригадысы, райплан, атком, штат, колхоз, деревня, кооператив, компартия, аэроплан, зауыт, шахта, почта, комсомол, пионер, штаб*.

5. Іс-қағаздарға байланысты сөздер: *перевод, устав, протокол, телеграмма, газет, дело, справка, анкета, характеристика, больничный лист*.

6. Киім атаулары: *калош, итан*.

7. Әлеуметтік топ иелері: *батрақ (батрак), мұжық (мужык)*.

8. Сандық көрсеткішке байланысты сөздер: *номер, процент, рубль, серия*.

Ілияс Жансүгіров орыс тілінен енген революциялық терминдерді актив түрде қолданған: – *Оған біз бейноват емес. Округтік партия комитеті мен округтік комсомол комитеті біледі. Бізге бригадыны берген солар...*

*Міне, окрмалсоюздың бригадысы туралы бар білгені осы болды (Екпінді бүлдіргіш).*

*...Қай халықтан да табылады. Орашолақ, шаш ал десе, бас алар феодализмде де болды. Капитализмде де болды. Енді мына социализміңізде де жүр.*

*Алматының округтік ұйымдары, әсіресе, округтік комсомол комитеті окрмалсоюз ауылдың жаппай ұжымына социализмге жедел жәрдем бермек болды. Топ-топ жұмысшылардан, жастардан, қызметшілерден бригадалар құрылды (Екпінді бүлдіргіш) – деп келетін контекстердегі қолданылған орыс тілі арқылы енген, Кеңес дәуірінде бүкіл әлемге таралып, әртүрлі тілдерде сөйлейтін Кеңес Одағы құрамындағы және басқа да халықтардың баршасына таныс интернационалдық терминдерге айналған: *почта, указ, комиссия, партия, октябрь, аэроплан, трактор, батрак т.б.* сөздері актив қолданылған.*

Русизмдердің фонетикалық жақтан, яғни қазақ тілінің дыбыс заңдылықтарына сәйкестендіріле игерілу құбылысы барысында орыс тілінің бір дыбысы қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне негізделіп айтылады. Бұл ерекшелікті Ілиястың «Жайлаубектің жауыры – аурудың ауыры» атты фельетонында айқын көре аламыз: *-«Оязнайға» келді. Доктор қағаздан мына жазуды оқиды: «Бұл гражданның қаны таза, аурудың белгісі жоқ» деген.*

*...Ресейдің кешегі крепостной мұжығы бүгін совет, бүгін социалист (Кімді кім?).*

Сондықтан бұлар қазақша жазғанда, латынша «Зайсанкому аткомге», «**на қырдитсе на местінім боджеті**» деп жіберуі – қазақтың намаз оқып тұрып кетіп бара жатқан ешкіге «шек кебенек!» деп жібергені сықылды нәрсе (Мынау не дейді?).

«6-әкімшілік ауылда кімде-кім колхозға кірмеген адам жолықса, өзін жерден пайдалану құқығын жойып, малын **конфеске** кылып және **сотқа** беріліп, жер аударылсын», - дейді.

... Елге өсек таратуға табылмайтын қаруға қолы жетеді. **Батырақ**, кедей, орташаны ал, ұжымың осындай, ұжымға да кірер ме екенсіңдер?- деп азғырады («Екпінді бұлдіргіш»).

Мұндағы: Оязнай //уездной (үйез начальнигі)

Гражданның //гражданиннің

Мұжық//мужик

Местнім//местным

Боджеті//бюджет

Конфеске //конфискация

Сот//суд

Батырақ//батрак

Шрет//очередь

Папешител//попечитель

Бесір//писарь

Акладной//накладной сөздері осылай фонетикалық жағынан қазақ тілінің ауызекі сөйлеу стиліне икемделіп, өзгертілген. Бұл да автордың шеберлігі.

Илиястың фельетондарын жазудағы авторға тән тағы бір ерекшелік бар. Қаламгер «Көрген де арманда, көрмеген де арманда» атты фельетонында екі кейіпкердің әңгімесі арқылы сол замандағы орыс тілінің коммуникативтік қызметін (қарым-қатынас), орыс тілін халықтың қалай меңгергендігін олардың сөзінен, диалогынан әжуалап көрсеткен. Бұл тұста сауатты аударма, стильдік тәртіп, сөйлемге тән тілдік белгілердің сақталмағандығын аңғару қиын емес, десе де олар бірін-бірі түсінген. Мысалы:

Ақырында жолыққан орыстан сұрапты. Әрине, орысшалап: - **Әй, тамыр скажи нам, сколько версть от ведры до двери?**- деп «асыра сілтеңкіреп жіберіпті.

Кейіпкердің орыстан сұрайын деген сұрағының мазмұны: «Шелек» пен «Есік» поселкенің арасы неше шақырым? екендігін білу болатын. Бірақ сауалдың мазмұнын тікелей аударсақ: *Әй, тамыр айтшы шелектен есікке дейін неше шақырым?* (Дұрыс нұсқасы: *Әй, тамыр, сколько верст от Шелека до Исыка?*). Бұл сөйлемдегі шелек, есік поселке атауы емес, заттың атауы мағынасында аударылған. Мәтіндегі аударма мұнымен шектелмейді. Осындай сарында екі кейіпкердің әңгімесі былай өрбиді: ...*Перевод қылған тілмаш орыс екен-ау деген қорытындыға ұйғарылып едім, ол да қорымады:*

1. *Ақа, мұнда бір азаматша қай станцияға барарын білмей қысылып отыр. (Папаша, здесь одна гражданка затрудняется ехать на какую станцию).*

*Дұрыс аударма нұсқасы: Ақа, тут одна гражданка не знает, на какую станцию ей ехать.*

2. *Осындай адреспен моссельпромға кіріп кетерсің!*

(*Стаким адресом зайдете в мосселпром!*).

*Дұрыс аударма нұсқасы: По этому адресу зайдешь/найдешь в моссельпром.*

3. *Олардың қоғамдық тамыры Тоня.*

(*- Их общественный друг Тоня.*)

*Дұрыс аударма нұсқасы: Это товарищ Тоня.*

4. *Менікі де солай жоғалды. Өзім де аlementке тұрам.*

(*- Тот тоже исчез. Я сама существую на алименты.*)

*Дұрыс аударма нұсқасы: Мой тоже исчез. Живу на алименты.*

5. *Изде, изде тағы өсекші жоқ па екен.*

(*- Ищи, ищи, нет ли еще чего развратного.*)

*Дұрыс аударма нұсқасы: Ищи, ищи, есть ли еще сплетники* - деп әңгіме жалғаса береді. Сөйлем не туралы, айтушы не айтқысы келді? деген сауалға жауап беріп көрейік. Ол үшін айтылған әр сөйлемнің мазмұны мен дұрыс құрастырылуына және аудармасына көңіл аудару қажет. Автордың нұсқасына зер сала қарасақ, сатира стиліне негіздеп кейіпкерді сөйлетуде, біріншіден, аударма сөзбе сөз аударылған, екіншіден болжалды мәнде аударылған, үшіншіден семантикасы назардан тыс қалғандығын аңғару қиын емес.

«Хан адвокат» фельетонында:

– Что, ты с ума сошел? «Хан адвокат» деген бола ма? Бірінші – хан орта ғасырдың омыртқасын мүжіген, феодал. То есть, элемент консервативный. Екінші – адвокат интеллигент. 20 сыншы ғасырдың қара көзі, то есть, элемент прогрессивный. Осы екеуі қалай бір кісінің басында болады? Совсем невозможно! – деді бір оқушы.

– Ой, товарищ, өзің с ума сошел. Қазақтың басына бәрі де сыя береді. Шәгіңе шаһитым бар. Сомненияңа фактім бар. Орыстар айтқандай «факт» сөйлемейді, ұрады; тыңда:

– Бұл – юрист. Присяжный поверенный адвокат. Бүгінде қорғаушы. Бұл, «Алаш» кіндігінің ағасы, батыс орданың төбесі. Байшыл, ұлтшыл; жәдитше айтсақ – таракқишыл.

– Ендеше, элемент «прогрессивный».

– Бұл орданы молдамен толтырған. «Алашорда» жиылысын, ақметше, қазіретке аят оқытып ашқан. Неке, талақ, әйел мәселесі сияқты суд шешетін жұмыстарды шарифат үкіміне, қазы үкіміне берген. Молдаларша айтсақ – құдайшыл, құраншыл.

Келтірілген үзіндіден аңғарғанымыз, Илияс орыс сөздерін емін-еркін, сауатты қолданып, кейіпкер бейнесін беру мақсатында русизмдерді таңдап, талғап алып пайдаланған сияқты.

*Илияс сатирасындағы антропонимдер мен кейіпкер портретінің берілуі.*

Сатира (лат. *Satira*) - өзі суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі.

Кез-келген жазушы болсын, сатирик болсын өз шығармасын жазу барысында ономастикалық кеңістікті нақтылап алады. Бұл дегеніміз шығарма қай аймаққа қатысты жазылды (жер-су аттары, қала аттары), ондағы кейіпкерлер есімін қалай таңдап алуға болады (антропонимдер), қандай ру аттары туралы сөз

қозғалды деген сияқты жайттарды нақтылап алады. Осы тұста Ілияс өз сатирасында қандай кейіпкер есімдерін таңдап алды, қандай ерекшеліктерін назарға алды деген сауалға жауап іздеп көрейік.

«Сатира, юмор әрі көңілді, жеңіл, әрі зілді, қуаныш-ренішке бейім өнер болғандықтан, оның кейіпкерлері де шетінен әзілқой, сықақшыл, қалжыңқой, мысқылшыл болып келеді, яғни олардың аты-жөнінде эстетикалық, эмоциялық т.б. информация болады [28]» - деген Н.Уәлиевтің пікірмен толықтай келісуге болады.

Ілияс Жансүгіровтің жазған сатиралық туындыларында шамамен 55-ке жуық кісі аттары, 15-тей лақап есімдер, 10-ға жуық ру аттары, 45-тей жер-су аттарын, 30-ға жуық адам аты мен тегі бірге берілген.

Сатираға тән нәрсе автордың лақап аттарды жиі беруі. Бұл жөнінде зерттеуші Ф.Әшімханова: «Қазақ дәстүрінде адамның жалқы есімнен басқа да толып жатқан (жанама, бүркеме лақап, балама т. б.) қосымша аттары болады. Қосымша аттар адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастардың ыңғайына қарай өзгеріп, әр алуан морфологиялық тұлғалармен түрленіп, сұхбаттасушы субъектілердің бір-біріне деген ізет-құрметін, көңіл-күйін, ішкі сезімін, дәстүрлі әдептілік пен жол-жоралғыны таныту үшін, жан дүниесін паш ету мақсатында жұмсалады» [29]- деген тұжырымды ой айтады.

Расымен де, қазақ, орыс т.б. халықтарында да лақап ат қою адамның бет-пішіне, мінез-құлқына, істейтін кәсібіне немесе бір ерекшелігіне байланысты қойылады. Кейбір тура тауып қойылған есімдер, сол адамға өмір бойы қосалқы ат болып қалады. Кісі аттарымен бірге лақап аттардың болатыны рас. Сонымен бірге «лақап аттардың» о бастан-ақ, нағыз кісі аты емес, сол кісі атының орнына ғана қолданылатын сөз екенін байқауға болады. Кісі аты мағынасына қарай адамның өзіне тән, үйреншікті келеді. Лақап аттар, әдетте, кісінің өз аты сияқты болып көрінеді. Олар адамның физиономиялық және психологиялық ерекшеліктеріне байланысты қойылады.

Ілияс Жансүгіров фельетондары мен сын-сықақ өлеңдерінде төмендегідей лақап есімдер бар: *Сары сақал, Қожанасыр, Сұрпақбай сұғанақ, Селпеңбай, Тышқақ, Жаман ауыз, Жыланкөз, Бұқа мойын, Бұзау тамақ, Тоня, Настасия, Тоқабас, Жөкең, Тоқан, Мұса молда т.б.*

Ақын фельетондарында сатиралық образ жасаудың әрқилы жолдарын игергендігін көрсеткен. Қысқа сурет, жеке көріністермен-ақ күлкілі бейнелер жасай алған. Бір ғана Сұрпақпай сұғанақ лақап атының шығуына тоқталайық. Ең алдымен Ілияс: «Сұрпақпай деген үңілше көзді, үңіре қара көзді кісі болды. Көңілі түскенде, әсіресе, қара шайға қанып алса, қара шақшадан атып алса, есе сөйлеп, желдей жүйткітер еді, құйындай ұйтқытар еді» (332 бет) деп алдымен кейіпкерінің портретін беріп алады. Содан кейін кейіпкердің өзін сөйлетіп, лақап атының берілу себебін түсіндіртеді: - *Сұрпақтап алғаным еді деппін. Көпшілік бетіме түкірді. Сонан бері «Сұрпақпай сұғанақ атандым» да кеттім. Әйтпесе, атым «Сыдық» еді, руым – төре еді... деп өзінің қалайша Сұрпақпай сұғанақ» атанғандығын айтқаны есіме түсіп отыр.*

Асылы, тілімізде сұғанақ сөзінің семантикасы жағымсыз мәнді білдіреді: 1) жымысқы, ұры, тіміскі. 2) ауыспалы мағынада: ашқарақ, обыр, қомағай

[30, 745]. Олай болса, *Сұрпақнай* есімі – жағымсыз мәнді білдіреді. *Сұрпақбай* дегенде бірден ашкөз, тамақсау, сұғанақ кейпікерді елестетуге болады.

Тағы бір ескерер жайт, қазақ тілінің сөздік құрамындағы ғажайып сырлы атаулардың бір саласы фольклор кейіпкерлерінің есімі. Халықтың ауыз әдебиетіндегі ертегі, аңыз, өлең, жыр үлгісінде көптеген кейіпкерлердің есімі беріледі. Ілияс сатирасындағы осындай есімдердің бірі – Қожанасыр. Бұл есім кейіпкерлердің мінез-құлықтарын, образдарын көрсету мақсатында беріледі. Мысалы: *Қожанасыр* десек, осы есім ел аузындағы аңыздағыдай аңқау, ақкөңіл деген образды танытады. Сонымен аңқау, сенгіш адамдарды кейде *Қожанасыр* деп те атайды. Автор фельетонында Қожанасырға: «*Садақасы кеткір Қожанасыр отағасы аңқау дейін десем арамза, арамза дейін десем аңқау. О кісіні біреу әулие дейді, біреу әумин дейді, біреу тәңірдің ерке шолжаң досы дейді, біреу сопы дейді*» (*Ұяның ұясы – Қожаның дорбасы*) -деп мінездеме берген болатын.

Ал енді мына бір контекстке назар аударайық: *Комсомолдар, яғни, бозбалалар шу ете түсті: -Сұрпақбай, Серпеңбай, Тышқақ, Жаманауыз, Жыланкөз... Бұқамойын, Бұзаутамақ. Аттары аталғандардың бәрі де қағазға қозыдай көгенделді (Құқ).*

Қазақ халқында кісі аттарының қойылу заңдылығы туралы шектелген ереже яки меже жоқ. Осындағы автордың кейіпкерлеріне берген *Сұрпақбай, Серпеңбай, Тышқақ, Жаманауыз, Жыланкөз, Бұқамойын, Бұзаутамақ* есімдері де семантикалық жағынан ерекше мән-мағынаға ие, ырымдап қойылған антропонимдер қатарына жатпайды. Керісінше сатира стиліне тән есімдер.

Ілияс Жансүгіров сатирасында қолданған антропонимдерді тақырыптық жағынан былай топтастыруға болады:

1. Орыс ұлтының өкілдеріне қатысты берілген есімдер: *Николай, Пушкин, Шиллер, Толстой;*

2. Бай сөзімен тіркескен есімдер: *Жұмабай, Шиырбай, Мәукебай, Қарысбай, Жанабай, Жайсаңбай, Боранбай, Құттыбай, Балғынбай, Тұлғабай, Ықшылбай, Жарқынбай, Беркінбай, Жақсыбай, Туғанбай, Бұқарбай;*

3. Әйел есімдері: *Балжан, Әлиме, Қатша, Баяу, Алтынай;*

4. Бек сөзімен тіркескен кейіпкер есімдері: *Бексұлтан, Оразбек, Бегімбет, Әуелбек, Бейсенбек;*

5. Діни ұғымға, ескі сенімге байланысты кейіпкер есімдері: *Зікір, Иса, Жапар, Ұлжалғас (ұлды болсам деген сенім негізінде қойылатын есім), Молжан (молшылықта өмір сүрейік деген сенімнің негізінде қойылған).*

Енді осы тұста автор кейіпкерлеріне қалай мінездеме берген, қалай суреттеген, портреттерін қалай жасаған деген сауал туындайды. Фельетонда сыналып отырған адам образын жасаудың да әр қилы жолы, әдісі бар. Ол да шеберлікті, мәдениеттілікті қажет етеді. Фельетонда қуды ку, сұмды сұм деп тілдей бергеннен оның образы жасалмайды. Бұл құр байбалам болады. Ең алдымен, фельетон кейіпкерлерінің образы олардың іс-әрекет, жүріс-тұрысын баяндау арқылы жасалады.

Сатира (мысал, мысқыл, өлең, памфлет, сықақ әңгіме, повесть, романдар, фельетон) мен юмор (пародия, шарж, эпиграмма, юмореска) жанрында ұшырасатын кейіпкер табиғаты, әдетте өзінің образдылығы, мәнерлілігі және

ылғи ауыс мағынада қолданылатындығымен ерекшеленеді. Өйткені “*сатира, юмор* – әрі көңілді, жеңіл, әрі зілді, қуаныш, ренішке бейім өнер” болғандықтан” [31, 16], оның әрбір кейіпкерлерінде «эстетикалық, эмоциялық т.б. информация болады». Сол себепті, оның кейіпкерлері де шетінен қалжыңқой, мысқылшыл, қағытпа болып келеді.

Сатиралық образ жасауда кейіпкерлердің портретін, түр-түсін, жүріс-тұрысын, дене-мүсінін, қажет болғанда, киімдері мен әдет-дағдысын берудің аса мәні зор. Портрет фельетонда келісті, дәл, тақырып пен идеяға сай болуы тиісті. Қатты ескертетін бір жайт – кейіпкердің портретін беруде олардың жаратылыс кемшілігін (соқырлығын, пұшықтығын, ақсақтығын т.б.) бетіне басуға болмайды. Фельетонда кейіпкерлер образын олардың сөйлеген сөзімен, айтқан пікірімен де жасауға болады. Кей кездері бұл үшін оларға диалог немесе монолог беріледі.

Ілияс сатирасында қолданылған бірін-бірі қайталамайтын, бір-біріне ұқсай бермейтін әрбір портрет кейіпкердің сыртқы пішінін, бет ажарын жан-жақты, тәптіштеп суреттеумен қоса, нақты детальдар, көркем штрихтар арқылы оның басқа қырларын да – мінез-құлқын, адамдық сипатын, көңіл-күйін, ішкі жан дүниесін ашып бере алады. Әр кейіпкердің өзіндік ерекше белгілері мен айрықша қасиет, әдеттері шеберлікпен ашылып, кейіпкер бейнесін оқырманға мейлінше түсінікті етіп бейнелейді. Сондықтан, автордың кейіпкер бейнесін берудегі ең негізгі әдістердің бірі – портрет деп айта аламыз. Мысалы: «Хан адвокат» фельетонында бір ғана кейіпкердің портретін бірнеше мазмұнда береді. Бірінші, Ырайдың портретін оқиғаның басында қысқаша сипаттайды: *Ырай біздің елдің адамы. Жарлауыт қабақ, жауырынды, еңгезердей, қара кісі еді. Ырай өзін, өзінше, «осал» санамайды. «Досан» деген ауылдың «адамы өзім» дейді. Бұл Ырайдың өзі туралы асыра сілтеген пікірі, өзін тым жоғары бағалайтын адам кейпін танытады. Алайда туындыны ары қарай оқысаңыз Ырай туралы өзгелердің берген мінездемесін көре аламыз: Бірақ, Досан біткен Ырайды елемейді; «адамымыз» деп ақыл салмайды. Ол елдің бес жасар баласы да Ырайдың тілін алмайды... (359 бет)* деп оқиға ары қарай өз жалғасын табады.

Екінші, келесі бір бөлімінде сатирик Ырайдың портретін оның киім кию үлгісіне қарай сипаттап бергісі келеді, бұл да Ілиястың ерекше стилі деп танымыз: *Сол Ырай қыс ішінде Қызылордаға келіп қайтты. Өзгерген. Өзге түске түскен. Иісі күлімсіген кемболат тысты, битті күпі үстінде жоқ, тышқан жағалы пальто; албыр-салбыр кісе жоқ, сыпыра қадаған сыдырғы екі қатар түймелі омырау; қара лақтың терісінен жабасалды тымақ жоқ, жібекше белдеулі, америка фасонды сұрша қалпақ; енем үйінің іркіт сабасындай шалбар жоқ, сып борбай брюка; қонышы құшақ, сасық табанды саптама жоқ, күрең сары итиблет, галош; иесіз қыстаудай аңырайған алқам-салқам омырау жоқ, крахмал жаға, жібек галстук; бурыл жылқының құйрығындай ақтылы-қара сақал, мұрттан қылтанақ жоқ, кемпір ауыз, көк тұтқыл иек; Ырай әбден түлеген. Өлі жүні түскен. Өзгерген (360 бет).* Бұл о дүниеге кетем деп дайындалған Ырайдың уақыт өте келе өзгерген кейпі.

Үшіншіден, Ілияс Жансүгіров оқиғаны баяндау барысында Ырайды біресе қызық кісі, «чудак» кісі деп те сипаттай береді.

Төртіншіден, сатиралық туындыларында қажы-молдаларды да сынап-мінеп, олардың бейнесін керемет суреттеген. Мәселен, солардың біріне былай портрет жасайды: *«Бір мезгілде басында шалма, үстінде ала шапан, қолында тәспі, шар кітап, бір қолында бір құмған арақ, қызылбастың сопысы Сағди шайхы шықты»* (Газет емес, концерт).

Бір қарағанда молдаға қажетті барлық заттарды иеленген. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде (ары қарай қысқартылған ҚТТС) *тәспі* – діни адамның Құдайға сиыну кезінде қолына ұстап санап, тартып отыратын моншақ тізбектері (ҚТТС.787 б.);

*шар кітап* – үлкен кітап мағынасында;

*құмған//құман* – қолға су құюға арналып, мыстан не шойыннан істелген шүмегі мен тұтқасы бар шәугім (ҚТТС.540 б.);

*сопы* – дін жолына түскен Құдайшыл адам, тақуа (ҚТТС.737б.);

*шайхы* – белгілі бір діни топтың басшыларының бірі, дінді уағыздаушы (ҚТТС.895б.);

Осындай дін өкілінің құмған толы арақ алып шығуы өрескел қылық. Ол аздай шайхының айтқан сөзіне назар салсақ:

Қай уақытта ащы суға жануарлар

Келгенін су ішкелі көрген кім бар?

Сусынды қандыратын тәтті суға,

Көресің жиналғанын барлық жандар, - деді.

Қостанай мырқымбайлары құжың қағып:

- Әй, сопы, иманың күйсін! – деді.

- Арағынды басыңа құй! – деді.

Халық ду түрегелді. Сағди салбырап сахнада қалды.

Міне, Илияс осылай дін өкілі саналатын молданың халық алдындағы қылығын әжуа етіп сынайды.

Негізінен адамның сырт болмысы, киім киісі, жүріс-тұрысы өзгергенімен оның мінез-құлқын өзгерту мүмкін еместігі жиі айтылады. Осы қағиданы ұстанған болса керек автор: *Тіпті өзгермегені – мінезі. Ұрман-бермен ормалығы. Арсы-күрсі ала құйындығы.....Тіпті өзгермегені – шолақ атқамінерлігі, өтірік қамқорлығы* (361 бет.) деп «ауру қалса да, әдет қалмайтындығын» сарказммен әжуалап айтады. Бұл да сатириктің шеберлігі.

«Илияс сықақтарынан теңеудің тамаша үлгілері кездеседі. Ол сол теңеулердің өзін де халық өміріндегі, халық тіршілігіндегі көріністерден алып отырған. Мысалы, ол сөйлеп тұрған көк-мылжынды суреттеп отырып, «құмыра құмғаннан суды сортаңға оттаған түйеше бір жұтты» деп өткір теңеумен бір түйреп кетеді. Шолақ белсенділердің арқалап жүрген жуан-жуан портфельдерін буаз биеге, мешанка келіншектердің мойнындағы моншағын көгеннің бұршағына, кейбір «шешендердің» жаттанды сөздерін намаздың алқамына теңейді. Алматы моншаларының бірінде кезекте сарылып тұрғанын баяндап отырып, «арық қойдай тырысып, баз біреумен ұрысып, баз біреумен жұлысып тұрмыз. Сіркеміз су көтермейді, жуықтап кеткен адамдарға бақырауық түйедей баж ете қаламыз», - деп жазады. Мұнда да көріністі көз алдымызға дәл елестетер халық қазынасынан, халық ауыз әдебиетінің әсерінен туған орынды теңеулер бар» [32, 236].

Илияс сықақтарында кейіпкерлерінің тек портретін ғана беріп қоймай, оларға ерекше теңеу де табады. Мәселен: *«Зилберман сықылды бастығың болса; бастығың бассыз болса; қасқырдай қара жүрек, жыландай зәрлі болса; сен қойдан жуас, қояннан қорқақ болсаң, қайтер едің»* (Мені арқала, бақа қуала) – деп, *қасқырдай қара жүрек, жыландай зәрлі* болған катал бастық кейіпкеріне қарсы *қойдан жуас, қояннан қорқақ* момын бейнені көрсеткісі келген. Осы Зилберманның сатирик бірде ақылға қонымсыз, аса жағымды емес мінезін *есекше бақыру, бураша аунады* деген тұрақты теңеулер арқылы да сипаттап өткен.

«Кімді-кім?» фельетонында бай-жуандарды битке балайды. Сөйтеді де мынадай теңеумен суреттейді: *Ал, осы биттер кімдер десеңіз, оны еңбекшілер біледі: ауылдағы байлап, ел үстінен күн көріп келген кебеже қарын, кең құрсақ, көк бөрте жуандар.*

«Жалаңаш жиылыс» атты фельетонында Алматы моншасының ат қорадан жаман екенін салыстырумен айта келе, ондағы адамдарды: *«Тықыр қара, ашаң, ақ құба, бұрыл шаш; бота тірсек, бос мойын, тақыр төбе, шоқша сақал, шойтық ақсақ, салпы қарын, ақшаптар қисық сары, жүнді қаралардың бәрі де жабырласып шылапшын алғалы тұр»* - деп ерекше теңеулермен айтып өтеді.

Сатириктің туындыларын оқып отырсаңыз, оқырман назар аударатын тағы бір ерекшелік бар. Оқиға ыңғайына орай бірер абзацтарда айтылатын алғашқы сөйлемнің соңғы сөзі келесі сөйлемнің бастапқы сөзі ретінде қайталанып айтылу жиі ұшырасады: *Бюрократ бүйі болмасын, ендеше ауру. Ауру болғанда жұқпалы. Жұқпалы болғанда – мандам. Мандам болғанда – ашса арылмайтын, қазса аршылмайтын түкпір-түкпірдің бәріне ұялап, жұмыртқалап жатқан бір дерт* (Төрешілдіктің түрлері, 354 б.).

Немесе: *Айтылғандар сықылды адырдағы ажалды киік тез көзге түседі. Көзге түскен соң сөзге түседі. Сөзге түскен соң тезге түседі. Тезге түскен соң, не түзеледі, не жардан жапалақтай ұшады* (Төрешілдіктің түрлері, 357б.).

Осы «Төрешілдіктің түрлері» сатиралық әңгімесі бір уақытта, бір мезетте жазыла салмаған. Жазушыны талайдан бері толғандырып, жазбасына амалы қалмағаны әңгіменің басталуы, дамуы, шарықтап шешілуінен айқын аңғарылады. Ондағы өмір фактілері табиғи, еш бояусыз дәл көрсетілген. Ол үшін сансыз көп бюрократтардың түрлеріне психологиялық, әлеуметтік талдау жасап, өзінің ерекше сүйіп, көбірек жазатын тақырыбын таңдап алып оқырманына жол тартады.

Мұнымен қатар сатирик бюрократтарды тілін батыра келемеждеп, оларды ұнатпайтындығын да білдіріп тұрғандай. Оларды ерекше теңеулер арқылы сипаттап беруге тырысады, онысы өте сәтті шыққан. Бюрократ туралы көптеген түйінді ой айтылады. Илияс «бюрократшылдық – бүйішілдіктің ағайын-тағайыны» дейді. Сөйтіп, бюрократ туралы көптеген варианттағы сипаттамалар береді. Бұларды ғалым Т.Бейісқұлов та санамалап, таратып айтып берген болатын:

*Бірінші.* “Бюрократ бүйі болмасын, ендеше ауру. Ауру болғанда жұқпалы. Жұқпалы болғанда – мандам. Мандам болғанда – ашса арылмайтын, қазса аршылмайтын түкпір-түкпірдің бәріне ұялап, жұмыртқалап жатқан бір дерт. Мұның түп атасы – кешегі құлаған қу өкімет. Соның қалдырған мұрасы. Соның

еккен шешегі. Ұясы біздің тұрмысымыз. Бұдан құлан-таза болып арылғанымызша әлі алыс. Арылғанша күресіміз күрес! Бірақ, күресу үшін алдымен оның не екенін білу керек қой”, – дейді.

*Екіншіден* төрешіл бюрократтардың түр-түсін айқындап береді. – “Айтсам, бюрократың жастау болса, бұйра шашы болады, кәрілеу болса, қасқа басы болады, алтын тісі болады. Желіндеген жирен биедей буаз портфелі болады. Тықылдаған таяғы, сықырлаған аяғы болады. Ернін жиектеген ерке қатыны болады. Ол ерке әйелді базармен екі ортаға дамылсыз таситын мекеменің аты болады. Күндіз-түні квартирасына корзинкамен бетін жауып бутылка таситын кучері болады. Бұған не айтарсыз?” – дейді.

*Үшіншіден.* Ол да жеткіліксіз екен, бюрократты ашпайтынын сезіп, ары қарай түстейді. “Үлкен кабинеті болады. Ішінің бәрі іліп тасталған көсемдердің суреті болады. Бір жерінде өз суреті де ілулі тұрады. Қызылды-жасылды шұғамен шырмап тастаған қаракүрең үстелі болады. Есігінің сыртына “докладсыз кірме” деп жаздырып қояды. Өзінен-өзі бөртіп, кеудесін көтеріп отырады. Анда-санда әрең илігіп қол астындағы жампаң-жорға қызметкерлердің қағазына қабағын түйіп қол қояды.

Енді қандайы бар деп отырғанда, тағы бірін, *төртінші* түрін суреттеп жібереді: “Мекемесінен бір табылмайды. Ылғи орнын сипалайсың да отырасың. Басы жоқ мекеменің өлі сүйегі, құр кеудесі ғана тұрады. Не жақсы, не жаман жауабын ести алмай, неткен адам екендігіне көзің жетпей, күтумен, іздеумен өмірің өтеді”.

Ал *бесінші* түрі мынадай екен: “Мекемеден бір де шықпайды. Әр уақытта өз үстелінен, құтты орнынан табылады. Қарынның құлы болады. Өз жұмысын адамшылық, жұртшылық міндетім деп ұғынбайды. Мекемені сауын сиыр, өзін жетім бұзау деп біледі. Отырған орнын – тиын өнетін, күн көретін ауқат, жан асырайтын жер деп түсінеді. Жүріс-тұрысы, ісі-жұмысы осы қалыпта болады. Тек, түйдектеп қағаз жазып, ерте келіп, кеш қайтып жүре береді. Сол күйлі бір қалыпты сұр өмірі өте береді. Кете береді. Мекеменің жағдайына әбден қалыптасып алады. Көзге көрінетін бір жұмыс болмайды. Мұны не дейсің?!” [33].

Байқағанымыз, Илияс Жансүгіров фельетондарында кейіпкерлері алуан түрлі мінезді, олардың бірі өлімнен қорықса, бірі аузы көпірген ақылгөй, бірі шала сауатты ауыл қазағы болса, бірі қу басының қамын ойлаған молда кейпінде суреттеледі.

*Сатира тілінде кездесетін культтік және діни сөздердің семантикасы.* Қазақ тіл білімінің қалыптасу даму тарихында ХХІ ғасырға дейін құнды лингвистикалық еңбектер жазылды. Осы ретте лингвистиканың ғылымның бір саласы ретіндегі дамуы бір қалыпқа, арнаға түсті десек қателеспейміз. ХХ ғасырдың 2-жартысынан бастап тілші мамандар үшін көркем мәтін тілін зерттеп, теориялық тұжырым жасау, автордың стилін тану, сөз қолдану шеберлігін талдау өзекті тақырыптарға айналды. Күні бүгінге дейін көркем мәтінді лингвистикалық талдау, көркем мәтінге тән терминдердің тілдік табиғаты мен қатар жеке автордың шығармаларындағы діни стиль туралы көп талдана бермейтін тың мәселе екенін атап айтуға болады. Қазақ әдеби тілінің дамуына талдау жасау барысында діни лексика мен діни стиль ұғымдардың жыраулар поэзиясынан

көрініс тауып, Абай мен Шәкәрім туындыларында да молынан ұшырасқандығы туралы лингвист ғалымдардың еңбектерінен мағлұмат ала аламыз. Мәселен: «Шәкәрім поэзиясының сүйегін негізінен сопылық сарындағы өлендері құрағандықтан, діни сөздерді жиі әрі орынды пайдаланған» - деп, профессор Б.Момынова айтып өткен болатын [34].

Ілияс ақын өмір сүрген заманда ислам дінін дәріптеу идеологиясы болмағаны баршаға аян. Десек де, сол заманда молдалардың болғанын білеміз. XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби тілдің дамуына үлес қосқан Абай поэзиясында дін, дін өкілдері айтылғаны рас. Бірақ, Абай заманындағы молда деген мұсылманша сауат ашатын, араб әліпбиін үйрететін ұстаз ретінде танылған. Ал сөздіктерде **молда** – дінді уағыздайтын адам. **Имам** – (араб тіл. «әмма» етістігінен шыққан – «алдында тұру», «жетекшілік ету») – құлшылық еткенде алда тұратын рухани басшы, ұстаз және мұсылман қауымының жетекшісі. Исламда мешітті басқаратын және діни рәсімдерді атқаратын діни тұлға деп түсінік берілген.

Ілияс жырлаған заманда дін дәріптелмесе де, ислам діні туралы насихат айтылмаса да ақын қаламынан туындаған сын-сықақ өлеңдерінде осындай діндар молданын қылығын әжуа ету бар. І. Жансүгіров сатирасында *молда, молдеке, Мұса молда, молда әзәзіл, Ғаппар молда* нұсқаларында айтылады. Сондай-ақ, осы сықақ өлеңдердің әр шумағында, әр жолында семантикасы мен этимологиясына талдау жасап, ашып-айқындап беретін культтік сөздердің бар екендігін білдік.

Діни сөз, діни стиль ұғымдарымен қатар культтік сөз, культтік фразеологизм деген тіркестерді бірге қарастыруға болады. Негізінен «культ» латынның «cultus» - «күту», «сыйлау», «құрметтеу» деген сөзінен алынған. «Культ» ұғымы көбінесе діни ұғымдарға байланысты пайда болған. Ол діни ұғым-нанымдардың пайда болуынан, адам баласы ақыл-ойының біршама қалыптасып, айнала дүниеге ой жүгіртіп түсінуге талаптана бастаған кезінен бастап орныға бастады.

Ал атеистік сөздікте «культ» дегеніміз жаратылыстан тыс күшке байланысты діни әрекеттер жиынтығы» делінген. Онда діни табынушылықтың екі түрі жөнінде айрықша айтылады: магиялық және мейірімденушілік [35, 144].

Тілімізде: Құдай, Алла, тәңірі, жаратушы, жаратқан, жасаған, жасаған ием, ие, жаппар, құдірет, хақ, әулие, пайғамбар, аруақ, періште, жын, пері, сайтан, албасты, дию, ыбылыс т.б. культке байланысты пайда болған сөз тіркестері де және оларға тірек болып тұрған діни сөздер көп.

Ілияс Жансүгіровтің «Некешілдер», «Шошқа», «Өлген молданың өсиеті» сықақ өлеңдерінде сол замандағы молданың түсіндегі дүние салған уақыттағы әрекеттері немесе әменгерлік салтына қатысты молданың жасаған әрекеті туралы әжуа-қалжың, өткір сатира тілімен жазылған. Аталған өлеңдерде мән-мағынасын ашып, түсіндіруді қажет ететін діни лексика элементтері кездеседі.

Бірінші, діннің әдет-ғұрыптық жағын сипаттайтын және онда қолданылатын құрал атауларын білдіретін мынадай культтік тіркестер бар: құрбан шалу, дұға оқу, тұмар жазу (жапсыру), рауаят айту, тасбиық қайыру т.б.

**Құрбанға шалған қошқарлар,**

Қуып жүр молда, қожаны.

(Өлген молданың өсиеті)

Қырып жеп, түсте бір қой, кеште бір қой,  
Күніне екі малдан **құрман шалад.**

(Бейсенбек болыс)

**Құрбан шалу** тұрақты тіркесі *аруақты атап мал сойды* деген мәнде түсіндіріледі. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық болмыспен байланысына қатысты зерттеу жүргізген Ә.Хазимова мынадай ойын білдіреді: «Тіліміздегі тұрақты тіркестердің мазмұны мен қалыптасуы, шығу төркініне назар аударсақ халықымыздың наным-сенімінің бір көрінісін аңғаруға болады. Мысалы, қазақ тілінде **қанын судай ағызу** тұрақты тіркесі бар. Мағынасы – *қырып-жою, қырғынға ұшырату, өлтіру.*

**Қаның судай ақты,**

*Сүйегің таудай жатты.*

*Бек ұлдарың құл болды,*

*Пәк қыздарың күң болды (Күлтегін жырынан).*

Жалпы бұл тіркес қанның сұйықтығы жағынан суға ұқсастығынан тууы да мүмкін. Осы фразеологизмнің шығу тегін наным-сеніммен де байланыстырып қарауға болады. Яғни, халық салтындағы жауын шақыру ғұрпының түрі – тасаттықпен байланысты. Тасаттық жасап, құрбандық шалғанда малды бауыздап, қолма-қол қаны суға ағызылған. Ол – су тәңірісіне жасалған ірі ілтипат белгісі. Сондай-ақ тілімізде **құрбан шалу** діни фразеологизмі бар. Бұл тұрақты тіркес *аруақты атап мал сойды* деген мәнде түсіндіріледі.

**Құрбан шалу** діни фразеологизмі алдыңғы (қанын судай ағызу) фразеологизімімен ұштасып жатқандай. Бұл да халықтың нанымынан туындаған тұрақты тіркес. Себебі, халқымыздың түсінігі бойынша қайтыс болған адамның Аруағы разы болу үшін Құрбан айт мейрамында құрбан шалу дәстүрге айналған. Бұл қазіргі күнге дейін өз жалғасын тапты» [36,12].

**Ертең айт, тасбық қайырды.**

Таң атты, молда жатты.

(Өлген молданың өсиеті)

**Таспыық:** Діни адамның Құдайға сиыну кезінде қолына ұстап санап, тартып отыратын моншақ тізбектері (ҚТТС,787). Ақын қолданған *тасбық қайыру* тіркесі діни сауаты бар молданың тасбық моншақтарын санауы, сиынуы мәнінде айтылса керек.

*Ұйқыға кетті түсі екен,*

**Қияметқайым** боп қапты.

(Қонақтар мен қожайын)

**Таңда мақшар күнінде**

*Шығарған ернің отқа күйеді.*

(Некешілдер)

*Шаруада жатыр.*

**Дәулерге заманақыр,**

*Үрит, үрит, үрит!*

(Саясат қошқарлары)

Екінші, уақыт мен мезгілге қатысты *қиямет-қайым, мақшар күні, ақыр заман* сияқты діни тіркестерді Ілияс сатирасында жиі кездестіреміз. Семантикасына зер салатын болсақ:

**Қиямет-қайым:**

Мағынасы: 1) діни сенім бойынша, жер бетіндегі тіршіліктің күл-талқан болып күйреуі, құруы.

2) ауыспалы мағынада: басқа түскен қиыншылық, ауыртпашылық, азап. **Мақшар күні** діни тіркесіндегі *махшар (қияметке барлық кісі жиналатын жай)*. *Ал мақшар күні – өлген кісіден жауап алатын күн.*

**Заманақыр//ақыр заман:** қиямет-қайым, жарық дүниенің соңы (ҚТТС, 35).

Ілиястың сықақ өлеңдері мен фельетондарында қазіргі кезде мағынасы түсініксіз діни тіркестер ұшырасады:

Рауаят: ақыл, жөн, жоба (ҚТТС, 687). Рауаят айту: шарифат орайынан ұзақ-ұзақ рауаяттар айту [37,331].

Ешкімге **рауаят айтар** хәл жоқ,  
Жөніме енді тыныш өлсем деймін.

(Шошқа)

Ілияс туындыларында тақырыптары тек тікелей дінге қатысты, дінді кеңінен уағыздауды мақсат еткен шығарма болмаса да, автордың кейбір мұраларында заман ағымына орай оқиғаларды суреттеуде діни лексиканы толықтыратын сөздер қатарының кездесетінін байқадық.

Үшіншіден, *дінге байланысты негізгі ұғым атаулары (дінді уағыздаушы, халыққа жеткізушілердің аттары) жиі қолданыс тапқан*. Аталған топқа: *дін, Құран, діншіл, Інжіл, иман, иманды, имандылық, молда, Алла, Құдай, Жар, ие, пайғамбар, әулие, сопы, мұсылман, т.б.* сөздерін жатқызамыз.

**Құдай** – бүкіл ғаламды жаратушы, оны билеп төстеуші, табиғаттан тыс бір ғана құдіретті күш ретінде бейнелейді. Құдай сөзі парсы тілінен енген «ходан» (бог, господь) дегенді білдіреді [38,42]. Өткен ғасырдағы тіл зеттеуші ғалымдардың бірі «құдай» сөзін екі сөзден біріккен: «худ - өзі, ай - келіп, кетуімізді өзі көруші» деген тұжырым жасайды. **Құдай** сөзі Ілияс сатирасында тура мағынасында, яғни бүкіл жаратылыстың Иесі мәнін білдіреді:

Қасапшыдай **Құдай** тұр,  
Таразының басында.

(Қонақтар мен қожайын)

**О, Құдай-ау**, біз не қылдық, жасаған!

Жалшы кетіп, үңірейді босағам.

(Бай, бәйбіше)

**Сығыр құдай!** Сиыр қуды оқыра.

Жылқы кетті бөгелектеп шоқыра.

(Бай бәйбіше)

Құдай сөзінің синонимдері – Алла, тәңірі, жаратқан, жаратушы, жасаған ие, ие. Бұл сөздердің айтылуы басқа болғанымен лексикалық мағыналары бірдей.

**Алла** – құдай, тәңірі сөздерінің баламасы, мифологиялық түсінік бойынша бүкіл дүниені, адамзатты, жан-жануарды жаратушы ие. Бұл сөз қазақ тіліне ислам дінінің таралуымен байланысты арабтардан ауысқан. Араб тіліне (бог, Аллах) Құдай, Алла дегенді білдіреді [38,48].

Кейде Алла сөзіне «тағала» тұлғасы қосарланып, «Алла тағала» деп те айтылады. «Тағала» да араб тілінен ауысқан, ал мағынасы - «жаратушы құдірет, ұлы мәртебелі» дегенді білдіреді.

Е, шошқам, **алла** жазса көрем білем,  
**Алланың** аманатын берем білем.  
(Шошқа)

Молда:  
Лайлаһа, иллала, **алла,алла,алла...**  
(Шошқа)

**Құран** – Абай тілінде *мұсылман дінін дәріптейтін кітап* деп түсіндірілген. **Құран-кітап** – Аллаһ тағаланың Мұхаммедке(с.а.с) түсірген, Қияметке дейін өзгерусіз сақталатын қасиетті кітап.

**Құранда** сені харам дейтіні рас,  
Басқаның мұсылманнан жейтіні рас....(Шошқа).

Осыған қоса Ілияс дінді уағыздайтын Құран кітабымен қатар бізге мағынасы түсініксіз *мұқтасар* деген діни лексиканы сықақ өлеңдерінде келтіреді:

Молдадай әдеттенген **мұқтасарға**,  
Марксті айт, білмесең де, оқта-санда.  
(Белсенділерге)

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» **мұқтасар**: Құраннан кейінгі шариғат ережелері толық жазылған діни кітап деп айтылған.

Діни лексика тұрғысынан алғанда Ілияста фонетикалық өзгертулерді көп байқауға болады: құрман шалу//құрбан шалу, дозақ//тозақ, ақирет//ақырет, тасбық қайыру//таспыық қайыру//тәспі тарту т.б. Ал бақсылық сарын, наным-сенімге қатысты: *құмалақшы, бақсы, тамыршы, бырадар, қажы, дарымшы деген сөздермен қатар, Аллаға сиынуға қатысты: Астапыралла; Лахаула, уалла қуата; Лайлаһа, иллала; т.б.* дұға ішіндегі тіркестер де айтылады.

Ілиястың сын-сықақ, фельетондарында діни лексика элементтері кездесетіндігін, олар мәтін ішінде көбінесе дара мәнде, дара ұғымда жұмсалады, ал ауыспалы мағыналары жоққа тән және контекстен тыс қолданғанда да мағынасы түсінікті болып берілетіндігін байқадық.

*Фельетон тіліндегі фразеологизмдер мен нақыл сөздер.* Халық тіліндегі фразеологизмдердің кейбір тобында әзіл-сықақ басым болады. Көркем шығармада фразеологизмдер алуан түрлі қызмет атқара отырып, суреттеп отырған жайттарға юморлық нәзік рең беріп отырады.

Фразеологиялық тіркестердің көпшілігі күлкі-ажуа, келеке, әзіл-сықақ, юморлық қасиетке бай. Бірақ ажуа-сықақ, юмор барлық жазушыда бір өрнекте келе бермейді. Ілияс Жансүгіров шығармаларында бұл тілдік амал стильдік арқауын құрып, өрнегін жая алған. Бұл тәсілді күлдіргі жайттарды баяндауға ұтымды құрал етеді. Сатирик туындыларында азды-көпті мынадай

фразеологизмдерді қолданған, олардың барлығы дерлік әдеби тіл қазынасынан алынған:

*Бүйрегі де бүлк етпейді (322 б.);*

*сөзге қонақ беру (326);*

*бөркін аспанға лақтыру(329 б.);*

*өтірікті шындай, асқақты тыңдай қылып соғу (332 б.);*

*қызыл өңеш болу (334 б.);*

*қызыл сирақ болу (339 б.);*

*табанынан тік тұру (341 б.);*

*бір қарыс (347 б.);*

*жігері құм болу (348 б.);*

*екі иінінен дем алу (355б.);*

*мидай араласу (358 б.) т.б.*

Ілияс Жансүгіров фразеологизмдерді біріншіден кейіпкердің психологиялық жай-күйін білдіруде қолданады. Осыған орай фразеологизмдердің біразы түрлі эмоцияны білдіреді:

Таңқалу: *Жайлаубектің көзі алақандай болды ( Жайлаубектің жауыры - аурудың ауыры).*

Қиналу: *Бұрын мұндай ортаны көрмей, қоя берсін өскен басым жаман қысылып, жан терге түстім ( Мен қателескен екем).*

Жылау: *Қатын-баласы мен бір үйлі жан ұлардай шулап жыласады. (Жайлаубектің жауыры - аурудың ауыры).*

Ұрсысу: *Осылай қырқысып, қызыл кеңірдек болып жатқынымызда, ат жақты, ашаң сары кимелей кетті:*

*-Тәртіп сақтаңыз! - деп, оған бажырайыстық (Жалаңаш жиылыс).*

Мұңаю: *Жайлаубек тұра алмайды. Жігері құм болады. ( Жайлаубектің жауыры - аурудың ауыры).*

Айқай салу: *Тек жуықтап кеткен адамға, бақырауық түйедей баж ете қаламыз ( Жалаңаш жиылыс).*

Түңілу: *Күдіреттен күшті документ шыққан соң, бағанағы жібермейміз деп тұрғандардың салы суға кетіп, салбырап тұрысып қалысты (Жалаңаш жиылыс).*

Сатиралық шығармалардың тілдік құрылымында бірден көзге түсетіні – сатириктер халық даналығының түрлі үлгілерін стильдік мақсатта өте жиі қолданады. Бұл орайда тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, шешендік сөз нұсқаларын қаламгер ойын әсерлеу, қорытындылау, жалғастыру, байланыстыру үшін пайдаланады.

Халық өнерінің бір түрі – мақал мен мәтелдің көркемдік қызметі сан алуан. Мақал мен мәтелге халықтың өзі-ақ «Сөздің көркі – мақал» деп анықтама берген. Мақал мен мәтелде қамтылмайтын өмір саласы жоқ. Бұлар – халықтың элеуметтік-тарихы өмір тәжірибесінен түйген даяр қорытынды. Олар – жақсылыққа уағыздайтын өмір өнегесі, жамандықтан жирендіретін батыл сын. Кейіпкер тілінде кездесетін мақал мен мәтел – кейіпкердің образын нақтыландыруға көмектеседі. Ал сатира тілінде мақал-мәтелдер көбінесе ойды қорытындылау мақсатында айтылады. Мәселен, Ілияс Жансүгіровтің «Төрешілдіктің түрлері» деген фельетонында: *Біз мұнда төрешілдікті бір шолып*

өттік. Жалпыладық. ...Әйтседе, төре мінездінің төбесіне шұқшидық. **Қызым саған айтам, келінім, сен тыңда дедік. Енеңді сөккенді емеурінінен таны дедік. Ақымаққа айқай, ақылдыға ишара дедік** (358 б.) – деп ой қорытады.

Фельетон ыңғайына орай, сюжет барысына қатысты халықтың ауыз екі сөйлеуінде жиі айтылатын:

*Ай дер әжем, қой дер қожам жоқ* (333 б.)

*Атасында көрмегенді, ботасында бір көрді* (333 б.).

*Естімеген елде көп, есек мінген молда көп* (334 б.).

*Әкесі өлгенді де естіртеді* (338 б.).

*Балдай батып, судай сің* (358 б.).

*Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала* (326.).

*Соқырдың қолына, саңыраудың астына түспе* (345 б.).

*Ұлық болсаң – кішік бол* (347 б.).

*Жатып қалғанша, атып қал* (325 б.). т.б. сияқты мақал-мәтелдерді жиі кездестіреміз.

*І.Жансүгіров сатирасындағы бейвербалды амалдар.* «Адамдар тек сөйлесу, пікір алмасу арқылы ғана қарым-қатынас жасамайды. Кейде олар белгілі бір шартты келісімдер немесе белгілер арқылы тілсіз-ақ ұғынысады. Бұл да адамдар арасындағы қарым-қатынастың бір түрі. Семиотикалық таңба белгілерден өзгеше адамдардың ыммен түсінісуі және көздің, ауыздың, қабақтың қимыл-қозғалыстары арқылы ұғынысу сияқты көп белгілер бар»

Айтылған тілдік тұжырым ғылыми түрде бейвербалды амалдарға жақын айтылған. Бейвербалды амалдар деп – вербалды амалдарды толықтырып, оларға қосымша мағына үстейтін, коммуникативтік актіні жалғастыруға қызмет ететін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз етуге көмектесетін қарым-қатынастың түрін айтамыз [39,7-8].

Кез келген көркем шығарма мәтінінде бейвербалды амалдар бір сөзбен (ыржию, тыржию, ажыраю т.б.) және фразеологизм (қол қусыру, құрақ ұшу т.б.) арқылы да беріледі.

Қысқаша түсінік беріп өткен осы бейвербалды амалдар сатира тілінде өте ұтымды қолданылатын, кейіпкер қарым-қатынасын айқындап беруге негіз болатын амалдардың бірі десек қателеспеспіз.

Сатирик *І.Жансүгіров* бейвербалды амалдары орынды жерінде қолданып, олар арқылы адамның көркем образын жан-жақты бейнелеп отырған. Ілияс кейіпкерлері бірін-бірі немесе бір нәрсені жақтырмағанда мұрнын тыжырайтады, қабағын шытады//қабағын түйеді:

- *Подними штан – деді де, мұрнын тыжырып, фельдшер теріс айналып кетті* (*Жайлаубектің жауыры – ауырудың ауыры*).

- *Көркиноның вивескесі ала көлеңкеде мені жақтырмай қабағын түйгендей болды* (*Көрген де арманда, көрмеген де арманда*).

*Анда-санда әрең илігіп қол астындағы жампаң жорға қызметкерлердің қағазына қабағын түйіп қол қояды* (*Төрешілдіктің түрлері*).

- *Мұсылман! – деп сәудегер қабағын шытты* (*Құйрықты базар*)

Сатирик *ақыра қоя беру; қабағын жауып, жұдырығын тую; күре тамыры адырайып, екі көзі бажырайып* сияқты бейвербалды амалдардың ашулану

эмоциясының ең жоғарғы сатысы ретінде пайдаланған. Мәселен: *Начальник көзілдірікті асыра қарап, ақыра қоя береді (Жайлаубектің жауыры – ауырудың ауыры).*

... Сонда бастықтарың қабағын жауып, жұдырығын түйіп:

- Кімді кімге берсең, еркім, онда жұмыстарың жоқ! – деп зекіп тастаса; (Мені арқала, бақа қуала).

**Күре тамыры адырайып, екі көзі бажырайып, екі езуінен көбігі ағып, бураша шабынады.** Мұның бар долылығы осы болады ( Төрешілдіктің түрлері).

Ишара – адамның ішкі көңіл-күйінен хабардар ету мақсатында жасалатын, дене мүшелерінің (аяқ, бас, қол, т.б.) әртүрлі қимыл-қозғалысына негізделген мағыналық әрекет екенін ескерсек, Ілияс фельетондарында қимыл, ишараның өзі кейіпкерлердің психологиясын, мінезін, басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасын, олардың сезімдері мен мәдениеттілігінің деңгейін ашып көрсетуге негіз болады. Мысалы:

- Тек кейбір барлық жағдайға жанаса білетін Кузьма сияқты жігерлі, епті адамдардың тырысып ән салғанына **сан шапалақтап**, сауық құрып тұрдық (Жалаңаш жиылыс).

- Қонаңдаған мырқымбайлар **екі қолын ербеңдетіп, біріне-бірі ұрып алды** (Газет емес, концерт).

- Алып ұрам,

Кемелге келіп осы –

Толу деген.

деп сахнаны **теуіп қалғанда тыңдап отырғандар селк ете түсті** (Газет емес, концерт).

Мұнда автор **сан шапалақтау; екі қолын ербеңдетіп, біріне-бірі ұру** бейвербалды амалдарын қолдың қимыл-қозғалысына негізделген әрекет екендігін, ал **теуіп қалу** – аяқтың қатысуымен орындалатын іс-әрекет екендігін сипаттап көрсеткен. Сондай-ақ, *бажыраю, сыбырлау, желкесін қасу, мойнын созу, ду түрегелу, ду күлу, жағасын ұстау, бөркін аспанға лақтыру, қатты күрсіну т.б. сияқты* бейвербалды амалдар мен кинемалар сатириктік қолданысында бар.

Қорыта келе, біріншіден Ілияс Жансүгіров шығармаларында фразеологизмдердің қоры молынан ұшырасады. Автор мағыналас, көп мағыналы, қарсы мәнді фразеологизмдерді ұтымды қолданған және де жалпыхалықтық қолданыстағы фразеологизмдер де қамтыған.

Екіншіден, І.Жансүгіров творчествосынан стилі жағынан сәтті шыққан фельетондарды көп кездестіруге болады. Автор фельетонның әрбір буынына, әрбір бөлігіне бірдей көлем, бірдей көрік беріп жазады. Оқиғаның басталуы, дамуы, шарықтауы, шешілуі жүйелі, жоспарлы келеді. Күлкіні, көркем сөзді, суретті, бояуды фельетонның өнбойында бірдей пайдаланады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы: Санат, 1996.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 711 б.
3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1994.
4. Сыздықова Р. ХҮІІІ-ХІХ ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1984.
5. Давыдов М.К. Антонимия как художественно-выразительное средство в романе М. Шолохова «Поднятая целина» // Учен. зап. Кавказского гос. пед. института. – Хабаровск, 1970. – Т. 29. – С. 151-152.
6. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы, 1984. - 176 б.
7. Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1954. - 256 б.
8. Шалабаев Б. Көркем проза тілі. – Алматы, 1994. - 121 б.
9. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2006.
10. Виноградов В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке // Сборник статей. – Москва, 1947. – Вып. 3. – С. 211-212.
11. Қайдаров А., Жайсақова Р. Принципы классификации фразеологизмов и их классификационные группы в современном казахском языке // Известия АН КазССР. Серия филол. – 1979. – № 3. – С. 8-10.
12. Гепнер Ю.Р. Очерки по общему и русскому языкознанию. – Харьков, 1959. - 371 с.
13. Жуков В.П. К вопросу о многозначности фразеологии // Вопросы фразеологии. – Ташкент: Наука, 1965. – С. 41- 52.
14. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы, 2001. -189 б.
15. Османова А.Ә. Синонимдер етістіктердің семантика-стилистикалық қызметі. – Алматы, 1991.-126 б.
16. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. - 208 б.
17. Хасанова С. Ы. Алтынсарин шығармаларының тілі. – Алматы: 1969. -184 б.
18. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы, 1978.
19. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1976
20. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы, 1973.
21. Квятковский А. Поэтический словарь. – Москва, 1966. -280 с.
22. Тимофеев Л. Основы теорий литературы. – Москва, 1971. -220 с.
23. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы, 2007. - 475 б.
24. Қожакеев Т. Сатира негіздері. – Алматы, 1996. -201 б.
25. Сыдықов Т. Ілияс Жансүгіров және дәстүр жалғастығы. – Алматы, 2011. - 488 б.
26. Иманғазин М. І. Жансүгіров прозасындағы сатира. Әдебиет порталы.
27. Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. - 383 б.
28. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. Алматы, 1984.- 156 б.
29. Әшімханова Ф.М. Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесі. Филол. ғылым. канд. дисс. – Алматы, 2007.-112 б.
30. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. -965 б.

31. Керімбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. – Алматы, 1995. – 248с.
32. Қыяхметова Ш. Дария кеуде, тау мүсін. – Талдықорған, 2015. - 425 б.
33. Бейісқұлов Т. Жан-жақты Жансүгіров. //Егемен Қазақстан. 19 қаңтар, 2010 ж.
34. Момынова Б. Шәкәрім поэзиясының тілі (лексика-функционалды ракурс). – Алматы, 2008. -274 б.
35. Мұханов Қ. Қазақтағы шаманизм, оның эволюциясы және қалдықтары. Филол. ғыл. канд. дис. Алматы, 1970. -198 б.
36. Хазимова Ә. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері: Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2002. – 121 б.
37. Қайыржан К. Сөз - сандық. Қазақтың көне сөздері. – Алматы: Өнер, 2013. - 480 б.
38. Арабша-қазақша шағын сөздік. – Алматы: Рауан, 1990. -280 б.
39. Нұрсұлтанқызы Ж. О. Бөкеев шығармаларындағы бейвербалды амалдар: Ф.ғ.к. ...авторефераты. – Алматы, 2006. - 29 б.
40. І. Жансүгіров. Әңгімелер, очерктер, фельетондар. 4-том. – Алматы: Жазушы, 1998. -430 б.
41. І. Жансүгіров. Пьесалары, фельетондар. 5-том. – Алматы: Қазығұрт, 2005. - 341б.
42. Ілияс Жансүгіров (өлеңдер мен поэмалар). – Алматы, 1958.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	4
А .....	7
Ә .....	22
Б .....	23
Д .....	32
Е .....	34
Ж .....	38
З .....	52
И .....	54
К .....	56
Қ .....	70
Л .....	92
М .....	93
Н .....	97
О .....	98
Ө .....	101
П .....	103
Р .....	103
С .....	104
Т .....	110
У .....	120
Ұ .....	120
Ү .....	121
Х .....	122
Ш .....	123
Ы .....	127
І .....	128
Фразеологизмдердің алфавиттік көрсеткіші .....	131
Пайдаланылған әдебиеттер .....	152
І.Жансүгіров шығармаларының лексика-фразеологиялық ерекшеліктері .....	153
Пайдаланылған әдебиеттер .....	197

Баспа түрі		Әріптердің аты
Бас әріп	Кіші әріп	
А	А	А
Ә	Ә	Ә
Б	Б	Бы
В	В	Вы
Г	Г	Гі
Ғ	Ғ	Ғы
Д	Д	Ды
Е	Е	Е
Ё	Ё	Ёо
Ж	Ж	Жы
З	З	Зы
И	И	Ий
Й	Й	Й
К	К	Кі
Қ	Қ	Қы
Л	Л	Ыл
М	М	Мы
Н	Н	Ны
Ң	Ң	Ың
О	О	О
Ө	Ө	Ө
П	П	Пы
Р	Р	Ыр
С	С	Сы
Т	Т	Ты
У	У	Ұу
Ұ	Ұ	Ұ
Ү	Ү	Ү
Ф	Ф	Эф
Х	Х	Хы
Һ	Һ	Һы
Ц	Ц	Це
Ч	Ч	Че
Ш	Ш	Шы
Щ	Щ	Ща
Ъ	Ъ	айыру белгісі
Ы	Ы	Ы
І	І	І
Ь	Ь	жіңішкелік белгісі
Э	Э	Э
Ю	Ю	Йуу
Я	Я	Йа

**ГҮЛНАР СЫРЛЫБАЕВА**

**ІЛІЯС ЖАНСҮГІРОВ  
ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ  
ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІГІ**

*Мұқабаны безендірген: Ермек Мейірбеков  
Беттеген: Ермек Мейірбеков*

Қазақстан Республикасы,  
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143,  
«Абзал-Ай» баспасы  
тел. : +7 (727) 394 38 32, +7 705 111 03 87,  
e-mail: bekbosin-serik60@mail. ru

Басуға 28.09.2019 қол қойылды.  
Қалыбы 60x90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>  
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman»  
Есепті баспа табағы 15.0  
Таралымы 500 дана.

Тапсырыс берушінің файлдарынан «Курсив» ЖШС баспаханасында басылды.  
Алматы қаласы, «Бағанашыл» ықшам ауданы, Восточная көшесі, 2 үй.